

А2016
3027к

Марат ТОҚАШБАЕВ,
Раушан ҚАРШАЛОВА



■ БАҚЫТТЫҢ

КІЛТІ




№ 2016/30476

Бақыттың кілті



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016



Бақыттың кілті



**«Астана Медиа Пресс»
баспасы,
2016 жыл**

ӘОЖ 391/395
КБЖ 63.5 (5 қаз.)

Т 52

Тоқашбаев М.

Т 52 Бақыттың кілті: Отбасылық құндылықтар, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тәртібі – Алматы: М.Тоқашбаев, Р.Каршалова, «Астана Медиа Пресс» баспасы – 2016. – 288 б.

ISBN 978-601-7831-01-1

Ерлі-зайыпты журналистер Марат Тоқашбаев пен Раушан Каршалованың «Бақыттың кілті» атты кітабы отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған. Бүгінгі электроника ғасырында өмір сүру жеңіл көрінгенімен, бақытты отбасын құру оңай емес. Тіршіліктің шым-шытырық бұралаңдарынан адаспай өтіп өз жұбыңды табу, тағдырыңды тапсырған адаммен тіл табысу тек иман мен төзімнің, ақыл мен сабырдың арқасында ғана мүмкін. Кітап екінші рет басылып отыр.

Кітап сүйіскен жастарға, ата-аналарға, қалың оқырман қауымға арналған

ӘОЖ 391/395
КБЖ 63.5 (5 қаз.)

Тоқашбаев М., Каршалова Р., 2016

ISBN 978-601-7831-01-1 «Астана Медиа Пресс» баспасы,
2016 жыл


**Марат ТОҚАШБАЕВ,
Раушан КАРШАЛОВА**



**БАҚЫТТЫҢ
КІЛТІ**

АЛҒЫ СӨЗ

Тәуелсіз Қазақ елі үшін отбасылық құндылықтар бүгінгі таңда қай кездегіден де маңызды. Өйткені отбасы – қоғамның бастапқы ұяшығы. Қазақ отбасы мықты болса, қазақ қоғамы берік, қазақ қоғамы берік болса, қазақ мемлекеттігі нық. Мұндай жетістік отбасылық құндылықтар жоғары болған жерде ғана мүмкін. Батыс әлемі отбасылық құндылықтарды қаншама әспеттегісі келгенімен имандылықтың кемдігінен кері кетіп жатыр.



Елімізде жыл сайын армандарын бір арнада тоғыстырып некелескен қыз-жігіттер саны өсе түскені қуантқанымен, олардың үштен біріне жуығы жыл аралатпай ажырасып жататындығы өкіндіреді. Басты себебі – ерлі-зайыптылық тіршіліктің қарапайым тәртібі мен имандылық қағидаларын білмеушілікте. Қазақ қоғамында отбасылық қасиетті құндылықтарымызды сақтап қалуға әлі де мүмкіндік бар. Ерлі-зайыпты журналистер Марат Тоқашбаев пен Раушан Каршалованың “Бақыттың кілті” кітабы – ұзақ жылғы ізденістің жемісі. Мұнда отбасы бақытының қарапайым қағидаларын ұсыну арқылы қоғамымызда оң өзгерістер қалыптастыруды көздейді.

Кітаптың басқы бөлігіндегі ерлі-зайыптылардың өзара сұқбаты отбасылық

өмірдің түрлі аспектілерін қамтиды. Бір тақырыптың өзіне ер адамның көзқарасы мен әйел адамның көзқарастары қабыса бермейді. Марат пен Раушан пендешіліктен биік, әркез имандылық қағидаларын жоғары ұстай білгенде ғана үйлесімділік туындайтынын көрсетеді. “Бақыттың кілті” отбасын құратын жастар үшін, ата-аналар үшін, қалың оқырман үшін құнды кітап болады деп ойлаймын.

Кітаптың бір бөлігі қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін насихаттауға арналған. Кітапта жарық көрген бейресми «Отбасы кодексі» жас жұбайларға таптырмас ақылшы болмақ. Ондағы қателестірмейтін қағидалар жұбайлық өмірді қиындатпай, оны жеңілдетудің барынша ұғынықты жолдарын көрсетеді. ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңы мәселені құқықтық тұрғыдан реттесе, «Қателестірмейтін қағидалар» проблемаларды моральдық-этикалық, имандылық тұрғыдан шешеді.

Төніп келе жатқан жаһандану сияқты құбылыс кезеңінде әдет-ғұрыптардың мейлінше сақталуы кез келген ұлттың ары қарай өмір сүруінің басты шарты. Отбасы мықты болса – мемлекетіміз де мықты. Ерлі-зайыпты қаламгерлердің отбасылық құндылықтар туралы «Бақыттың кілті» атты кітабы үлкенге де, кішіге де ой салады. Отбасы бақытының басты қағидаларын ұсынатын еңбек әр шаңырақтың төрінде тұруға лайық.

Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ,
Қазақстан Педагогикалық Ғылым
Академиясының Президенті,
педагогика ғылымдарының докторы.

Бақыттың кілті

Ерлі-зайыптылар сұқбаты

Ерлі-зайыпты журналистер Марат Тоқашбаев пен Раушан Каршалова ұзақ жылдардан бері отбасылық мәселелермен айналысып келеді. Туған ел ертеңіне алаңдаушылық, ұлт бақыты тақырыбы оларды қоғамның осы бір әлеуметтік мәселесіне тоғыстырды. Өйткені бұл тек әлеуметтік мәселелер қатарынан шығандап саяси мәселелер деңгейіне дейін көтеріліп кетті. Расында да Отан бақыты отбасы бақытынан басталады. Адам бақыты отбасындағы береке-бірлікке тәуелді. Ертеңінен үмітті қыз бен жігіт бақытты отбасын қалай құра алады? Отбасын құрған еркек пен әйел өз шаңырақтарын шайқалтпай ұстап қалуының жолдары қандай? Өз шаңырақтарында сүйіспеншілік пен жылулық отын жаға білген ерлі-зайыптылар арасындағы төмендегі әңгіме қоғамымыздағы осындай бір маңызды әлеуметтік мәселелерді қозғайды.

Марат Тоқашбаев:

– Адам өмірінде отбасы айрықша маңызды рөл атқаратыны белгілі. Ол ер адамға да, әйел адамға да бірдей. Адам өзін негізінен тек отбасында ғана шынайы бақытты сезінеді. Әрі бірқатар зерттеушілердің пікіріне қарағанда адам өз үйінде ешкімнің рөліне түспей өзінің шынайы кескін-келбетімен жүреді екен. Яғни сыртта жүргенде: көлікте – жолаушы, мектепте – шәкірт, шақырған жерде – қонақ, университетте – студент, ұжымда – қызметкер, туыстар ортасында – бауыр, емханада – емделуші, театрда – көрермен, әскерде – жауынгер болса,

өз үйінде тек өзін ғана ойнайды. Басқадай рөл ойнамайтын, шынайы бет-бейнесін көрсететін жері – осы. Адамның кім екендігі отбасында қалтқысыз көрінеді.

Отбасын кейде жанұя деп те жатады. Қарасаң шынында ол жанның ұясы ғой. Жанның ұясы тұрған жер дүниедегі ең қымбат жер болса керек.

Раушан Каршалова:

– Иә, Мәке, отбасылық өмір кімге де болсын маңызды деп ойлаймын. Әлгінде отбасы ер адамға да, әйел адамға да қымбат дедіңіз. Меніңше, әйел адам үшін отбасы бәрінен жоғарырақ сияқты. Өйткені әйел адам табиғатында ошақтың иесі ғана емес, шаңырақтың киесі. Ол – ұрпақ жалғастырушы, барды ұқсатушы, жылылық пен берекенің бастауы. Ер адам Отан қорғау жолындағы ерлік істері, қызмет баспалдақтарындағы жоғарылауы, ашқан ғылыми жаңалықтары, өсірген малы, салған құрылыстары сияқты сансыз жетістіктерінен кеудесін соқпай-ақ қуаныш табатын, өзін бақытты сезінетін сәттері болса, әйел адамға ең керегі –жанұялық қуаныш пен отбасылық бақыт. Марқұм менің енем, сіздің анаңыздың «Қойға пышақ керек, әйелге құшақ керек» деген сөздері есіме түседі. Әйел адам табиғатында өзін қорғауға, өзін әлпештеуге, өзін жақсы көруге мұқтаж. Сондықтан ол азаматын ардақтау, жылылық пен ізгілік қалыптастыру арқылы отбасында сүйіспеншілікке жол ашады. «Жердегі барлық жақсылық Күннің нұры мен Ананың сүтінен тараған» деп Максим Горький айтпақшы, ұрпақ тәрбиесі де негізінен Әйел-Ананың мойнында. Қазақ «Қыздың жолы жіңішке» десе, ал әйелдің жолы – қысталаң.

Марат Тоқашбаев:

– Бақытты болуға әркім де құқылы. Бірақ кейбір келіншектер тұрмысқа шыққан бойда күйеулерін бағындырып алуға тырысады. Бұл неліктен туындайды? Себебі неде?

Раушан Каршалова:

– Меніңше, мұның себебі эгоистік пиғылда жатқан тәрізді. Яғни «күйеуім менің айтқанымнан шықпауы керек» деген қате ұстанымда. Мұның соңы біртіндеп күйеуін туыстарынан оқшаулап тастауға соқтырады. Ер адамның азаматтық бейнесі солғындағаны оны маскүнемдікке немесе басқа да жағымсыз өзгерістерге ұрындыруы ықтимал. Еркекті бағындыруға тырысудың қажеті жоқ.

«Бақыт дегеніміз – бір-біріне қарсы қарап отыру емес, ол бір бағытқа қарай қозғалу» дейді ғой. Отбасы бақыты екеуіне де ортақ болған соң ерлі-зайыптылар бірін-бірі демесіп, бір бағытқа қарай ұмтылғандары жөн. Табиғатында еркектің қай жағынан болса да әйелінен жоғары тұрғаны жақсы емес пе?

Марат Тоқашбаев:

– Иә, ер адамның ақыл-парасаты, иманы, білім-білігі әйелінен жоғары тұрғаны жарасады. Тіпті қасиетті Құран и Кәрімде де еркектің әйелден артық жаратылғаны айтылған. Алайда оның артықшылығы отбасы мен Отанын қауіп-қатерден қорғауға, балашағасын асырауға, соларға қолдан келгенше жағдай жасауға бағытталады. Құран сөздері әйелдерді кемсітушілікке жол ашпайды, қайта олардың тепе-теңдігін

айғақтайды. Мысалы, сол қасиетті Құран и Кәрімде «Иманды еркектер мен иманды әйелдер бір-бірінің досы (жақтастары). Олар бір-біріне ізгілікті бұйырады, жиіркенішті нәрселерден тыяды» (Тәубе сүресі, 9/71) дейді ғой. Қараңыз, бұл жерде ерлі-зайыптылардың бір-бірімен дос болуы, ізгілігі мен жақындығы алдыңғы ретке шығарылып отыр. Олар бір бірін жиіркенішті нәрселерден тыяды, алдағы тіршіліктері жолындағы моральдық жауапкершіліктерін тең көтереді.

Раушан Каршалова:

– Қазақ дәстүрінде де, имандылық қағидаларында да әйелді кемсітушілік жоқ қой. Ел басқарған небір дана аналарымыз өткен. Домалақ Ана, Қызай Ана, Айша бибі, Болған Ана өмірлері соған дәлел емес пе. Қасиетті Құран и кәрімнен де «Әйелдер сендердің киімдерің, сендер де олардың – киімдерісіңдер!» (Бақара сүресі, 2/187) делінген жерін оқып қайран қалғанмын. Қандай ғажап айтылған! Бірақ тақырыбымыздан ауытқымайық. Әңгіме өзегі отбасы бақыты төңірегінде ғой. Мені отбасындағы ерлі-зайыптылардың бір-біріне ықпалы қызықтырады.

Осы жөнінде пікіріңіз қандай?

Марат Тоқашбаев:

– Әлбетте, ерлі-зайыптылардың бір-біріне жағымды не болмаса жағымсыз ықпалы болып жатады. Осындайда Бөлтірік ақынның:

«Аған жақын болады бір туған соң,
Ол да алыс тартады ұл туған соң.
Бәрінен де қатының жақын болар,
Төсекте бірге жатып, бір тұрған соң»

деген бір өлені еске түседі. Ерлі-зайыптылардың бір біріне жақын болатыны рас. Ықпалдасу шаңырақтың заңы.

Үйленер алдында қыз бен жігіт, еркек пен әйел «екі жарты – бір бүтін болайық» десіп жатады. Бір жұп бір шаңырақ. Ендеше ерлі-зайыптылардың бір-біріне ықпалы сөзсіз. Түздің шаруасында еркектің, үйдің шаруасында әйелдің білері көп. Отбасының кем-кетігін, үйде не бар, не жоқтығын еркектен гөрі әйел жақсы біледі. Әрі әйел адам табиғатында ақылдан гөрі сезімге, эмоцияға жақын. Ашуы болсын, қуанышы болсын жасырып ұстап тұра алмайды. О баста қалыптаспаған мінез аяқ астынан түзелмейді. Сондықтан оның жақсы, не жаман болуы туа бітті мінезіне тәуелді келеді.

Әйелдің мінезі – тілінде.

Раушан Каршалова:

– Осы сөзіңізді ары қарай жалғастырайын. Абай атамыз:

«Менің қолымда закон болса адамды түзетуге болмайды дегеннің тілін кесер едім» депті. Ер адамның да әйелге ықпалы аз емес. «Апама жездем сай, етігіме бізім сай» деп келеді ғой халық мақалы. Әлгінде өзіңіз айттыңыз – әйел адам сезімтал келеді деп. Ол ұрпақ жалғастырушы болғандықтан Жаратқан иеміздің құдіретін тануға сезімтал. Әйел адамды еркек тәрбиелей алмаса да иман тәрбиелей алады! Сондықтан азаматтарымыздың қал-қадерінше иманға, асыл дініміз исламға жақын жүргені абзал. Мұхтар Әуезов «Ел болам десең бесігінді түзе» депті. Бүгінгі күні бесікті түзеу үшін анасын яғни әйелді түзеу, әйелді түзеу үшін еркекті түзеу қажет. Бұл сөзді айтып жүрген өзіңіз. Мен оған толықтай қосыламын. Ең бастысы, қазақтың от-

басылық құндылықтары жойылмай сақталынып келеді. Дегенмен айтыңызшы, жігіт үйленер тұста болашақ жарын қалай таңдағаны дұрыс?

Марат Тоқашбаев:

– Меніңше, кез келген адам әсіресе қыз-бозбала кезінде ғашықтық сезімін бастан кешіреді. Ол қуаныш-реніштерден көрінетін табиғи бағдарлама болса, адам біртіндеп қиялында болашақ жарының образын қалыптастырады. Ол қандай адам? Ол жігіт үшін көрікті, сұлу, оқыған, тәрбиелі, ал қыз үшін пысық, мал тапқыш, бәлкім дәулетті, болашағы бар жігіт. Бәрі өз қиялындағы параметрлер бойынша образға сәйкес жанды іздейді. Яғни махаббат жоспарланады екен! Ғашықтық, махаббат, сүйіспеншілік ортақ ұғым сияқты көрінгенімен, олар іс жүзінде әртүрлі. Ғашықтық қыз бен жігіт сүйіспеншілігінің басы. Оның күйінішті күйрейтін тұсы да көп, жұптасуға жетелейтін сүйініші де көп. Ал махаббат мүлде кең ұғым, сүйген жарға махаббат, ата-анаға махаббат, Отанға махаббат дегендей. Ғашық болып үйленген қыз бен жігіт махаббатының баянды болуы яғни сүйіспеншілікке ұласуы екеуінің ұстанымдарына, адами мінез-құлықтарына тәуелді.

Адамның жақсы мінезі оны сүйкімді етеді, нашар мінез жирендіреді. Жақсы көріп үйленген жандар артынан жарының оғаш мінездерін көрсе суып, тіпті жек көріп кететіндері болады. Көбіне ажырасуға себеп болатын да сол. Мысалы ішкілікке үйірсектік, суық жүріс, үнемі өтірік айту, сүйген жарына қол көтеру, жаман жолға түсу ақыры отбасының ыдырауына соқтырады.

Раушан Каршалова:

– Иә, мұндай кездеседі...

Марат Тоқашбаев:

– Жар таңдауда меніңше «Жігіттің байлығынан ақылы қымбат, әйелдің көркінен адалдығы қымбат» деген қағиданы ұстанған дұрыс. Бір хадис есіме түсіп кетті. «Ер адамның өз баласы алдында үш міндеті бар: бірінші, баласына жақсы Ана таңдау, екінші, жақсы ат қою, үшінші, баласына имандылық тәрбиесін беру» деген. Қараңыз, баласына жақсы ана таңдау бірінші орынға қойылған. Яғни тәрбиелі жерден қыз ал деп отыр. Сондай-ақ тағы бір хадисте «әйелге үш нәрсесі үшін яғни көркі, байлығы, имандылығы үшін үйленеді, имандылығы үшін үйленген бәрінен абзалырақ» деген. Сондықтан қыз таңдағанда оның адамгершілік, имандылық қасиеттеріне басымырақ үңілген жөн.

Әкесіне деген көзқарасы да қыздың тәрбиесін көрсетіп тұрады. Әкесін құрметтейтін қыз кейін күйеуін құрметтейтін әйелге айналады. Болашақ жар таңдағанда жігіттер осы жағын да ескергендері жөн. Мен ғой міне, жігіттердің қалай қыз таңдайтынын айттым. Ал қыз бала тұрмысқа шығар алдында қателеспей үшін өз жұбын қалай таңдағаны дұрыс? Отбасын құруда кездесетін бақай есепті қалай бағалаймыз?

Раушан Каршалова:

– Халқымыздың тарихында ежелден қыз баланың еркі ата-анасының қолында болып келді. Яғни бойжеткен қыз әкесі кімге берсе соған ұзатылып кете беретін. XX ғасырдың ортасына таман бұл дәстүр тү-

бегейлі өзгерістерге ұшырады. Әйел теңдігі ұраны қыз баланың өз тағдырын өзі шешуіне қол жеткізді. Бүгінде оқыған, тоқыған, жоғары білімді қыз болашақ күйеуін өз бетімен таңдай алады. Алайда ұлттық дәстүрлердің бұзылуы, қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, ентелеген нарықтық қатынастар адамдар талғамын да түсініксіз арналарға бұрып жіберді. Әсіресе жастар, оның ішінде бойжеткендер де батыстың руханисыздық ықпалына тез бой алдырып жүр. Қыздардың арасында бүгінде есеппен тұрмыс құру басымдау ма деп ойлаймын. «Бақай есеп» деп отырғаныңыз осы шығар.

Мұны мүлде теріс құбылыс деуге де келмес. Өйткені, жар таңдау әркімнің өз еркінде. Әр адам, ең алдымен әйел адам тұрмыс қиыншылықтарына құмартып тұрмайды ғой. Әр қыз болашақ жарымен лайықты өмір сүргісі келеді. Тапшылық, жетімсіздік, жоқшылық адам өмірін өмір емес, аянышты халге айналдырады. Ғашық болып үйленген жас жұбайлар арасындағы кикілжіңдер де көбіне тапшылық пен таршылықтан туындайды. Бүгінгі Баян мен Қозы-Көрпештердің керемет махаббаттарын тұрмыс тауқыметі бұзып жатады. Сондықтан қыздар инстинктілі түрде барған жерінің дәулетті болғанын қалайды. Бұл ең кемі тапшылықтан туындайтын бір дауды азайтады.

Бірақ байлық барлық мәселені шеше алмайтынын ұмытпаған жөн. Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім қауіпті» дегеніндей имансыз байлық та қауіпті. Иман жоқ жерде байлық тәкаппарлық пен астамшылықтың ұясына айналып кетеді. Қанағат кемиді, әділдік жойылады. Адамгершілік қағидалар ұмытыла бастаған жерде берекет тұрмайды. Сондықтан күйеу таңдағанда оның байлығы мен дәулетіне емес, ақыл-парасатына назар аударған дұрыс. Болашақ перзентің жақсы адам болсын десең әкесінің адамгершілікті

болуына караған дұрыс дер едім, тұрмыс құратын қыздарға.

Тағы бір ескеретін жайт, кез келген адамды әрекеті арқылы байқауға болады. Оның ата-анасына, туыстарына деген қарым-қатынасына зер салу керек. Ақыл-есі түзу, адамгершілігі бар жан ата-анасына ерекше құрметпен қарайды. Оларды үнемі назарында ұстайды. Көмек керек кезде ойланбастан құрақ ұшып, ата-анасының жанынан табылады. Оларды өзіне үлгі тұтады. Өмір сыйлаған әлемдегі ең жақын адамдарын алақанында аялайды. Егер жігіттің бойынан осындай қасиетті байқаса, қыз бала ол ер азаматқа қорықпай тұрмысқа шығуына болады деп ойлаймын.

Сіз маған сөз салған кезде, мен сіздің балаларыңыз, туыстарыңыз жайлы ешбір ақпарат жинамаппын, тек анаңызға деген шексіз құрметіңізге, туыстарыңызға деген ізгі ниетіңізге қарап келісімімді берген болатынмын. Енді бүгінгі күні ойлап отырсам, өзімнің қателеспегеніме қуанамын. Шешімім дұрыс болыпты. Алла тағала маған сондай ізгі ой салған болуы керек.

Ал енді өз ата-анасына мейірімсіз, туыстарын жау көретін адаммен ұзақ бақытты ғұмыр кешу мүмкін емес. Біріншіден, Алланың әмірімен, екіншіден әке-шешесі өмірге әкелген, өсіріп жеткізген жандарға немкетті қараған кісі басқадай бөтен жанға қаншалықты дұрыс қарым-қатынас жасай алады?! Шарифат амалдарында да ата-анаға дұрыс қарамаған адамның жолы болмайтындығы айтылады емес пе?! Сондықтан қыздар жар таңдағанда жігіттің имандылығына бірінші кезекте көңіл аударғандары жөн дегім келеді.

Тағы бір айта кетейін дегенім, жігіттің алыс-берісіне де мән беру керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с .) адамды ұстаған оразасы мен оқыған намазына қарап емес, алыс-берісіне қарап бағалаған жөн дейді. Демек, алған

қарызын қайтаруға асығуы. Біреуден артық зат алмауы. Біреуді алдап кетуге ұмтылмауы. Өтірікті судай сапырмауына көңіл бөлген жөн. Теріс әрекеттерден бойын аулақ ұстаған жанмен ғана тұрақты әрі бақытты ғұмыр кешуге болады. Елді зар қақсатқанмен емес, елден бата алғанмен жұп құру керек.

Марат Тоқашбаев:

– Жар таңдаудағы ерекшеліктер туралы айтқандарың өте орынды. Марқұм апам ағынан ақтарылып: «Раушан – құдайдың бізге берген пәдеркісі» дейтіні есіме түседі. Рақмет, Раушантайым! Қалай десек те отбасындағы рухани үйлесімділік өте маңызды емес пе?!.

Раушан Каршалова:

– Иә, отбасын құруға шешім қабылдар алдында ер мен әйелдің рухани үйлесімділігі, дүниеге көзқарасы, сондай-ақ бір-бірін бағалай алуы да өте маңызды деп ойлаймын. Сыйластық, түсіністік болған жерде ғана жарасымдылық орнайды. Қазақта: «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп жатады ғой. Сол сияқты алғашында бәрі жеңіл көрінгенімен, сананы тұрмыс билейтін заманда жұбайлар бір-бірін түсінсе, бағаласа, кикілжің бұлардан алыс жүреді. Ислам қағидаларында да «Бір күн ұрыс болған жерге қырық күнге дейін ырыс кірмейді» деп жатады. Сондықтан сабыр да аса қажет. Ерлі-зайыптылар сыйластықты, нәзік сезімді бағалай алса, оны қашанда аялап, сақтап қалуға тырысады. Ал мұндай әрекет тек бір-бірін шынайы сүйген, шынайы бағалаған, жауапкершілікті сезінген жандардың ғана қолынан келеді. Бақытқа «қайда барасың?» деп сұра-

ғанда «ынтымаққа барамын» дегендей, ынтымақ орнаған жерде ғана бақ-береке орнайды.

Үй болған соң «шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды» дейді. Қалай ойлайсыз, Мәке, мұндайда кім шегініс жасағаны жөн?

Марат Тоқашбаев:

– Көңіл-күйі болмай отырған адам жанжалға бейім тұрады. Сондықтан кикілжің тудырады-ау деген мәселелер соған жеткізбей-ақ шешіліп отырғаны жақсы. Әсіресе сыртта, жұмыста болған дау-дамай табалдырықтан үй ішіне көшпеуге тиіс. Өз үйінде, өз шаңырағында ұрыс-керіс, жанжалға үйірсектік жұбайлар арасын ашпаса жақындастырмайды. Көңіл қалдыратындай сөз айтылмауы керек. Айтылған қалжыңның өзі намысқа тимейтіндей болсын. Кикілжің жағдайда кім бірінші шегініс жасауы тиіс, бұл өте үлкен мәселе.

Раушан Каршалова:

– Меніңше, көп жағдайда әйел адам кешірімді болғаны жөн сияқты. Үндемей қалу, айтқанына көну – тек жеңіліс емес, ол – жеңіске жетелейтін де тәсіл. Сол мезетте жеңілгеніңмен, кейін жұбайыңның ашуы басылғанда жақсы көре отырып түсіндіре алсаң, ақылы бар адам қателіктің кімнен кеткенін мойындайды. Тек ашу үстінде бір-біріңнің жаныңды ауыртатындай қатты сөз айтуға жол бермеу керек.

Мен тұрмыс құрған алғашқы кезімде жұмыс барысына байланысты пікірлерімді қызылкенірдек болып дәлелдеуге тырысатынмын. Ал перзентті болғаннан кейін маған аналық сезімді сыйлаған сүйікті

жарымның көңілін ауыртпауды, оның денсаулығына залал түсіретіндей сөз айтпауды, көңіліне кірбін түсірмеуді ойлайтын болдым. Тіпті менің пікірім дұрыс болса да, оны дәлелдеп жатудың соншалықты маңызды емес екендігін түсіндім. Сөйтіп жұбайымның таңдауын, пікірін сыйлауға көштім. Пікірімен қоғам санасатын азаматқа мен неге өз пікірімді таңуым керек?

Екеуміздің мақсатымыз бір, көздегеніміз бір. Арамызға жік түсіретін бөтен пікірді қайтейін. Өмірден оқығаны да, тоқығаны да менен әлдеқайда мол азаматтың ой-пікірі енді еш күмән туғызбайтын болды. Сондықтан азаматыңды құрметтеу, шын бағалау отбасы ынтымағы мен берекесі үшін өте маңызды деп ойлаймын.

Марат Тоқашбаев:

– Адам өз әрекетін үнемі қадағалап отыруы керек. Әркім өз қателігін ертерек түсінгені абзал. Әдетте қателікке жол берген бірінші болып кешірім сұрайды. Пікір қайшылығынан өрбіген жанжалда кімнің дұрыс екендігі маңызды емес. Пікірдің дұрыс-бұрыстығын өмір өзі-ақ көрсетіп жатады. Маңыздысы кірбінді шаюға қолма-қол әрекет жасау.

Ислам қанат жая бастаған дәуірде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жиендері Хасен мен Хусейн бір нәрсеге ренжісіп, келіспей қалады. Ағасы: “кешірім сұрайтын жөн інімнен ғой” деп күтсе, інісі ыңғай көрсете қоймайды. Содан ағасы алдымен кешірім сұрайды. Артынан «Сен неге бұрын кешірім сұрамадың?» дегенде інісі: «алдымен кешірім сұрағанға сауап көп деуші еді, сол сауапты сіз алсын деп едім» деп ағынан ақтарылыпты. Яғни айтыс-тартыста кімнің жеңгені емес, алдымен кімнің кешірім сұрағаны маңызды. Бұл

отбасына да қатысты. Алла тағаланың ең жек көретіні тәкаппарлық дейді ғой. Сондықтан тәкаппарлыққа бой алдыртпай ер-әйел екендігіне қарамастан кешірім сұрауға асығу керек. Бірі кешірім сұрап тұрғанда екіншісі шалқаймайды. Кешіре білген де – биіктік. Тіпті өмірде, отбасында ол істен мүлде хабарсыз болып тұрып, еш жазығы болмаса да отбасының татулығы үшін кешірім сұрай салатын жағдай болады. Сондай-ақ ұсақ-түйекті термеу де маңызды.

Раушан Каршалова:

– Ұсақ-түйек дегенімізбен, көбіне бәленің бәрі сонда жатады емес пе. Қадам басқан сайын ескерту, аузын ашқанын аңду, титтей нәрсені түйедей көріп жауапсыз қалдырмау жастарымыздың бойында бар ғой. Жұбайының кемістіктерін жіпке тізгендей етіп жинап жүру, сәті келгенде шынғыртып тайға таңба басқандай сол кемістіктерді бетіне басу – өте жаман әдет. Бұл қосағын ашындырады. Жолдасының кемшілігін тіпті түземесе болмайтын жағдайда ар-намысына тимей әдеппен құлаққағыс етіп қойса жеткілікті.

Көп жағдайда әйел адамның көріп тұрып – соқыр, естіп тұрып – керек болғаны жөн. Отбасы татулығын сақтағың келсе осылай эмоцияны жеңуге тура келеді. Тату отбасын құру ең алдымен адалдықтың, шынайы сүйіспеншіліктің арқасы. Ол да бір өзінше психологиялық еңбек. Ұсақ-түйек қателіктерді дұрыс қабылдап, дереу түзетіп дағдыланған жөн. Ең бастысы, еркек пен әйел отбасында өз міндеттерін білгені әрі оны орындағаны ғой.

Марат Тоқашбаев:

– Отбасын құрған жас шаңырақтарда кикілжің көбіне ерлі-зайыптылардың өз міндеттерін жетік білмеуінен туындап жатады. Бұл міндеттер тіпті көп те емес. Әрқайсысында негізінен төрт міндеттен ғана бар. Ер адам біріншіден, әйелін баспаналы етуге, екіншіден, ас-сумен қамтамасыз етуге, үшіншіден, киіндіруге, төртіншіден, әйеліне имандылық қағидаларын үйретуге міндетті. Ал әйел адам біріншіден, күйеуінің абыройын қорғауға, екіншіден, оның ата-анасы мен туған-туыстарын құрметтеуге, үшіншіден, аз демей, көп демей күйеуінің тапқанын ұқсатуға, төртіншіден, күйеуінен үйренген имандылық қағидаларын балаларына үйретуге міндетті. Бұл менің ойдан шығарған дүнием емес, бұл ұлттық әрі шариғи талаптар. Осы қағидаларды мүлтіксіз орындаған отбасыларында келіспеушіліктер орын алмайды. Сондай-ақ түрлі кикілжіңдер кіріспеу үшін алдын ала ақылдасқан да ұтады.

Раушан Каршалова:

– Өте дұрыс айттыңыз. «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» деген. Ерлі-зайыптылар отбасының ішкі-сыртқы мәселелері бойынша пікір алмасып, ақылдасып отырғаны жарасымды. Ой өрбіту арқылы жұбайлар өздерінің ортақ көзқарастарын қалыптастырады. Ондай отбасында алакөздік орын алмайды. Қалай дегенмен де шаңыраққа біреу ие болуы керек қой. Қазіргі эмансипация, гендерлік саясат меңдеген кезеңде үй кожайыны міндетін әйелдер атқарып кететін жағдайлар көп. Осы дұрыс па? Бас иесіз шаңыраққа шайтан ие болады деген сөз бар. Сіз бұл жөнінде не айтасыз?

Марат Тоқашбаев:

– Дәстүрлі қазақ отбасында шаңырақ иесі ер адам. Соны мегзеп қазақ «Он үште – отау иесі» дейтін. Әркім өзінің алдындағыға ие болу керек. Яғни патша – халқына, мэр – өзінің қаласына, директор – өзінің мектебіне, ер адам – өзінің отбасына, әйелі – күйеуінің балаларына ие болады. Бала – күйеуінің әйеліне берген аманаты. Жаратқан иесін таныған, әкесін құрметтеген ұл-қыз өсіріп, тәрбиелеу әйелдің міндеті. Әйелдің жақсы-жамандығы да осыдан білінеді.

Тіпті күйеуі ауыр сырқат, өз міндетін атқаруға дәрменсіз болған жағдайдың өзінде әйелі бәрі бір отбасының мәселелерін онымен ақылдасып шешуі керек.

Бірақ кеңестік кезеңде жиі көтерілген әйел теңдігі мәселесі партиялық ұрандармен асқына келе отбасындағы қарым-қатынастарды қиғаштықтарға ұрындырды. Отбасына әйелдер қожайындық ете бастады. Мұның салдары үлкен әлеуметтік проблемаларға соқтырды. Шешесі басқаратын отбасыларында дүниеге келген ұл балалар жауынгер болған кезінде Отанын қорғамақ түгілі қара басын қорғай алмайтын ынжық болып қалады екен. Қажет кезде тиісті шешімдер қабылдай алмайтын, жалтақтығы тағы бар. Ал мұндай отбасында өскен қыз балалар күйеуіне мүлде бағынғысы келмейді. Ертең-ақ ажырасушылар қатарын көбейтуге дайын тұрады.

Еркектің отбасында қожайын болуы бала тәрбиесі үшін де маңызды.

Раушан Каршалова:

– Қазақта «Ер – азаматты, әйел – адамзатты тәрбиелейді» деген қанатты сөз бар. Әйел адам – негізгі

тәрбиенің ұйытқысы. Ер балаға әкесінің айбары, жігіттік мінезді қалыптастыру үшін қатаңдау тәрбиесі қажет болса, қыз баланы әкесі қабағымен ғана тәрбиелейді. Анасы дұрыс тәрбиелеген қыз бала әкесіне қарсы сөйлемек түгілі, тіксіне қарауының өзі әбестік болып саналған. Анасы ұлын да, қызын да әкесін үлгі тұта отырып, жақсы ұрпақ тәрбиелей алады. Әкесін балаларына жексұрын етіп көрсеткен әйелдің ұлынан ер мінезді азамат, қызынан ата-анасының атына кір келтірмейтін ибалы қыз, жақсы келін шықпайды. Өнегелі азамат тек жарасымды отбасында ғана қалыптасады. Халқымызда «Әйел емес, балаң ана танда» деген сөз қалай тауып айтылған. Халық даналығы өмір тезінен өткен, дәлелдеуді қажет етпейтін тамаша аксиома емес пе?!

Тәрбиенің ең кереметі – айтылған сөзден бұрын, ерлі-зайыптылардың іс-әрекеті. Өздерінің жақсы қарым-қатынасы арқылы балаларға жақсы өнеге көрсетуі. Отбасының тек бір-бірін кемсітіп, жүйкесін жұқарту емес, ізгіліктің, адамгершіліктің, жасампаздықтың ордасы екенін сезген бала өзі де мейірімді, айналасына шуағын шашып, ата-анасына құрметпен қарайтын болады.

Ұрпақ тәрбиесін айтпастан бұрын, ата-ананың өзі тәрбиелі болуы керек екендігін естен шығармаған жөн. Баланың мінез-құлқына орай әрекет ете біліп, оны тәрбие икеміне келтірген жөн. Ағашты дұрыс баптамасаң, ол да жеміс бермейді. Сол сияқты тәрбиенің тармақтары да сан тарау.

Марат Тоқашбаев:

– Жақсы отбасы – жақсы тәрбиенің ұясы. Ерлі-зайыптылар тек балаларды ғана емес, өздерін де тәр-

биелейді. Әлгінде әйелді иман арқылы тәрбиелеуге болады деген өте құнды пікір айтылды. Әйелге ықпал ету, оны тәрбиелеу үшін ер адамның өзінің иманнан мол хабары болуы керек. Әсіресе отбасында тамақ жасаумен айналысатын әйел адамды халал мен харамды ажырата білуге үйретуі өте маңызды. Харам тамақ харам пиғыл туғызады, харам әрекеттерге бастайды. Сондықтан үйде үнемі халал тағамдар пайдаланылғаны дұрыс. Халал тағам жеген балалары тәрбиелі болады, ата-анасына мейірімді келеді. Халал тамақ жеген ері ешқашан сыртқа көз сүзбейді. Тегінде имандылықты ту еткен, шынайы сүйіспеншілігі мен сыйластығы бар отбасында ерлі-зайыптылар бір-бірін жалықтырмайды. Бір-бірін шаршатпайды. Бір салада қызмет етуіміздің өзі байытып отырады. Шығармашылықпен айналысқан соң ба байқайтын шығарсың, отбасымызда біздің де айтар тақырыптарымыз еш түгесілмейді ғой.

Раушан Каршалова:

– Иә, ерлі-зайыптылардың бір салада жұмыс жасауын кейбір адамдар оң көрмейді. Меніңше, ерлі-зайыптылардың бір салада жұмыс жасауы отбасы беріктігін нығайта түсетін секілді. Бірінің білмегенін екіншісі үйретеді, бірін-бірі толықтырады. Өз басым екеуіміздің бірге жұмыс жасағаным қатты қуанамын. Бірлесе жұмыс жасағанның арқасында қаншама тың дүниелерді өмірге әкелдік.

Қаншама басылымдар аштық. Түрлі тақырыптарды қамтыдық. Көптеген жандарға қуаныш сыйладық. Ондаған кітаптар, арнайы журналдар, ашықхаттар топтамасын шығардық. Бірлесе жұмыс жасауымыздың арқасында Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясын құрдық. Салт-дәстүрлерді зерттедік, наси-

хаттадық, түрлі шаралар ұйымдастырдық. Біздің некеміз Аллаға шексіз шүкіршілік, жасампаздыққа қызмет етіп келеді.

Сол сияқты бір салада қызмет ететін ерлі-зайыпты дәрігер Сәдуақас пен Райхан Мұстафаевтар, жазушы-журналист Бейбіт пен Бану Сарыбайлар, әнші Мирас пен Құралай Бекжановтар, Қанат пен Светлана Айтбаевтар отбасы да кімге де болса үлгі болғандай. Осы сияқты көптеген жұптарды тізбектеп шығуға болар еді. Сондықтан жастар жаңсақ пікірлерге жармаса бермеуге тиіс.

Раушан Каршалова:

– Кейінгі кезде ресми орындар тарапынан «отбасын жоспарлау» жөнінде пікірлер жиі насихатталатын болып жүр. Бұл не сонда, махаббатты жоспарлау ма?

Марат Тоқашбаев:

– Махаббатты ең алдымен туындататын табиғи инстинкт. Ол – Алла тағаланың ұрпақ жалғастыру үшін ер мен әйелге қатар беретін ұлы қасиеті. Жігіт пен қыз алдында өздерінің бойында болашақ жары туралы белгілі бір образ қалыптастырады. Мәселен, жігіт ойлайды: болашақ жарым өзі сұлу, өзі ақылды, өзі шаруаға пысық, өзі адал болса деп. Қыз ойлайды: мен күйеуге тиетін жігіт өзі көрікті, өзі іскер, өзі ауқатты, пәтері мен көлігі бар, өзі тек мені ғана жақсы көретін болса деп. Олар танысқан адамдарын қиялындағы сол параметрлерге салып өлшейді. Өлбетте, жүз пайыз тура шығатындары сирек. Тым болмаса 60-70 пайыз сәйкес келсе болды сол адам туралы жиі ойлай бастайды. Жүздескен сайын, кездескен сайын оның мінезін, пайым-парасатын, ішкі

жан дүниесін зерттейді, тереңірек түсінгісі келеді. Тартымдылығы артқан сайын жан қауышуы да артады. Махаббаттың басталуы осы. Отбасын жоспарлауға махаббат та кіреді. Гендерлі мекемелердің «отбасын жоспарлау» идеясы ерлі-зайыптылардың перзент санын шектеуіне соқтырып жатады, яғни демографиялық проблемаларға ұласып жатады.

Раушан Каршалова:

– Махаббат – керемет сезім ғой. Ол адамды қанаттандырады. Жаңа биіктерге ұмтылдырады. Өмірінің көкжиегін кеңейтеді. Сүйген адамымен бірге тұруға, өмірдің ыстық-суығын бірге бөлісуге ынтық етеді. Шынайы махаббат жасампаз. Ол ізгілікке, қайырымдылыққа, мейірімге қызмет етеді. Айналасындағы адамдарға өз шуағын шашады. Ал Мәке, жас кездерінде өліп-өшіп сүйіп қосылған жастардың махаббаты неге тез-ақ солғын тартады осы?

Марат Тоқашбаев:

– Отбасында махаббаттың жетіспеуі деген ұғым бар. Ол жұбайлардың мінез-құлқына, имани тәрбиесіне, өз сезімін үнемі айта бермейтіндігіне байланысты туындайды. Әдетте «әйел құлағымен, еркек көзімен жақсы көреді» дегенді естіп қаламыз. Бұл меніңше, ақиқатқа әбден үйлесімді. Сондықтан ер адамдар «бұдан он жыл бұрын жақсы көретінімді айтып едім ғой, енді не керек?» деп жайбарақат жүре беруі жараспайды. Жақсы сөзді күнде айтқаннан ешкімнің ырысы кемімейді, керісінше ырысы тасиды. Жан жарын сүйетінін, жақсы көретінін мүмкіндігі келген әр сәтте аңғартып отырғаны

шаңырақ берекетін кіргізеді. Себепті де, себепсіз де гүл сыйлап кою арқылы жан жарыңызға керемет көңіл кошын сыйлайсыз. Бұл өте жарасымды жайт. Жиі су құйып тұрмаса гүл де тез семіп қалатыны сияқты әйел де шынайы сезім мен көңілге мұқтаж. Бірақ өкінішке қарай сезімді ұштап отыруға еркектер салақ келеді. Мұны көбіне ең алдымен әйелдер сезінеді.

Сондай-ақ махаббаттың ағыл-тегіл, аста-төктігі яғни мөлшерден молдығы да кездеседі. Мұндай жағдай көбіне қыз бен жігіттің арасында үйленгенге дейін жиі кездеседі. «Үйленгенше жаным дейді, үйленген соң жанын жейдінін» кері. Еркектің беруші, әйелдің алушы жақ екендігін ескерсек, махаббат сезімінің дозадан артық болуы да зиян. Мұндайды қазақ «Әсіре қызыл тез оңар» деп түйіп тастаған. Сондықтан мен өз басым махаббатқа да тәрбие керек деп есептеймін.

Раушан Каршалова:

– Кейде бір әйелдерден «күйеуім қызғанып жұмысқа шығармайды» дегенді естіп қалатыным бар. Меніңше, бұл жағдайды құптауға болмайтын сияқты. Бүгінде заман алға жылжып барады. Әйел адам да қоғамнан тысқары қалмай қызмет етіп, елмен араласып, өзінің кәсіби мүмкіндігін жетілдіріп отырғаны абзал болар. Ұрпақ тәрбиелеу үшін де әйел адамның жан-жақтылығы қажет. Иmandылық, адамгершілік тәрбиесімен қатар қоғамдағы өзгерістерді, жаңалықтарды күнделікті біліп, оңдысын қажетіне жаратып, ұрпағына үйретіп, теріс ықпалдардан сақтауға тырысуы қажет деп ойлаймын. Қызметтестермен араласу арқылы әйел адамдар пікір бөлісіп, түрлі жағдайларға байланысты ой-өрісін кеңейтеді. Адам орта арқылы өзін дамытады. Искер, мәдениетті, білімді ана ұрпағына оң

жол нұсқайды-ау деп ойлаймын. Бұл жөнінде сіз қандай пікір айтасыз, отағасы?

Марат Тоқашбаев:

– Меніңше, әйелді жөнді-жөнсіз қызғана беру дұрыс емес. Жүрегінде иманы, адамгершілігі бар, Алланы таныған әйел әркез күйеуінің абыройын қорғайды. Суық жүріске бармайды. Тілеуі тек бала-шағасының амандығы, отбасының берекеті ғана. Сондықтан әйелдің жұмыс істегенінде тұрған ешнәрсе жоқ. Қайта отбасы кірісіне өз үлесін қосып, кем-кетігін толықтыруға жәрдем етеді. Өз керегін өзі сатып алады. Бүгінгідей нарықтық кезеңде әлдебір қажеттілік болмаса үйде отыру жөн емес. Қолы бос әйел еріккеннен күйеуінің басын қатырып, жөнсіз қызғанып, жұмыстан шаршап келгенде оның жүйкесін жұқартуды әдетке айналдыруы мүмкін. Сол үшін адам пайдалы нәрсемен айналысқаны оңды болады.

Раушан Каршалова:

– Сіз әлгінде махаббатқа да тәрбие керек деп тамаша бір ой айтып қалдыңыз. Тәрбиесіз махаббат отбасына теріс ықпалын тигізбей қоймайды. Ерлі-зайыптылардың 2-3 жыл өтпестен сыртынан бір-бірін жақтырмайтын сөз айтып, нашар әрекеттерге баратынын көргенде жаның ауыратыны рас. Тіпті басқаны қойғанда ұрпағынның әкесі немесе анасы ретінде ғана ерлі-зайыптылар бір-біріне құрметпен қарауы керек. Әйелдер ерлеріне «маған ана болу бақытын сыйлаған азаматым», «тірегім», «асыраушым», «жанашырым» деп қарап, шын құрметтесе, ер адам тарапынан да сондай құрметке ие болады. Тек кей жағдайда ғана мұн-

дай жақсы қарым-қатынасты бағалай алмайтын ер азаматтар кездесіп жатады. Бірақ, оның да кілтін табуға болады деген ойдамын. Адам баласы жануардың да тілін тауып, өз дегенін жасатып жатады, оған қарағанда жастықтас жарының көңілін тауып, жүрегіне жол таба білмесе ол әйел адамның әлсіздігінен шығар. «Жақсы азаматты әйел жасайды» дейді, сондықтан Адам Атаның жұмақтан шығуына себепкер болған Хауа Анадан тараған әйелдер ер азаматтарын қайта жұмаққа кіргізу де қолдарынан келеді деп ойлаймын.

Марат Тоқашбаев:

– Бұл екі жастың бірінің сезімінің селкостығынан деп ойлаймын. Шын сүйген адамдар бір-бірімен қосылғанда өздерін шексіз бақытты санайды. Егер екеуі де бір-бірін шынайы сүйсе, ондай келеңсіздіктерге орын жоқ. Бірінің екіншісін жақтырмауы – оның қосағын жан жүрегімен жақсы көрмегендігінен. Шын сүйген адамдар бір-бірінің кемшілігін көрмейді. Сүйіктісін тек жақсы жағынан ғана көреді. Бір-бірін көруге қашанда ынтық болып тұрады. Ал жаңағыдай жақтырмау – бақай есеппен үйлену немесе өзіне ыңғайлы жағдай туғызу ниетіне байланысты орын алады.

Раушан Каршалова:

– Мәке, жуырда біреулердің «келіннің келген жерінің фамилиясын алуы дұрыс емес» деген пікірін көзім шалып қалды. Сіз бұл жөнінде не дер едіңіз?

Марат Тоқашбаев:

– Әйелдің некелескеннен кейін күйеуінің фамилиясына көшуі еуропалықтардан, қала берді кешегі кеңестік кезеңде орыстардан ауысқан салт. Қазақтың өз төл дәстүрінде әйелді «пәленшенің келіні» немесе «пәленшенің әйелі» деп атау қалыптасқан. Қазақ әйелдері ешқашан қайын атасының, қайынағаларының атын атамайды. Тіпті күйеуінің де атын айғайлап атай бермеген. Сондықтан күйеуінің фамилиясына көшу бұл ата салтты бұзып, қайынаталарының атын атауға мәжбүрлейді. Мысалы, Тұраров Қайыптың әйелі Сәбира фамилиясын Тұрарова деп күйеуінің фамилиясына өзгертсе, аты-жөнін сұраған орындарға Тұрарова деп фамилиясын айту арқылы атасының атын мізбақпай жариялап тұрады. Кеңестік кезеңде, ұжымдастыру шағында некедегі әйелдер орыстық әдетпен күйеуінің фамилиясымен жазылып кетті. Сол аналарымыз дәрігерге, кассаға, ресми орындарға барғанда қайын атасының атын атап қоймауы үшін қасына баласын, қайын сіңлісін, т.б. ертіп жүріп, фамилиясын соларға айтқызатын. Атақты күйші Дина апамыздан біреулер фамилияңыз кім деп сұраса атасының атын атаудан қысылып, есік алдында ойнап жүрген баласы Нұрпейістің атын атай салған екен. Сөйтіп Дина Нұрпейісова болып кетіпті. Ал өткен ғасырдың 70, 80-жылдарында тұрмысқа шыққан қыздар байыбына барып жатпастан дәстүр солай ғой деп күйеуінің тегіне көше салатын.

Қазір көзқарас өзгерді. Ұлттық дәстүрлеріміз жанданып келеді. Күйеуінің тегіне көшу немесе күйеуі әйелінің тегіне көшу әркімнің қалауымен, өзінің таңдауымен жүзеге асырылуда. Дегенмен, ұлттық дәстүрді сақтағанымыз абзал. Қоғамдық өзгерістерге бола дәстүрлеріміз бұрмалана берсе, мәдениетіміздің түп-

тамыры болып табылатын дәстүрлеріміз бірте-бірте жойылып кетуі де мүмкін.

Раушан Каршалова:

– Мәке, келіннің келген жерінің фамилиясын алуы қазақи дәстүр бойынша ерсілеу екен, ал шарифат амалдары не дейді?

Марат Тоқашбаев:

– Жалпы қазақи дәстүрлер көбіне шарифат амалдарымен үндес келеді. Шарифат талаптарында да әйел адамның күйеуінің тегіне көшуі құпталмайды. Тегін күйеуінің тегіне ауыстырға байланысты кейбір дін ғұламалары «Әйел кісі өз ерінің тегін алуы – күнә. Өйткені, өзін өзгенің ұрпағынан санауды тыйған хадистерді тікелей түсінетін болсақ, қазіргі таңдағы әйелдің ерінің тегіне ауысуы дұрыс емес дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) асыл сөзінің бірінде: «Кімдекім өзін өз әкесіне емес, өзгеге қатысты етсе ... Алланың, періштелердің және бүкіл адамдардың лағынеті соған болсын», – деген ғой. Осы хадис ерінің тегіне ауыстырудың да дұрыс емес екендігін анық ұқтырып тұрғандай. Сондықтан тұрмысқа шыққан әйел қандай себеппен болса да тегін ауыстырмағаны жөн. Оның үстіне шарифат амалдарында қайтыс болған адам Алла тағаланың алдына барғанда өзінің атына әкесінің аты қосып шақырылады деген қағида бар.

Раушан Каршалова:

– Демек, тұрмыс құрған бойжеткендер өз тегін сақтауы керек екен. Жұртшылық арасында баланың

«әкесінің жақсы атын шығарып жүруі міндет» деп айтылып жатады емес пе, өздерін өсіріп-жеткізген ата-анасына, тегіне де құрмет көрсетіп, абыройын асқақтатып жүрген жөн болар.

Мәке, кейінгі кезде өзекті сауалдың бірі «Беташар» тақырыбының айналасында болып тұр. Кейбір діндар адамдар келіннің «Беташарда» сәлем салуын Аллаға серік қосу деп түсіндіреді. Бұл шынымен солай ма? Есіңізде болса, бір тойда күйеу жігіт «келіннің сәлем салуы Аллаға серік қосқан болып табылады» деп бәрімізді пұшайман жағдайда қалдырып еді ғой. Сонда үлкендер жағы үлкен қолайсыздықты бастарынан кешіргені есте. Осы жөнінде не айтар едіңіз?

Марат Тоқашбаев:

— Кейде осылай тақтайдай тегіс жерден осындай бір келеңсіз сұрақтар сопаң ете қалады. Сондықтан жұрт үшін көкейтесті мәселені қозғай кеткенің өте орынды. Діни жоғары білімім болмаса да өз түсінігімше жауап беріп көрейін. Біз ең алдымен әр ұлттың, әр халықтың өзіндік дәстүрлері болатынын мойындайық. Әр халықтың өз салт-санасы өзіне қымбат. Құран Кәрімде: «Біз сендерді бір-бірінді тануларың үшін ұлттар мен ұлыстар етіп жараттық» деген ғой. Ұлттар мен ұлыстардың жүзі мен тілі ғана емес, киім киісі де, сәндік ұғымдары да бөлек. Оған ең алдымен климаттық жағдайлар, ұғым-түсінік әсер етеді.

Араб түбегіндегі арабтардың өздерінің көптеген ұғым-түсініктері бір-бірінен бөлектеу. Негізінен арабтар көшпенді малшылар (бәдәуилер), отырықшы диқандар (феллаһтар) және қолөнершілер (қалалықтар) болып үшке бөлінеді. Есінде ме, Дубайда демалыста болған кезімізде құмдағы сафари кезінде бізді джип-

пен құм тауларында қыдыртқан, ептеп орысша білетін араб жігіті бізді түйелердің жанына әкеліп тоқтаған кезінде «Нағыз араб –түйешілер» дегені. Иә, олардың ұғымында түйеші араб қойшы арабтан жоғары көрінеді. Солардың киім киісі, жүріс-тұрысы әртүрлі ғой.

Әлемде 23 араб мемлекеті бар. Олардың әрқайсысының ғасырлар бойы қалыптасқан мұсылманшылыққа қайшы келмейтін әдет-ғұрыптары бар әрі одан ешқашан ажырамайды. Араб елдерінің көпшілігінде әйелдер өздерінің дәстүрлі «Абая» деп аталатын қара көйлектерін киеді, өмір бойы жалаңаяқ немесе шабата киіп жүретін. Қазір енді еркек-әйеліне қарамай бәрі қытайдың сүйретпесін (тәпішкесін) киеді. Біздің тұрғымыздан мұның бәрі сөз етуге тұрмайтын қалыпты нәрсе.

Енді сол араб елінде діни білім алып оқып келген кейбір жігіттер сол арабтардың дінді былай қойғанда тұрмыс-салтын біздің нормамызға айналдырғысы келеді. Өздерінің келіншектерін солай қап-қара етіп киіндіріп қояды. Арабтардың ұлттық ерекшеліктерін бізге тықпалаудың қажеті шамалы. Арабтар киеді екен деп солардың көйлегі мен жамылғысын, сүйретпесін біздегі 30-40 градус аязда қалай киеміз? Бұл мүмкін емес қой.

Мұсылманшылыққа қайшы келмейтін кез келген киім үлгісі киюге лайық. Қазақ әйелдерінің ертедегі киімдері мұсылманшылық талаптарға ешқашан қайшы келген емес. Әдет-ғұрыптарымыз да солай. Жаңадан келін болып түскен жеріне, ата-енесіне сәлем салу, аттергеу, құрмет көрсету арабтарда жоқ. Ал бізде бар. Арабтарда жоқ нәрсе сонда шірк бола қала ма? Құранда ата-анаға құрмет ең басты қағидалардың бірі ғой. «Ата-анасы разы болмағанға Алла разы болмайды» делінген сахих хадистерде. Ендеше, ата-анаға құрмет көрсету

ешқандай шірк емес, ол біздің ұлттық ерекшелігіміз, ата-ананы құрметтейтін ұлттық қасиетіміз.

Раушан Каршалова:

– Әлбетте. «Беташарға», жалпы сәлем салуға байланысты тамаша ой айттыңыз. «Беташар» – бұл өлеңмен келіннің бетін ашу, келген жерін таныстыру дәстүрі. Сонау ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық дәстүрімізді шалағай пікірлерге бола өмірімізден ысырып тастауға болмайды. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Әдетте өлең келіннің жастық көркін, сұлулығын мадақтаудан басталады да, енді ол өзінің күйеуін қалай сыйлап, қалай күтуге тиіс дегенге ауысады. Жас келін күйеуінің туған-туысқандарын қалай сыйлап, құрмет тұтпақ? Осы жай, әсіресе мол айтылады. Ауылдағы жасы үлкен ағаны, жасы кіші ініні, үйге түскен қонақты көргенде келін қандай болуға тиіс? Міне, келінге осының бәр-бәрі тағылым түрінде айтылады. «Беташарды» айтушы ақын-жыршы ауық-ауық сөзін бөліп, жас келіннің жолы үлкендерге тағзым етуін тілейді. Соның бәрін құптағандай, қабыл алғандай болып жас келін иіліп сәлем беріп, тағзым етеді», – деп түсініктеме береді «Беташар» жырына. Жаңа отаудың шаңырағын көтерген жастарға, әсіресе келінге қаратып айтылатын бұл дәстүрді халқымыздың қандай ғұламалары болсын жоққа шығарған емес, демек, өмір тезінен өткен бұл дәстүрдің өміршеңдігіне қай-қайсысымыз да үлес қосуымыз керек.

Әдетте «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, дәстүр де жетіледі. Кейбірі ұмытылады немесе ұмытқыздыртады. Өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан кейін түскен келіндер қазақтың аттергеу сияқты әдемі дәстүрін ұмытты. Бұл сол кездегі кеңестік идео-

логияның аттергеуді «ескіліктің қалдығы» ретінде сүмірейтуінің салдары деп ойлаймын.

Марат Тоқашбаев:

– Кеңестік идеологияның темір қалыбы «Аттергеуді» күнделікті өмірден ығыстырып шығаруы бұл ұлттық дәстүріміздің үлкен бір бөлегін жоғалтуымыз. Ол басқа еш халықта жоқ, тек қазақтарға ғана тән ерекшелік еді. «Аттергеу» отбасылық қарым-қатынасты ізгілендіретін, алысты жақындататын, сыйластықты арттыратын дәстүр еді. Әттен, бүгінде бармағымызды шайнаймыз. Лажы болса осы дәстүрді тірілтуіміз керек. Қазір бұл дәстүр аз түрде оңтүстікте сақталған. Егер көп болып қолға алсақ, Наурыз мерекесі тұсында келіндеріміз ұлтқа жанашырлық көрсетсе жанданып-ақ кетер еді.

Раушан Каршалова:

– Ұлттық дәстүрді тірілтіп жалғастыру үшін ұлттық сана қажет қой. Ол үшін қоғамда ұлттық идеологияны насихаттау керек. Қуанарлығы, бірнеше жылдардан бері ұлттық дәстүрге, мәдениетке жанашыр «Дәстүр» журналы жарық көріп, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді насихаттап келеді. Меніңше, бір басылым 17 млн қазаққа аз. Электрондық ақпарат құралдарында ұлттық дәстүрді насихаттау, ұлттық дәстүрлі музыканы насихаттау кемшін. Көптеген дамыған елдерде мемлекет тарапынан ұлттық мәдениетті дамытуға орасан зор қаржы бөлінеді екен. Сонда дамыған елдер өз мәдениетін қызғыштай қорып отырғанда, біздің елімізде де ұлттық құндылықтарымызға неге лайықты көңіл бөлінбеске?!

Раушан Каршалова:

– Қазақ – қонақжай халық. Нарық қыспағына ілінген тұстан көпшілік тіршілік күйбеңімен кетті. Десе де, көп ер азаматтар, әсіресе ат үстінде жүрген жігіттер сыйлас замандастарымен жиі араласып, дәмдес болғанды жаны қалап тұрады. Әлдеқалай бір танысымыз: «маған пәлен деген кісі кезінде пәтер алуыма көмектесіп еді. Содан бері 15 жыл өтті. Әлгі баспанадан соң екі рет пәтер ауыстырдым. Бірақ әлгі кісіні көргенде «рақмет шай» да бере алмағаным қатты ұяламын» дегені бар. Демек, әйелінен ары аса алмай, азаматтығына сын айтқызатын мұндай әрекеттер жігіттің жолын ашпайды. Әйел адам ерінің беделін асырып, оның абыройын алдымен ойлауы керек. «Атың барда желіп жүріп ел таны, асың барда беріп жүріп ел таны» деген ғой бабаларымыз. Ері төрге озған әйел есікте қалмайды. Азаматын ардақ тұтып, Алла разылығы үшін еріне қызмет еткен әйелдің орны жұмақта болмақ.

Марат Тоқашбаев:

– Әлбетте. Өкініштісі, ер адамның бәріне бірдей жақсы әйел кезіге бермейді ғой. Бір қонақ шақырудың өзі бір айғы ұрысқа айналатын болса, онда қонақ шақырмақ түгілі, өз үйінен өзі безіп кеткісі келетіндер де өмірде кездеседі емес пе?! Сондықтан ер адам о баста үйленгенде текті жердің, анасы жақсы жердің қызына үйленуі керек екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған мысал ретінде ел аузында айтылып жүрген Райымбек батырға қатысты мына бір әңгіме есіме түсіп отыр. Бірде Қангелді батыр жақсылап тойғызып, балаларын

кара күзде далаға жатқызыпты. Таңертең ерте тұрып караса Түке деген баласының ашық-шашық жатқанына ашуланып, көңілі толмаған Қангелді баласын шауып тастамақ болады. Қылышын алуға үйге кіргенде ашуын байқап қалған бәйбішесі ере шығып күйеуіне тоқтау салыпты: «Бас ием, сабыр етіңіз, бәлкім оған батыр тұқымынан, текті жердің қызын әперсек ұрпағы батыр болар», – депті. Сөйтіп, Қангелді Түкеге Орақ батырдың қызы Қарашашты алып береді. Содан аты ұранға айналған Райымбек батыр дүниеге келген екен. Міне, біздің аналарымыздың данышпандығы қандай керемет?!

Біздің тарихи тұлғаларымызды алып карасак, солардың көпшілігінің әйелі ақылды әрі қонақжай болған. Алыска бармай-ақ, өткен ғасырда ширек ғасыр ел басшысы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың үйіндегі женешіміз Зухраны айтар болсак, ол кісі де азаматына лайықты жар бола білген. Халық әлі күнге екеуін де құрмет тұтады. Есімі қай-қайсысымыздың да жадымызда жаңғырып тұр. Өмірге тап-таза болып келіп, тап-таза болып кетті. Ағамыз екеуі көпқабатты үйдің төрт бөлмелі пәтерінде тұрды. Асып-тасқан байлыққа кенелген жоқ. Халқына істеген жақсылығын айтып тауысу мүмкін емес. Мұның өзі үйіндегі жағдайдың дұрыстығы, рухани тазалықтың белгісі емес пе?!

Раушан Каршалова:

– Мәке, шынымен де бұл кісілер адамгершіліктің символына айналғандай... Зухра апамыз өзінің кішіпейілділігімен, тазалығымен ел аузында қалды ғой. Бүгінгі күнде осындай жақсы аналар аз емес. Келіндер осындай аналардан үлгі алғандары дұрыс.

Марат Тоқашбаев:

– Әңгімемізді қорытындылайық. Мен ойлаймын, біздің осы «Бақыттың кілті» атты кітабымыздың өзі бір-бірімізге деген сүйіспеншілігіміздің жемісі ғой деп. Жан жарыма арнаған бір өлеңімде былай деппін:

Раушантайым,
Жалт етсе нұр жанарың жасын-дағы,
Қол жетпеген армансың жасымдағы.
Тағдырыма мың шүкір, енді бүгін
Жан жарымсың айнымас қасымдағы.

Өмірімнің жайнаған жасыл бағы,
Қасымда – тірлігімнің асылдары.
Тек өзінмен гүлдедім, шынымды айтсам,
Сен кеп қонған бағымсың басымдағы.

Мыңдардан сүйіктісін қалар кісі
Ізгілікті ісімен жарар кісі.
Марқұм анам айтқандай, Раушантайым,
Тағдырдың бізге берген «подаркісі».

Осы өлең бұдан жеті жыл бұрын, 2007 жылы жазылған екен. Мен ақын емеспін. Бәлкім өлең төрт аяғынан тең басып тұрмаған да болар. Бірақ соның әр жолы, әр тіркесі күшінде.

Біз жұбайлық өмірімізде байлық, дәулет жимасақ та бір-бірімізді рухани байыттық. Өстік. Мына жарық дүниеде қарапайым ғана пенде екендігімізді, шама келсе білте шамдай болса да айналаға жарық түсіріп жүру керектігін сезіндік. Әркез жақсы сөйлеудің артықшылығын ұқтық. Айналаңдағы адамдарға қол

ұшын созудың, мүмкіндігінше жәрдем берудің қаншалықты рахат сезімге бөлейтінін көңіл түкпіріне ұялаттық. Біз соған шүкіршілік етеміз! Өзара баю арқылы тапқан ой-маржандарымызды оқырманға осылай жеткізгіміз келді.

Өмір сүру үшін дайын тұрған сценарий жоқ. Алайда белгілі бір қағидалар бар. Алланың тыйғанынан тыйылудың өзі адамды шексіз қуанышқа бөлейді. Біз қазақ отбасының бақытты өмір сүргенін қалаймыз. «Отбасы мықты болса Отанымыз да мықты» деуден сондықтан да жалықпаймыз. Енді ұзатпай әңгіме түйінін жасайықшы. Сонымен

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ неде екен?

Раушан Каршалова:

– Мұқият оқыған кісі біздің әңгімемізден өздері-ақ лайықты ой түйеді, қорытынды жасайды деп ойлаймын.

Бақыттың кілті – адалдықта, адамгершілік пен имандылықта!





I бөлім

Отбасы кодексі

1. Отбасын құрған ерлі-зайыптылар:
 - 1.1. бір-біріне сүйіспеншілікпен адал пейіл танытуға;
 - 1.2. отбасылық мәселелерін өзгелерді араластырмай өздері шешуге;
 - 1.3. Алла Тағаланың, Отанымыздың, ата-ананың алдындағы жауапкершілікті терең сезінуге;
 - 1.4. отбасылық қарым-қатынаста адамгершілік, имандылық және ұлттық қағидаларды ұстануға міндетті.
 - 1.5. Бір-біріне кешіріммен қарайды, бірінің білмегенін екіншісі үйретеді.
 - 1.6. Қиындыққа, ауру-сырқауға ұшырағанда бір-біріне қамқорлық көрсетеді.
2. Ер адам:
 - 2.1. бала-шағасын асырауға, баспаналы және киім-кешекті етуге;
 - 2.2. әйелі мен балаларына имандылық тәрбиесін беруге міндетті.
 - 2.3. Әйеліне қол жұмсамайды, оны және оның ата-анасын балағаттамайды.
 - 2.4. Үйден шығарда қайда баратынын айтып кетеді.
3. Әйел адам:
 - 3.1. ерінің абыройын қорғауға;
 - 3.2. күйеуінің ата-анасын, туыстарын құрметтеуге;
 - 3.3. ерінің тапқанын ұқсатып, үйдің береке-бірлігін кіргізуге;
 - 3.4. бір жаққа барарда күйеуінен рұқсат сұрауға міндетті.
 - 3.5. ерінің рұқсатынсыз үйдің затын беруге болмайды.
 - 3.6. күйеуінің рұқсатынсыз үйге бөтен еркекті қондырмайды.
4. Ерлі-зайыптылар:
 - 4.1. отбасылық мәселелерді ақылдасып шешуге;
 - 4.2. ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға міндетті.

P.S. Бұл бөлімде ары қарай әрбір бап таратылып әңгімеленеді.

Сүйіспеншілікпен адал пейіл таныту

Қыз бен жігіттің некелесіп отбасын құруына көбіне махаббат сезімі себепші болады. Махаббат пен мейірімділік сезімдерін адам бойына Алла Тағала дарытқан. Махаббат пен мейірімділік сезімдері – барша ізгіліктердің бастауы. Әдетте сүйіспеншілік пен махаббат бір ұғым, бір сезім. Махаббаттың ең ұлы сезімі Жаратқан иеміз бір Алла Тағалаға бағышталады. Өйткені бізді де, біздің сезімдерімізді де жаратқан Сол. Одан кейінгі сүйіспеншілік сезімі ата-анаға. Бұл Алла Тағалаға бізді жаратқаны үшін, Ата-анаға бізді өмірге әкелгені үшін жауап – махаббат. Өмір жалғасты болу үшін Жаратқан Иеміз қыз бен жігіттің жүрегіне бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімін салады. Бұл сүйіспеншіліктің мәні де, ғажайып нәтижесі де – жаңа ұрпақ. Ер мен әйелдің қосылуынан өмір жалғастыратын перзент келеді. Бұл жасампаз махаббат! Перзентке әйелі немесе күйеуі тарапынан тәрбиесіз махаббат-сүйіспеншілік – келешекке берілген қарыз сезім. Ол кейін ата-анаға махаббат болып оралады.

Ер адам белін жазбай еңбек етіп, бала-шағасын асыраса, әйел адам тоғыз ай омыртқасын үзіп көтеріп, күйеуінің баласын өмірге әкеледі. Осы қиындықтардың өтеуіндейекеуіне жыныстық ләззат, жанұялық жылылық, отбасылық берекет берілген. Алла Тағала алдында ерікті түрде некесі қиылған иманды ерлі-зайыптыларға рақмет нұры жауады. Олардың арасында психологиялық, моральдық, физиологиялық қайшылықтар болмайды. Керемет үйлесімділік қалыптасады.

Отбасында сүйіспеншілікпен адал пейіл таныту ерлі-зайыптылардың екеуіне де міндет. Әйелі күйеуінің, күйеуі әйелінің өзін жақсы көретіндігін сезіну екі жақты да қанаттандырады. Демеуге, қолдауға, көтермелеуге әйел қандай мұқтаж болса, ер адам да сондай мұқтаж. Мұндай қолдау бір-біріне деген құрмет пен ризашылық сезімдерін оятады, адал пейіл туғызады.

Адал пейіл қызық күндерде де, қиын күндерде де қосағына шын жүректен секунд сайын қол ұшын беруге әзір тұруды білдіреді. Ол жарына тек жақсылық ойлайды.

Сүйіспеншілік сезімге де тәрбиеші керек. Әйелі немесе күйеуі тарапынан тәрбиесіз махаббат бірлескен өмірді азапқа айналдырып жібереді. Тәрбиесіз сүйіспеншілік – көргенсіз сүйіспеншілік. Ол оспадарсыздықтарға, көзсіз қызғанышқа, негізсіз айыптауларға соқтырып жатады. Қайырсыз қылықтар сүйіспеншілікті зұлымдыққа айналдырып жіберуі оп-оңай. Сондықтан үй болған қыз бен жігіт өз сезімдерін тәрбиелей білгендері жөн. Тәрбиенің ең үлкені – қызғанышты сабырға жеңдіру, сабыр сақтай білу. Өмірлік жары қызғанатындай қылықтардан аулақ болу. Сонда ғана сүйіспеншілік сүйкімді, адал пейіл баянды болады.



Өз мәселелерінді өздерің шешіндер

Бұл тақырыпты шағын бір мысалдан бастағым келеді. Біздің бір Н дейтін танысымыздың Нұржан дейтін ұлы үйленді. Әсел де эп-әдемі, сүйкімді қыз екен. Екеуі де жоғары оқу орындарын бітірген. Талдықорғанда ұзату тойын, Алматыда дүркіретіп келін түсіру тойын жасап, мәре-сәре болдық. Жастар бір-біріне лайық әрі бір-бірін жақсы көреді. Бұл бізді өте қуантты. Ал проблемалар той өткен соң-ақ басталды. Жаңа түскен келін төсектен тұрмай жатып, “сотовыймен” анасына телефон шалып, жаңа түскен жеріндегі күнделікті өмірдегі майда-шүйдеге дейін баяндайды. Содан өзінің түскен жеріндегі ішкі жағдайды анасына айтып, ақыл сұрай берудің салдарынан түкке тұрмайтын нәрселер ушығып үлкен дауға айналып кетіп жатты. Келін ата-енесін, күйеуін тындаудың орнына тек анасын тындайтын болды.

Анасы ақыл беріп, қызына дұрыс бағыт сілтеудің орнына жағдайды шиеленістіріп жіберді. Ақыры бір күні Әсел дәрігерге барып келемін деген сылтаумен үйден шығып, Талдықорғанға тартып отырған. Құдағи қызын жібермей бірнеше ай ұстап қалды. Екі жас болса бір-бірімен таң атқанша телефонмен сөйлесіп шығады.

Сөйтіп жүргенде төркініне кетіп қалған келіннің аяғы ауыр екені білінді. Құдағи басқа амалы қалмаған соң қызын эзер қайтарды. Босанған соң анасының шақыруымен келін тағы оқыстан тартып кетті төркінге. Нұржанның ата-анасы көздері жасқа толып олар қалды. Нұржанның «Біздің отбасылық мәселелерімізге

араласпаңыз» деген бір ауыз сөзі үшін құдағи жатып кеп тулап, «күйеу балам келіп кешірім сұрасын, қызымды сонан соң ғана қайтарамын» деп шалқайсын. «Отбасылық құқығымызды қорғағаннан басқа енеме не жазып қойдым» деп күйеу баласы аң-таң. Содан жас шаңырақ бұзылудың сәл-ақ алдында тұрды. Намыстанған Нұржан «өзі кеткен, өзі келсін» деп келіншегінің артынан барғысы келмейді. Анасынан қорқып келіншегі келе алмайды. Арада алты ай өткенде Әсел кішкентай Жарқынды көтеріп келін боп түскен алтын ұясына қайтып оралды. Анасынан қашып кетіпті. «Әр нәрседе қайыр бар» деген, содан Әсел анасына телефон шалмайтын болды, құдағи да өкпелеп қызына хабарласпайды. Бұл жас шаңырақ үшін өте бір оңды жағдай болды. Жас отбасы өз бақыттарын сақтап қалды.

Келтірілген мысалдан байқағанымыз, үйленген жас жұбайлар алғашқы сәттен-ақ өз проблемаларын өздері шешіп үйренгендері жөн. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей келін бөтен отбасыға мүше болып келді. Ол сол жердің тәртібіне бағынуға тиіс. Мұны қазақ «өз қотырын өздері қасып үйрену» дейді. Келін келген жерге сіңуге тырысады. Өзі келген отбасының ішкі мәселелеріне ата-анасын араластырмайды. Жаксы болсын, жаман болсын, тағдырына көндігеді, сөйтіп өз ұясын, бақытын құрады. Енесі келінге қандай ақыл-кеңес айтса жарасады, оның зілі болмайды. Ал араға қыз жақтан адамдары әсіресе құдағи араласа бастаса мәселе қиындау, ал ақыл-кеңестері өзiмшiл сипатта болса іс насырға шапты дей беріңіз. Сондықтан жас жұбайлар жігіттің ата-анасының қолында тұрғанда сол үйдің тәртібіне бағынады, тікелей өздеріне қатысты мәселелер болса ешкімді араластырмай өздері шешеді.

Марат ТОҚАШБАЕВ

Бөлек тұрса да жігіт жағының басымдығымен дербес саясат ұстанады.

Тұрмысқа шыққан қыз қанша ыстық болса да төркінінен өзін қашықтау ұстағаны дұрыс. Бұл келген жеріне тез үйреніскеніне жақсы. Қазақта “Төркіні жақын қыздың төсегі жиналмайды” деген сөз бар. Төркініне күнде кететін қыздың төсегі тұрмақ ішкі “психологиясы” да жиналмайды.

Жаңа құрылған отбасының өз құқықтары болады. Оны үлкендердің білгені әрі оны құрметтегені дұрыс. Қоғамның шағын бөлшегі ретінде олар өз отбасының мәселелерін өздері шешуге тиіс. Бұл мәселені шешуге шамалары келмей жатса, көмек сұрағанда ғана үлкендер көмектесуі мүмкін.



Жауапкершілік

Отбасындағы жауапкершілік қоғамның берік іргетасы. Отбасында жауапкершілік болмаса ондай қоғам азғындыққа ұшырайды. Отбасын, қоғамды, мемлекетті ұстап тұратын адамдардың жауапкершілік сезімдері. Ондай сезім отбасынан басталатынын тағы да қадап тұрып айтқан жөн.

Отбасындағы жауапкершілік бес түрлі саладан тұрады. Олар:

1. Алла Тағаланың алдындағы жауапкершілік,
2. Отан алдындағы жауапкершілік,
3. Ата-ана алдындағы жауапкершілік,
4. Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігі,
5. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Алла Тағала алдындағы жауапкершілік дегеніміз – Алла Тағаланың тыйғандарынан тыйылу, үкім берген пайдалы істеріне ұмтылу. Яғни, доңыз еті, арақ-шарап, ұрлық-қарлық, көңілdestік, ысырапқорлық т.б. сияқты харам нәрселерден тыйылу, адамдарға ізгілік пен жақсылық жасауға ұмтылу, үнемі жаратқан иемізді еске алып отыру, бес уақыт намаз, ораза ұстау, зекет беру, барға қанағат, шүкіршілік ету.

Отан алдындағы жауапкершілік дегеніміз – сүйікті Отанымызға пайдалы азамат болу. Адал еңбекті жоғары қою. Отан қорғауға әзір тұру.

Тілімізді, дінімізді көздің қарашығындай қорғау. Өздерін де, ұрпақтарын да ұлттық рухта тәрбиелеу.

Ата-ана алдындағы жауапкершілік дегеніміз – өздерін ақ сүт беріп, аялап өсіріп, ержеткізген ата-

анасына мейіріммен қарау. Олардың ақыл кеңестеріне құлақасу, күш-қуаттары қайтып қартайған кездерінде үнемі қамқорлық жасау. Ата-ананы ренжітпеу.

Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілік дегеніміз – бірі екіншісін қиындықта жалғыз қалдырмауы, демеу болып қасына табылуы. Ері әйеліне имандылық тәрбиесі беруі, оны баспаналы етуі, ішіндіруі, киіндіруі. Әйелі ерінің абыройын қорғауы, оның табысы ұқсатып үйдің берекетін, кіргізуі, күйеуінің рұқсатынсыз үйден кетпеуі, затын біреуге бермеуі, балаларына имандылық тәрбиесін беруі.

Ұрпақ алдындағы жауапкершілік дегеніміз – оларға дұрыс адамгершілік, имандылық, еңбек тәрбиесін беру. Ертең бұл жас ұрпақ Отанымыздың, отбасының өнегелі азаматы болуына жол ашу. Жалқау, қатігез, мейірімсіз бала ертең ата-ананың соры.

Шаңырақ көтерген жас отбасы өмірдің қуанышы тек “бал айының” қызығынан емес, осындай жауапкершіліктен тұратынын білгендері жөн. Адамды адам етіп көтеретін – жауапкершілік. Жауапкершілігі жоқ адам отбасына ие бола алмайды.



Адамгершілік

Халқымызда «Үйлену онай, үй болу қиын» дейтін қанатты сөз бар. Бұл сөздің мәнісі тіпті тереңде. Қыз бен жігіттің үйлену туралы шешім қабылдауы соншалықты бір қиын емес. Кейде жастар көріп-ақ екінші кездескенде үйленіп жатады. Қиынның-қиыны – үйленген жастардың отауын сақтап қалуы. Алғашында мәңгі сөнбейтіндей алаулаған махаббат сезімін адамгершілік пен бір-біріне деген құрмет болмаса күнделікті тіршіліктің ұсақ-түйектері жеп қояды. Адамгершілік – махаббатың мәңгі тірегі. Келіншегіңіз шалбарыңызды үтіктеп берді ме, дәмді тамақ жасады ма, қонағыңызға құрмет көрсетті ме, сол сияқтының бәрін ұсақ-түйек деп қарамай шын ниетіңізбен рақмет айтыңыз. Керісінше күйеуіңіз жағымды комплимент айтты ма, ұнасымды көйлек сатып әперді ме, төркініңізге апарып келді ме, жақсы сөзіңізді аямаңыз, алғысыңызды айтыңыз. Жақсы сөз айтуға ешкімнің көк тиын ақшасы кетпейді. Айтушыға жақсы сөздей арзан, тыңдаушыға жақсы сөздей қымбат еш нәрсе жоқ.

Орынсыз ренжітіп алған жағдайда бір-бірінен кешірім сұрай салудан қысылмау керек. Кейде жігіттердің тіпті еш кінәсі болмаса да келіншегінің ерке сезімдерінің құрметіне кешірім сұрайтын кезі болады. Ең абзалы екеуі де қосағының көңіліне келетіндей нәрселерден аулақ болғаны жақсы. Ол үшін жан жарының нені ұнататынын, нені ұнатпайтынын білген жөн.

Әдетте үйленген қызбен жігітті махаббат табыстырғанмен, олардың бұрын өскен ортасы, жүрген жері, араласқан адамдары, қалыптасқан мінез-құлықтары мүлде бөлек болады. Жансыз машинаның стандартпен

шығарылған темір бөлшектері де бір-біріне үйлесіп кетуі үшін “обкаткадан” шығарылады ғой. Оған қарағанда кеудесінде соғып тұрған жүрегі бар, сезімі бар жандардың бір-біріне үйренісіп, қалыптасып кетуіне де едәуір уақыт кетеді.

Үйренісу мерзімінің барынша қысқаруына, жүйкені қажетсіз тоздырудан сақтауға, отбасылық проблемаларды оңай шешуге көмектесетін әмбебап құрал бар, ол – Имандылық. Ерлі-зайыптылардың қайсысының имандылықтан хабары молырақ болса сол екіншісін үйретіп отырғаны абзал. Имандылық қағидаларында отбасы мүшелерінің міндеттері мен құқықтары соншалықты тәптіштеліп көрсетілген. Әркімнің “велосипед” ойлап табуының қажеті жоқ. Тек дайын өмірлік қағидаларды орындасаңыз болғаны.

Дәстүрлі қазақ отбасының берекеті ұштағанға негізделген десек, адамгершілік пен имандылыққа қосымша ұлттық тәрбиені айтуымыз керек. Ұлттық тәрбие тілімізді, ділімізді, өнеріміз бен мәдениетімізді қамтиды. Ерлі-зайыпты қазақ отбасы ана тілінде сөйлеуді қиынсынып, басқа тілдерде шүлдірлейтін болса олардың мындаған жылдардан бері жалғасып келе жатқан ата-бабаларының тарихы сол екеуімен аяқталады. Өйткені олардың ұрпағы өздері “шүлдірлейтін” жат тілге, жат мәдениетке ауысып кетеді. Мұндай ұрпақтан қазақ халқына келер еш пайда жоқ.

Егер отбасында ұштаған негіз сақталар болса ол қазақ халқының, қазақ мемлекетінің алдында парызымызды өтегеніміз. Ол – еліміздің келешек тарихына қосқан үлесіміз. Ең бастысы – ол ертең қартайар шағымызда өзімізге алдын ала жасаған құрметіміз!

Кешірімділік

Жас жұбайлардың үйлену қызығын, отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізсең де бәрібір оның соңы болады. Қарапайым, кәдімгі өмірдің күнделікті тіршілігі басталады. Әрбір адамның туғаннан қанымен келетін әрі жүре келе қалыптасатын мінез-құлқы, дағды-әдеттері болады. Алған тәлім-тәрбиесі, өнегесі тағы бар. Мүлде екі әлемде өскен, екі түрлі отбасында тәрбие алған қыз бен жігіттің бірлесіп шаңырақ көтеріп, отбасын құрып кетуі оңай емес. Қалыптасқан мінез-құлықтардың үйлесім табуы, адамдардың бір-біріне үйренісіп, көндігуі әлденеше жылдарды қажет ететін үдеріс. Ғалымдар әдетте жас шаңырақтар үшін қауіпті кезең ретінде алғашқы 5 жылды атайды. Осы мерзімнің ішінде жас жұбайлар мінездері жарасса, отбасы болып қалыптасады. Статистикалық деректерге қарағанда үйленген жастар отбасылық өмірдің алғашқы бес жылында 30 пайызына дейін ажырасып кетеді екен. Мұнын ең алдымен кешірімнің кемдігінен екенін әркімнің іші сезеді. Мінездері қиғаш келіп, бір-біріне кешіріммен қарай алмайтын болса, ондай шаңырақтың бүлініп тынатыны рас.

Әдетте романтикалық пейілді, мөлдір сезімдерді күнделікті тіршіліктің қарапайым проблемалары сейілтеді. Күнделікті өмірдің сан сауалдары алдан шығады. Ондайда ерлі-зайыптылар өз мінезінің жетегінде кете бермей, эмоцияларын ақылға жендіргендері жөн. Махаббатқа да тәрбие қажеттігі туралы біз бұдан бұрын айтқан болатынбыз. Махаббат тәрбиесі бір-бірін құрметтей отырып, қиындықтарды бірлесе жену. Білмегендерін бір-біріне үйрету.

Жас жұбайлардың арасында түсініспеушіліктер ұсақ-түйек тұрмыстық нәрселерден басталады. Сондай сәттерде дереу кешірім сұрай білу мен кешіре білу – түсіністіктің бастауы болмақ. «Еш нәрсемен айналыспайтын адам ғана қателеспейді» деген ұғым бар. Ал отбасы әр күн, әр сағат сайын тәлім жинақтайтын, қалыптасудың жаңа сатысына ұмтылатын жанды организм. Сондықтан бірде ерінің, бірде әйелінің тараныпан кемістіктер кетуі, ағат пікірлер білдірілуі, орынсыз кінә тағушылық сияқты көріністер орын алуы әбден заңды. Бұл арада орын алған қателіктерді кешірумен бірге, оны рай қарай қайталамауға тырысу айрықша маңызды. Тағы бір ескеретін маңызды тұс жұбайлар бірінің кеткен қателігін үнемі есіне салып, әлсін-әлі қоздыртып, қайта-қайта қазбалап отырмағандары дұрыс. Мұндай жағдайда ерегіс өрбіп кетуі ықтимал. Сондай-ақ, ерлі-зайыптылар қай жерден ұрыс шығарудың жолын қарастырып, бір-бірін аңдымай, керісінше, жарасымды сыйластығын қызғыштай қорғау қажеттігін сезінгендері жөн. Халқымызда «Найза ұстаған жауға кезігеді, сөз қуалаған дауға кезігеді» дейтін қанатты сөз бар. Жарының айтқан бір ауыз сөзіне жармасып, сөз қуалау «кешірдім» дегеннің өзінде, кешіруде емес, мәселені ушықтырудың басы болып кетеді.

Басты қағида ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген принциптік көзқарастарын ұстануында. Осы адаммен мәңгі бақи бірге өмір сүремін, ұрпақ өрбітемін, өмірдің қызық-шыжығын бірге көремін деген жан ең алдымен өзі тарапынан кикілжіндерге, қақтығыстарға жол бермеуге тиіс. Бұл үшін өзінің келіп қалған ашу-ызасын тежей білуді, кешірімділікпен қарай білуді үйренуі керек. Ал бұған мән бермеген адам өз шаңырағын мәңгі бақи ырың-жырыңның ордасына айналдырып алады.

Неке – теңқұқылы ер мен әйелдің отбасылық келісімі. Отбасындағы жас жұбайлар бір-бірін өзінің басыбайлы меншігі отбасын бірге құрысқан серіктесі ретінде бағалай білгендері жөн. Көп жастар отбасындағы адалдық пен меншікті шатастырып жүреді. Алғашқы күндерден бір-бірінің қателіктерін кешіріп үйренбесе, ол нашар дағдыға айналып кетеді. Мұндай нашар дағды ертен ұрпақ бойына да жұғып кетуі мүмкін.

Тағы бір қатаң ескеретін нәрсе кешірім сұрауға мәжбүр етілген қателік ары қарай қайталанбағаны жөн. Сол қателікті күн сайын жасап, күн сайын кешірім сұраудың құны болмайды. Қайталана берген қателік санасыздықты, арсыздықты көрсетеді.

Ең абзалы түсіністік пен бірін-бірі қолдау арқылы қателіктердің алдын алу, кешірім сұрайтындай жағдайға жеткізбеу.



Қамқорлық

Отбасындағы тіршілікте ерлі-зайыптылар бір-бірінің қамқорлығына, көмегіне мұқтаж. Имандылық қағидаларында олардың міндеттері жіктеліп, ажыратылып берілсе де өмірде бір-бірінің көмегін, қамқорлығын қажетсінетін сәттер көп. Мұндай қажеттіліктерді сезімдік-махаббаттық, рухани-моральдық және қол күшілік деп үшке бөліп қарастыруға болады.

Сезімдік-махаббаттық қолдау көбіне үйленгенге дейін, әрі кеткенде жұбайлық өмірдің алғашқы жылдарында сақталады. Ары қарай ерлі-зайыптылардың жүрек түкпірінде сезімге деген ынтызарлық жатқанымен оны ашық білдіруді артық санайды. Ақиқатында ерлі-зайыптылар бір-біріне деген сүйіспеншілігін үнемі білдіріп отырғаны, жақсы көретінін оңашада айтып отырғаны абзал. Сезімдік-махаббаттық қолдаусыз жұбайлар өмірі қасанданады, көрінеу тұмшаланған немесе кері серпілген жағдайда оның орнын басқа «қызықтар» басады. Сондықтан ерлі-зайыптылар бір-бірінен жақсы сөзін аямағаны жөн. Жақсы сөз айтқанға ешкімнің ақшасы шықпайды, дәулеті ортаймайды, жақсы сөзге ешкім ренжімейді. Керісінше ол жұбайларды жақындастырады, бір-біріне деген құрмет сезімдерін арттырады.

Өмір болған соң адамның «басы ауырып, балтыры сыздайтын» кездері көп. Жұмыста, тұрмыста, әлдебір қиыншылықтарға ұшырап қалады. Қыспаққа түседі, ауырады, жаны қиналады. Ойдан шаршайды. Күйзеледі. Жан-жарының рухани-моральдық қолдауы жұбайларға тап осы кезде керек. Өмірлік қосағына тірек болу, қысылғанда ақыл беру, қиындықты бірге көтеру дертіне шипа

болуға тырысу жан-жарының міндеті. Адал жарының өмірдің ыстығына бірге күйіп суығына бірге тонады. Қолынан келген жәрдемін жасайды. Ойына оптимизм орнықтырып, көңіліне медеу, жанына жалау болады. Отбасындағы рухани-моральдық қамқорлық дегеніміз осы.

Қол күшімен қолдау да өмірде маңызды. Бір мысал. Аяғы ауыр келіншек үй ақтамақ болды делік. Бөлмедегі жиһаздарды жылжыту, кілемдерді түсіріп, қағу керек. Мұндайда жолдасы жаны ашып ауыр жұмыстарды өз мойнына алуы керек. Қол күшімен қолдау дегеніміз осы.

Жұбайлардың отбасындағы қамқорлығы сайып келгенде бір-бірінің қадыр-қасиетін, рухани үйлесімділігін, ар-абыройын, денсаулығын қорғауды білдіреді. Қамқорлық адам жанын байытады. Жұбайлардың бір-біріне деген ризашылығын еселейді.

Өмірге құштарлығын арттырады. Шынайы қамқорлықпен отбасы тіршілігі нұрлы.



Ер адамның міндеттері

Отбасы – қоғамның кішкене бөлшегі. Отбасы ер адам үшін де, өмірі мен тіршілігінің, ар-ұятының қорғаны. Ол адамдардың маскасыз, шынайы өмір сүретін кішкентай кеңістігі. Адамдар қоғамдық ортада күні бойы түрлі рөлдерде ойнайды. Аркадий Райкин айтпақшы автобуска мінсе – жолаушы, институтта оқыса – студент, жұмысқа барса – қызметкер, дүкенге кірсе – тұтынушы, театрға барса – қызметкер, дүкенге кірсе – тұтынушы, театрға барса – көрермен, емханаға бас сұқса – емделуші, осындай түрлі рөлдер кете береді. Рөл ойнамайтын, өзімен-өзі болатын жері тек отбасы ғана. Ер мен әйелдің боямасыз шын мінез-құлқы отбасында көрінеді. Олардың бір-бірін тәрбиелейтін жері де осы.

Отбасында ер мен әйелге ең қажеті – өз міндеттерін жетік білуі. Және міндеттерін біліп қана қоймай оны орындауға деген ынтасының болуы. Жауапкершілік бар жерде міндеттер сөзсіз орындалады. Жауапкершілік сезім төмендеген жерде отбасы іргетасы берік болмайды. Ол шаңыраққа түскен сызат.

Халқымызда шаңырақтың иесі – ер адам. Жауапкершіліктің басым жүгі де сондықтан ер азаматтың мойнында.

Шаңырақ иесі – сол еразаматтың міндеттері қандай? Олар мынандай:

Бірінші, бала-шағасын асырау.

Екінші, отбасын баспаналы ету.

Үшінші, бала-шағасын киім-кешекті ету.

Төртінші, әйелі мен балаларына имандылық тәрбиесін беру.

Біз ерадамның отбасына имандылық тәрбиесін беруі туралы бөлек әңгіме ететін боламыз. Ал еркектің бала-шағасын асырауы оның ең бастапқы қасиетті борышы. Әйгілі Махамбет «Қара қазан, сары бала, қамы үшін қылыш сермедік» десе ол ұрпақ пен оны асыраудың қамын айтып тұрғаны. Ер адам некесін қидыртып, біреуді әйелдікке алған сәтте сол қосағы мен болашақ перзенттерін асырап, бағып-қағуды ерікті түрде мойнына алады. Солардың ертеңі үшін жауапты болады. Бар ғұмырын өмірінің ертеңгі жалғасы балаларына, олардың анасына арнайды. Еркектің отбасы алдындағы міндеттерінің маңыздылығы соншалық имандылық қағидаларында оған айрықша мән берілген. Мүмкіндігі бар болып тұрып бала-шағасын аш, жалаңаш қалдыруға болмайды. Пайғамбардың хадистерінің бірінде: «Жұмсалған шығындардың ішінде ең қайырлысы адамның өз бала-шағасына жұмсалғаны» делінген. Яғни ұл-қыздарына, әйеліне киім-кешек әперу, олардың талғамдық қажеттерін өтеу, көңілдерін аулау үй иесінің тілкелей міндеті. Ер адам өз отбасын қолынан келгенше баспаналы етуге тиіс. Қазіргі нарық заманында баспана жасау да оңай емес. Алайда «әрекетте – берекет» демей ме, адам алдына нысана қойып ұмтылса түбінде дегеніне жетеді.



Отбасы берекеті – иманнан

«Шаңырақтарың берік болсын!» кез келген тойда айтылатын ізгі тілектің бірі осындай. Ал шаңырақтың беріктігі неден? Отбасының берекеті қайдан туады? Көп жастар бұл тақырыпқа ойлана бермейді. Жастар түгілі үлкендер де бұл сұрақтармен басын қатырып жатпайды. Үйленген соң әйтеуір бірдемесі болар дейді де қояды. Шын мәнінде бұл өте күрделі мәселе. Әртүрлі отбасында, әртүрлі жағдайда өскен, тәрбие алған қыз бен жігіттің бір шаңырақ астында үйлесіп кете қоюы қиын. Оны жеңетін үлкен күш – әрине махаббат. Өмір деген зор дария. Ондамахаббатпен үйленгендер де жетіп жатады. Егер жақсы қарым-қатынас орната алса кейінгілерден де тәп-тәуір отбасы қалыптасып кетеді. Алайда үйленген жастардың қуанышын көп ұзамай су сепкендей басатын бір нәрсе ол – мінез. Мінезсіз адам болмайды. Мінезді тәрбиелеу қиынның қиыны. Үйленген соң бес жылға жетпей ажырасып жататындардың көбінің айтатындары – «Мінезіміз үйлеспеді!».

Осы мінезді жеңетін күш бар ма?

Бар!

Ол күш – иман қуаты!

Қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихында ерлі-зайыптылардың ажырасуы шектен шыққан оқиға болып есептелген. Отбасының беріктігі үш китке: ең алдымен қазақ даласындағы мұсылманшылық қағидалардың мықтылығына, құдалық институтының мызғымастығына, қалыңмалдық негізге арқа сүйейтін.

XX ғасырда кеңес өкіметі осы үш негізді де бұзды. Заманның өзгеруі адамдардың да ұлттық мінез-құлықтарын өзгертіп жіберді. Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана өзінің тарихи бастауларына бұрыла бастады. Қазақ халқының болашағы, қазақтың мықты отбасына тәуелді. Отбасының мықты болуына жастар да, аналар да, мемлекет де мүдделі.

Бір арнада тоғысқан мінездерді үйлестіретін, ізгілікті ілестіретін тек иман ғана. Иmandылық қағидаларына құлақ қойғандар, құдайдан қорыққандар Алла Тағала мен шариғат жолына сәйкес әрекет етеді. Яғни өз міндеттерін орындайды, отбасына жауапкершілікпен қарайды, кешірімді болады.

Иmandылық жолында ер адамның жәннатқа кіруі анасының разышылығына байланған. Анасының разышылығын алмаған жігіт жәннатқа кірмейді. Әйел адамның жәннатқа барар жолы болса күйеуінің разышылығына тәуелді. «Бір Аллаға сенген, бес уақыт намазын оқыған, күйеуінің ризашылығын алған әйелдің орны жәннатта» деген хадис те бар. Бұл жерде жақсы мінез, жаман мінез деген ұғым жоқ. Алла Тағаланың нұсқаған жолымен жүру туралы талап қана бар. Бүгінгі жас отбасыларында осы қағидалар басты орынға шықса «мінездердің үйлеспеуі» туралы сылтаулар айтылмас еді. Жас шаңырақтар бүлінбес еді. Сүйіскен жастар жүрек қалауымен үйленіп тұрып, моральдық-имандық жауапкершіліктерін сезіне алмай жеке бастарының амбициясына бола бір-бірін жоғалтпас еді.

Сондықтан отбасында имандылық тәрбиесі үзбей беріліп отыруы керек. Оған ең алдымен ер адам жауапты. Әдетте қазақта «өнегелі отбасы», «өнегелі ата-ана» деген ұғымдар бар. «Өнегелі әке» дегеніміз әйелі мен балаларына имандылықты үйретіп отыратын, өзі тура

Марат ТОҚАШБАЕВ

жолмен жүретін және балаларына соны талап ететін адам. «Өнегелі ана» деп имандылық қағидаларын ұстанатын, балаларына әкесін құрметтетіп үйреткен әйелді айтады. Өкінішке қарай білместіктен балаларын әкесіне қарсы тәрбиелейтін әйелдер де болады. Әкесін құрметтемеген балалар түбінде анасын да құрметтеп жарытпайды. Ондай шаңырақта береке-бірлік болмайды. Отбасының берекеті – иманнан. Бұл әрбір жас шаңырақ көкейге құйып алатын қағида.



Жөнінді айтып кету – парыз

Қазақтың ұлттық дәстүрінде де, имандылық қағидаларында да ер адам үйден шығарда үйдегілерге қайда баратынын айтып кетеді. Бұл өте қажет тәртіп. Оның неліктен қажет екендігін аша кеткен орынды. Ең алдымен бұл – отбасындағы этикалық норма. Отбасының мүшелеріне, қосағына қайда баратынын айту бұл – ең алдымен олармен есептесу. Өзінің іс-жоспарларына отбасы мүшелерін ортақ етудің қандай айыбы болсын! Әйел адамның үйден көшеге күйеуінің рұқсатымен шығуы, күйеуінің сыртқа кеткенде жөнін айтып кетуі – бұл да сыйластықтың, ең алдымен имандылықтың көрінісі.

Бірқатар отбасылы жігіттерде үйден шығарда жөнінді айту міндетті емес деген қате түсінік бар. олар келіншектеріне «Менің қайда баратынымды неге сұрайсың? Жолымды кеспе!» деп ренжіп жатады. Іс жүзінде осының дұрыс-бұрысына үңіліп көрелік. Алматы қалалық ішкі істер департаментінен алынған мына бір дерекке көз салайық. Жұматай Төлеңгітов деген азамат үйінен шығып кетіп содан қайтып оралмаған. Күйеуінің қайда кеткенін білмеген әйелі келіп қалар деп екі-үш күн тосқан. Келмеген соң ғана күйеуінің туыстарына хабарлаған. Бәрі жабылып іздемеген жері жоқ, бірақ Жұматай із-тозсыз жоғалып кетті. Екі баласымен келіншегі зар илеп қалды. Барған жеріндегі адамдар қастандық істеп қойды ма, әлде біреудің құлдығына түсіп кетті ме? Әлде көмек күтіп біреуге кіріптар болып отыр ма? Тіпті өмірде бар ма,

жоқ па, ешкім білмейді. Егер ол кетерінде жөнін айтып кетсе іздеуге жеңіл болар еді. Жұматайдың туыстары болса «сен әйелісің, оның қайда баратынын неге білмейсің?» деп ренжиді. Ал Жұматай болса әйелінің жөн сұрағанын ұнатпайды екен. «Жолымды кеспе!» деп мұндай сұрақ қоюға тыйым салған. Күйеуін ашуландырудан қорыққан келіншегі оған екінші мұндай сұрақ қоймайтын болған. Егер ол жөнін айтып кеткенде бәлкім көмек дер кезінде жетіп қиыншылықтан, бәлкім одан да зор қиындықтардан аман қалар ма еді. ...

Үйдегі адамдарға, ата-анасына, әйеліне қайда баратынын айту бұл – белгілі бір дәрежеде өз қауіпсіздігін сақтау деген сөз. Ал әйелге жөнін айтпау – суық жүрісі көптеу кейбір жігіттердің ойдан шығарған сылтауы. Оны қалыпты норма деп қабылдауға болмайды. Жөнін айтпай кеткен жігіт белгілі бір уақытқа әйелінен өзін бостандықта сезінеді. Ойына не келсе соны істеуге еріктімін деп есептейді. Оның ар жағында көбіне карта ойыны, есірткі, жиылып арақ ішу, көңілdestік немесе түрлі қылмыс сияқты қиям-пұрыс әрекеттер жатады. Мұндай нәрселер адамды ақ жолдан адастырады, адамдық, азаматтық бейнесінен ажыратады. Ең қиыны – сүттей ұйып отырған отбасын бұзады. Отбасының берекеті түсіністікте десек, ол ерлі-зайыптылардың бір-біріне құрметінен бастау алады.



Ерін сыйлаған есікте қалмайды

Тақырыпқа шығарылған «Ерін сыйлаған есікте қалмайды» деген даналық қағидасы осы материалдың басты арқауы. Өйткені, отбасының сәтті тіршілігі, оның мүшелерінің қоғамнан лайықты орын алуы ерлі-зайыптылардың жарасымды қарым-қатынасына тікелей тәуелді. Дәстүрлі қазақи отбасында ер адам шаңырақ иесі деп саналады. Үйлену жігіт адамның азамат болғанының белгісі. Енді оның азаматтық бейнесі бұрынғыдай қара басының әрекетінен қалыптаспайды, үй иесі ретінде өз отбасының ортақ беделінен қалыптасады. «Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз тегін емес. Ары қарай оның өз туған-туыстарының, жора-жолдастарының, қайын жұртының алдындағы абырой-беделі келіншегіне сөзі қаншалықты өтетіндігіне және ол туралы келіншегі айтатын пікірге тікелей тәуелді.

Әйел адам табиғатында отбасының тіршілігі, ұрпақ жалғастыру, отбасының ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру үшін қызмет етеді. Күйеуін билеуге ұмтылу, оны басқаруға тырысу әйел адамға бедел әкелмейді. Бұл кешегі кеңестік-партиялық дәуірден қалған сарқыншақ. Қазақтың байырғы ұлттық салт-дәстүрін бұзатын көргенсіздік. Қоғамдық пікір ондай әйелді есіктен шыққан бойда-ақ сыртынан айыптап жатады.

Әйелдің отбасы тіршілігі, ұрпақ жалғастыру сияқты табиғи міндеттері өзінен-өзі түсінікті. Ал отабсының ішкі және сыртқы саясаты дегеніміз не? Отабсының ішкі саясаты ерлі-зайыптылардың ынтымақ-бірлігін нығайтуға бағытталады. Әрқайсысы өз міндеттерін

орындауға ұмтылады. Ол кейде естіп тұрып – керен көріп тұрып – соқыр болуды қажет етеді. Бір-бірінің білместіктерін, кателіктерін кешіруді үйренеді. Имандылық қағидаларын серік еткен отбасыларда әйтеуір ерлі-зайыптылардың бірін-бірі тәрбиелеуі жеңіл.

Отбасының сыртқы саясаты ер азаматтың беделін көтеруге, сол арқылы тұтастай отбасының абыройын асқақтатуға бағытталады. Жігіттің туыстары алдындағы, қайын жұрты алдындағы беделі көп жағдайда әйелінің қандай пікір тарататындығына байланысты. Қыз бала тұрмысқа шыққанға дейін тағдыры жігіттің қолында болса, үйленген соң жігіттің тағдыры келіншегінің қолында болады. Егер келіншегі жолдасын көтермелеп, абыройын аспандатып отырса оның беделі де биіктей береді. Ал жерлеп, төмендетіп отырса ол бір сорлы адамға айналады. Отбасының ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыратын сол шанырақтың қазығы – әйел.

Әйел адам отандасып тұрмыс құрам десе, кім болса да күйеуінің абыройын қорғап отыруға тиіс. Бұл – имандылық қағидаларына сәйкес әйел адамның ең басты міндеті. Азаматын құрметтеу арқылы әйел өзіне де құрмет сезімін оятады. Оның абыройын қорғау арқылы өз отбасының абыройын сақтайды. «Ерін сыйлаған әйел есікте қалмайды» деген аталы сөздің мағынасы міне, тап осында.

Әйелдің шынайы бақыты күйеуін билеуде емес, оған лайықты жар болып, азаматының қоғамдық өмірдің биік сатыларына көтерілуіне көмектесуде. Күйеуі төрде отырған әйел ешқашан босағада отырмайды.

Отағасының міндеті – бала-шағасын асырап, бағуы болса, әйелдің күйеуінің алдындағы ең зор

міндеті – әкесін құрметтейтін ұрпақ өсіруінде. Оның ғұмырындағы күллі еңбегіне баға беретін өлшем де – осы. Балалары әкесін Алатаудай аспандатып отырса, ол дұрыс шаңырақ болғаны.



Тапқанды ұқсату

Адам өмірінің басым бөлегін отбасында өткізеді. Отбасы мүшелерінің бәрі түгел үйде болуы әр жүрекке тыныштық ұялатады. Егер бір үйде болмаса алаңдаушылықтан арыла алмайсың. Адамдар үйде болғанда ең қажетті нәрселер не?

Әрине, бұл ең алдымен үйде белгілі мөлшерде азық-түліктің болуы, тазалық пен реттіліктің сақталуы, жылы отбасылық моральдық ахуалдың үзілмеуі. Осы үш шарттың үшеуі де әйелдің қатысуынсыз орындалуы мүмкін емес. Яғни «үйдің берекеті әйелден» деген сөз бекер емес екен.

Иә, ер адам отбасын баспаналы етеді, бала-шағасын киіндіруге, ішіндіруге қызмет етеді. Бала-шағасын асырап, бағу үшін ол бір жерде жұмыс істеуге, сөйтіп қаражат табуға ұмтылады. Ал әйел күйеуінің табысын, егер өзі жұмыс істесе оған өзінің табысын қосып бәрін ұқсатуы керек. Ұқсату дегеніміз – кірген кірісті отбасының қажетіне қарай бөлу, қаражатты үнемді жұмсау, қазанын қайнатып, күйеуі мен балаларына уақтылы тамағын беру, келген қонақ болса лайықты дастарқан жасап күту.

Үйге қажетті мүлік, отбасы мүшелеріне маусымына қарай киім-кешек, аптаға немесе айға жетерлік алдын ала азық-түлік алуды күйеуімен келісе отырып әдетте әйел жүзеге асырады. Бұл арада отбасы бюджетін тиімді есептей білген дұрыс. «Әй, бір есебі болады ғой» деп балаларын аш қалдырып өзіне қымбат киім алып алу, үйдегі азық-түлік қорын үзіп алып қонақ келсе дастарқанға не қоярын білмей абыржу, үйі ыбырсып жатқанда өзі боянып отыруы сияқты қисынсыздықтар

әйелге абырой әпермейді. Жөн білетін тәжірибелі әйелдер үйде кіріс-шығыс кітабын ұстайды. Онда ай сайын тамаққа, киімге, жолға, той-томалаққа, үнемдеу сомасына жұмсалатын қаржы бөлініп қойылады. Үйдің күллі кіріс-шығыстарын жазып отыру ен алдымен қаржыны үнемдеуге, жөнсіз шығындарды есептеп онын алдын алуға, есеп-қисапты дұрыс жүргізуге көмектеседі.

Балалардың асқазан ауруларына ұшырауы дұрыс тамақтанбаудан. Қайнап тұрған қазан да үйдің бір берекеті. Әйелдердің назарында болатын нәрсенің бірі де осы. Түрлі дерттің алдын алуда тазалықтың рөлі үлкен. Үйдегі тазалық пен жинақылық, әр заттың өз орнында тұруы, тәртіптілік әйелдің тікелей араласуымен, қадағалауымен жүзеге асырылады. Ең бастысы үйдегі татулық, жылылық ахуал. Бәрі бар болса да, бірлік пен татулық болмаса үйде берекет болмайды. Берекеттің бастауы әйелде. Отбасы мүшелерінің бір-біріне жылы сөйлеуі, әдепті қарым-қатынас орнатуы әйел-ананың ықпалынан.

Сондықтан да қазекең «Бала таппайтын әйел жоқ – тұрарын айт, мал таппайтын еркек жоқ – құрарын айт» деп бекер айтпаған.



Әдептілік

Отбасы бақытының бір кілті – әдептілікте. Кейбір жігіттерде «бұл менің әйелім ғой, қалай сөйлесем де өз еркім», деп әйеліне дөрекі, анайы тіл қатып жататындар болады. Тіпті «әйелді аптасына бір рет сабап тұру керек» дейтіндер де бар. Мұндай пікірлер мүлде жаңсақ.

Өйткені, әйел сатып алған мүлкің немесе затың емес. Ол – өмірлік қосағың. Бар ғұмырыңның ыстық-суығын, қуаныш-ренішін бірге бөлісуге бел байлаған адамың. Сондықтан барлық бөтен адамдарға жасалатын ізеттілік пен кішіпейілділікті өз жарыңнан бастағаның жөн.

Әйел табиғатында жақсы қарым-қатынасқа, өзін еркелетуге, азаматына арқа сүйеуге мұқтаж. Ылғи зеку, дауыс көтеру, тіл тигізу, қол жұмса әйел адамды ашындырады. Тілін шығарады. Сүйіспеншілік сезімі жеккөрушілікке, жеккөрушілігі жауластыққа ұласады. Қарап жүріп өз отбасынан жау тапса, ол еркектің білместіктен туған қателігі. Бұл қателік өте қымбатқа түседі. Бірін-бірі сүйіп, жақсы көріп үйлен-гендер отбасылық өмірлерінде қарым-қатынасын «су құйылмаған гүлдей» солдырып алуы, сезімдерін жоғалтып алуы кәдік.

Күйеуін жек керіп кеткен әйел жылы сөзді басқа жақтан іздейді. Балаларын әкесіне қарсы қойып тәрбиелейді. Физикада «бар нәрсе жоқ болып кетпейді, ол бір күйден екінші күйге ауысады» дейтін заңдылық бар. Бұл заңдылықты отбасындағы қарым-қатынасқа да қолдануға болады. Әйеліңе көрсеткен ізгілігінде, берген азарың да түбінде балаларыңнан қайтады.

Әйелдің ақылды болуы міндетті емес. Әйел күйеуіне мойынұсынса жетіп жатыр. Пайғамбарымыздың /с.ғ.с./: «Әйелдерге жақсылық етіндер! Расында, әйел адам қабырғадан жаратылған. Ал оның ең қатты иілген жері – ұш жағы. Оны түзетуге әрекет етсен, сындырып аласын. Болмаса иілген күйінде қала береді. Сондықтан әйелдерге жақсы қарандар!» деген. Яғни әйеліңнің мінезі нашар болса да оны кешіре біл. Сүйіспеншілікті өрбітетін, сезімдерді жалғастыратын – бір-біріне деген құрмет. Құрмет ең алдымен сол әдептіліктен көрініс береді. Отбасындағы әдептіліктің маңызды болатындығы сондықтан.

Дәмдеп ыстық шай берді ме, келген туысыңа жақсы қабақ танытты ма, костюмінді үтіктеп қойды ма жақсы сөзінді аяма. Рақметінді айт. Дүниеде айтушыға ең арзан, ал тындаушыға ең қымбат – жақсы сөз. Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ тағы бір хадисінде: «Мүминдердің ішіндегі иманы ең кәмілі – мінез-құлқы жақсы болғаны. Сендердің абзалдарың – әйелдеріне жақсы болғандарын» дейді. Яғни әйелге жақсы қарау әр еркектің міндеті екен. Жақсы қарау жоғарыда айтқанымыздай әдептіліктен бастау алады. Ал «әйелді аптасына бір рет сабап тұру керек» деген ұғым мүлде қате. Ондай тәртіп заңда да, шарифатта да жоқ. Біреулердің ойдан шығарғаны. Әйелді жөн-жосықсыз сабай беруге, оның ата-анасына тіл тигізіп балағаттауға болмайды. Рас, кейде әйелдердің өзінің мінезінен, жөнсіз іс-әрекетінен табатын кезі болады. Ондайда жасқап қойған дұрыс. Мұндайға қатысты Пайғамбарымыз/с.ғ.с./ әйелдерге өзіннің жегеніңнен жегізіп, кигеніңнен кигізу туралы айта келіп: «Әйелінді бетінен ұрма және жаман сөздермен балағаттама! Әрі үйіңнен тыс орында дауысыңды көтеріп ұрыспа!» деген. Әйел адам

да күйеуіне әдепті қарым-қатынас жасағаны абзал.

Имандылық қағидаларында әр адам жауапкер екендігі, өзінің жауапты болған нәрсесі үшін сұрала-тыны айтылған. Патша өз қоластындағылар үшін жауапкер әрі солар үшін сұралады. Отағасы өз отбасы үшін жауапкер және сол үшін сұралады. Әйелі күйеуі сыртта жүргенде үй шаруасы мен балалар тәрбиесі үшін жауапкер және сол үшін сұралады дейді ол қағидаларда. Отбасында әдептілік қалыптастыруға ер адам жауапты. Әрі бұл істі ұсақ-түйек деп менсінбей қарауға болмайды. Үлкен ғимараттардың кірпіштен қаланатыны сияқты отбасылық бақыт та осындай ұсақ-түйектерден қаланады. Сондықтан «ұсақ-түйектерге» мән беріп қараған жөн.



Туыстарға оң қабак

Әйел адамның некелі жары алдында атқаруға тиісті негізгі төрт міндетінің бірі күйеуінің ата-анасы мен туыстарын құрметтеу болып табылады. Ол ең алдымен шын ықыластан, ізгі ниеттен туындайды. Бұл арада ең бастысы күйеуінің туыстарымен қатынасты үзбеу, мүмкіндігінше жиі араласып тұру. Ер адам өзінің ел-жұртымен, жақын-жуықтарымен араласқанда, олардың мұң-мұқтажымен етене таныс болғанда, шамасы келгенше оларды шешуге атсалысып жүргенде ғана өзін толыққанды азамат сезіне алады. Туыстарынан айрылған азамат жалғызсырайды, қолдау іздейді. Қанша жақсы көрсе де, керемет сыйлап тұрсада әйелі күйеуінің туған туыстарын алмастыра алмайды. Ер азаматтың көркі туыстарының алдында жарқырайды. Әйелінің жақсы мінезімен туыстарының алдында абыройлы болған еркектің мәртебесі әркез үстем. Әйелі үнемі жайсыздық танытатын жігіттің үйіне туыстары бара бермейді. Жаратпай тұрған соң туыстар арасы суып кетеді. Әлбетте туыстар туралы сөз болғанда ең алдымен күйеуінің ата-анасы бірінші кезекте тұрады. Олар кім болса да өзі ұнатып тұрмысқа шыққан адамның ата-әжесі болғандықтан әйел оларды қадірлеп, қастерлеуге міндетті. Кеңестік кезеңде сырттан таңылған идеологияның, экспансиялық теріс өзгерістердің салдарынан әйелдердің ер азаматтарына қатысты ғасырлардан қалыптасқан ізгі дәстүрлері жаңылысты. Ер адамдарды туыстарынан бөліп алып, ешкіммен араластырмай қоюға талпыныстар байқалып жатты. Тіпті немерелерін ата-әжесіне көрсетпей, бір сүюге зар етіп қойған келіндер де пайда болды. Нәтижесінде көз алдымызда тамырсыз,

туыссыз, дәстүрсіз, әдет-ғұрыптан ада буын өкілдері көрініс берді. Олар қайырымсыздау, жауынғы күнгі қараағаштай жұрттан оқшаулау, өзімен-өзі күн кешетін болды. Бастарына іс түскенде ғана туыс керегін сезінді. Алайда сәби кезінен жат болған ұрпақ үлкейгенде туыс болып қайбір жетістіреді. Мұның бәрі жоғарыда айтқанымыздай туыстық қарым-қатынастардағы қиғаштықтар. Ақиқатында адам баласы белгілі бір ортада өмір сүреді. Басына қуаныш та, қайғы да алма-кезек келіп жататындықтан, адам әрқашан көмекке мұқтаж Туыссыз адам – тұл. «Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады» дейді. Біздің қазақ халқында туыстық кооперативтік қатынас қатты дамыған. Той-томалақ, өлім-жітімде абысын-ажын, көрші-қолаң бар шаруаны тік көтеріп кететіні мәлім. «Өгізге туатын күн бұзауға да туады» демей ме. Күйеуінің туыстарынан безіп тұрған әйел ертең-ақ ұлын ұяға, қызын кияға қондыратын кезге жетеді. Сол тұста ғана балаларына туыс керектігін сезініп әттеген-ай дейтіндер болады. Бала күйеуінің әйеліне берген аманаты десек, әйелі ол аманатты баласын өзінің қандас туыстарының ортасына қосуымен орындайды. Күйеуін ғана жақсы көріп, қалғандарын кері ысыру біздің қазақы дәстүрімізге жат, ол барып тұрған көргенсіздік болып табылады. Жайдары мінез, қатықсыз болса да бір шәугім шайын ашық қабақпен ұсыну, туыстарды ішке тарта сөйлеу қазақ келіншектерінің жинақталған бейнесі. Туыстық институты бізге қашанда қымбат екендігі ақиқат.

Әйел – үйдің берекеті

Әйел адам аз болсын, көп болсын күйеуінің табысын, жалпы отбасы бюджетін дұрыс жоспарлай білгені жөн. Бірінші кезекте коммуналдық төлемдер, газ, жарық, телефон т.б. жұмсалатын шығындар қаперде ұсталуы керек. Үйге мүлік алу, керек-жарағын түгендеу, киім-кешек, азық-түлік тағы басқа нәрселерін алу көбіне әйел адамның талғамына қарай орайластырылады.

Туған күндерге, той-томалаққа бару, қонақ шақыру сияқты шаралар әйел адамның қатысуынсыз өтпейді. Мұндай мәселелерге әйелдің өзіндік көзқарасы болады.

Имандылық қағидаларында әйел адам күйеуінің тапқанын ұқсату керек делінгенімен іс жүзінде бұл ұғымның аясы кең. Әлбетте бұл ең алдымен отбасы бюджетін реттеуге, қаржыны үйлесімді жұмсауға, шығыстар мен кірістерді реттеп отыруға қатысты болғанымен оның қамтыр аясы біршама үлкен. Рас, қаржыны орынды жұмсау, үйде отбасы мүшелерін ашықтырмай-тындай қор болуы, аяқ астынан келіп қалған қонақ үшін бір асым ет, дастарқанға қояр мәзірі дайын тұрғаны әйелдің артықшылығын көрсетеді.

Оның ішінде тазалықтың орны бөлек. Үй ішінің, дүние-мүліктің, жатын орынның, ыдыс-аяқтың таза болуы айрықша маңызды. Тазалық сырттан келген адамдарға да өте жайлы әсер етеді. Әрі түрлі ауру-сырқаудан, ластықтан сақтайды. Ұқыптылық та әйел адамның ажарын ашар қасиет. Үйдің берекеті әйелдің «барды асыра, жоқты жасыра» білетін қасиетінде ғой.

Имандылық қағидаларында «Жақсы әйел ер адам үшін жердің жәннаты, жаман әйел ер адам үшін жер бетіндегі тозақ» демей ме?!

Жақсы әйел күйеуінің жан дүниесін жүдетпейді. Оның көңілінің тоқ болуын, жоқ нәрсеге абыржымауын, қатарының алдында төменшіктемеуін қаперде ұстайды. Соларқылыазаматынопықжегізетінорынсыздықтардан, теріс қадамдардан, жеңіл жүрістерден сақтайды. Жақсы нәрсенің бәрі өз үйінен табылып тұрса ер адам қызықты басқа жақтан іздеп қайтсін. Отба-сының берекеті деген осы. Имандылық қағидаларында айтылатын «әйелдің жақсысы күйеуіне проблема туғызбағаны» деген сөзі еске түседі. «Барға – қанағат, жоққа – салауат» жасаған әйел отбасында ізгілікті ахуал туғыза алады. Күйеуін разышылыққа бөлеген әйел ғана екі дүниенің рақатын кешеді.

Отбасылық бюджетте ерлі-зайыптылардың шаруаларды ақылдасып бірлесіп істеуі өте маңызды. Әдетте кеңесіп істеген іс келте болмайды ғой. Арғы-бергі жағдайларды ескеріп, бағамдай келе қабылданған шешім әдетте дұрыс болады.



Ортақ игілікке жанашырлық

(Ерінің рұқсатынсыз үйдің затын біреуге бермейді)

Мұсылманшылықта меншік құқына айрықша мән берілген.

Біреудің затына, мал-мүлкіне қол сұғуға, көз алартуға болмайды. Жетімнің мирасқа қалған мал-мүлкі мен дүниесіне қорған болып, оны ер-жеткенде езіне қайтару үлкен ізгілікті іс саналады.

Отбасында ерлі-зайыптылар ортақ игілікке жанашырлық көрсетуге тиіс.

Дәстүрлі қазақ шаңырағында отбасы иесі ер адам болғандықтан бар мал-мүлктің, дүние-байлықтың қожайыны сол болып табылады. Үйдің қожайыны әйелімен ақылдаса отырып, шаруашылықты басқарады, басқа отбасылармен қарым-қатынаста өкілдік етеді, келісім жасайды, мал-мүлкті сатуға немесе сатып алуға, туыстарға көмектесуге, қуанышты жағдайларға байланысты сый-сияпат, қайғылы жағдайларға байланысты көмек, жәрдем беруге ұйғарым жасайды. Түпкілікті шешімді әдетте отағасы қабылдайды.

Жұбайы ортақ игіліктерге жанашырлықпен қарауға міндетті.

Шариғат қағидаларында да әйелінің күйеуінің рұқсатынсыз бір затты басқа біреуге беруге қақысы жоқ. Өзінің жеке тұтынатын заттары болса оны басқа біреуге беруіне болады. Ал күйеуінің мал-мүлкі мен дүниесін, жеке заттары, ортақ мүлкті беруіне болмайды. Бұл отбасында белгілі бір тәртіптілікті, үй иесіне бағынуды

Марат ТОҚАШБАЕВ

білдіреді. Жанұяда әркім білгенімен кетсе ондай ша-
ныраққа берекет дарымайды.

Еркегі сыртта жүрсе, әйелі үйде болады. Әдетте ба-
лалары мен мал-мүлкі үй иесінің әйеліне қалдырған
аманаты болып табылады. Әкесінің рұқсатынсыз еш
нәрсеге тиісуге болмайтындығын балалары да білуге
тиіс.



Үй иесінің рұқсаты

Ежелден қазақ қоғамында еркек – отбасының ғана емес, елдің қорғаны. Отбасында ер адам – қожайын. Біздің ұлттық әдебімізде әйел адам ер адамға бағынышты болады. Отбасындағы ұсақ-түйек мәселелерді әйел шешкенімен, негізгі тұтқа еркектің қолында. Құранда да еркектің әйелден артық етіп жаратылғаны туралы айтылған ғой. Бұл арада сөз әйелдердің құқығын төмендету жөнінде емес, оларды қорғап-қорғаштау жөнінде, еркектің бүкіл өмірі мен тіршілігі әйелдерге қызмет етуге арналатыны жөнінде болып отыр.

Әйел күйеуінің алдында оның тапқанын ұқсату, үйдің тазалығы мен тәртібі, балалардың тәрбиесі үшін жауапты. Сондықтан ол ұлттық жөн-жосығымыз бойынша да, имандылық қағидалары бойынша да еріне бағынышты. Егер бір жаққа баратын болса ол міндетті түрде ерінен рұқсат сұрауға тиісті. Мейлі ол базар, мейлі ол туған күн, мейлі туыстарынікіне кіріп шығатын шаруасы болсын оның қайда бара жатқанын күйеуі білуге тиіс әрі оның рұқсаты болуы керек. Әйелі тіпті мешітке жұма намазға баратын болса да күйеуінің рұқсатымен барады, оразаны да күйеуінің рұқсатымен ұстайды. Тіпті төркініне де күйеуінің рұқсатсынсыз бара алмайды. Егер әркім өз білгенінше кетсе ол отбасы болмайды. Отбасында бірі үшін бірі жауапты. Иmandылықтың мұндай қағидасы отбасында белгілі бір тәртіп болу үшін, әйел жауапкершілігін арттыру үшін, отбасы құндылықтарын биіктету үшін де керек.

Жұбайлар адалдығы

Ерлі-зайыптылық қарым-қатынаста дәл адалдық тәрізді жұбайларды жақындастыратын, бір-біріне деген сенімді нығайтатын басқа қасиет жоқ. Бұл әйеліне де, күйеуіне де қатысты.

Ең алдымен ескеретін жағдай, ер кісі отбасы тәрбиесі үшін жауапты. Ер адам әйеліне үнемі дін, мұсылманшылық, имандылық туралы айтып, әйелін оң жолға тәрбиелеп отыруы керек. Сөйтіп әйелі арқылы балаларын да тәрбиелейтін болады. Ер адамның әйеліне қатысты міндеттері туралы сұрағанда сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өзің жегеннен жегіз, өзің кигеннен кигіз. Әйелінді бетінен ұрма және жаман сөзбен балағаттама! Әрі үйіңнен тыс орында дауысыңды көтеріп ұрыспа!» деген екен. Әйел – ер адамның ең жақыны, өмірлік серігі, қиындықта тірек болар досы. Олар бір-біріне сүйеніш. Мұсылман адам әйеліне мейірімді болуы керек. Бұл туралы мынандай хадис те бар: «Әйелдерге жақсылық етіндер! Расында әйел адам қабырғадан жаратылған. Ал оның ең қатты иілген жері – ұш жағы. Оны түзетуге әрекет етсең, сындырып аласың. Болмаса иілген күйінде қала береді. Сондықтан, әйелдерге жақсы қараңдар!». Бұл арқылы әйелге әйел ретінде дұрыс қарау қажеттігі айтылып тұр.

Отбасындағы жұбайлардың бір-біріне адалдығы барша ізгіліктің бастауы болса, ерлі-зайыптылардың еңбекқорлығы барша игіліктердің бастауы.

Жұбайлардың татулығы, бір-біріне көмек етуге әзірлігі, ықылас-ниеті осы адалдықтан жылға тартады. Адалдық бар жерде туған-туыстармен қарым-қатынас, бала тәрбиесі аса бір ізгілікпен жалғасады.

Адалдықтың басты жауы – зинақорлық. Жұбайлардың бірінің басқа біреумен көңілдес болуы отбасының басты тіректерінің бірі өзара сенімділікті қиратады. Сенім азайған жерде күдік белең алады. Отбасының берекеті кетеді. Оның салдары туған-туыстармен қарым-қатынасқа да тиеді. Балалардың психологиясына да теріс әсері болады.

Әйелі күйеуін зинақорлыққа итермелейтін әрекеттерден сақтануы керек. Ер адамға өз шаңырағынан басқа жерден таба алмайтын жылылық пен құрмет көрсетіп отыруға ұмтылғаны жөн. Түкке тұрмайтын нәрседен дау туғызудың, татымайтын нәрсеге бола бір-бірінің көңілін қалдырудың ешкімге де пайдасы жоқ. «Сөз қуалаған дауға кезігеді, найза ұстаған жауға кезігеді» деген емес пе. Сөз қуаласу, ерегісі менсінбеушілік, тәкаппарлық, ұрсысумен жанжалдасу ұсақ жер сілкінісі тәрізді отбасы іргетасын бұза береді. Ерлі-зайыптылар бір-біріне тек жақсы сөз айтқаны ұнасымды. Адамның көңілі де жарқыраған бір әйнек. Оны сындырып алсаң қайта құрастыру қиын. Сынған көңілдің сәулесі қисайып басқа жаққа түседі. Сондықтан ерлі-зайыптылардың бір-бірін бағалай білгені жақсы.



Ұрпақ алдындағы жауапкершілік

*(ата-ана ұрпақ тәрбиесіне
жауапкершілікпен
қарауға міндетті)*

Адам баласының жер бетіндегі басты миссиясын ізгілік пен игілік деген екі ауыз сөзге сыйғызуға болады. Бірі рухани байлықты білдірсе, бірі материалдық байлықты аңғартады. Адам баласына екеуіде керек. Бірақ екеуі үйлесім таппаған жерде неше түрлі қиғаштықтар басталады.

Аңдасақ, бұл үйлесім адам өмірге келген шаңырақтың берер тәрбиесінен бастау алады. Ата-ана ұрпағына қандай өнеге, қандай тәлім береді, сол адам бойында өшпестей өз әсерін қалдырады.

Ер-әйелдің жұптасып, ерлі-зайыпты болып ұрпақ өрбітуі өмірдің мәні. Ал ұрпақ алдындағы жауапкершілік – отбасының басты борышы. Қыз бен жігіт бірлесіп шаңырақ көтеруге келіскені сәттен бастап олар келешек өз ұрпақтарының алдында жауапкершілікті мойындарына алады деген сез. АХАЖ орындарында некені ресми тіркету тек салтанатты оқиға ғана емес, ол ұрпақ алдындағы жауапкершілікті рәсімдеу болып табылады. Заң алдында да, Жаратқан иеміз алдында да, ар мен

намыс алдында да ерлі-зайыптылар өз ұрпағы үшін олар кәметке толғанша жауапты.

Есіме бір оқиға түседі. 1995 жылдың көктемі болатын. Ол кезде республикалық «Зан газетін» басқарушы едім. Бірде қабылдауға отыздан енді аса берген келіншек кірді. Жанары қайғы-қасіретке толы. «Алматының іргесіндегі ауылдардың бірінде тұрамын. Үш балам бар. Күйеуім ақша табам деп Алматының базарларының бірінде арба сүйрететін. Сол осыдан екі апта бұрын келіп, «Айша, мына балаларды қалай асырасаң солай асыра, менен күдер үз!» деп бізді тағдырдың тәлкегіне тастап кетті. Не істерімді білмеймін, көмектесіңізші?!» дейді. Қалтамдағы бар ақшамды қағып қолына салып бердім. Содан ойға қалдым. «Біздің бірқатар ер азаматтарымыздың бойында жетісе бермейтін қасиет осы жауапкершілік екен ғой». Өмірге келуіне себепші болған бала-шағасын қаңғытып, өзі беті ауған жаққа лағып кету қандай жауапсыздық.

Адамның ізгілік пен игілік сияқты жасампаз миссиясы өзінен-өзі келмейді. Ол орасан тәрбиенің жемісі. Адамды ізгілікке тәрбиелеп отырмаса оның жүрегін зұлымдық жайлайды, еңбекке тәрбиелемесе енжарлық пен жалқаулық етек алады. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік өнегелі тәрбиемен ғана көркейеді. Өтірік айтпау, кісіні алдамау, біреудің ақысын жемеу, ұрлық істемеу, адалдық, мейірімділік, еңбекқорлық тағы басқа қасиеттер ең алдымен тәрбиемен келеді. Жұбайлар балаға жақсы тәрбие беру үшін өздері тәрбиелі болуға тиіс. Ақын Мәриям Хакімжанованың: «Әйел адам балаларын әке айбарымен тәрбиелеуі керек» дегені бар еді. Күйеуі отбасының баспаналы болуына, оларды ішкіріруге, киіндіруге жауапты болса, әйелінің күйеуі

Марат ТОҚАШБАЕВ

алдындағы басты міндеті әкесін құрметтейтін ұрпақ өсіруі. Тәрбие менің міндетім емес, ол жұбайымның шаруасы деп қарауға да болмайды. Тәрбиеге ерлі-зайыптылардың екеуі де жауапты. Қартайғанда ата-анасын өбектеп алдында зыр қағып, жүгіріп тұрған ұл мен қыз сол өнегелі тәрбиенің жемісі. Балаларға тәрбие беру арқылы біз келер күнімізге қарыз береміз. Өнегелі тәрбие ертең ата-анаға құрмет болып оралса, нашар тәрбие дәлірек айтқанда тәрбиесіздік қартайғанда қайғы болып қайта айналып соғады.



Ақылдасып

шешу

*(отбасылық мәселелерді
ақылдасып шешу)*

Отбасындағы қарым-қатынастарда сонау Адам Ата-Хауа Ана заманынан бері қалыптасқан қағидалар бар. Ол тәртіптерді тәрк ету отбасылық қатынастарда орасан қиғаштықтар туғызады. Кешегі кеңес дәуірінде мұндай қиғаштықтар бірнеше буынның тәрбиесіне сіңіп, ұлттық дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастарды түбегейлі қиратуға шақ қалды. Құдай сәтін салғанда төбемізде Тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреп, нарықтық қатынастардың қатал заңдары еркектің отбасын асырау функциясын қайтадан алдыңғы планға шығарды. Отбасын бағып-қағу қолынан келмеген еркектер үй шаруасымен айналысатын болды.

Жалпы шынтуайтында отбасының да ұстанатын ішкі-сыртқы саясаты болады. Сыртқы мәселелермен көбіне еркек айналысса, ішкі мәселелермен әйел айналысады. Қасиетті Құранда әйелдің ер адамның қабырғасынан жаратылғаны айтылған. Қабырға әдетте қисық болып келеді. Түзетуге тырысса, ол сынады яғни неке бұзылады. Сондықтан әйелді сол қалпында қабылдаған жөн. Әдетте ақылдасатын бір шаруа шықса «қабырғамызбен кеңеселік» дейміз. Бұл үйде әйелімен ақылдасуды аңғартады. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» демекші, ақылдасып қолға алған шаруа әрқашан жемісті.

Үйге жиһаз, тоназытқыш, теледидар сияқты мүліктерді алғанда алдын ала ойласып, ақылдасып шешкен дұрыс. Өмір болған соң той-томалақ, өлім-жітім болмай тұрмайды. «Ағайын бір өліде, бір тіріде» демекші, оған барарда жаназаға – жәрдем, тойға – көмек дегендей бірдеме ала бару керек. Туыстың алыс-жақындығына қарай сойыс малы, ұн-шайы, қолына қыстырар ақшасы дегендей нақты көмек ескеріледі. Өз жағдайларын ескере отырып, оны ақылдасып шешу керек. Еркектің өзім білермендікпен ұйғаруы немесе әйелдің ерегіспен істеуі түптің-түбінде ұрыс-керіске соқтырады. Келіспеген жерден керіс туады. «Менімен санаспады» деген өкпе-өкініш отбасының берекетін кетіреді. Бұған жол бермеу үшін ерлі-зайыптылар бірімен бірі санасуы, ақылдасып отыруы қажет.

Ескеретін бір дүние отбасының қожайыны – ер адам. Әйел адам – шаңырақтың тірегі. Қазақи отбасында шаңырақты кім басқарады деген сауал болмауға тиісті. Бүгінгі заманда жиі айтылатын гендерлік саясат қазақ шаңырағының қағидаларымен үнемі қабыса бермейді. Еркек пен әйелдің қоғамдық өмірдегі, саясатпен әлеуметтік саладағы тепе-тендігін бәлкім құптауға да болатын шығар. Алайда еркек пен әйелдің мұндай тепе-тендігі отбасына түссе-ақ шаңырақтар шайқалды дей беріңіз. Әйел адам еркекке отбасын асырауына, жауапкершілікті сезінуіне мүмкіндік беруі керек. Егер отбасын асырауға шамасы келмейтін болса онда әңгіме басқа. Жалпы қазақ халқында әйел адамның отбасын басқаруға тырысқаны құпталмайды. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы Алла Тағаланың оларға берген жо-лымен жүргені жөн.

II
бөлім

**Шаңырақ
шырайының
шарттары**



Ерлі-зайыптылардың сөйлесу мәдениеті

Қазақи отбасы проблемаларымен айналысқан адам міндетті түрде ерлі-зайыптылардың көп жағдайларда сөйлесу мәдениетін білмейтіндігін аңғарар еді. Психология ғылымы еркек пен әйел онсыз да әр тілде сөйлейтіндігін айтады. Бір ұлттық тілде сөйлегенмен ағзаның жыныстық-гормондық ерекшеліктерін қарай сөздерді түсіну деңгейі әрқилы болып келеді. Жалпы еркек пен әйелдің бір нәрсені екі түрлі қабылдауы әдеттегі жағдай. Осы айырмашылықты ұқпағандықтан жұбайлар арасында бір-біріне ренжушілік орын алып жатады. Ғылым әйелдің ойлау жүйесінің қолма-қол нақтылыққа, ал еркектің ойлау жүйесінің логикалық-философиялық сараптамаға жақын екенін айтады. Еркек пен әйелдің ойлау қабілеті бірдей болмағанмен, ойлау жүйесі әртүрлі болғандықтан шахмат және дойбы сияқты интеллектуалдық ойындардың өзі әлемде ерлер мен әйелдер арасында бөлек-бөлек өткізілетіні де сондықтан.

Айталық, «қонақ келеді» деген небары екі-ақ сөзден тұратын тіркес әйел адамның миында әбігерлік пен үй тазалығымен, “не жасаймын?” деген сауалмен ассоцияланса, ол еркекте «бәрекелді, көптен көрмеген достарымды көремін. Ет жейтін болдық!» деген тәрізді ұғымдармен астасады. Түсінбеушілік осыдан туындайды. Екі жақтан да түсінушілікке ұмтылыс жарасымдылыққа бастайды. Әдетте сыйлас ерлі-

зайыптылардың өз тілі болады. Тіл табысу дегеніміздің өзі осы. Олар бірін-бірі емеурінінен біліп тұрады. Өз тілін қалыптастыра алмаған жас жұбайлар үлкен қиыншылықтарға ұшырайды. Түсіністік тілін қалыптастырудың да тәртібі бар. Жұбайлар өзара сөйлескенде бір-бірін мақұлдаудан бастағандары жақсы. Ары қарай сөз толықтыру, ұғынбай қалған жерін айқындау сарынында жалғасқан ұтымды.

Пікірді бірден жоқ деп терістеуден бастау түсінісуді қиындатады. Ал егер пікірлесу дәрежелікке ұласып, боғауызбен жалғасса ол шаңырақта ешқашан береке болмайды. Ерлі-зайыптылардың сөйлесу мәдениетінің басты қағидасы – ең алдымен бір-бірін тыңдай білуі. Екінші қағида – өз пікірін қосағына зорлап таңбау. Бірақ бұл жерде дұрыс болмаса да Алла разылығы үшін күйеуінің айтқанына құлақ қойған қазақ әйелдерінің даналығын айта кеткен орынды. Үшінші қағида – жұрттың көзінше бір-біріне ескерту жасаудан, өкпеленіш айтудан қашу. Сондай-ақ, қалыптасқан ортақ қағидалар да бар. Айталық, күйеуі тұрғанда әйел адам такси тоқтатпайды. Баратын жерге жеткізу, жол табу еркектің міндеті. Әйел адам көлікте, қонақта немесе көшеде бөтен адаммен қажет жағдайда тек күйеуі арқылы ғана сөйлеседі. Күйеуі тұрғанда сөзуарланбайды. Танысын, танымасын бөтен ер адамды сөзге тартпайды. Ортақ мәселелер үйде алдынала ақылдасып шешіледі. Ер адам дүкенде, базарда, төркін жұртында әйеліне құлақ қойғаны, ал әйел адам көшеде, қонақта, құдалықта, қабылдауларда, ресми орындарда күйеуіне ден қойғаны жарасымды. Барған ортада сыйлы боламын деген әйел азаматының беделін көтермелеп отырады. Берекет сонда ғана орнайды.

Ерін сыйлаған есікте қалмайды

Әйел мен еркектің отбасындағы теңқұқылығы, оның қазақ қоғамына тигізген пайдасы мен зияны туралы сөз қозғамас бұрын жұрт арасында ауызекі айтылатын мына бір аңызды еске алғанды жөн көрдім. Құдіреті күшті Алла Тағала еркекті, яғни Адам Атаны топырақтан жаратқан екен дейді ғой. Ол кісі жемісі, сусыны мол елсізде күн кешті. Ақыры жалғыздықтан жабырқап, тілдесерге ешкім таппай, Жаратқан Иемізден “Менің жаныма бір серік қос” деп тілеген екен дейді.

Сонда құдіреті күшті Алла Тағала топырақтан әдемі де әрлі, мәнерлі де мүсінді бір сұлу әйел жасап, Адам Атаға қосқан көрінеді. Екеуі шүйіркелесіп, жарасқандай болады. Аз уақыт өтпей жатып тіршілік толқынында бұл жарастықтан ши шыға бастайды. Бірде Адам Ата әйелге: “Жарқыным, жүрші, анау қырқаға барып серуендеп, бой жазып келейік”, – десе, әйел:

– Сенің артыңнан ере беретін күшігің бе едім? Қаңғитын жағына өзің қаңғи бер, – деп бармай қалса керек. Тағы бірде Адам Ата: – Серігім менің, қане, бүгін келістіріп бір ыстық дәм жасап жіберші, — дейді. Сөйтсе, әйел көзін алартып өзіне дүрсе қоя береді!

– Ішетін атауыңды өзің әзірлеп іш. Кім едің сен соншалық? – деп бетпақтанады. Мына сөз тіпті іш жиғызары. Адам Ата қапаланады. Тағы бірде өтініш айтпасқа амалы қалмайды: – Жарығым, менің үстімдегі кенебім кірлеп кетіпті, жуып бере қойшы.

– Жуатын кебініңді өзің жуып ал. Мен бұл дүниеге сенің жейдең мен шылғауыңды жуу үшін келген жоқпын, – деп әйел тағы да бет қаратпайды.

– Жаһандағы жалғызым-ай, бетімді қайта-қайта кайтара бердің, мұның не? – десе керек Адам Ата.

– Оның себебі сол – екеуіміз теңқұқылымыз. Алла Тағала сені жасаған топырақтан мені де жасаған. Сенің менен артық ештемең жоқ, көзіңді ашып қара! — деп әйел тепсініп шыға келіпті.

Адам Ата әлденеше күндер бойы қапаланып жүріп, ақыры Алла Тағалаға өтініш жасауға бел байлайды. “Жаратқан Ием, маған мұндай серіктің керегі жоқ. Маған отбасында шүйіркелесіп отыратын, айтқаныма көнетін, айдауыма жүретін өзіме тән әйел керек. Мені мына пәледен құтқарсаңыз”, – деп жалбарыныпты. Рақымы мол Алла Тағала оны естиді де, Адам Атаға:

– Уа, пендем, өзіне тән қосақ керек болса, ол өз тәнінен жаратылмай саған тән болмайды. Егер азабына көнсең, екі қабырғанды ойып алып серік жасап берейін. Сол саған тән болады, – дейді. Адам Ата көнеді. Алла Тағала сөйтіп Адам Атаның қабырғасынан Хауа Ананы жасаған екен дейді.

Хауа Анамыз, жарықтық Адам Атаға тән болғандықтан тамақ та жасайды, кір де жуады, бала да табады. Адам Ата екеуі сөйтіп күллі қуанышты да, ренішті де бірге бөлісіп, жарасымды ғұмыр кешіпті. Жер бетіндегі күллі адамзат ұрпағы сол екеуінен тараған екен деген сөз бар.

Бұл әңгіме ақиқат па, аңыз ба, кім білсін?! Алайда осы әңгіменің астарында бір шындық бар. Ол адамзаттың Аналар арқылы өсіп-өнетіндігі, жарасымдылықтың отбасынан, әйелден басталатындығы. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің /с.ғ.с/ “Жұмақ аналардың аяғы астында” деуі де тегіннен-тегін емес қой. Отбасындағы бүкіл сыйластық, тату-тәттілік, жарасымдылық ерлі-зайыптылардың өздеріне тиісті міндеттерін бұлжытпай орындауына тікелей байланысты. Өкінішке орай, отбасы мүшелерінің, әсіресе оның алтын дінгегі болып табылатын ерлі-зайыптылардың өз міндеттері мен

кұқықтарын жете ажыратпауының, терең ұғынбауының салдарынан зор қиыншылықтар мен қиғаштықтар туып жатады.

Кеңес үкіметі жылдарында әйелдер мен ерлердің тең құқылығы Қазан төңкерісінің ұлы жеңістерінің бірі ретінде сипатталып келді. Әйелдерге қоғамдық өмірде ерлермен бірдей орын береміз дедік.

Сөз жоқ, әйелдердің қоғамда алатын орны айрықша. Қазақстанда мәселен, жұмысшылар мен қызметшілердің тең жартысына жуығын әйелдер құрайды. Жоғары білім алған азаматтарымыз арасында да олардың үлес салмағы басым. Дәрігерлер мен мұғалімдердің орасан бөлігі әйелдер.

“Теңқұқылық” ұранымен әйелдер комбайнға отырып, егін орды, жер астына түсіп көмір қазды, ауыр цехтарда жұмыс істеді. “Тең құқылықтың” арасында істемеген қара жұмыс қалмады. Қоғамдық өмірдегі әйелдер мен ерлердің “тең құқылығы” тосқауыл қойылмаған соң, тез арада-ақ отбасына ауысты. Ертелі-кеш суық цехтарда, боранның өтінде, кеңшар, ұжымшарларда бар ауыр жұмыстар иығына артылған әйелдердің мінез-құлқы да тұрпайы бағытқа қарай өзгере бастады, Ауыр қол еңбегінен, тұрмыс тауқыметінен ашуланшақтық, ұрысқақтық және тағы басқа жағымсыз қасиеттер етек алып кетті.

Теңқұқылық дегеніміз – әйелдердің ерлермен бірдей білім алуға, кәсіп иленуіне, еңбек етуге, еңбегіне лайық сый-сияпат көруге, жұмыста, қоғамдық-саяси және мәдени салада қызметін өсіруге мүмкіндік беретін кепілдікке ие болуы ғой. Дәл осы қоғамдық-саяси тең құқылықты әкелдік те, ойланбастан отбасындағы ерлі-зайыптылардың арасына салдық та жібердік. Екі үйдің арасын метрмен емес, килограммен өлшесе не болар еді? Бірақ, бұған мән берген ешкім жоқ. Партия айтты, бітті. Теңқұқылық ұғымы отбасыларына сіңді де кетті. Ежелден имандылық негізінде шаңырақта нақ-

ты өз міндеттері бар ерлер мен әйелдер арасына осылай қолдан жасалған бітпейтін дау кіргізілді. Нәтижесі, қайғылы сорақылықтарға соқтырды. Жұмыстағы кикілжіңдерге отбасындағы жанжалдар қосылған соң бұл 40-60 жастың арасындағы қылшылдаған азаматтардың арасында инфарктің түр-түрлерін көбейтті. Айтыңызшы, қазір жер шарындағы жігіттердің жарын жесір, балаларын жетім етіп өмірден бірдем де өтіп кетіп жатқаны кімді ойландырып жүр? Отбасындағы теріс тең құқылық ұғым әйелдердің өзіне орасан қиындықтар әкелді. Жігіттер отбасы басшысы екендігін, өзінің жары мен балалары үшін жауапты екендігін сезінбек тұрмақ “өз білгенінді істеп ал” үрдісімен отбасындағы күллі мәселелер әйелдердің мойнына аударылды.

Осыдан ішіп, маскүнем болып кеткен жігіттер қаншама? Отбасына жетекшілік ету үшін күрес жас қазақ шаңырақтарында айрықша қаталдықпен жүреді. Күйеуі өзінің табиғи жетекшілік позициясын сақтап қалғысы келсе, келіншегі оны мойындағысы келмейді. Азаматының жағдайындағы өмірдің шарттарын орындаудан үзілді-кесілді бас тартады. Отбасына жік міне, тура осы жерден түседі. Мұнда мүлде екі ортада, екі тәрбиеде өскен жігіт пен қыздың мұсылман елдерінде бір-біріне үйренісіп, шаңырақ ретінде қалыптасып кетуіне 3-6 ай жетіп жатса, қазақ шаңырақтарына бір-бірін мойындау үшін 10 жылға жуық уақыт кетеді. Өзара сыйласатын, өмірдің қызығын көретін осыншама мерзім теке-тіреспен құриды. Көптеген шаңырақтар ол мерзімге жете алмай ажырасып тынады. Сөйтіп, екінші рет, тіпті үшінші рет үйленуге мәжбүр болады.

Отбастарына тажалдай тиіскен осы теңқұқылықтың кейінгі және жанама салдарына үңілейік. Теңқұқылықты ту етіп, отбасы жетекшілігіне таласқан әйел өзін үйде еркек орнына басшымын деп санайды. Күллі іске өзінің өктемдігін жүргізуге тырысады, Күйеуін билеп тұрған әйел ешқашан ата-енесін де сыйламайды. Оның

салқыны балаларға ауысып, балалар өздерінің ата-әжесінен қашқақтайды, оларға жоламай немесе мүлде алшақтап кетеді. Туысқандық сезімін жоғалтады. Әйел билеген отбасында өскен ұл көбіне жалтақ, ерге лайық шешімділігі аз, ынжық болып өседі. Олардан кейін нағыз азамат қалыптасуы да қиын. Әлгіндей отбасында өскен қыз бала ерлерді сыйлай білмейді. Ертең өзі тұрмысқа шыққанда оның тағдыры алдын-ала шешілген, үйленбей жатып ажырасуға негізі қаланған болып шығады. Осындай құбылыстарды екшеп, ой жүгіртіп қарап отырсаңыз отбасындағы теңқұқылықтан зияннан басқа пайда жоқ екендігін көреміз.

Қазір тәуелсіз Қазақстан нарық жағдайында күн кешуде. Нарықтық қатынастардың өзі отбасындағы қарым-қатынастарға ептеп оңды өзгерістер кіргізе бастады. “Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады” деген. Қазақ шаңырағындағы моральдық-этикалық қарым-қатынастарды табиғи қалпына түсіру үшін, әрине, әлі де неше жылдар керек. Сондықтан бұқаралық насихат құралдарында, оқу-тәрбие мекемелерінде осы салада жүйелі жұмыстар жүргізудің қажеттілігі айрықша сезіледі. Бұл жерде тың нәрсе ойлап табудың қажеті жоқ. Имандылық қағидаларында оның барлығы мүлтіксіз көрсетілген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.с.): “Үйленіңдер, көбейіңдер. Өйткені мен қиямет күні басқа үмметтерге сендердің көптіктеріңді мақтаныш етемін” деп бұйырған.

Отбасындағы еркек оның басшысы, жетекшісі, қамқоры. Табиғатта тауық ешқашан этештің міндетін атқара алмайтындығы сияқты, әйелдер де ешқашан ерлердің міндетін толық атқара алмақ емес. Балаға әке де, ана да бірдей қажет. Ер адамның мойнына үйдің бүкіл сыртқы істерін атқару, отбасын қажетті нәрселермен қамтамасыз ету жүктелген. Сондықтан бір жұмыс иесі болуға мәжбүр. Ол әйеліне, балаларына білгенінше, дін және дүние білімдерін үйретіп отыруға

тиіс. Ал әйел отбасының бөлінбей, ажырамай аман-сау жалғасуы үшін күйеуінің басшылығын мойындауы, оған сүйіспеншілікпен, құрметпен мойынсұнуы, балаларының денсаулығына, тәрбиелеріне, білім алуларына аса көңіл бөлуі қажет. Ерінің табысын ысырап етпеуге, үйінің жинақы, таза болуына мән беруге міндетті. Үйде де, түзде де еріне толық бойұсынып, оның абырой-намысын және құрметін қорғау да әйелдердің міндеті болып табылады. (“Ғылымхал” кітабі, Стамбұл. 1991 ж., 115-116-беттер).

Ардақты пайғамбарымыз: “Қиямет күнінде әйелден намазынан кейін еріне бойұсынған, ұсынбағандығы сұралады. Намаз оқыған, оразасын ұстаған, намысын арам жолдан сақтаған әйелдің баратын жері жәннат” деп бұйырған екен. Қазақтың шаңырағын көркейтетін тек имандылық жолы ғана.

Құдайға шүкір, азаматтарымыз арыстанша алысып, үш ғасырға жуық күрестің нәтижесінде елімізге егемендік әперді. Тәуелсіз мемлекет болдық. Ал қазақтың келешек тағдыры бүгінгі қазақ әйелдерінің қолында. Олар азаматтарына үнемі дем беріп, имандылыққа бет бұрса, қазақ қоғамы ертең гүлденеді. Мұны әрбір қазақ әйелі түсінсе, еріне сүйіспеншілігі мен шыдамдылығын ұсынса, ұлт мерейі асар еді. Әңгі-меміздің басында сөз еткен Адам Ата мен Хауа Ана жолының жарасымдылығы осы емес пе. Қазақ ендеше “Ерін сыйлаған есікте қалмайды” деп бекер айтпаса керек.



Еркекке еркелік жараспайды

Еркекке еркелік жараспайды. Еркелік дегеніміз – өзімсініп біреуге салмақ салу. Өнер адамдары ел аралап, өз өнерінің құдіретімен елді сусындатады, құрметке бөленеді. Соның бодауындай елге салмақ салады. Бұған халық ежелден үйренген. Кезінде сал серілер, айтыскер ақындар, шешендер ел аралағанда осылай еркелеп құрметке, сый-сияпатқа бөленіп қайтады. Бұл дәстүр әлі күнге дейін жоғалған жоқ.

Ер адамның туған туысқандарына, жақындарына еркелеуі, боямасыз мінезін көрсетуі, артық ауыз сөздерге баруын өздері еркелік деп түсіндіреді. Бәлкім бұл солай да болуы ықтимал. Еркелік оның еркелігін көтеретін, түсінетін жерде ғана еркелік.

Ал басқа жерде ол дәрекілік ретінде қабылданып жатады. Ал соқталдай еркектің өз отбасына еркелік жасауы, яғни неше түрлі мінез көрсетуі, еңбек істемей жатып алуы масылдыққа айналып кетеді. Мынаны есте ұстаған жөн. Еркеліктің еңбектен ауылы алыс. Сондықтан еркелік ер азаматқа жараспайды.

Ал әйелге ше?

Әрине. Әйелдің еркелігі жарасымды болса, жанның рахаты. Әйел адам негізінен ер азаматына еркелейді. Сүйкімді қылығымен, жұмсақ мінезімен, жұбайының көңілін аулап еркелесе, бұл жарасымды. Әдетте еркелік оны көтеретін жан болса ғана орынды. Еркеліктің өзінің шегі болады. Тым еркінсіп, болмасты болдыртуға тырысатын, жок нәрсені сұрайтын еркелік шолжандыққа айналып кетеді.

Әйелдің еркелігі отбасының жарасымдылығын жарқыратады. Екі жақтың да көңілін аспандатады. Осы еркелігі арқылы азаматына арқай сүйейтіндігін, оны асқар тау көретіндігін аңғартады. Өзінің біреу арқа сүйейтін азамат екендігін сезіну ер адамға күш-жігер береді, қанаттандырады. Сондықтан күйеуімді басындырмаймын деп қажетсіз күреспен айналысқанша еркекті еркелеп-ақ жеңудің жолдарын білген жөн.



Мақтаншақтық азаматқа көрік бермес

Адам табиғатында әрқашан өмірден өз орнын алуға тырысады. Қоғамда белгілі бір орын мен дәрежеге қол жеткізуге талпыну – табиғи заңдылық. Адамның күллі тіршілігі қоғамдық ортада оның абырой-атағына байланысты. Бұған байланысты “мақтау” және “мақтану” сияқты ұғымдар қалыптасқан. Мақтауға адамның бәрі мұқтаж. Мақтау, көтермелеу адамды тәрбиелейді. Биіктерден көрінуге ұмтылдырады.

Мақтау индивидумға қатысты сырт адамдардың онды пікірлері болса, “мақтану” индивидумның өзін-өзі көтермелеуі, өзін-өзі қоғам алдында “Ой, мынау қандай керемет!” деп айтсын деп күпсінуі. Бірқатар адамдар “бәрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар” демекші, жұрт алдында өзінің абырой-беделінің зор екендігін, өмірден өз орнын тапқан жан екендігін көрсетуге тырысып тұрады.

Мақтансүйгіштік қасиеттің жақсы да, жаман да жағы бар. Ол өзінің іс-әрекетін ізгілік тұрғыдан ұштап, сол бағытта жақсы сөз естігісі келіп тұрса, ол адамды дамытады, жігерлендіреді, алға ұмтылдырады. Жас адамның мақтаншақтығын оның тәрбиесінде ұтымды пайдалануға болады. Кейін ол мақтаншақтықтың теріс нәрсе екендігін өзі-ақ түсінеді. Ал тек жеке басының пендешілік қасиеттеріне тәуелді мақтаншақтық адамды

теріс жолға салып жібереді. Мақтан үшін қымбат көлік міну, мақтан үшін қажет болмаса да өте үлкен үй салу, мақтан үшін біреумен достасу пасықтық пиғылдан өрбиді.

Мақтаншақтық – іспен тиянақталмаған, құры сөзбен өрілген, “болса екен” деген арманын “болдыға” айналдырып жіберетін құры кеудемсоқтық. Адам жақсы ісін өзі айтып мақтанбауы керек. Жақсы әрекеттерімен, жақсы мінезімен ерекшеленген адамдарды жұрт өзі-ақ мақтайды. Адам өзін-өзі мақтағанымен, жұрт алдында жағымсыз әсер қалдырады. Қазақта “жігіттің өзін-өзі мақтағаны – өлгені” деген сөз бар. Ол жігіттің ел алдында өз абыройын өзі төккендігін білдіреді. Шектен шыққан мақтаншақтықты қазақ “бөсербай” дейді. Мақтаншақтық ер азаматқа көрік бермейді.

Мақтаншақ болғаннан гөрі жақсы істерді көбірек істеуге ұмтылған жақсы.



ҚЫЗҒАНЫШТЫҢ емі

Адам бойындағы табиғи сезімдердің бірі – қызғаныш. Бұл – әрі қымбат, әрі қиын сезім. Қыз бен жігіттің, ері мен әйелінің бір-бірін қызғануы табиғи. Жақсы көру сезімінің қызғанышсыз болуы мүмкін емес. В.Даль мен С.Ожеговтың сөздіктерінде «Қызғаныш – жақсы көретін адамыңның адалдығына, сүйіспеншілігіне деген азапты да соқыр күдік» делінген. Бәлкім бұл өте бір сәтті анықтама да емес шығар. Бірақ ақиқаттан онша да алыс емес сияқты.

Қызғаныш – лап етіп, тез тұтанатын, адамның бойын лезде билейтін сезім. Пайғамбарымыз Мұхаммед /с.ғ.с/: «Әйелін қызғанбайтын еркек менін үмбетімнен емес» деген. Сондай-ақ тағы бір Хадисінде: «Аллаһ Тағала қиямет күні үш кісіге қарамайды. Олар: Ата-анасын ренжітіп теріс бата алғандар, өздерін еркекше ұстайтын еркекшора әйелдер мен өздерін қатын сияқты ұстайтын еркектер, әйелін қызғанбайтын еркектер» деген. Теріс салдарсыз қызғаныш жұбайларды жақындастырады. «Мені жақсы көреді екен-ау, жақсы көрген соң қызғанады ғой» деген ой көңіл түкпірінен ризашылық туғызады. Ал тежеусіз, соқыр қызғаныш тіршілікті тамұққа айналдырады. Көлеңкеден қызғану, жөнсіз тиісу, көрінгенге телу, қол жұмсау сүйіспеншілікті солдырады, жүректі тондырады, сезімді жуғызады, өшпенділік туғызады. Қызғанышты тежеп отырмаса ол көзсіз әрекеттерге ұрындыруы мүмкін.

Қызғаныш сезімі жан-жануарларда да болады. Еркегі ұрғашысын, ұрғашысы төлін қызғанады. Оның ар жағында өзіне тәндік сезім мен қамқорлық жатады. Ал адамның қызғанышына адам сияқты тәрбие керек. Сезімнің әдемі гүл тәрізді қызғанышы төңірегін жара-лап бітетін темір тікенекке айналмауға тиіс.

Ерлі-зайыптылардың бірін-бірі қызғануы отбасылық проблемалардың ішіндегі ен күрделісі. Өйткені көп-теген дау-дамай тап осы қызғаныштан туындайды. Ерлі-зайыптылардың арасында тұрмыстық құпия бол-мауға тиісті. Ашық, ізгі қарым-қатынас, қалтқысыз қамқорлық, ықылас пен ниет жүректерде бір-біріне деген сенім ұялатады. Сенім қалыптаспаған жерде күдік тұрады. Күдік – адамның ішкі дүниесін қоймай кеміретін жегі құрт.

Қазақта «Сұлу әйелдің күйеуі – күзетші» деген мақал бар. Күйеуі әйелінің, әйелі күйеуінін басқан ізін аңдып тіршілік ететіндер қаншама. Сенім болмаса күдік өршиді. Күдік қызғанышты тербетеді. Қызғаныш – сананды билер у, тіршілігінді талқандар тасқын. Ол биіктен басталған селдей жолындағының бәрін жайпап өтеді. Оның орнында тек қайғы-қасірет қана қалады.

Күдік негізінде ғана әйелге қол жұмсап, тілін шыға-руға, ашындыруға болмайды. Күнәсіз әйелге жала жабу барып тұрған үлкен күнәлардың бірі. Үнемі имандылық қағидаларына үйретіп отыратын, жарына үлкен құр-метпен қарайтын жігіттердің әйелдері суық жүріске бармайды. Олар асылын арзанға айырбастамайды. Иманды әйел – сенімнің көзі. Әйелді қызғанышпен қол жұмсап тәрбиелеу мүмкін емес. Ол ерегіс туғызады. Ерегіс тап сондай қадамдарға итермелейді. Абзалы өзі бас болып келіншегі екеуі бірдей иманға жүгінуі. Шы-найы сенімге сонда ғана селкеу түспейді.

Ал ерінің көзіне шөп салғаны анық болса ондай әйелмен дереу ажырасқан жөн. Пайғамбарымыздың /с.ғ.с/ хадистерінің бірінде «Сұйық жүрісті әйелі бола тұра оны талақ етпеген кісінің Аллаһ Тағала алдында тілегі қабыл болмайды» делінген. Ал ешбір негізсіз тек қызғанышпен ғана тағдырын ойыншыққа айналдыру дұрыс емес. Бір-біріне ғашық болып қосылған қаншама жұбайлар сол қызғаныштың кесірінен армандарынан ажырап қалады. Сондықтан күдік туғызбайтындай күн кешу ләзім. Күдік тұмау үшін құпия жүріс болмауы шарт. Ерлі-зайыптылар өзара сенімді қарым-қатынас орната білгендері жөн. Қызғаныштың емі – ақыл мен сабыр. Басты дауасы – имандылық.



Берекенді кетірсе егер қатулық, Ынтымаққа жетелейді татулық

Бақытқа «қайда барасың?» десе, ол: «ынтымақ-бірлікке барамын» деген екен. Ауызбіршілік бар жерден жақсылық бастау алады. Сондықтан отбасындағы татулық қоғамға ең қажетті факторлардың бірі. Ынтымағы берік отбасында ері салмақты, әйелі жайдары, ұлы байсалды, қызы ибалы келеді. Бірімен-бірі сыйласып, үлкенге — ізет, кішіге — құрмет жасайды. Ал мұндай айрандай ұйыған жарасымдылықты қалыптастыратын әрине, әйел адам.

“Еркек ерді, әйел елді тәрбиелейді” деген сөз тектен-тек айтылмаған. Ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін халықтық педагогиканың кереметтігі осында жатыр ғой. Айғай шусыз-ақ, баласын әкесінің айбарымен, бала-шағаның алдында ерін жоғары ұстап, әкесін көтермелеп отырғанын көрген бала әкеге құрметпен қарап, бейпіл сөз айтып, бейбастақ әрекетке бармайды. Бала күнімізден санамызда сақталып қалған «жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген сөзі отбасындағы ұран іспеттес. Анамыз: «біріңе-бірің қонақсындар, сыйласудан қалмандар. Егерде өзара сыйласымдылықтарың болмаса, жаттан сый күтпендер» деуші еді. Оқығандарына қарағанда өмірден тоқығандары көп қарттарымыздың әрбір сөзі дана екен ғой дейміз бүгінде таңғалып.

Отбасы тақырыбы айналасында том-том кітаптар

шығып, теледидардан небір бағдарламалар беріліп жатқанымен де отбасы татулығы қоғамымыздағы өзекті проблемалардың бірі болып қалып отыр. Бірнеше жылдан бері отбасы тақырыбымен айналысып жүрген журналист ретінде жанұядағы татулық мәселесінің аса маңызды екендігін атап өткім келеді. «Отбасы мықты болса — Отанымыз да мықты» деген сөзді жиі айтамыз. Ал отбасының мықтылығы татулықтан өрбімей ме! Татулық пен сыйластық болмаған жерден берекесіздік бастау алады. Ерлі-зайыптылардың арасындағы қатулық, ене мен келін арасындағы кикілжің, ағайын арасындағы алакөздік, бала тәрбиесіндегі келеңсіздік, отбасын ыдыратуға соқтыратын ұрыс-жанжал, міне осылардың бәрі де татулықты сақтай алмаған жерден басталады.

Татулық дегеніміз — бір бағытта ғана жүретін көше емес, ол ерлі-зайыптылардың қарама-қарсы қозғалыстағы өзара сыйластығы. Мәселен, ер азамат әйеліне жақсы ықыласпен, сыйластықпен қараса, келіншегі тарапынан да сондай қадам жасалуға тиіс. Келіншегі кешірімділік мінез байқатса, күйеуі де кешірімді, кеңпейілділігін аңғарта алғаны жөн.

Татулықтың ең басты қағидасы — бір-біріне кінә тақпау. Екінші қағидасы — ескертпелермен есін шығармау. Үшінші қағидасы — кемістіктерін бетке басып айтпау. Төртінші қағидасы — кекшіл болмау. Бесінші қағидасы — бір-біріне жақсы сөз айту. Алтыншы қағидасы — кешірімді болу.

Әдетте тәрбиесінің әр деңгейде болуына байланысты ерлі-зайыптылар бір-біріне кінә тағып жатады. «Сенің кесіріңнен!», «Сен болмағанда ондай болмайтын еді!», «Сен, сен, сен!..». Бітпей қалған іс, жүзеге аспаған жоспар, орындалмаған ойлар үшін бір-бірін кінәлау татулықты бұзатын бастапқы тат. Кінәсі болмаса да кінә тағуға құмарлық, кінәні үнемі біреуден іздеуге әуестік өте жаман қасиет. Көп жағдайда онша

байқалмайтын, қалыпты жағдай ретінде қабылданатын кінәтаққыштық ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген құрметі мен сезімін кемітеді. Тату болам десеңіз бір-бірлеріңізге кінә тағудан аулақ болыңыздар. Шын кінәлі адам әдетте кінәсін өзі-ақ мойындайды.

Екінші қағида ескертпелер жөнінде еді ғой. Еркек болсын, әйел болсын, басым көпшілігі өздеріне сын-ескертпелер айтуды, әсіресе оны қайталай беруді қаламайды. Ескертпе дегеніңіз — бір рет айтылса — сын, екі рет қайталанса — мін, ал үшінші рет айтылса — кімді болсын қоздыратын жын. Сондықтан сын-ескертпелерге сақ болған жөн. Сын-ескертпелер көбіне өтініш, орынды юмор ретінде айтылғаны абзал. Ал орынды-орынсыз айтыла берген ескертпелер жүріп тұрған сағат механизмін күндердің-күнінде тоқтататын шаң тәрізді. «Сағатыңызды шаңнан қори жүріңіз».

Үшінші қағида — кемістіктер мен қателіктерді бетке басып айтпау. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінен бастау алады. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне әлдебір кемістіктері мен баяғы бір қателіктерін әлсін-әлсін қайталап бетке басып айта беру өкпе-реніш немесе ерегіс туғызады. Ал ерегіс егеске, егес ұрыс-жанжалға соқтырады. Бір-бірін сыйлаған жандар кемістіктер мен қателіктерді мүлде еске алмайды.

Төртінші қағида — кекшіл болмау. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне айтылған артық-ауыз сөздерді ұмытпай, кек сақтауы да нашар қасиет. Бір шаңырақтың астында тұрған адамдардың пендешілікке салынып, кішкентай кикілжінді үлкен ұрысқа айналдыруы кейде сол кекшілдіктен бастау алып кетеді. Кекшілдік бір-бірінің жарасына тұз себумен бірдей. Кекшілдіктен адамның көзі көруден қалады, адалдықтан аттағанын да білмей қалатын кездері болады.

Бесінші қағида — үнемі жақсы сөйлеу. Адам табиғатында жақсы сөзге мұқтаж. Жақсы сөйлеу адамды жақсылыққа жетелейді, көңілін өсіреді, ризашылық

сезімін туғызады. Дүниедегі ең арзан нәрсе — жақсы сөз. Оны ешқайдан сатып алмайсыз. Ақшаңыз, дүниеңіз, уақытыңыз кетпейді. Ендеше, жақсы сөзге сараң болып қайтесіз?! «Жақсы сөз жан семіртеді», «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады» демей ме халқымыз. Сондықтан жан жарыңыздан ешқашан жақсы сөзді аямаңыз.

Алтыншы қағида — кешірімді болу. Отбасында ұсақ-түйек кемістіктерді жиып-тере бермеген жөн. Кешіріммен қарап, ондайды елемесе бұл да татулыққа қарай жасалған оңды қадам болғаны. Кешірімді болу да мәдениеттіліктің бір белгісі.

Мінеки, құрметті оқырман, отбасындағы біз білетін татулықтың алты қағидасы осындай. Егер Сіздің білетінініз болса, ой қосыңыз.



www.doccenter.com

Ата-баба дәстүрімен

Қазақ қоғамында отбасының патриархаттық формасы ежелден қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық, дәстүрлі отбасылық мәдениетінің күллі негізі осыған негізделген. Мыңдаған, жүздеген жылдардан бері қалыптасқан әдет-ғұрыптық, тәрбиелік жүйе мың жылдан астам уақыттан бері исламдық үлгі-өнегемен жымдасып, біртұтас қазақи мәдениетке айналды. Бұл – уақыт сынынан өткен тарихтың тереңінен асыл маржандардай жинақталып қалыптасқан дәстүр. Осы дәстүрге соңғы екі ғасыр, оның ішінде қызыл империялық билік кезеңі өзінің орасан зиянын тигізді. Діни тәрбиенің бәсеңдеуі, орыстық мәдениеттің кірігуі, алкоголь, оның пайдаланыла бастауы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің негіздерін шайқалтты. Көптеген қиғаштықтар туғызды. Қазақ қоғамында ертеден қалыптасқан отбасылық мәдениет, атап айтқанда, ер адамның асыраушылық, әйел адамның ұқсатушылық функцияларына ревизиялар жасалды, олар ескіліктің қалдығы ретінде бағаланатын болды. Әйелдің теңқұқылығы туралы қолдан жасалған ұрандар отбасылық қалыптасқан үйлесімділіктерді бұзды. Адамдардың отбасы туралы ұғымдарын, психологиялық қабылдауын мүлде теріс арнаға бұрып жіберді. Мемлекеттің коммунистік идеологияға негізделген өзіндік ұстанымдары болды, алайда ол отбасының беріктігіне қызмет ете алмады.

Қасым Аманжоловтың мына бір жолдарын есімізге түсірейікші:

Семья — шағын мемлекет,

Мен — Президент,

сен — Премьер,

Премьер жолдас, бер пример!

Өкінішке орай «президенттің» өз міндетін атқа-

руына әлеуметтік мүмкіндік берілмеді. Яғни отбасының әр мүшесінің материалдық және моральдық жауапкершілігін көтеруге тиіс әке әлеуметтік тұрғыда бұл жауапкершіліктен тыс қалды. Отбасы табысының негізгі көзі — әке «перзидент» түгілі «премьерлікке» де жарамай қалды. Осыдан мас күйеу, масыл еркек, жалқау жігіттер пайда болды. Ал мұндай азаматтар отбасындағы өздеріне тиесілі жауапкершіліктен бас тартып, тірліктің тізгінін әйелдерге ұстата салды. Тұрмыс тауқыметінен таусылған кейбір әйелдер табиғатына тән нәзіктіктің жоғалтып, көп жағдайда ашу-ызаның жетегінде кетеді. Мұндай ахуалдың жас буынға әсері қандай?

Әкенің айбарын, қолдау-жауапкершілігін сезінбеген қыз бала ертеңгі күні өз жарын қолпаштап-қошаметтеуі екіталай. Қазақ атамыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсын» деп тегіннен-тегін айтпаса керек-ті. Ал қиғаш тәрбие бойына сіңген ер бала болса анасының ғана сөзіне жығылып өскендіктен, кейінгі күні өз бетімен шешім жасай алмайды. Ынжық, «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен» күйеулер солардың қатарынан шығады. Ал мұндай құбылыс тек отбасыға ғана емес, қоғамның әлеуметтік бет-бейнесіне теріс ықпалын тигізеді. Отбасы адамның рухани ұясына емес, түрлі психологиялық егестің түйіндеріне айналып кетеді. Ал оның салдары отбасының әрбір мүшесіне аса жағымсыз әсер етеді. Ерлі-зайыптылардың қоғамға пайдалы еңбек етулеріне, бала тәрбиесіне өте зиянды таңбасын қалдырады.

Қоғамдағы осындай дерттен құтылудың жолы қандай? Қалыпты қазақи отбасын қайтадан қалпына келтірудің мүмкіндіктері бар ма? Бұл туралы психолог Құбағұл Жарықбаев: «Қазақ отбасының дәстүрлі негіздерін қалпына келтіру үшін имандылық тұтқалары ұтымды пайдаланылуы қажет. Отбасында әкенің беделін қалпына келтірмей, отбасының төрт құбы-

ласын түгендей алмаймыз» дегені бар еді. Ал жазушы Дулат Исабеков: «Әке беделі — отбасындағы тәрбиенің қуатты құралы», — дейді. Шынында да жаһандастырудың жалыны шарпи бастаған сәтте ұлттың ұлттық ерекшелігін сақтап қаламыз десек, тіл мен діл мәселелері оңды шешімін тапсын десек, отбасындағы ұлттық дәстүрлерді тірілте білгеніміз жөн. Әжесі әлдиін жатқа айтатын, батагөй атасы ұлының үйінен қуанып қайтатын, еңбеккер әкесі жұмыссыз үйіне сыймайтын, анасы перзенттерін әкесінің маңына жинайтын шаңырақта ғана құт-береке орнайды.



Күйеу таңдау

“Үйлену онай, үй болу қиын” деген халық нақылы талай тағдыр иелерінің өмірінен алынған есті сөз екені рас. Тек адамзат баласы ғана емес, жан-жануарлардың ішінде де жұбын мәңгілікке таңдайтындары аз емес.

Көбіне таңдауды жігіт жасағанмен, оған келісім беру-бермеуде қыздар жағы неғұрлым ұстамдылық көрсетеді. Оларды аландататын “бұл жігіт ертең маған жақсы жар, балаларыма ылайықты әке бола ала ма?” деген сауал. Ақыл берер адамдардың аздығынан, өмірлік тәжірибенің кемдігінен көп жағдайда қыздар “тағдырдың жазғанын көрейін” деген тоқтаммен арғы тіршілігіне көзі жете бермейтін бұлыңғыр тәуекелге бой ұрады. Оның опындыратын тұстары да аз емес. Әдетте қыздар көрікті немесе көңілді жігіттерді ұнатады. Көркі көз тартпайтын жігіттерді байқап көрмек түгілі, мұрнын шүйіріп, анадайдан қашады.

Нәтижесінде, өзі сүйіп қосылған жігітінің жағымсыз мінез-құлқы, имансыз әрекеттері жанын құлазытып, өкінішке ұрындырады. “Жүре келе түзелер”, “уақыт тезімен оналар” деп жүргенде он-он бес жыл уақыт өтеді. Ақыры кісілік келбеті, адамгершілік деңгейі өзгермейтініне көзі жеткен соң ол әйелдің өз күйеуіне дейтін құрметі мүлдем жойылады немесе оны өз дегеніне көндіру үшін басымдық мінез шығарады. Тіпті, мүлде қиыспайтын жағдайда әлденеше жылдар бірге тұрғанына қарамастан ажырасып тынады. Мұның нашар салдары өте көп. Жалғызділікті әйел өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезіне алмайды. Күйеусіз әйел мен әкесіз бала толыққанды отбасын құрай алмайды. Сергек қоғамды сергек отбасы ғана құрайды. Ендеше, сергек қоғамға негіз боларлық отбасын құру аса маңызды.

Өмірде жар таңдаудан қиын нәрсе жоқ. Қыздар отбасын құрарлық жігітті қалай таңдағаны дұрыс?

Оның төрт түрлі өлшемі бар.

Бірінші — жігіттің бойында азаматтық ар-намысының бар-жоғын байқау.

Әкесінің, отбасының, руының, халқының, елінің намысын жібермеуге тырысатын жан әрқашан алға ұмтылады. Жігіттің намысты-намыссыз екендігі ата-анасы туралы пікірінен, өз қатарынан қалмауға тырысуынан, алға қойған арман-мақсаттарынан байқалады. Екінші, ақыл-парасаттылығы. Ол көзқарастарынан, пайымдауларынан, адамгершілігінен, мінезінің қарапайымдылығынан, өзгелерге қол ұшын беруге күш-тарлығынан, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылысынан байқалады. Егер ақылын тек қарақан ба-сының жағдайын жақсартуға жұмсайтын болса, қазақ ондайларды ку деп атайды, ал ақылын игілікті іске жұмсаған адам шынымен де ақыл иесі болып табылады.

Үшінші — имандылығы.

“Құдайдан қорықпағаннан қорық” деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Жүрегінде иманы бар жігіт имансыз әрекеттер жасамайды. Алла Тағаланың алдындағы, адамдардың, әсіресе туған тумалары мен отбасы мүшелерінің алдындағы жауапкершілігіне селкөс қарамайды. Сондықтан өмірлік жан жолдастың иманы күшті болғаны басқа қасиеттердің барлығынан да жоғары тұруға тиіс.

Төртінші — еңбекқорлығы.

Бұл қасиет адамзат баласының рухани жетілуіне өзіндік игі ықпалы бар. Бір істі тындырымды істеуде де логикалық тұжырым қажет. Еңбек етуде ақыл-ойды іске қосу арқылы адамның ойлау қабілеті дамиды. Ал екіншіден, айналасындағыларға өзін сүйкімді ете біледі. Ең негізгісі, еңбекқор адам ешқашан кедей болмайды. Барын ұқсатып, бірді екі қылады. Бір философтың: “Ақша тапқың келсе, еңбектен. Ал байығың келсе, еңбектену арқылы жаңа нәрсе ойлап тап” деген сөзі осындайда көкейге оралады.

Санаға сақтап, жазалық, Берекет қой — тазалық!

Отбасылық қарым-қатынастар — мәңгілік тақырып. Ол туралы аз жазылған жоқ. Адам өмірінің басым бөлігі отбасында өтетіндіктен ол шын мәнінде қоғамның бастаушы ұясы болып есептелінеді. Әдетте ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде көбінесе ерлі-зайыптылардың, қала берді келін мен ененің, бала мен ата-ананың арасындағы проблемалар сөз болады. Ал біз бүгін бұл мәселені мүлде тосын тазалық тұрғысынан қарастыруды жөн көрдік.

Отбасықарым-қатынастарыөтеқарапайымәрікүрделі проблема. Оның оңай көрінетіні — отбасылық қарым-қатынастардың белгілі бір сызбамен қайталанатындығында. Күйеу — әйел — балалар — туыстар: мүлде қарапайым. Ал күрделі болатындығы — осы қарапайым сызбаның адам мінез-құлықтарының антипатиясы мен симпатиясына байланысты сан құбылуында. Қоғамның бастапқы ұясы болып табылатындықтан отбасылық қарым-қатынастардың өз даму заңдылықтары бар. Бұл туралы жиі айтылып, жиі жазылып жүргендіктен біз оған бұл жолы тоқталмаймыз.

Біздің тоқталғымыз келіп отырған тақырып — отбасылық қарым-қатынастардағы негіздердің негізі — жанұядағы тазалық туралы болмақ. Ойымызды нақтырақ жеткізу үшін бір мысал төңірегінде әңгіме өрбітіп көрейік. Менің Сарахан дейтін дос қызым болды. Университет бітірген соң тұрмысқа шықты. Бірақ баласы бес-алты жасқа келгенде күйеуімен айырылысып кетті. Қазір жалғыз тұрады.

Таяуда екеуміз сырласып отырып, оның күйеуі екеуінің қарым-қатынастарын жан-жақты талқыладық. Сарахан қазір намаз оқуға талпынып жүр. Сондықтан имандылық тұрғыдан баға беруге тырыстық.

Ойласу үстінде көптеген қателіктер мен олқылықтар жібергендігіне көзіміз жетті. Былай қарағанда екеуі де оқыған, жоғары білімді, бір-бір мамандық иесі, өз орталарында беделдері де тәп-тәуір. Айтатын уәждері «мінезіміз үйлеспеді» дейді. Екеуіміз мәселенің түпкі төркініне үнілуге тырыстық. Үнілген сайын бұрын өзіміз байқай бермейтін қызықты жағдайларға кезіктік.

Көзіміздің анық жеткені отбасын бұзатын — ең алдымен ажырасу туралы ой екен. Ондай ой қиғаш пікірлер мен теріс әрекеттерден туындайды. Әдетте біз жаман ой мен нашар әрекеттердің төркініне үнілгіміз келмейді. Имандылық туралы әдебиеттерді, хадистерді парақтау үстінде көзіміздің анық жеткені нашар ой тазалықтың кемдігінен туындайды екен. Тазалық деген сөзді бұл жерде тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолдануға болады. Сарахан бүгінде имандылыққа бет алған келіншек ретінде сол кездегі өзінің жіберген қателіктерін мойындады. Яғни барлық тазалықтың бастауы — адал ас болса, оның төркіні — ең алдымен ғұсылда жататындығын ескермеген. Халал астан — халал ой туады. Арам астан — арам ой туады. Арам ой теріс әрекеттерге жол бастайды. Мәселен Сарахан өзінің күйеуінің суық жүріске салынуына өз дастарқанында харам астардың жиі пайдаланғанынан екендігін қолмен қойғандай етіп айтады: «Жұмыстан шаршап келгенде, орекендерден үйренген әдетімізге басып күйеуімнің алдына 100 грамм қойып, дүкеннен әдейілеп алып келген шошқа етінен жасалған шұжық ұсынып жататынмын. Ол болса біртіндеп ішкілік пен суық жүріске әдеттеніп кетті. Мен оның теріс жолға түсуінің себептерін білмей дал болатынмын. Кейбіреулердің айтуынша, «100 грамм арақ стресті басады, іштегі микробтарды өлтіреді» деген жалған қағидаларды естіп, өз басымның қайғысын өз қолыммен туғызып алыппын. Егерде мен сол кезде дәл қазіргідей имандылық қағидаларынан хабардар болсам, бәлкім

отбасымды сақтап қалар ма едім деген өкініш өзегімді өртейді».

Шынында да Сарахан сияқты көптеген келіншектер отбасындағы сүттей ұйыған береке-бірліктің тазалықтан бастау алатындығын аңғармай жатады. Тазалық болғанда да бұл — рухани тазалық әрі имани тазалық. Тазалықты ұстанған әйел баласын ғұсылсыз емізбейді, дәретсіз тамақ жасамайды, дастарқанға харам дүниелерді жолатпайды. Адал тамақ ішкен азаматы мен балаларының ойына харам пиғыл, қылмыстық ойлар жоламайды. Мінеки, отбасындағы тазалықтың ең бастауы осында жатыр екен.

Әрине, отбасында ыдыс-аяқтың, үй ішінің таза болуы аз рөл атқармаса керек. Ұқыптылық, жинақылық әйел адам үшін аса бір қажет қасиеттердің бірі. Отбасының күллі берекеті әйелдің қолында. Ендеше, кінәні күйеуіне үйіп-төгуден бұрын, оған адал ас ұсына алды ма, осыған бір назар аударып көрсінші. Осыған назар аударған әрбір әйел көптеген олқылықтың өзінен кеткенін көреді. Ел арасында айтылатын бір сөз бар ғой, «әрбір халықтың мінезі өзі жейтін малдың қасиеттеріне ұқсас болады» деген. Айталық қазақтардың мінезі қойдай жуас, жылқыдай үркек келетіні рас. «Шошқадан шошқа туар қорсылдаған» демекші, харамнан харам дүниенің бәрі туады. Ал адал жар, қайырлы перзент көрем десеңіз, харамнан аулақ жүріңіз.



III
бөлім
**Дәстүрімізді
дәріптесек**



Атастыру

Қазақ халқының ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптарының қатарында атастырудың жөні бөлек. Атастыру дос-жар жігіттердің, үзенгілес батырлардың бір-бірлеріне деген құрмет сезімдерін баянды етуге тырысып, өмірге келген немесе әлі келе қоймаған перзенттерін бір-біріне жар ету үшін алдын-ала жасалған келісімдері. Әдетте бұған бұрыннан сыйлас, сырлас, тілектес, тілеулес азаматтар өздерінің достықтарын, қан туыстығына айналдыру ниеті негіз болады. Атастыру әдетте құрсақтағы баладан бәлиғатқа толғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

Атастырудың классикалық үлгісін әйгілі “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” эпосынан байқауға болады. Сарыбай мен Қарабай аң аулап жүріп сөз байласады. Егер бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз туса, оларды қосып құда болуға, егер екеуінің де баласы ұл болса, мәңгілік дос болуларына уәделеседі. Сарыбайдың келіншегі ұл, Қарабайдың келіншегі қыз табады. Ұлдың аты Қозы, қыздың аты Баян болады. Ержеткен кезінде Қозы атастырылған қалыңдығы бар екендігін естіп, оны іздеп шығатындығы жырда керемет баяндалған. Мұндай мысалдарды өмірде көптеп кездестіруге болады.

Ұл, қыз өсірген ата-ана өнегелі, өсіп-өнген жермен құда болғысы келетіндігі белгілі. Алайда мінезі, қоғамдағы орны, ақыл-парасаты белгісіз жандармен құдаласу көңілдерді ұзақ уақыт күпті етіп жататыны бар. Ал сыралғы, етенеден бірін-бірі білетін жандар құда болса, бұл екі жақты да ризашылыққа бөлейді.

Әрі бұл балалардың бақытының баянды болуына да өз ықпалын тигізіп жатады. Жастардың өз беттерімен танысып, табысып құрған отбасылары кейде өмір мен уақыт сынына төтеп бере алмай жатады. Ата-аналары ықпал ете алмай қалады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда осы атастыру дәстүрі көрініс бере бастады. Әсіресе ауылдық жерлерде бұрыннан қыз алысып, қыз беріскен жақтар жегжаттық қарым-қатынастарын жаңалау, сүйек жаңғырту үшін атастыру дәстүріне қайта бет бұруда. Шынында да жергегінен атастырылған ұл мен қыз өсе келе басқаға алаңдамайды. Өзінің болашақ жары бар екендігін ойлап, ішкі жан дүниесімен келер күндерді күтеді. Бір-біріне деген құрмет сезімі жоғары болады.

Атастырылатын екі баланың тағдырына ата-ана үлкен жауапкершілік танытқаны абзал. Қыздың әкешесі баласының барған жерінің жайлы болғанын ескеруі қажет. Барған жерінде жаман сөз естімей, мейірімді ата-ененің қамқорлығымен отбасылық өмір кешуін қыздың анасы да, әкесі де естен шығармағаны жөн. Ұл жағынан да дәл осылай. Қанында тектілігі бар, байлықтан бұрын адамгершілік қасиеттер жоғары бағаланатын отбасында қашанда жарасымдылық орын алады. Атастыру дәстүрінің бірінші кезекте көздегені босағасы мығым, орнықты қазақ отбасын қалыптастыру, Алла Тағаланың алдындағы негізгі міндет өмірге иманды ұрпақ әкелу, оны тура жолға салып тәрбиелеу.

Атастыру – таза қазақи салт, ол өміршең болуға құқылы. Оған ескіліктің сарқыншағы ретінде мұрын шүйіріп қарамай, реті келген жерде оңтайлы кәдеге жаратқан жарасымды-ақ.



АҚЫЛ-ШАЙ

Ақыл-шай – түрлі той-томалақтың, келелі мәселені шешудің алдында жайылатын дастарқан. Онда ағайын-туыс, дос-жаран жиналып той мәселесі жайында ақыл-дасады. “Келісіп пішкен тон келте болмайды” дегендей, әркім өз білгенін айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, өз пікірін білдіреді. Мәселен, құдалыққа барардың алдындағы “Ақыл-шайда” қанша киіт апару жөнінде, кімдерге қандай киім апару қажеттігі ортаға салынады.

Құдалыққа барғанда ұйымдастырылатын дәстүрлерге дайындық жасалады. Ырым-сырымдарға байланысты кім не жасайды? Құйрық-бауыр асатқанда табакқа ақша салу мәселесінің ұмыт қалмауы. Алынған киітті ағайындарға көрсетіп, артық-кемін түгендеу.

Барғанда айтылатын сөзге дейін назарға алынуы керек. Құдалыққа кімдер және қанша адам баратындығы, міне, осылардың барлығы “Ақыл-шай” дастарқанында шешіледі. Осы шарада ағайындар сөз көмегін, қол көмегін ұсынады. Бұл – ертеңгі күні ұсақ-түйек білместіктің салдарынан жаңа туыстық қатынастарда кикілжіңді болдырмау мақсатында ұйымдастырылатын шара. Дарақылыққа да, сарандыққа да жол бермейтін ең қажетті жиын «Ақыл-шай». Сондықтан ақылдаса отырып, «Ақыл-шайдың» басында ақылға құлақ салыңыздар!



Құдалыққа кімдер барады?

Құдалық – қазақ халқының әдет-ғұрпында ерекше орны бар дәстүр. Ол құдаласу арқылы жегжаттық қатынастарға бастайтын алғашқы ресми қадам. Құдалық ата-аналардың алдын ала келісімі бойынша болсын немесе қыз бен жігіттің уәделесуі арқылы болсын байланыстардың басы. Қазақтың дәстүрлі некелесу салтында ата-аналардың ризашылығы – ең басты шарт. Құдаласу – ата-аналардың қалыңмал, той мәселелерін өзара келісе отырып шешуінің кілті. Қазақтың құдаласуы әдетте үкі тағу дәстүрінен басталады. Тіпті бесікте атастырылған күннің өзінде де үкі тағу рәсімі жасалады. Үкі тағу басы бос бойжеткен қызды меншіктейтін, оның айттырылған жері бар екендігін көрсететін дәстүр. Үкі тағуға әдетте жігіт жағының ең жақын үш-төрт туысы барады. Ата-анасының бірі болады. Екі жақ келісімге қол жеткізген жағдайда құдалық уақыты белгіленеді.

Құдалық – қызды айттырғаннан кейінгі екі жақтың қарым-қатынасындағы ең бір шоқтық рәсім. Халқымызда бұл рәсімге айрықша мән берілген. Өйткені, құдалықтың қалай өткені екі жақтың қарым-қатынасына ғана емес, екі жастың келешек тағдырына да әсер

ететін болған. Жігіт жағы ұялмайтындай “мығым” болып баруға тырысса, қыз жағы құдаларын лайықты күтіп алуға ұмтылған. Әрине, екі жақ та көрпесіне қарай көсіледі.

Жігіт жағынан құдалыққа баратындардың саны әдетте 3, 5 немесе 7 адам болады. Одан көбейту әбестік саналады. Құдалық құрамын әдетте бірінші кезекте үйленетін жігіттің әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, ағалары мен жеңгелері, жалпы қан жағынан немере туыстары қосылады. Олар құдалық құрамын толтырмайтын жағдайда алыс ағайындар мен нағашылары шақырылады. Оның да реті болмаса, жігіт әкесінің сыйлас достары қосылуы мүмкін. Құдалықты бастап баратын беделді, жасы үлкен адамды бас құда деп атайды. Ол мүмкіндігінше сөзге шешен, арғы-бергі жағдайды жетік білетін көшелі адам болады. Құдалыққа барғанда көсемсөзді ұстайтын сол кісі. Жігіт жағынан жолы үлкен құда бауыздау құда аталады. Жігіт әкесінің одан кейін жолы үлкен аға-інілері барған болса, ол – омыртқа құда деп аталады. Жігіттің нағашылары жағынан келген адамдар – қабырға құда аталады. Ал жігіт әкесін әдетте бел құда деп атайды. Құдаласатын тараптардың әйелдері бір-біріне құдағи, қыздары – құдаша болады. Үйленетін қыз бен жігіттің інілері қарсы жаққа – құда бала.

Құдалыққа баратындар алдын-ала ақылдасу арқылы анықталады. Бұл үшін міндетті болмаса да көп жағдайда жақын туыстар “ақылшайға” шақырылады. Құдалыққа баратын адамдар іріктелетін кезде туыстық жолы қатаң сақталады. Жігіт ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың баруы парыз. Ағайын арасында ренішті жағдайлар орын алып жүрсе де жолына қарай әулеттегі осындай елеулі оқиғаға қатысуға; шақыру

міндетті. Осындай қадам арқылы ағайындар бір-бірін құрметтейтіндігін білдіріп, ренішті жуып-шайып жатады. Кей жағдайда осындай шараларды орынды пайдалана отырып, туыстық қатынастарды біріктіре түсу ақылдылық болып табылады. Ағайындардың татулығы құдалардың алдында да сын екендігін естен шығармау керек. Бұл ғасырлардан бері тіні үзілмей келе жатқан туыстық институтының жазылмаған алтын заңдары. Жақын туыстар өз еркімен бас тартқан немесе реті болмай калған жағдайда оның жолы одан кейінгі адамға ауысып отырады. Бұл тәртіп бұзылған жағдайда ағайын арасында өкпе-реніш туындайды, алауыздық коздайды. Ағайын арасы ашылып кетеді. Жөн-жосық білмейтін адам ретінде туысқа құрмет сезімі кемиді немесе жойылып кетеді. Құдалыққа қан туыстығы жоқ адамдарды ертіп бару жігіт жағының туыстарға кемдігін, ағайынының аздығын, басына күн туғанда демейтін жақындарының жоқтығын көрсетеді. Сондықтан құдалыққа баратын адамдарды іріктеудің өзі туыстық саясатты ұстану деген сөз. Қарсы жаққа өздерінің жан-жақты, ағайын-туыстарының мол екендігін көрсететін ишара.

Бұл айтылған жайттардың барлығы қазақ халқының ежелден келе жатқан құдалыққа адам іріктеу дәстүрінің жөн-жосығы. Кеңестік империяның бодандық саясаты қазақ халқының туыстық институттарының іргетасын шайқалтуға тырысты. Алкогольді ішімдіктерге нысаналы түрде үйрету арқылы адамдардың азаттыққа ұмтылысын тұсау, құдалық қадір-қасиетті ескіліктің қалдығы ретінде жоюға ұмтылу көрініс берді. Осының салдарынан бірқатар буын халықтың ғасырлар бойы жалғасқан әдет-ғұрып, салт-санасынан адасып қалды. Қазақтың ағайын-туыстық, жегжаттық байланыстары

әлсіреді. Дәстүрлі әдет-ғұрыптарымыздың реті шатасып, әркім ойына келгенін істейтін жағдайға жетті. Жөн-жосық білетін адамдар азайды. Соның салдарынан ұлтымызда жоқ, ешқашан болмаған кейбір ғұрыптар “ойдан шығарылып” қосылды. Бүгінгі таңда қазақтың құдалық дәстүрінің тіні сақталғанымен, оның ұзынырғасы көптеген өзгерістерге түсіп кетті. Келе жатқан жаһандану үдерісіне қай ұлттың да қарсы қоятыны ұлттық құндылықтары, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері. Жұтылып кетпей, сақталуы үшін жандандыратыны да осы дүниелер! Ескіліктің сарқыншақтары деп дәстүрлерімізді шетінен ысырып тастасак немесе өзгертеміз деп дала заңдары мен имандылыққа жат нәрселер қосып жіберсек, ұлт мәдениеті жойылып кетпек. Ең бастысы, көне дәстүрлеріміздің бүгінгі күнге лайықты дәнектерін қалдырып, оған үйлеспейтін кебектерін тастауға болады.

Құдалыққа кімдер барады? Басты тақырыбымызға оралар болсақ, жоғарыда келтірілген негізгі қағидаларды ұстанған жөн. Құдалыққа бірінші кезекте үйленетін жігіттің әкесі жағынан қан туыстары барады. Жақын туыстары тұрғанда атақ-абырой үшін құдалықты бөгде адамдардан жасақтау – туыстарын менсінбеушілік пен тәкаппарлықтың белгісі.



Қоржынды кімдер ашады?

Қазақтың құдалық дәстүріндегі қоржын апару салты күні бүгінге дейін өміршендігін жойған жоқ. Қоржын апару – келін түсіретін жақтың құдаларына апаратын сәлемдемесі. Ол жана құдалықты сыйластыққа, туыстыққа жетелейтін жақсы үрдіс. Құдаларға апарылатын қоржын қазақта екіге бөлінеді, бірі – құдағи қоржын, екіншісі – күйеу қоржын. Күйеу қоржын мен құдағи қоржынға салынатын заттардың мөлшері бірдей. Қоржынның бір басына 2-3 келідей конфет, дәл осы мөлшерде өрік-мейіз, 3-4 метрлік екі-үш мата, 5-6 орамал, печенье, құрт, ежігей салу қажет. Әркім өз шамасына қарай бір орамалдың ұшына күміс тенгелер буып салады. Арақ-шараптың қажеті жоқ. Жақсылықты ішімдіктен бастамаған абзал. Кеңес одағы тұсында өмірімізге дендеп енген спирттік ішімдіктерден дастарқанымызды аластатар кез болды. Сондықтан жастарды саламатты өмірге шақырған абзал.

Екі жағы толтырылған қоржынның аузы тігіліп, сыртына жүзік, сақина, сырға, білезік байланады. Оны қоржын шешкен адам қоржын тойға жиналған әйелдер қауымына таратып береді.

Осы тұста “қоржынды кім ашуы керек?” деген сауалға келсек, қоржынды қыз беріп жатқан елдің, яғни қыздың әке жағынан жасы үлкен, елге сыйлы анасы ашады. Қоржынның аузындағы жіпті кеспей, қолмен шешіп алу қажет. Ондағы ой қыздың болашағы қиылмасын дегенді білдіреді.

Құдалардың апарған қоржыны қайтарылатындығын көпшілік ескергені жөн. Қоржынға құдалықтан сарқыт салынып қайтарылады.

«Өлі-тірі» апарудың сыры

Екі жас үйленгенде жасалынатын қазақи дәстүрлердің ішіндегі ең маңыздысының бірі «Өлі-тірі». Қызға құда түскен жақ құдалыққа келгенде «Өлі-тіріге» арнаған малын қоса ала келеді. Ол қой болғаны дұрыс. Әрі семіз, әрі жас мал болса, еті жұмсақ және дәмді болады. Жиналған қауым ризашылықпен ауыз тиіп, оң батасын береді. Негізінен мұсылмандық қағидалары бойынша дәмді ас беру де үлкен сауаптардың біріне жататындығын ескерген жөн. Және де құдаларының әкелгені көңілге қонымды болса, қыздың ата-анасының, туған туыстарының мәртебесі көтеріліп, ел алдында бір маркайып қалатындығы тағы бар. Қызының жөн білетін, өсіп-өнген жерге барғандығына іштей қуанады. Ата-ана үшін ең маңыздысы – қызының бақыты. Ал қызының бақытты болуы оның ата-енесіне де байланысты екендігін үлкендер жақсы біледі. Қазақта «Жақсы жерге түскен келін – келін, жаман жерге түскен келін – келісап», «Жібекті түте алмаған жүн етеді, келінді күте алмаған күн етеді» деген сөз бар. Мұнда келіннің жақсы болып қалыптасуы оның ата-енесіне байланысты екендігі тауып айтылған. Яғни, үлгілі келін жақсы ененің тәрбиесінің нәтижесі деуге әбден болады. Сондықтан ата-ененің алғашқы қадамдары жаңа түскен келінге үлгі әрі тәрбие. Өзі бір үйдің босағасын аттап отырғанда оған жасалынған құрмет, жылы ілтипат келіннің алғашқы отбасылық

тіршілігіне деген қызығушылығын арттырады, жаңа туыстарына жақындастыра түседі.

Үлкендердің құдалық рәсімі шын көңілден, үлкен махаббатпен орындалғаны абзал. Оның ішінде жоғарыда айтып өткеніміздей «Өлі-тірі» рәсімі де өз деңгейінде жасалынғаны дұрыс. Себебі «Өлі-тіріге» әкелінген малдың етінен ағайы-туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң түгелдей ауыз тиеді. Тұрмысқа шыққан қыздың бақилық дүниеге өткен ата-бабаларына, туыстарына арналып құран бағышталады. Яғни, бұл дәмге өлі де, тірі де разы болсын деген ниетпен жасалынатын «Өлі-тірі» рәсімі – көпшілікке арналатын құдайы садақа. Сойылған малдың еті түгелімен асылады. Бұл малдың етінен ұзатылатын қыз ауыз тимейді. Қазақта барар үйінің босағасын аттамай тұрып оның дәмін татса, кездейсоқ кедергілер кездесіп, ол жақтың дәм-тұзы бұйырмай қалуы мүмкін деген ырым да бар. Сонымен қоса халқымызда «Өлі-тірісі» берілмеген қыз аурушаң болады деген де ырым кездеседі. Сондықтан талай ғасырлардан бері өміршендігін жоғалтпаған бұл рәсімнің орындалғаны жөн. «Өлі есіркемей, тірі байымайды» деген халық даналығы осындайда айтылса керек-ті.

Кей жағдайда құдалар алыс жолдан келеді. Мұндайда мал әкелу қиыншылық туғызатын болса, құдалар «Өлі-тіріге» кететін қаражатты атап береді. Ал құдалар ол ақшаға аталған кәдені жасауға міндетті.



Киіт кигізудің қыры-сыры

Киіт кигізу қазақ халқының ежелден қалыптасқан ұлттық дәстүрлерінің бірі. Ол құдалық қатынастарда жүзеге асырылады. Әдетте киіт 5, 7, 9, 11 адамға дейін кигізіледі. Кей жағдайда одан көп болуы мүмкін. Кейде 30-40 адамға да киіт апаратын жағдайлар кезігеді. Алайда бұл атаққа ұмтылған дарақылық. Киіт бұл құдаласқан жақтардың бір-біріне көрсететін сый-сияпаты. Киіт кигізудің мәнісі қыз алысып, қыз беріскен жақтардың бір-біріне деген құрметінде. Киіт қыз тәрбиелеген, ұл өсірген жақтың өнегелі тәлім-тәрбиесінің өтеуі. Сіңірілген еңбекке көрсетілген ризашылық.

Ұлттық дәстүріміздің осы бір тұсы өте бір нәзік әрі кіршең келеді. Құдалықта киген киітіне риза болмаған адамдар өкпелеп кететін кезі де болады.

Сондықтан киіт таңдауға, оны тапсыруға үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Ең алдымен, алынатын киіт берілетін адамдарға дәл, шақ болғаны ескерілгені жөн. Ол үшін қарсы жақ ұл-қыздары немесе ортақ таныстары, әлде тікелей хабарласу арқылы әзірленетін киіттердің саны, еркек, әйелдерге қарай түрлері, размерлері туралы ақпарат алмасулары қажет. Құдалықтан киген киімі өзіне ұнап, жарасып тұрса, ол кімде де болса ризашылық сезімін туғызады.

Біз төменде әдеттегі орташа құдалық деңгейінде алынатын киіт туралы сөз етпекпіз. Орташа деңгейдегі

киіттер көбінесе тоғыз немесе он бір адамға алынады. Оның кемінде төрт-бесеуі жағалы киім болғаны дұрыс. Әдетте киіт кигізуде қыз жағына қарағанда ұл жағының салмақтырақ көрінгені жарасады. Қыз жағына киіт кигізу тұрғысынан қарастырайық. Ең алдымен, болашақ келіннің ата-әжесі ескеріледі. Оларға және ата-анасына жағалы киім алынады. Әдетте бұл пальто, тон, костюм, плащ, куртка түрінде болады. Егер жағдайы келісіп жатса, құданың аға, інілеріне, құдағиларға да осындай киімдер алынады.



Құйрық-бауыр асату

Қазақтың құдалық дәстүріндегі аса бір маңызды тұс – құйрық-бауыр асату. Ол сірә, қыз алысып, қыз берісіп отырған жақтардың майдай тәтті, бауырдай жақын болуын білдірсе керек. Қыз айттырылып, құда келіп түскенде құдаларға арнап арнайы мал сойып, қонақ етеді. Құдаларға бас, жамбас тартылып, кейде қос табак әкелініп жатқанымен, құдалық дәмнің ең маңыздысы құйрық-бауыр асату. Құйрық-бауыр асату құдалықтан басқа жерде жасалмайды. Ал бас, жамбас қонақтарға әркез таратыла береді. Халқымыздың ұлттық дәстүрінде құйрық-бауыр аса туды құдалықтың өзіндік мөрі іспетті бағалайды. Алда-жалда құдалар арасында қалың малға, жасауға, киітке және тағы басқаларға байланысты келіспеушілік туып, арты дауға айналса, дауды қараған билер ең алдымен екі жақтың құдалығының қандай деңгейде болғандығын анықтаудан бастайды. Егер екі жақ құйрық-бауыр жескен болса, онда бұл құдалық заңды деп танылады. Егер құйрық-бауыр жемеген болса, онда бұл әлі жүзеге аспаған құдалық ретінде бағаланады. Ары қарай дау осы негізде шешілетін болған. Сондықтан да билер құдалыққа байланысты тараптарға қоятын басты сұрағы: “Құйрық-бауыр жесіп пе едіңіздер?” болып келген.

Бүгінгі таңда өзгеріп, жанаша мәнге ие болған құдалықтарда да құйрық-бауыр асатудың орны айырықша. Құда күтетін жақ бұған алдын-ала дайындалады.

Құйрық пен бауыр өз бабымен пісіріліп, әдемі тілініп, табақпен әкелінеді. Құдаларға құйрық-бауыр асату кезінде мұның туыстық байланыстарды құқықтық негіздеу екендігі айтылады. Дәстүрге салтанатты сипат беру үшін кей жерлерде ән айтып ұсыну да кездеседі. Құйрық-бауырдан ауыз тиген құдалар құйрық-бауырды ұсынған құдағи-құдашалардың табағына ақша салып қайтарады. Ол жеген дәмнің өтеуі емес, бұл сол дәмді әзірлеген қыз-келіншектердің еңбегінің өтеуі, олардың көңілін аулап, туыстық қатынастарды бекітудің өзіндік бір жолы.



Той киімі

Той қазақ үшін айрықша алабөтен мереке. Жұрт “барын киіп, бақанын ұстап” дегендей мұндай қуаныш жиындарына ерекше әзірленіп барады. Қазақ қоғамындағы неше түрлі киім үлгілерін көрем десеніз, үйлесімділік пен дарақылықты көрем десеніз, тойға барыңыз. Тойға жиналған кезде жұрттың бәрінің ойында бір сұрақ туындайды: “Тойға не кисем екен?” Сондықтан, тойға келген адамның киім киісіне қарап, оның мәдени деңгейін жазбай тануға болады. Өйткені, келген қонақ сөз жоқ, өзінің талғамындағы ең үздік қабығын үстіне жапсырады.

Тойға дұрыс киініп бару бұл той мәдениетінің үлкен бір бөлшегі. “Жұртты таңғалдырып шалқасынан түсіремін” деп ерекше бір елде жоқ киім киюге талпыну адамның дарақылығын “мен мұңдалатып” тұрады. Той киімі туралы сөз болған соң, бұл жолы үйленетін жастардың киімі туралы сөз қозғамай, құдалардың киімінен бастайық. Әр нәрсенің жөн-жосығы, тәртібі болатыны сияқты тойға киетін киімнің де өзіндік қағидалары бар. Құда болған тараптар ең кемі қырықтың төңірегіндегілер. Баласын үйлендіріп, қызын ұзатып жатқан ата-ана ұстамды киінгені дұрыс. Кей тойларда үйленетін жігіттің немесе қыздың әкесі өлпиген, сөлпиген костюм киіп тұрады. Ал құдағилар той өткен күннің ертесіне қайтадан қыз болып кететіндей ашық-шашық, тар киім киіп алатындары бар. Арқасы беліне дейін, омырауы кіндігіне дейін ашық, көйлегінің жырығы жамбасымен жарысқан киім киіп алатын “құдағилар” тойдан соң талай елдің

“талқысына” ұшырап жатады. Ең дұрысы кімнің болсын киімі имандылық қағидаларына үйлесімді, дене бітіміне жарасымды, түр-түсі өзін ашатын, жас ерекшелігіне лайық, қараған көз қуанатындай киім кигені жақсы.

Адамның жасын зерттейтін ғылым бар, оны геронтология деп атайды. Дүниежүзі геронтологтарының осыдан он жылдай бұрын өткен әлемдік конгресінде адамның ғұмырлық шақтарының мөлшері анықталған болатын. Бәріміз жас болуға тырысамыз ғой, бірақ табиғаттың бергенінен ешкім асып кете алмайды. Геронтологтардың сондағы тоқтамы бойынша 33-ке дейінгілер өндірі, 45-ке дейінгілер жас, 64-ке дейінгілер орта, 74-ке дейінгілер егде, одан ары қарай қарттық жасындағылар деп аталады. Орта жастағылардың 16-17 жастағы бозбала мен бойжеткендер ұқсап киінуі ұят. Ал үлкен әйелдердің, дәлірек айтқанда бәйбішелердің, сондай-ақ егде жастағы әжелердің тойға шалбар киіп келуі, шашын бұрқыратып жалаң бас жүруі айрықша ерсі көрінеді. Жасы ұлғайған сайын аналар қауымы Алла Тағаланың бергеніне шүкіршілік етіп, өзіне тән жасын сыйлағаны дұрыс. Олардың ақ жаулық салып, байсалды мінездерімен, ақыл-парасатымен жастарға үлгі-өнеге болғаны жарасымды. Сол тойға келген бозбала мен бойжеткеннің ойында үлкендердің ішіп алып шошандаған образы мәңгіге қалып қойса, көрсеткен үлгіміз не болғаны?!

Той біреудің қуанышы болғаныменен, ол Құдайдың қазынасы. Онда кім не ішіп, не жегенін есінде сақтамайды, есте сақталар өнегелі сөз, өрісті пікір, әдет-ғұрыптық ілім, жарасымды киім. Имандылық қағидаларында тойға да, былайғы уақытта да ер адамдарға жібек киім киюге тыйым салынған. Қуаныш

салтанатына киілетін киім аса қымбат болуы міндетті емес. Ең бастысы, таза, жұртқа ұнасымды, өзіне жарасымды болғаны. Имандылық қағидаларында еркектің кіндігі мен тізесінің арасы, әйелдердің білезігі мен тобығынан төмен жерінен басқа жерінің барлығы әбиірлі жер саналады. Тойға джинси, спорт киімін киіп бару көпшілікті сыйламауды білдіреді.

Киім адамның сыртқы әлеммен қарым-қатынасының айнасы. Мәдениетті адамдар сол өз деңгейіне лайық мәдениетті киінеді. Тым “айғайлап” тұрған киім адамның өркөкірек, жұртты менсінбейтін, тәкаппар мінезін байқатады. Ал Алла Тағаланың ең жек көретін қасиеті тәкаппарлық.



Сыңсу

Сыңсу – қыз бала ұзатылып бара жатқанда айтылатын қоштасу жыр. Ертеректе қыздар ата-анасының үйінен күйеуінің жұртына әкелілерде ішкі қимастығын білдіріп ағайын-туысымен қоштасып, жылайтын болған. Ол тек құры жылау емес, ішкі жан-дүниесінің тебіренісін көрсететін жырға айналған. Сыңсу бәсең дауыспен қыстығырылған реңкте айтылған. Этнограф-ғалымдар мен мамандар Сыңсудың әдет-ғұрпымыздағы рөлі туралы екі түрлі пікірде. Бір тарап сыңсуды жаңа заманға сүйрелеудің қажеті жоқ деп есептейді. Енді бір топ сыңсу да халқымыздың ескіден жеткен өз салт-дәстүрі. Соны мазмұн, жаңа түр берсе неге оны пайдаланбасқа деген уәж айтады. Жалпы сыңсу айтуды міндеттеудің қажеті жоқ. Оны айту-айтпауды ұзатылатын қыздың өзі шешкені жөн. Ал сыңсудың жұрт арасына кең тараған бірер үлгісі төмендегідей.

Әуеде торғай толып жүр,
Күйкентай оны қорып жүр.
Соңымнан ерген бауырым,
Сағындырмай келіп жүр!

Әлхамдулла салауат,
Арызымды тыңда, жамағат.
Енді айналып көргенше,
Жан көкем сізге аманат.

Әрдайым елім сау боп тұр,
Естіртпей бізге жаманат.
Анашым, сүтінді ақтармын,
Келтірмей сізге жаман ат.

Құлын тайдай жетелеп,
Өсiрдiң, әке, мәпелеп.
Кем қылмадың қатардан,
Жан әке, Сiзге рахмет!

* * *

Тiк бiтер өскен қарағай,
Барамын Сiзге қарамай.
Ақ сүтiңдi емiзген,
Риза бол, бiзге анам-ай!

Мiне, осы секiлдi жыр жолдары ағытыла бередi. Сыңсу жыры халқымыздың тұрмыс-салт жырларының iшiнде ең көп тараған түрi. Оның осындай небiр нұсқалары осы күнге дейiн сақталынған.

Сыңсу ерте кезеңде жат жұртқа ез еркiнен тыс кетiп бара жатқан қыздың өкпе-назын бiлдiру үшiн айтылса, бүгiнде ол ағайын-туысымен, балалық дәуренiмен, қыз шағымен қоштасу үрдiсiне айналып келедi. Қазiр кей жерлерде ұлттық дәстүрдiң бiр үлгiсi ретiнде сыңсуды тiрiлтуге әрекеттер байқалады. Көне дәстүрге жаңа мазмұн бере отырып қайта қолдануға жол ашсақ, одан еш ұтылмайтынымыз анық. Әдетте сыңсу мәтiнiн өлеңге ебi болса қыздардың өзi немесе ауыл ақындарының бiрi майын тамызып жазып беретiн болған. Қыз бала оң жақта отырып сыңсуға әзiрленсе, мәтiнде негiзiнен қимастығын бiлдiргенi, ата-анасына перзенттiк алғысын арнағаны жөн. Сол күнге дейiнгi еркелiгiн тастап, отбасылық өмiрге аяқ басып, Алланың адам баласына берген үлкен бiр бақыты жар сүйiп, бала сүйеге қадам басқалы отырғанын назарда ұстағаны жөн. Ата-анасының еңбегiн бағалау арқылы болашақ ата-енесiне де құрмет қажет екендiгiн түйсiнедi. Өзiн ата-анасы қаншалықты маңдай термен өсiрiп жеткiзiп, қаншама қиындықты бастан өткергенiн сезiнедi. Мiне, осындай тәрбиелiк жағынан алып қарағанда сыңсу дәстүрiн жоғалтпай, жалғастырған жөн тәрiздi.

Отқа май құю дәстүрі қайдан шыққан?

Халқымызда ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі “Отқа май құю”. Ол мұсылманшылық келерден көп бұрын шамандық кезеңінде қалыптасқан. Дәстүрдің мазмұны жаңа түскен келін босаға аттаған жеріндегі ошаққа май құйып, жалынын аспанға шығарып лаулатуында. Ұзатылған жеріне келген келін оң аяғымен табалдырықтан аттаған бойда қарсы алушылар үлкен әжелер мен жеңгелер шашу шашады. Сол жерде келіннің қолына май құйылған ожау ұстатылады. “Ал, келін-жан, жаққан отың өшпесін, жалының аспандасын, бәле-жала аулақ болсын! Отқа май құй!” дейді үлкен әжелер. Келін оны ошақта жанып жатқан отқа апарып тамызады. Жанып жатқан от лапылдап кетеді. Қазақ мұны жақсылыққа жориды.

Қазақ халқында оттың орны ерекше болған. От — жылылық, от — береке, от — қайнап жатқан қазан. Сіріңке, оттық жоқ ерте замандарда от тұтату өте қиын іс еді. Түскен найзағайдан, немесе шақпақ шағудан тұтатылған отты сақтау әйелдердің еншісінде болған. Оттың өшіп қалуы ол кезде апатпен бірдей болатын. Оты өшті деген сөз – жарықсыз, жылусыз қалу, аш қалу ғана емес жыртқыш хайуандардан қорғанышсыз қалу деген де сөз. Оты өшу бір әулеттің жойылуын да білдіреді. Сондықтан оттың үзбей жануы, жалынының аспандап тұруы әулеттің мықтылығын да, дәулеттілігін де білдірген. Қазақтағы от фетишизмі содан қалған. Үлкендердің бүгінде “Отты теппе”, “Ошақтан отты сыртқа шығарма” деп жатуының төркіні сонда. Шамандық, тәңіршілдікпен байланысты “От-

Ана” ұғымы сол кездерден бізге жетіп отыр. Кезінде отты күзету, оны өшіріп алмау өте сенімді адамдарға тапсырылған. Жаңа түскен келінге отқа май құйғызу дәстүрі осы шаңырақтың отын өшірмей, лаулата берсін деген тілектен шыққан. Бертін келе қазақ халқын құраған ру-тайпалар мұсылманшылыққа өткенде де бұл дәстүр сақталып қалды. Қазақтар отқа табынбайды, отты құрметтейді. Оның сөнбей лаулап тұрғанын қалайды. Сондықтан бұл дәстүр исламмен қайшылыққа келген жоқ. Өте әдемі кірігіп, ұлттық дәстүріміздің алтын қазықтарының біріне айналды. Ол – ары қарай жалғастыруға болатын дәстүр. Алматы қаласындағы “Бақыт” салтанат сарайында жас жұбайлардың некесін рәсімдеу кезінде осы дәстүрді жаңаша жаңғыртудың соңы мысалдары көрініс берді.

Қазақта бір үйлі жанды отбасы деп атауымыз да тегіннен-тегін емес. Отағасының да, Отанасының да, Отанның да бастауы отбасында жатыр. Сондықтан қазақтағы “Отқа май құю дәстүрі” отбасының мығым, берік, берекелі-ынтымақты болуы үшін жасалатын игі дәстүріміздің бірі. Ізгі мақсатты көздейтін ұлттық құндылықтарымызды ескіліктің сарқыншағы деп мұрын шүйірмей, оларды қайта жаңғыртуға атсалысайық!





Есте қалсын «Келін-шай»

Шай – қазекең мейірленіп ішетін тамаша сусын. Оның шығу тарихы қытай аңыздарында б.д. 220-280 жылдарына кетеді. Ал тарихи деректерге жүгінетін болсақ, V ғасырда қытай саудагерлері шайды түрік тайпаларына, көшпенділерге және тибеттіктерге сата бастаған. Ол IX ғасырда жапон еліне танылды. Ал Еуропаға XVI ғасырда португалдықтар арқылы жетті. Содан кейін Голландия, Ұлыбритания... Ал Ресей патшасына шайды моңғол ханы 1638 жылы сыйға тартқан. Содан хош иісті ғаламат сусынның дәмін ұнатқан патша 1679 жылы Қытаймен шай саудасын жолға қойды.

XX ғасырдың басында америкалық саудагер Томас Салливан шай саудасында жаңа серпіліс жасады. Дүниежүзінде бірінші болып шайды темір қалбырларға салып, әлемге таратты. Сосын жеңіл жібек пакеттерге, біртіндеп үстіне су құйып дереу қолдана беретін жалқыкәделік пакет шайлар қолданысқа енді. Бұл өнім де әлемге тез танылып үлгерді.

Шайдың қазақ топырағына келуі туралы үш тұспал бар. Біріншісі Жібек жолы арқылы бұдан 1500 бұрын келгендігін айтады. Түркілердің Аспан тау еліне қайта-қайта жорығы кезінде жұғысса керек. Екіншісі қытай шайы қазақ жеріне моңғол шапқыншылығы тұсында келді деген тұжырым ұсынады. Үшіншісі, шай біздің елімізге Ресей арқылы жетті дейді. Үшіншісі шындыққа онша жанаспайтын секілді. Өйткені қазақтарға самаурын /самовар/ ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда орыстар арқылы енгені рас, ал шай одан әлдеқайда ерте енгені күмәнсіз. “Шәйнек”, “шәугім” сөздері тілімізде ең кемі 700-800 жылдан бері бар. Шайдың орыстар арқылы келмегендігінің бір дәлелі — қазақтардың шайды сүтпен

ішуі. Ал шайды сүтпен ішу дәстүрі моңғолдарда, калмақтарда әлі күнге бар.

Ұйғырлардың тұзды еткен шайы, өзбектердің көк шайы, қазақтың қою күрең шайы ежелден қалыптасқан ерекшелік. Сондықтан қазақ халқын құраған рулар мен тайпаларға шай ең кемі мың жылдан бері таныс деп айтуға әбден болады. Бүгінде шай – қазақтың қай шаңырағының да қасиетті сусыны. Шай баптауға әдетте айрықша маңыз беріледі. Ұзаққа шай ішпесек, басымыз ауырып, ұнжырғамыз түсіп кетеді. Шайдың біздің мәдениетімізге кірігіп кеткені соншалық, келін түсіргенде қолданылатын “келін-шай” дәстүрі де бар. “Келін шай” рәсімі әдетте той өткен күннің ертесіне жасалады. Оның мәнісі жаңа түскен келінге шай құйдырту арқылы оның үй шаруасына икемділігін сынау және келінді жаңа туыстарымен етене таныстыру.

Шай құярда келіннің басында міндетті түрде жаулығы болуға тиіс.

Ашық-шашық отырмайды. Киімі сыпайы, жинақы болғаны жөн.

Келген қонақтарға жылы қабақпен, сынық жүзбен, инабатты пейілмен шай ұсынады. Енді осындай әдемі шай дайындаудың жолдарын баяндайық. Шайдың дәмді болуы біріншіден, шай құюшының ниетіне, екіншіден, шайдың сапасына байланысты. “Келінжан, тамағыңды емес, қабағыңды бер” дейтін нақыл тегіннен-тегін айтылмаған. “Келін-шай” рәсімі шайға әзірлік көруден, шай жабдықтарын дайындаудан және шай құю өнерінен тұрады. Сондықтан келін тойдың ертесіне жасалатын бұл рәсімге жауапкершілікпен дайындалғаны дұрыс. Ыдыстарының іші-сыртын тазалап, өрік-мейізін күні бұрын жуып, кептіріп қойғаны абзал. Қонақ келетін сағатқа тәтті-тұрымын арнайы ыдыстарға әсемдеп орналастырып, дастарқанның көзге тартымды әрі таза болуын назарда ұстайды. Шайды шығарардан

бұрын шәйнектің ішін қайнаған сумен екі-үш мәрте шайып, қайнаған судың мөлшеріне қарай шай салып, ортан белден төмен қайнаған су құйып, сүлгімен бетін 10 минутқа бұқтырып қояды. Сүтті пайдаланардан бұрын ысытады, шикі болса пісіреді. Қаймағы мол болса езіп алады. Сүтті кесеге майлылығына қарай ағаш қасықпен мөлшерлеп құяды, одан соң бұқтырылған шай қосылады. Шайдың түсі қою күрең болғанда үстіне шамалап қана қайнаған су құйылады. Соның өзінде кеседегі шай ортан белден аспауын есте ұстаған жөн. Құйғанда сарқыратып дауысын шығармай еппен құяды. Кесенің сыртына шай тисе қағаз сулықпен еппен ғана сүртіп алады. Кесе сол қолдың демеуімен оң қолмен ұсынылады. Бұл үлкен ілтипатты білдіреді. Шай суып қалмас үшін қайнаған су мен шығарылған шәйнектерді ауық-ауық ауыстырып отыруды естен шығармау да маңызды. Есте сақтайтан тағы да мынадай жағдайлар бар: кеселер алдын ала жуылып, сорғытылып қойылады.

Кісілердің көзінше жуып, сорғытып, сүртіп жату әбестеу көрінеді.

Көп жағдайда бұл адамдардың тәбетін қашырады. Ұсынғанда да, біреу алып бергенде де кеселердің ішіне саусақ салынбайды. Кесені сыртынан ұстайды. Біреу пайдаланған кесені сол мезетте бір-екі рет шая салып, қайта пайдалану дүйім жұрттың алдында ұятқа қалдырады. Кесені шатастырып алмай, мұқияттылық таныту ол да бір үлкен сын. Кезекті кесеге шай құярда түбіндегі самасын шайып тастау керек.

“Келін-шайды” бабымен әзірлеу де, демдеп ұсыну да, көпшіліктің алдында шай құю да оңай шаруа емес. Келіндер осы жағдайды жадында сақтаса құба-құп.



Тойбастар

Тойбастар – қазақтың баққаны қой, жасағаны той болғалы кезеңнен келе жатқан салт. Ол негізінен символикалық, рәміздік мағынаға ие. Осы аяқталып бара жатқан қуаныш жаңа жақсылықтармен жалғассын деген ниетпен ұсынылады. Сондықтан ол тойдың аяқталар тұсында жасалады.

Әр үстелге тәтті-тұрым, беторамал, көйлектік мата, ерлердің жейдесі салынған табақтың беті орамалмен немесе матамен жабылып қонақтардың алдына тартылады. Тойбастар табақтары бірінші кезекте мерекелік дастарқан басында отырған құда-жегжат пен кәделі қонақтардың, елге сыйлы, аузы дуалы қарт ата-әжелердің алдына әкелінеді.

Тойбастар рәсімінің әнмен басталуы шарт. Алдымен жолы үлкен меймандар тарапынан “тойбастар” айтылады. Ары қарай үлкен-кішісі кезектесіп немесе жапатармағай ән бастап, ол әр үстелмен жалғасып кете береді. Үлкендер бірінші болып табақтың бетін ашып, ондағы тәтті-тұрым, мата, бет орамалдар қатарлас отырғандарға теңдей бөлініп беріледі. Тойбастар табағынан көпшілік ауыз тиіп, “біздің де үйімізде қуаныш болсын, той болсын” деген ырыммен бір уыстан болсын үйіне ала кетіп, бала-шағасына ауыз тигізеді.

Тойбастарға қажетті заттарды әркім өз шамасына қарай алады. Мақсат алынған заттардың бағасында емес, оның мағынасында. Шын көңілмен, жайдары жүзбен, ізгі тілекпен жайылған дастарқандағы ас та, жасалынған кәделер де кімнің болсын көңілінен шығатыны анық. Той — жақсылықтың жаршысы! Қандай тойға барсаңыздар да барға қанағат қылып, бөгде адамдардың қуанышын бөлісе біліңіздер! Тойбастардан дәм татып, Сіздердің үйлеріңізде де қуаныш жалғассын!

Сәлем салу

Қазақ халқында ежелден бар қасиетті дәстүрлерінің бірі келіндердің үлкендерге сәлем жасауы. Ғасырлар бойы жалғасқан бұл дәстүр кеңестік кезеңде ескіліктің сарқыншағы ретінде айыпталып, кері серпілді. Қызыл империя кезінде өзге ұлттардың ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарын жойып, орыстандыру саясатын жүргізгені мәлім. Бүгінгі таңда болса ұлттық тамырларымызға қайтып оралу туралы жиі айтамыз. Әсіресе жаһандандыру үдерісі төніп тұрған шақта оған жұтылып кетпеу үшін қарсы қоярымыз да тек ұлттық мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымыз екендігі ақиқат. Ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен дәстүрлеріміз – ажырап қалуға болмайтын асыл құндылықтар. Тәуелсіздік алдық десек те санаға сіңген бодандық сарқыншақтары әлі күнгі желкемізден тартып, жібермей келеді. Ал уақыт болса өтіп барады. Уақыт өткен сайын халқымыздың генетикалық жадындағы әдет-ғұрыптарымыз жойыла бермек. Сондықтан осы дәстүрлерімізді тек тірілте бергеніміз ұтымды.

Соңғы жылдарда М.Әуезовтің «Ұлтыңды түзеймін десең, бесігіңді түзе!» деген пікірі қанатты сөзге айналып кетті. Алайда осы сөзге толықтыру енгізу қажет сияқты. Мен «Ұлтыңды түзеймін десең, бесігіңді түзе, бесігіңді түзеймін десең, келініңді түзе!» дегім келеді. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің дені келіндер арқылы өрбіп, келіндер арқылы жалғасады. «Қазақтың келіндері-ай!» деп тамсансақ, көз алдымызға келері

де сондай келіндер. Ұлттық дәстүрлерімізді жаңғырту туралы қаншама айтқанмен, оны жүзеге асыратын келіндер болмаса, бәрі бос сөз күйінде қалады. Үлкендердің алдын киып өтпеу, үлкендердің сөзіне килікпеу, сәлем салу, аттергеу т.б. дәстүрлер тек келіндер арқылы ғана өміршең.

Меніңше, ең алдымен «сәлем салу» дәстүрін жаппай тірілткеніміз жөн. Әдетте той үстінде «Беташар» айтылып, жаңа түскен келін сол жерде жаңа туыстарына иіліп сәлем салады да, осы дәстүрдің бас-аяғы сонымен бітеді. Ақиқатында «сәлем салу» өмірбақи жалғасады. Көрген сайын сәлем жасалады. Келін тойда сәлем салған адамдардың бәріне болмаса да ең жақындарына: атасы мен енесіне, қайын ағаларына, жолы үлкен кісілерге сәлем салғаны өте жарасымды. Осы дәстүрдің тәрбиелік мәнінен өзге ешқандай қиыншылығы жоқ. 1998 жылы Наганодағы қысқы олимпиада кезінде Токиода бейтаныс таксист пен жолаушының бір-біріне құрмет білдіріп, 10-15 рет иілгенін көріп таңғалғаным бар. Жапондарды ескіліктің қалдығын сақтады, өркениеттен кейіндеп қалды деп кім айтады?

Қазақта «сәлем салу» ең алдымен келіннің үлкендерге құрметін білдіреді; ол келін мен үлкендердің арасындағы өзіндік әдептілік пердесіне айналады. Сәлем салынған адам сәлемді қабылдап, рақметін айтады. «Көп жаса!» деп батасын береді. Ол келіннің көзінше ешқашан жаман сөз айтпайды, нашар қылық көрсетпейді. Келін арқылы үлкендер өзін тәрбиелеген. Қайын атасы мен келіні бір-бірімен тікелей сөйлеспейді. Айтатындарын ене арқылы жеткізетін болған.

Бізде дәстүрдің кері шегінуіне кейде үлкендердің өздері себепкер болып жатады. «Мен «современный» адаммын шырағым, маған сәлем салмай-ақ қой, басыңа

орамал тақпай-ақ қой» деген сөздерді ауық-ауық құлағымыз шалады. Қазақ халқы ұлттық дәстүрлерімізді орындатқызбай, санаттан шығартып тастауға ешкімге құқық берген жоқ.

Кейінгі жылдарда кеңестік ықпалдың салдарынан келіндер сәлем салудан ыңғайсызданатын, ұялатын болып жүр. «Сәлем салу» арқылы келіндер алғыс алады, бата естиді, көгеріп көктейді. «Келін болып түскеніме бәлен жыл болды, енді аяқ астынан қалай сәлем саламын?» деп қиналатындар бар. Сәлдем салуды бастап кетудің екі жолы бар. Бірі түскен күннен бастау, екіншісі – күн мен түннің теңелген Наурыз мерекесінде бастап кету. Егер осы дәстүрімізді той мен театр сахнасынан шынайы өмірге көшіре алсақ, керемет жетістік болар еді.

Сәлем салудың пайдасы ұшан-теңіз. Ең ғажабы, сәлем салған келін мен үлкендердің арасында ешқашан ұрыс-керіс болмайды. Келін өзі келген жердің әдет-ғұрпын сақтайды, келер ұрпаққа жалғастырады. Сәлем салу қазақтың әдет-ғұрыптарының алтын қазығы, ұлттық ерекшеліктерінің суалмайтын тамыры. Ендеше, қане, келіндер сәлем салуды ұмытпайық!



Абысындар институты

Халқымызда ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынастың беріктігіне айрықша мән берілген. Ағайын арасының ауызбірлікті болуы өзге ауылдар алдында беделін арттырған. Бір әулеттің мықтылығынын арқасында тұтас ру-тайпа мықты болған кездер көп. Әдетте ағайын арасының сыйласымдылығы, татулығы мен беріктігі үш нәрсеге тәуелді. Ең алдымен бұл ауыл ағасының мықтылығынан туындаған. Ол ұрыс-керіске, жанжалға жол бермеген, мықты беделінің арқасында ол ренжіскен ағайынды ақыл айтып, бір-бірінен кешірім сұратып, тез-ақ жөнге салып отырған. Оның еркі мен байламына ешкім қарсы келмейтін. Екінші, ағайын арасының татулығына имандылық қағидалар жөн сілтеген. Шарифат жолында мұсылман баласы үш күннен артық бір-бірімен ренжісіп жүруіне болмайды. Ата-ананы, бірге туған аға-іні, апа-қарындасты құрметтеу, қажет кезде қол ұшын беру, жиі хабарласып, амандық-саулығын біліп тұру имандылықтың бауыр отбасылық алтын заңдарының бірі ғой. Үшіншіден, ағайын татулығы абысындар татулығынан бастау алып жатады. Қазақ абысындар татулығын жоғары бағалаған. Өйткені осы абысындар қарым-қатынасы – шынайы туыстық қарым-қатынастың негізгі іргетасы. Біздің әңгіме еткелі отырғанымыз да осы абысындар қарым-қатынасы, яғни Абысындар институты туралы.

Ал жалпы абысын қандай туыс?

Бірге туған жігіттердің әйелдері бір-біріне абысын болады!

Яғни бір әкенің төрт келіні болса төртеуі де бір-біріне абысын болады. Қазақта абысындардың иерархиялық орындары бар. Үлкен ағаның әйелі одан кіші інінің әйелдерінен жолы үлкен болады. Онымен тек қарашаныраққа ие болып қалған ең кіші інінің қарақан ұстап отырған келіні ғана теңестірілуі мүмкін.

Кеңестік кезеңде қазақтың дәстүрлі ағайын-туыстық қарым-қатынастары жаппай отырықшылыққа көшу, кеңестік-партиялық билік ықпалы, қоғамдық қарым-қатынастарда ресми сипаттың белең алуы салдарынан бәсеңсіп қалды. Таптық негізде інінің ағаға, баланың әкеге, қыздың шешеге қарсы шығуы мадақталып, марапатталып жататын. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан ағайындық, туыстық қатынастарды жоя алмаса да айтарлықтай әлсіретті. Қайта Қазақстанның тәуелсіздік алуы, нарықтық қатынастардың өмірімізге дендей енуі, капиталистік белгілердің пайда болуы қазақтың ағайыншылық институтын жандандырды. Жекеменшік бизнес ағайындық-туыстық қатынастардың жаңаша дамуына серпін берді. Бұрынғы ауыл ақсақалдарының рөлі енді жөн білетін кәсіпкерлердің қолына көшті. Иmandылықтың да ықпалы күшейіп келеді. Нарықтық қатынастар Абысындар институтының маңызын күшейтті. Абысындар бір шаңырақ астында бірге тұрса да, бөлек тұрса да бір әулеттің түтінін түтетісіп отырған соң ауызбірлікті болудың қажеттігін түсінді. Кеңестік дәуірде “ағайын бір өліде, бір тіріде” деп онша керексінбесе, енді басына күн туса ағайыннан басқа ешқандай “партком”, ешқандай “әкімшілік” көмектесе алмайтынын жұрттың бәрі түйсінді. Әсіресе сезімтал келіндер мұны алдымен байқады.

Еліміздің оңтүстік өңірлерінде нарықтық қатынастардың алғашқы кезеңдерінің өзінде көпбалалы шаңырақтарда келіндер кооперациясы жанданды. Бұл дегеніңіз – бір әулеттегі келіндердің бірігіп еңбек бөлінісін жүзеге асыруы еді. Он-жиырма мүшесі бар отбасыларында бұл қажеттілікке айналды. Бірі тамақ жасаса, бірі кір жуды, бірі бала бақты, бірі бақшаға қарады, бірі қызмет істеді... Еңбек бөлінісі әлеуметтік-материалдық жағдайды жақсартуға, оның игіліктерін бірігіп пайдалануға мүмкіндік берді. Қазір көптеген абысындар үйге күрделі жөндеу жасағанда, әктегенде, асарлатып құрылыс алғанда жабыла көмектесіп талай шаруаларды тындырысып беруді әдетке айналдырған. Әсіресе, қыз ұзатып, келін түсіргенде, құда күтіп, той жасағанда қазақта абысындар институтынан асқан мықты ұйым жоқ.

Біртіндеп абысындар институты нығая бастады. Бүгінгі күні абысындар институтын – ағайындар ынтымағының қазығы, жаңа түскен келіндерді отбасылық тіршілікке бейімдейтін, жас ұрпақты тәрбиелейтін өзіндік мектеп деуге болады. Ол мектептің заңдық-құқықтық формасы жоқ, алайда ол атам заманнан бері, ғасырлардан жалғасқан ұлттық дәстүрлі мектеп.

– Менің бес абысыным бар, – дейді Құралай дейтін келіншек. – Сол әулетке келін болып түскеніме жиырма жылға жуық уақыт болып қалды. Үлкен абысындарым маған енеммен бірдей. Білгендерін үйретіп отырады. Мен де өзімнен кейінгі абысындарыма қолымнан келгенше көмектесіп отырамын. Жақсылығымызға жиналып, әрқайсысымыз әр шаруаны қолға алғанда екпініміз тау қопарардай болады. Енеміз біздің бұл ауызбіршілігімізге риза болып үнемі батасын беріп жатқаны. Абысындардың тату қарым-қатынасы біздің

жолдастарымыздың да бауырластық, аға-інілік қарым-қатынастарын нұрландырып тұрады, Бір абысын-қайнағамның дипломатиялық салада қызмет істейтін үлкен ұлы бәріміздің ұл-қызымызға өнеге. Бұл олардың тәрбиесіне де ықпал етіп келеді. Ағайын арасы үшін бұл нормалық көрініс деп ойлаймын.

Иә, абысындар тату болса ағайын арасы ешқашан бұзылмақ емес. “Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп” деген қанатты сөз бекер айтылмаған ғой. Ынтымақ-бірлікке, татулыққа шақырған ғажайып мақал өз мәнін әлі күнге жоғалтпағаны ағайынгершіліктің қымбаттылығынан болса керек.

Абысындар ағат айтылған пікір, берілмей қалған көйлек-көншек, басқосуларда тимей қалған сөз үшін араздасуға болмайтынын ұғына бастады. Арзан дүние үшін қымбатыңды жоғалтуға болмайды ғой.



Ене мен Келін ИНСТИТУТЫ

Қазақ халқының дәстүрлі отбасында Ене мен Келін арасындағы қарым-қатынаста ешқашан қиындық туған емес. Бұл негізінен кешегі кеңестік кезең туғызған қиғаштық. Ене мен Келін институты ілкі замандарда алғы буын мен кейінгі буынның үндестігі, дәстүрлердің сабақтастығы түрінде өрбіген болатын. Кеңестік кезеңдегі әйелдердің отбасындағы «теңқұқылығы» дейтін ойдан шығарылған саясат қазақ отбасыларында ене мен келінді сабақтастық сипатынан ажыратып, бір-біріне қарсы қойып жіберді. Оның салдары күні бүгінге дейін ғана емес, алда да ұзақ жылдар теріс зиянын тигізетін болар. Бұл қиғаштықтан туған дертті жоюдың жолы – халқымыздың ежелгі үздік салт-дәстүрлеріне қайтып оралу. Ал енді осы ене мен келін арасындағы жара-сымдылықпен жалғастыру туралы ой өрбітіп көрелік.

Ең алдымен ене мен келінге өзіндік анықтама беруге тырысалық. Ене кім? Ол кеше өзі басқа бір шаңырақтың босағасын аттап, келін болған біреудің қызы еді. Сәукелесі сыңғырлаған келін болды, бала тауып келіншек атанды. Бір үйдің әрін кіргізген әйел болды. Қызын ұзатып, ұлын үйлендіріп сары қарын бәйбішеге айналды. Отбасының қызығы мен шыжығын бастан кешіріп, өмірлік тәжірибе жинақтады. Сондықтан оны тіршілік мектебінің ұстазы десе болады.

Ал келін кім? Келін – біреудің оң жақтан ұзатылған қызы, үлпілдеген үміті. Барған жерінің болашақ

анасы. Келін өзінің қыз күніндегі еркеліктерін, қисық мінездерін артында қалдырып, барған еліне «Судай сіңіп, тастай батуға» тиіс. Барған жерінің тәртібіне көндігіп, соған кірігуге ұмтылады. Келін өзінің шәкірт екенін үнемі есте ұстағаны, терең ұғынғаны жөн. Егер бәрін өз тәртібіне көндіргісі келсе, барған жеріне сінбей ақыры ажырасып тынады. Шәкірттің жаңа жұртындағы ең үлкен ұстазы – енесі. Қазақта ененің айтқаны қашанда заң болған. Өйткені ене мен келінді туыс етіп, байланыстырып тұрған қазық – ер азамат. Ол анасына – бала, әйеліне – күйеу. Шаңыраққа ие болып тұрған азаматқа екеуі де сүйеу болуға тырысуы қажет. Ене мен келіннің арасындағы қиғаштық жігіт адамның өмірін тозаққа айналдырады. Бұлай болмауы үшін ене де, келін де ортақ түсіністікке келуі керек. Ұлының қандай асты жақсы көретіні, мінез-құлқының қандайлығы ең алдымен анасына мәлім. Жаңа түскен келін келген жерінің ерекшеліктерінен де, күйеуінің мінез-құлқынан да, нені жақтыртып, нені жақтырмайтынынан да көбіне бейхабар. Сондықтан келін күйеуіне қатысты маңызды ақпараттарды енесінен алады. Ұстазынан үйренген шәкірттей енесінен бойына дарытады. Өмірлік серігімен тату-тәтті ғұмыр кешудің жолдарын қарастырады. Баласының көңілін тапқан келініне енесі де ризашылық білдіреді. Көбінесе енелер тарапынан туатын қиғаштық баласына деген жанашырлықтан өрбиді. Баласының киімінің кір шалуы, тамағының дұрыс дайындалмауы, т.б. Сондықтан мұның алдын алу үшін ежелден қалыптасқан Ене мен Келін институтына қайта оралу керек. Оның қазақ ұлты үшін пайдасынан басқа зияны жоқ. Жақсы ене болғысы келген келіндер осы дәстүрге жүгінгені абзал.

Атаңа тік қарама!

Келін – бір елге жанадан келген басқа үйдің жас баласы. Тіптен оның жасы ересектеу болса да ол босаға аттамағандықтан, көңілі бала кейпінде. Сондықтан жанадан келген отбасы мүшесіне қамқорлықпен қарау, ішке тарту қажеттігін естен шығармау керек. Осыған байланысты мынадай бір тәмсіл әңгіме бар.

Бір шаруа жалғыз ұлына өзіне тең бір замандасының қызын айттырып алып береді. Той өткізіліп, отбасы мүшелерінің көңілі жайланып, келін қайын сіңлілерімен араласа бастайды. Оларды өзіне баурап, емін-еркін сөйлесіп, қалжыңдасып отырғанда, үйдің сыртында дәрет алып отырған атасы келіннің қатты күлгенін жақтырмай:

– Осыншама саңқылдап қатты күлген қай көргенсіздің баласы екен?– депті. Бұл сөз жас келінге ауыр тиеді. Сол сағаттан бастап мүлдем сөйлемей қояды. Кешкісін малын қамдап келген күйеуіне де сөйлемейді. Аң-таң болған жұбайы анасынан мән-жайды сұрайды. Бұған анасы да таңырқанып, келінімен сөйлесуге талпынғанымен, нәтижесіз болып шығады. Бұл оқыс жағдай отбасы мүшелеріне төбеден жай түскендей әсер қалдырады. Келінін бақсы-балгерлерге апарғанымен де ештеңе шықпайды.

– Келініміз мылқау болып қалды. Ұлымызға шүйір-келесіп отыратын жар керек — деп кемпір мен шал ұлына жеті жылдан кейін бір ауылдан қыз айттырып келеді. Жаңа келін арбадан түспей жатып:

– Келіншектің үйін ілгері тігіндер, көкжimmenнің үйін кейін тігіндер, — деп отауын тігіп жатқандарға бұйыра сөйлейді. Сонда жігіттің бірінші әйелі тұрып:

– Келін, келін, келін-ай,
Келмей жатып сөзге бақ.

Мен келгелі жеті жыл,

Сөйлегенім бүгін-ақ, — депті. Бұны естіген атасы:

“Ой-бай, балам, ана саныптыдаған тоқалыңды құрт, ақ келінімнің садағасы кетсін!” — деп, жаңа келген келінді отауын тіктірместен, төркініне апарғызып тастайды.

Кейіннен келінінің жеті жылдай сөйлемей қойған себебін естігенде: “Аһ, сақалдыдан кеткен ағаттық, сайтанға болар тояттық”, – депті атасы. Міне, бұл атасының андамай айтқан сөзінің келінінің жүрегіне қаншалықты ауыр тигендігін білдіреді. Сондықтан қазақта атасы келініне ешқашан тік қарап сөйлемеген.

Сырттай естіген әңгімеден қорытынды шығарған қазақ келіні инабаттылықты ту еткен. Аталар келініне керекті әңгімесін кемпірі арқылы ғана айтқызып. Бір емес, бірнеше рет келініне ескерту жасай берсе, келіні атасынан көңілі қалады немесе ашындырып алуы да мүмкін емес пе! Сондықтан осы мәселені халықтық педагогиканың о бастан-ақ қарастырып қойғандығы көңілге қона кетеді. “Келініммен қалай сөйлессем?”, “атама қалай қарасам?” деген проблема оңды шешімін әлдеқашан тапқан. Келіні де атасына иіліп сәлем салып, одан ешқашан қатты сөз естімеген. “Өйт, бүйт” деп өмірі дауыс көтермеген атаға келін тарапынан көрсетілетін құрмет те өз деңгейінде жасалынған.

Бұл процесс қазақ қоғамы үшін жат құбылыс емес. Сондықтан игі дәстүрді жаңғырту Сіздер мен Біздердің қолымызда. Жақсы келін болу қоғам үшін емес, әркімнің өзі үшін керек. Инабаттылықты, адамгершілікті көріп өскен ұрпақ ертеңгі күні соның жемісін берері анық. Келешекте жақсы ене болудың практикасы жақсы келін болудан өрбіген қазақ әйелінің отбасындағы рөлі осындай. Ал аталарға айтарымыз, келінін қызыңдай, қызыңды ұлыңдай, ұлыңды жаныңдай көре білсең, еміренген немере, тебіренген шөбере, жаннан жақын жиен сүйетіндіктеріңіз анық!

Ене тәрбиесі

Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі ананың орны тым ерекше. Тіпті, халық даналық ұрпағына өсиет етіп қалдырған «Алып анадан туады» дейтін бағдарлы сөздің мәні мен мазмұнын ашуға да бірсыпыра күш салғандай болдык. Оның шын мәніндегі жұмбақ сырын шешуге тырыстық. Енді сол ананың екінші қырын байқататын қолына келіп түскен келініне сыйлар үлгіні, ене тәрбиесінің ережелеріне қосып айтып беруді жөн көрдік. Мұнсыз ұрпақ тәрбиесінің бір кезеңі түгелдей айтылмай қалған болар еді.

Мүлдем жаңа ортаға келіп түскен біреудің бұлдіршіндей қызының, бірден олардың арасындағы, тіршілік тұрмыстағы әдет-ғұрыптары мен психологиялық мәнерлеріне қалыптасып кету онай шаруа емес. Міне, осынау бір аса қиын кезеңде қолұшын беріп көмекке келетін тағы да ана болмақ. Бірақ бұл жолы жанын шүберекке түйген жас келіннің жанынан табылатын, өзі сүйіп қосылған жан жарының анасы, яки оның екінші тіршілігінің тірегі болып табылатын енесін айтамыз. Міне, осыдан бастап жас шаңырақтың дұрыс өркен алуына көмектесетін ене тәрбиесі басталады. Өйткені жас әйелдің болашақ өмірінің дұрыс қалыптасуына енесінің берер жәрдемі көп. Бірден, оның басына ошарылып түскен үй шаруалары да, толып жатқан ізет пен қызмет етер тәрбиені де тек парасаты мен инабатына орап ұсынатын енесі екенін ашып айтқан жөн. Міне, тап осы кезеңде жаңа түскен келіннің де, қолына келін түсірген ененің де бойларындағы адамшылық қасиеттері мен ішкі рухани байлықтары сынға түседі. Егер ене де, келін де мінезді болып,

барлық жағдайларын парасатпен шеше алатын болса, олар сөз жоқ өз шаңырақтарының бақытын дәуірлетіп, бүкіл сол әулеттің абыройын аспанға көтереді. Ал керісінше, болған жағдайларда ене мен келін ит пен мысықтай ырылдасса шаңырақ шырқын бұзумен қоса оның астындағы береке-бірліктерін де тоздырып бітіреді. Бұл ауыртпашылық болашақ ұрпаққа да өз салқынын тидірмей қоймайды.

Қазақ дәстүрінде келіннің дастархан жайып, шай құйып беруінің өзін үлкен өнерге баланған. Оның қонақ күтудегі дидары, отырыс-тұрыстары, үйден кіріп-шыққандағы қозғалыс жүрістері, тіл қатудағы мәнері, міне, осылардың барлығы да тәлім мен тәрбиені қажет ететін, жас келіннің алдындағы игеретін игіліктері болып табылады. Осының бәріне де тәрбиелеп үйрететін жас келіннің енесі! Тіпті парасатты енелердің тәрбиесінде келініне ерін күтуді де еппен айтып, есіне салып отыратын болған. Мәселен, күйеуінен басқа ер адамдармен қарым-қатынастың жөні; ер адамдардың жолын кесіп өтпеу; үлкендер отырған үйге жөн-жосықсыз кірмеу; жалаңбас, жалаңаяқ жүрмеу; үлкендердің әңгімесіне өздері сұрамаса араласпау; оларға шай құйғанда бір тізерлеп қырын отыру; қазан-ошақтың дыбыстарын қатты шығарып салдырлатпау; балаларға шаңқылдап ұрыспау; үлкендердің көзінше дауыс көтеріп сөйлемеу; үлкен үйдің төріне шықпау; нанды саусақ арасына салып бір қолмен үзбеу; жер таянып отырмау; желбегей жүрмеу, осы тектес толып жатқан үйренетін іс-әрекеттер, негізінен ене тәрбиесінің ауқымына енеді. Кейде өзара түсінісіп, сыйластыққа жеткен енелері келіндерінің тума-туыстығы бар үлкен адамдарға, үйлесімді етіп ат қоюына да көмектеседі. Себебі, жаңа түскен келін, қайындары мен қайын сіңлілеріне ат қоюға қиналмаса да, ауыл үлкендерінің мән-жәйін енесімен ақылдаса отырып шешеді. Жаңа шаңырақтың иесі, жаңа түскен келін

үшін ене тәрбиесінің қадірі мен қасиетін ештеңемен салыстыруға болмайды. Тіпті, халық арасында жиі айтыла беретін: «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығадының...» түп төркіні де осы ене тәрбиесінің пәрменділігінде жатса керек. Жаңа шаңырақтың астында тұңғыш дүниеге келген бала бүкіл ағайын-туғандарының ғана қуанышы емес, рулы елдің жүрекжарды жаңалықтарына айналады. Соның ішінде, егер қатарынан бірнеше ұлды дүниеге әкелсе, аса ұлағатты сый-құрметтерге бөленеді.

Мұндай сәттерде келініне әбден мейірімі түскен енелер: «...Қарағым, сен де ана болдың, енді мүлдем балалықтан қол үздің?! Басы қату болса, аяғы тату болады дейтін осы! Алғашқы келген кезінде қаталдығым болса, сен тез ширасын деп істеген әрекеттерім еді...» деп келіне арнайы тіктірген кимешегін кигізіп құрмет етеді. Міне, осы күннен бастап, келінін өзіне сәлем етуден және босағада отырудан босатады. Осылайша, береке-бірлігі жарасқан шаңырақтардың астында дәурені мол айналасына үлгі боларлықтай өмірлері жалғаса береді. Ендігі жерде халқымыздың салып берген тамаша дәстүрлері бойынша, «келін төркіндеп», «күйеу қайындап», «жиен нағашылайтын», арнайы қонақтау мен араласудың жөн-жоралғылары басталады.

Халқымыздың ғажайып бір дәстүр-салты, жетпіс жастағы кемпірлер төркініне келгенде, «бәрекелді, төркіндеп қызымыз келіп қапты» деп мәре-сәре болатын қайран жұртымыз, туған қызынан да, туған ұлынан да ештеңесін аяп көрген емес. Тек ұрпағы қайырымды болып, ата дәстүрін бұзбай, ана салтына жауапты болса екен деп тілейді. Онсыз халықтың қасиеті дамып, болашақтары өркен жаймайтындығын үнемі ескеріп отырған жөн.

Бесік той

Бесік той бала қырқынан шыққасын жасалынады. Ал бүгіндері бұл мереке бала қырқынан шыққан күні де өткізіліп жүр. Бесік тойға нәрестенің өз жұрты, нағашы жұрты, алыс-жақын ағайындары, көрші-қолаң, ет жақын достар жиналады. Қонақтар өздерінің шамасына қарай сыйлық, пұл және тойдың шашуы ретінде тәтті тұрым ала келеді. Үлкен кісілер той дастарқанына отырмас бұрын ақ батасын береді.

Жас нәрестенің қуанышына жайылған дастарқанға ішімдік қойылмайды. Әркім шын көңілімен ақтарыла ізгі тілектерін арнайды. Ән мен жырға кезек беріліп, түрлі ойындар ойналады. «Тойбастар» айтылады. Үлкендер ұлағатты әңгімелер тізгінін ағытады. Қарт әжелер бала тәрбиесіне, күтіміне байланысты ақыл-кестер айтады. Мәселен, нәрестені қандай суда қанша рет шомылдыру керек, қандай маймен қай жерін сылау керек сияқты сауалдардың жауабын айта отырса оның пайдасы, әрине, зор болмақ.

Ас ішіліп болған соң, баланы бесікке бөлеу рәсімі орындалады. Біріншіден бесікті адыраспанмен аластайды. Бұл рәсім кезінде діни ұғымға байланысты бесік пәле-жаладан, жын-шайтаннан тазартылады деген оймен дүниеге келген. Екіншіден, ол гигиеналық тұрғыдан да пайдасы бар. Адыраспан түтіні түрлі вирустық аурулар туғызатын микробтарды жояды.

Нәрестені бесікке бала өсірген тәжірибелі келіншек, немесе көпбалалы аналардың бірі салады. Қазақ өзінің жақсылығын қашанда ізгі ниетті адамның жақсылығымен жұғысты болсын деп тілейді.

Сонымен, бесікке салушы бесіктің барлық жабдық-

тарын өзіне ыңғайлы етіп дайындап алғасын, келген қонақтарды шақырып отырғызады. Шашуға әзірленген күрт, май, кәмпит, ежігей, бауырсақ, кант, күміс ақшаны уыстап бесіктің түбегінен төмен шығарып тастағанда әйелдер қауымы қолын тоса қалып, содан алуға тырысады. Шашу үлестірілген соң бесікті отпен аластауда:

“Алас, алас, баладан алас, Иесі келді, пәледен көш! Алас, алас, пәледен алас, Көзі жаманның көзінен алас, Тілі жаманның тілінен алас, Қырық қабырғасынан алас, Отыз омыртқасынан алас”, деген сияқты сөздер айтылады.

Содан соң бесіктің арқалығына бірнеше жерден термірмен қарып белгі салады. Әжелер: “қырандай көреген болсын” деп бесіктің арқалығына бүркіттің тұяғын байлайды, “жын-шайтаннан, көзден сақтасын” деп тұмар жаздыртып тағады. “Сұлу болсын”, – деп басына айна, тарақ жастайды. Баланы бесікке бөлегесін даусы жақсы бір келіншек бесік жырын баяу дауыспен айтса, тіптен жарасымды. Тойды ұзаққа созбаған жөн. Жас нәрестеге көпшіліктің назарын көп аудартпаған дұрыс. Той соңында үлкендер батасын беріп, тойдан сарқыттарын алып үйлеріне тарасады. Бесікке бөлеген әйелдерге білезік, сақина, жүзік үлестіріледі. Ал бесікке салған кісіге бір көйлектік мата беріледі.

Бала бесікте анасының омырауынан шыққанша жатады. Бесіктің үлкен пайдасы балаға суық тимейді әрі гигиеналық тұрғыдан таза. Мәселен, үйге қонақ келе қалса, баланы кім болса сол қолына ұстап жүрмейді, беті жабылған бесікті кім де болсын тербетіп, сәбиді жұбата алады.

Бесік – экологиялық тұрғыдан да таза бұйым.

Сәби бесікте жатқанда анасының ұлағатты әнін естіп, бойына тәрбиелік мазмұндағы, рухани өнерді өз ана тілінде қабылдайды. Қазақтың туған жерді бесікке теңеуі бесікке деген құрметінен. Бесіктің тағы бір

пайдасы, баланың нәжісі оның денесіне жайылмайды. Ал денесі құрғақ бала тыныш ұйықтайды. Егер баланы бесікке бөлемесе ол анасының жанында ұйықтағасын оның иісін алып, онсыз ұйықтай алмайды. Ұйқысы жиі бұзылады. Ал ұйқының дұрыс болмауы баланың психикасына кері әсерін тигізеді. Анасының ұйқысы да жиі бұзылады. Ағзасы дұрыс демалмаған ана шаршайды. Ал мазасызданған ананың омырауынан кейде сүт қашып кетеді. Міне, осы жайттарды ескерсек, баланы бесікке бөлеудің қажеттілігіне көз жеткізуге болады. Ұлы тұлғамыз Бауыржан Момышұлы: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екіншісі, немересіне ертегі айтып беретін әжесінің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның, қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже жоқ» деген екен терең толғаныспен.

Қазақта бесікті басыбайлы ешкімге бермейді. Уақытша пайдалануға берерде бесіктің басына ақ байлайды. Бала бесіктен шыққасын бесіктің басына асық буылған ақ байлап қояды. Бесік – жақсылықтың тілеушісі.

Бесікті кімдер әкеледі?

Қазақтың көнеден келе жатқан әдет-ғұрпы бойынша жаңадан дүниеге келген балаға бесікті және анасына қалжаны нәрестенің нағашы жұрты алып келеді. Егерде нағашыларының бесік әкелуге мүмкіндігі болмаса ұрпағы көп аналар кішкентай нәрестеге сыйлық ретінде бесік әкелгені дұрыс. Ол – жақсылықтың нышаны. Осы үйде де сондай қуаныш көп болсын деген ырымға саяды.

**IV бөлім
Жат дәстүрді
жолатпа!**



Арқан керу қазақтың дәстүрі емес

Арқан керу дәстүрі қазақтың құдалық салтанатында жиі көрініс беріп жүр. Ал енді бұл қазақтың ұлттық дәстүрі ме, әлде сырттан келген кірме дәстүр ме? Міне, осы сауалға жауап іздеп көрелік. Негізінен әдет-ғұрып, салт-дәстүр өзінің тұрақтылығымен, өнегесімен қымбат. Өкінішке орай жетпіс жылдан астам қызыл империяның тұсында халқымыздың әдет-ғұрпына жағымсыз, қажетсіз «дәстүрсымақтар» еніп кетті. Оның ішінде қолдан жасалған «советтік» дәстүрлер де «аға ұлттың» өнегесі ретінде орыс халқының дәстүрлері де бар.

Оған мән бермеген орта буын да, қазіргі жас буын да әлгіндей «дәстүрсымақтар» да қазақ халқының тел дәстүрі деп ойлайды. Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясы кебек ішінен дән тергендей төл дәстүрлерімізді сұрыптап, озығы мен тозығын саралап, ұлттық деңгейде насихаттап, қолдауға болатындарын жұртшылыққа ұсынуды мақсат етіп отыр.

Әлгінде сөз етілген «арқан керу» қазақ халқының көне әдет-ғұрыптарына қатысты этнографиялық әдебиеттердің ешқайсысында кездеспейді. Көне дәстүрлер

үзілмей, неғұрлым таза сақталған қытай, моңғол қазақтарының дәстүрлерінде де жоқ. Соған қарағанда оның кеңестік кезеңде қосылған «кірме» екендігі анық.

Кейбір деректерде арқан керудің орыс жұртынан, дәлірек айтқанда кержақ деп алатын отаршылдық саясаты нәтижесінде Сібірден қазақ жеріне қоныс аударған казак-орыстардан ауысқаны айтылады. Алдыға көлденең арқан керу ары қарай өткізбеймін деген желеумен қонақтардан, «құдалардан» арақ немесе арақ ішуге ақша дәметуді білдіреді. Қазақ жұрты бұрын арақ-шарап ішпегені мәлім. Қыз беріп отырған жақ өздері арнайы есік-төр көрсету үшін шақырған құдаларына қонаққа келгенде немесе тойына барғанда алдынан арқан керіп, олардан арақ немесе ақша дәмету ақылға сыймайды ғой. Ендеше, «арқан керуіміз» әлгі той үстінде «ащы-ащы» (*горько*) деп айғайлап үйленген жастарға ата-анасының көзінше сүйісуге мәжбүр ететін көргенсіздік сияқты, үйден шығарда келіннің туфлин тығып қойып, күйеу жігітке іздетіп, ақыры одан ақы сұрайтын келеңсіздік сияқты қазаққа жат дәстүр. Сондықтан ұлттық әдет-ғұрпымызға жат «арқан керуді» той-тоймалағымызға жолатпай-ақ қойғанымыз жөн.



Стақан қағыстырудың төркініне үңілсек...

Бәрімізге мынадай көрініс таныс: Той үстінде біреу сөйлеп келеді де, соңында “ал, сол үшін алып қояйық!” дейді. Үстел басындағылар жапырлай орнынан тұрып, тасыр-тұсыр, шақұр-шұқыр, ызың-дызың дыбыстармен стақан қағыстыру басталады. Осы не дәстүр? Бұл пәле қайдан шыққан? Арақ ішу “өнері” қазаққа орыс халқынан жұққаны мәлім. 1731 жылы Әбілқайыр хан бастаған 27 сұлтан Ресейдің қатын патшасына қоластына алу туралы хат жазып, Тевкелев бастаған делегация қазақ сұлтандарынан ант алған кезде “соны жуып” қазақтар тұңғыш рет арақ дәмін татқан екен. Ішімдіктің қазақ қоғамына II Дүниежүзілік соғыстан кейін енгені мәлім. Ал орыс халқын құраған тайпалардың арақ-шарап ішуді үйренгеніне 1500-2000 жыл болған. Ал қазекеннің ішуді жаппай үйренгеніне 60 жылдай-ақ уақыт болды. Орыс жұртына стақан қағыстыру ежелгі еуропа жұртынан, варягтардан келген. Шарап толтырылған ыдыстарды қағыстырудың мәнісі оның ішінде удың жоқтығын дәлелдеу. Қастық емес, достық пейілін ұсынатындығын байқату. Соғыстырған кезде бірінің ыдысындағы шарап екіншісінің ыдысына төгілетін болған. Бұл “міне, менің ыдысымда у жоқ” дегенді білдіреді екен.

Бірте-бірте бұл дәстүр қазақ дастарқандарына да көшіп кетті. Тіпті, кішкентай балаларымызға дейін үйретіп жатамыз. Стақан қағыстыру – бүгінде адамдарды қыстап арақ ішкізудің сылтауы. Ішіп алған адамдар ыдыс қағыстырудың құлына айналып кетеді. Тегінде адамды азғындататын, отбасының бақытын бұзатын, талай жандардың ғұмырын қиюға себепші арақ ішу тұрмақ, дастарқанға жолатуға болмайтын харам зат.

Тентек суға телміруді қашан қоямыз?

Соңғы кезде қазақ қоғамын жайлаған сұмдық дерттердің бірі ішкілікке әуестік. Кешегі кеңес заманында маскүнемдік қатты айыпталып, адамның азғындауының бір түрі ретінде көрсетілетін. Михаил Горбачевтің тұсында зой «құрғақ зәкөн» шығып, арақ-шарап дастарқаннан аластатылып, жүзімдіктер оталды. Бірақ соның өзінде арақ-шарапты жасырын сату белең алды. Қолдан жасалған түрлі алкогольді ішімдіктерден адам шығыны да аз болған жоқ. Міне, осындай жағдайларды құлағы естіп, көзі көре тұра араққұмар жандар «ақаңнан» ауылын алыстатып кете алмады. Кеңестік кезең келмекке кетісімен арақ-шарапқа мемлекеттік бақылау, қоғамдық тыйым мүлде жойылды. Содан ба, алкогольдік ішімдіктер лап еткен өрттей қаулады да кетті. Үйірсектері алдымен – қазакең.

Қоғамның сұмдық дерті – арақкештік

Сайын дала төсінде аптап пен боранның өтінде, шаруасын қамдап, бала-шағасын өсіп-өндірген қазақ жұрты ХХ ғасырдың ортасына дейін алкогольсіз-ақ «қойын құрттап, айранын ұрттап» тіршілігін әп-әдемі жалғастырып келген. Дәл бүгінгідегідей барған үйінде арақ қоймаса, жайнаған дастарқанын көзге ілмей, тентек суға телміру біздің қанымызда жоқ әдет болатын. Үлкені бар, кішісі бар, кейде бала-шағамен бірге қарттардың да стакан қағыстырып жатқандарын байқап қаламыз. Осындайда адал ұрпақ тәрбиелеген бабалар дәстүрі аяқасты болған ба дейсің іштей өкініп. Бірде Жамбыл облысының бір ауданына жолым түсіп, сондағы бір ауылда болғанымда ақ самайлы екі-үш

әжейдің «сообразим» десіп, ақанды ашырқанбай көмекейлеткендері әлі күнге дейін көз алдымда. Өмірімде бірінші рет көргендіктен болар әлгі көрініс «қалайша?», «неге?» деген сауалдар туғызып қайта-қайта мазалай берді. Жүрегінді жаралайтын мұндай өрескелдіктер талай-талай ауылдық жерлерде кездесе береді екен. Сұрастырып байқасаңыз арақты ардақты асындай санайтын қарттар, зиялы қауым өкілдері еліміздің әр шалғайынан-ақ кездесетініне көзіңіз жете түседі. Діні түгелімен дерлік мұсылмандыққа жататын ауылдық жерлердің түрі мынау болса, қаланы жылы жауып қою керек шығар дейсің мұндайда.

Қаладағы қаптаған бомждардың (белгілі орын-мекенсіз жандардың) жартысынан көбі ауылдан келген азаматтар. Көбі осындай күйге арақкештіктің салдарынан түскен. Осы құмарлық оларды адам бейнесінен айырған. Олардың құқығын кім қорғайды?.. Ешқандай құжаты жоқ, сұрауы жоқ. Ешкім оларды адам қатарына қосқысы да келмейді. Ит екеш иттің өзінің иесі болса, оларды мүсіркейтін тірі жан жоқ. Оларға жаны аштың, жылылық танытатын тірі пендені тауып көріңіз мына өмірден?... Тіптен олармен қол беріп амандасудан қорқады көпшілік. Міне, өстіп ішкілікке салынудың салдарынан тағдырдың тауқыметі тұзағына өз еркімен түскен жандарды көргенде тәубана келіп, шайтан судан бойынды анадайдан аулақ ұстағанды жөн санайсың.

Арақтың «аңыздары»

Арақтың кесірінен жыл сайын қаншама отбасы бұзылады, қаншама адам қасіретке ұшырайды десеңізші. Қоғам мен мемлекет одан зияннан басқа көріп жатқан пайдасы жоқ. Арақтың орасан залалдарын ғалымдар дәлелдегелі қашан?! Алайда арақты жақтаушылар болса оған шаң жуытқысы келмейді. Оларға ішімдіктің зиянын айта бастасаң болды «арак

– қан жұмысын жақсартады», «арақ – жаурағанда жылындырады», «арақ – түрлі вирустарды өлтіреді», «арақ – көңілінді көтереді», «арақ – шаршағанды басады», «арақ – жан-жүйкені тыныштандырады» деген секілді аңыздарды, ойдан шығарылған пікірлерді тоғытады дейсің.

Көбісі әлдебір жарияланымдарға, дәрігерлердің сөзіне сілтеме жасайды. «Арабтар да шарап ішкен», «е-е, бұл бидайдың суы ғой», «Омар Хаям былай деген».... тәрізді ақанды ақтап алғысы келетін үзінділерді көлденендетеді.

Спиртті ішімдік – адам баласына зияннан басқа, пайдасы жоқ алкоголь. Ол адам ағзасының қай-қай мүшесіне де өлтіре соққы береді. Ішімдік бірінші кезекте бауырдың қас жауы. Ағзаға түскен алкогольдің 95 пайызы бауырда залалсыздандырылады. Яғни, ағзаға түскен басқа азықтардағы улы заттарды залалсыздандыруға және қандағы белокты қорытуға қажетті бауырдың негізгі қызметтерін атқаруға кедергі жасайды. Міне, осының салдарынан адамның бауыры цирроз ауруына душар болады екен. Цирроз жабысқан пендесін бұл әлемнен тезірек әкетпейінше тыным таппайтын қауіпті дерттің бірі.

Ішімдікке құмар адамдардың 75 пайызы аталмыш аурумен ауырады. Алкогольдің анестезиялық қасиетіне (ауыруды бүркемелеуіне) байланысты көп сырқаттар аурудың белгілерін кеш байқап қалады. Алкогольдік ішімдіктердің көзге ұрып тұратын зиянының бірі оған әуес жандар бет терісінің тез тозуы. Бет-ауыздың домбығуы, кескіні ішкіліктен күйіп қараюы, өңсізденіп өзінен-өзі тозуы баршаға таныс белгілер. Ал асқазанға келер болсақ, ішімдік асқазанды қорғаушы муцин элементтеріне зиян келтіріп, асқазан жарасының туындауына жол ашады екен. Алкогольдік ішімдіктердің зиянын айта берсек, өстіп тізбектеліп кете береді. Бұл ішімдіктің жекелеген адамдардың ағзасына келтіретін гана зияны. Ал қоғам үшін бұл дерт одан да қауіпті.

Қимастың сылтауы көп

Абайлап айналаңызға қарап отырсаңыз небір тамаша азаматтардың, жалын жүрек жігіттердің, қырмызы қыздарымыздың өмірден өз орнын табуының орнына арақкештіктің салдарынан абыройынан айырылып, қоғамның ең төмен сатысына құлдыраған немесе жалғанмен ерте қош айтысқан талай мысалын санамалап бере аласыз. Маскүнемдік салдарынан өзіне, төңірегіндегі жақын-жуықтарына қол жұмсап өкінішке қалып жататындары қаншама. Кейінгі жылдары өзінің туған-тумасына қол жұмсау, өмірін қию секілді қылмыс түрлері белең алып кетті. Көшеде мас болып құлап жатқан, тәлтіректеген жандарды көргенде ешкім таңырқамайтын жағдайға жеттік. Қоғамдағы осындай келеңсіз құбылыстарға етіміз өліп, бірте-бірте үйренісіп кеткен сынайлымыз. Қоғамдық орындарда, жолаушы көліктерінде үстінен иісі мұңкіп, аузына келгенін айтып, кім көрінгенге соқтығып тұрған жандарды жиі ұшыратуға болады. Және де оларға қарсы бір сөз айтпак түгілі, қарауға қорқасың. Себебі абыройыңды айрандай төгіп, небір сөздермен балағаттап, жоқ жерден өзінді қорлайды. Екі сөзінің бірі боктық, көзіңнің қырын салсаң, айбаттана қарап, жеп жібере сақтайды.

Сенбі, жексенбі күндері кеш түсе көшеде серуендеуге қорқасың. Демалыс – олардың түсінігінше, ішімдікке әбден тойып алу сияқты. Бұл күндері теңселген жандар мен айқайлаған «батырлардан» сескенгеннен көшеге шығудан тайсаласың. Әсіресе Алматыдағы Сейфуллин, Саин көшелері, базар мен вокзал маңының тұрғындары білетін болар түнде қазақ жігіттерінің айқайы мен төбелесінен атар таңды кірпік қақпай атыруға болатынын. Тепсе темір үзетін, он екі мүшесі сау азаматтардың күнкөріс қамымен қалаға келіп, болмашы тапқан тиын-тебенін ішімдікке жұмсағанын қалай түсінуге болады?.. Ауылдағы қарт ата-ана мен

шиттей бала – шағаның күнін сонда кім ойлайды?!

Ішкілікке салынғандардың ақталып бар айтатыны «Өмір қиын. Жұмыс жоқ, тағысын тағылар» деген секілді сөздер. Маңдай термен еңбектеніп тиын табу қашан да оңай болған емес. Еңбектенгісі келген адам қайда, қашан болмасын екі қолға бір жұмыс табатыны анық. «Алма піс, аузыма түстің» кебін қылмай, еңбектене білсе болғаны. Алматы облысының шетіндегі бір ауылда тұратын Қытайдан келген қазақ азаматы үйінің төбесіне саңырауқұлақ өсіріп, соны әжептәуір кәсіп еткендігін теледидардан көзім шалғаны бар. Әдетте «ас ішу үшін өмір сүрме, өмір сүру үшін ас іш» демей ме. Қандай ғажап айтылған. Біз секілді өз елінде емес, өзге елде күнін көрген былай тұрсын, кәсібін дамытып жүрген азаматтарға құрметің артады. Ендеше, оңай сылтау іздеп, қол қусырып, «әзірге-мәзір» болудың қажеті жоқ. Тентек суға телмірмей тіршілік ететін кез жеткен жоқ па?!





Ү бөлім

**Отбасылық
өнеге**





«Әйелдерін еркелеткен ер оңар, Әйелдерсіз тірлігіміз не болар?..»

Қазақстанның Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиевпен сұқбат

–Тұманбай аға, үстіміздегі жылы Күлтай жеңешемізбен шаңырақ көтергендеріңізге 50 жыл болады екен. Бір шаңырақтың астындағы тату-тәтті ғұмырларыңыз жастарға өнеге. Құдай қосқан қосағыңызбен қалай таныстыңыз?

– Ол студенттік шақтан басталады. Қысқы каникул кезінде ауылға барғанмын. Досым Тілеуімбеттің үйінде фотоальбомын ақтарыстырып отырғанда бір суреттегі үш қыздың ортасындағы көрікті қызға көзім түсті. Сұрастырып едім нағашы қарындасыммен бірге оқитын үздік оқушының бірі екен. Ақши ауылындағы орта мектепте оқитын көрінеді. Суреттегі қызға көңілім құлап, тыным таппадым. Әйтеуір ол ауылға баратын сылтау тауып, досыма қолқа салып едім, қарсы болмады.

Содан әлгі қызды іздеп мектепке барайын. Қоңырау

соғылды. Мұғалімнен кейін екінші болып дәлізге шыққан бейтаныс қызбен іштей тілдестім. «Сен қыз, осы күнге дейін неге маған көрінбей жүргенсің?» дегеніме: «Ал сіз ше?» дегендей отты жанарынан әлдебір ойды ұққандай болдым.

Сол күні досым екеуміз нағашымның үйінде қондық. Күлтайға ғашықтық сезімімді білдіріп хат жаздым да, онымен бірге оқитын қарындасыма ұстаттым. Ол: «Күлтай жақсы оқитын қыз. Бермеймін, ұрсып жіберсе қайтемін?» деп қашқалақтады. Қайтатын мен жоқ. «Ешкім сенің тоныңды шешіп алмайды. Не иә, не жоқ деп айтсын. Ал ұрсатын болса, онда маған ондай қыздың қажеті жоқ» деймін. Бір аптадан кейін қыз менің сезімімді қабыл алатындығын айтыпты. Сол кездегі қуанышым мәңгі есімде.

Сөйтіп, екі жылдай хатпен тілдесіп жүрдік. Небір жыр жолдарын арнадым. Кейде Пушкин де көмекке келіп қалатын. Татьянаға жазған жыр жолдарын қолданушы едім. Бұл дегеніңіз – таза, мөлдір сезім ғой. Оны неғұрлым әдемі жеткізгің келеді. Біздің кезде қыздарға сөз айтуға көп жігіттің батылы бара бермейтін. Он ойланып, жүз толғанып сөз салушы едік. Әйелдерді сезіммен өбіп, құрметтегенімізден де болар бүгінге дейін жарасымдылығымызды бағалаймыз. Біздің таныстығымыз жайлы мынадай өлең жолдарын жазып едім:

Танысқанда сен он бес-ақ жаста едің,
Мен де онда өзгеше едім, басқа едім.
Көз алдымда тұрдың үнсіз мөлдіреп,
Мөлдір көзден үзіліп түскен жас па едің?

– Сіз сонда жарыңызды көркіне қарап тандадыңыз ба?

– Жарым ақыл-парасаты мол, салмақты адам болып шықты. Үй шаруасына да пысық. Институтта оқып жүргенімде айналамда қыздар деген аз болған жоқ. Жастық шақта әдемі қыздар көп, бірінен-бірі өтеді. Қыздармен аралас-құралас болып жүргеніммен, Күлтайды бір сәт есімнен шығарған емеспін. Жарымның жақсылығын сол кезде-ақ байқай білгеніме ризамын.

– **Шығармашылық адамына үлкен жетістіктерге жетуде жарының рөлі қаншалықты деп ойлайсыз?**

– Кімге де болсын қосағының жайлы болғаны жақсы ғой. Ал шығармашылық адамына ол өте-мөте қажет. Мен махаббат жайлы көп жаздым. Сонда “жарым не ойлап қалар екен?” деп жасқанбастан қаламымды кеңінен сермей беретінмін. Ғашықтық жайлы жыр жолдар менің замандастарымның көңілінің лебі еді. Оны Күлтай дұрыс түсіне білді. Шығармашылық шабытымның шарықтай беруіне жол ашты. Өзінен бұрын мені бірінші кезекке қойды. Бабымен күтіп, жағдай жасады. Қай кезде қонақ шақырсам да ол мен үшін үлкен қиындық туғызған емес. Қабылдаған шешіміме қарсы келіп, ыңғайсыз жағдайға қалдырмады. Еш нәрсеге жалтақтамай, көңілім қалаған істі жасадым. Әйелің жақсы болса, адам қай жағынан болсын өсе береді. Өз басым таңдауыма өкінбеймін.

– **Сіз әйелдердің бойындағы қандай қасиетті жоғары бағалайсыз?**

– Ең алдымен, адалдықты. Қандай әйел болса да еркекті қорламауы керек. Адал әйел отбасының, әулетінің берекесін кіргізеді.

– **«Ақыл – әйел үшін жомарттық» дейді. Сіз бұл жөнінде не дер едіңіз?**

– Ақыл әйел адамға жомарттық екені рас. Ал көркі мен ақылы бірін-бірі толықтырып жаста, ол тіптен тамаша. Негізінен ақылдан зиян жоқ. Ақылы бар адам ашуды да, қиындықты да, өмірдегі оқыс жағдайлардың көпшілігін ақылымен жеңеді. Ақыл бәрінің шешімін таба біледі. Неге бізге ол көптік етсін?! Өз басым ақылды әйелдің пайдасын ғана көріп келемін. Қазақтың «Ер – түздің адамы» деген сөзі рас. Мен мал таптым, жарым отбасының ішкі мәселелерін өзі тап-тұйнақтай етіп шеше білді. Ұрпағымды жақсы етіп тәрбиеледі. Жақсы ана, өнегелі ұстаз, мейірлі жар, инабатты келін бола білді. Үлкен қызым Құралай өмірінде төрттік баға алып көрмеген еді. Өкініштісі, 46 жасында өмірден озды. Өте дарынды, елден ерек жан еді. Пушкиннің өлеңдерін үш рет оқыса болды жаттап алатын. Он санды бір рет қайталағанда есінде сақтаушы еді. Орыс тілінің ұстазы Құралайды «дарынды әдебиетші», математика пәнінің мұғалімі «әйгілі математик болады» дейтін. Қандай пәнді болса да қағып алатын алғыр болды. Кейінгі балаларым да мектепті, жоғары оқу орындарын үздік бітіріп, кәсіби біліктілігі жоғары маман бола білді. Міне, бұл жетістіктің барлығы үйдегі жеңгеніздің еңбегінің жемісі дер едім. «Еркек азаматты, әйел адамзатты тәрбиелейді» деген сөз бекер айтылмаған. Отбасындағы каншама адамға үлгілі тәрбие бере білген Күлтайыма ешқашан қатты сөз айтқан емеспін. Нәзік жандар тек құрметке ғана лайық.

– **Жарыңыз мамандығын өзі таңдады ма?**

– Әлбетте. Күлтай институттың 3-курсына дейін математика факультетінде оқыды да, кейіннен шет тіліне ауысып кетті. Ол кісі есепке де, қарасөзге де жақын. Еуропа әдебиетін жетік білетін, сөздің қадірін түсінетін адам. Оқығанын, көңіліне тоқығанын айтып,

аракідік ой тастайтын әңгімелері мені бір серпілтіп-ақ жібереді. Менің өнерге құштарлығымды өсіре түскен де Күлтай апайларын.

– **Әрі жақсы маман, әрі жақсы жар болу жеңе-шемізге қиынға соққан жоқ па?**

– Қиындықсыз жетістікке жету мүмкін емес қой. Үй шаруасының өзі бір адамды шаршатып тастайды. Соның өзінде мойымай бар істі атқарады. Мамандығы бар, үй тіршілігі, менен бастап бала-шағаның жағдайын жасау да оңай шаруа емес. Сіз айтқан жақсы мамандық пен жақсы жар болуды қатар алып жүру мықтының мықтысының ғана қолынан келетіні сөзсіз. Осы тұрғыдан алып қарағанда жеңгелерің жай адам емес болғаны да.

– **Үйлену тойларыңыз жайлы бір-екі ауыз айта кетсеңіз...**

– Біз үйленгенде мен 21 жаста, Күлтай небары 18 жаста ғана еді. Университетті бітіріп, «Пионер» журналына жұмысқа тұрған кезім болатын. Қызметтес достарымды, әріптестерімді шақырып көрші үйдің пәтерінде үйлену тойымызды өткіздік. М.Әлімбаев, Қ.Шаңғытбаев, Р.Ыдырысов, Ш.Мұхамеджанов, М.Нұр-тазин, С.Жиенбаев қосақтарымен және Б.Саурықова сынды азаматтар келді. Ол кезде бүгінгідей той қайда? Басты назарға алынатыны ағайын-туыс, жора-жолдастың басын қосып, қуанышты бөлісу ғой. Сосын біздің ойымызға материалдық құндылықтар кіріп те шықпапты. Әйтеуір қосылғанымызға риза болдық.

– **Жастарға отбасылық өмірде кикілжіңдердің алдын алуда қандай кеңестер айтар едіңіз?**

– Махаббат бәрін жеңеді. Сондықтан жастар сүйген адамдарымен шаңырақ көтерулері керек. Ғашықтың көзі соқыр, бір-бірінің кемшілігін көрмейді де. Мүмкін

болса сүйіктілерінді жоғалтпаңдар.

Жастарға «кішіпейіл болыңдар» деймін. Отбасында, қоғамда әділдік, қарапайымдылық, мейірімділік танытқан адам тек жақсылыққа кезігеді. Сондықтан да болар өміріме ризамын. Жарыма, балаларыма, достарыма ренжіген күндерім есімде жоқ. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) да хадисінде айтылған ғой: «ердің жақсысы әйелдерін құрметтейтіндері» деп.

1979 жылғы 7-наурызда опера театрында үлкен басқосу болды. Онда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтан бастап үкімет адамдары мен қаланың бүкіл зиялы қауым өкілдері қатысты. Сонда мына бір өлеңімді оқығаным есімде:

Әйелдерін еркелеткен ер оңар,
Әйелдерсіз тірлігіміз не болар?
«Қой» дейтұғын қожан егер болмаса,
Еркек байқұс азып-тозып жоғалар.

Әйел – сенің қамқоршың да, күтушің,
Әйел барда биіксің сен, бүтінсің.
Әйел барда жалынсың сен, отсың сен,
Әйел жоқта бықсыған бір түтінсің.

Әйел, әйел – арман әні, жол әні,
Дүниенің кешкі қоңыр самалы.
Құл ғып алмай әйел сені алдымен,
Құдірет қып көтермейді жоғары.

Әйел барда сен өзінді зор сана,
Әйел барда басқа бақыт ансама.
Әйел сені бағындырмай қоймайды,
Маңдайың күн, басың алтын болса да!

Өлең аяқталғанда соғылған алақандардан рухым да биіктеп кеткендей болды. Шынымен де 25 жыл бойы күтпеген жағдай 7 минутта болды. Осыдан кейін атым асқақтап кете берді. Содан бері әйелдерге деген құрметім бұрынғыдан да бетер жоғарылады. Әйел – Анаң, қарындасың, апаң, жарың, досың, күллі тіршіліктің жалғасы. Мен олардың алдында басымды иемін.

– **Аға, әңгіменізге көптен-көп рақмет. Шығармашылық шабыт, отбасыңызға амандық тілеймін.**

«Той әлемі», №4, 04, 2006 жыл.





**«Әйел
үнемшіл,
инабатты,
мейірімді
болуы
керек»**

***ҚР халық әртісі
Қаршыға Ахмедияровпен
сұқбат***

– Қаршыға аға, Сіздің өнеріңіз жайлы жұртшылық қанық біледі. Ал отбасылық өміріңізден бейхабармыз. Жеңешемізбен қалай таныстыңыздар, отасқандарыңызға қанша уақыт болды?

– Екеуміз де бір ауданнан болғандықтан түрлі кештерде, кинода кездесіп қалатынбыз. Сөйтіп жүріп таныстық, одан әрі ғашықтық сезімі өрбіді. Алла бұйыртып, Нұрбике апайларын 1970 жылы біздің үйдің босағасын аттады. Әкем 75 жаста болатын. Ол кісі де «үйлен, үйлен» деп қайта-қайта болмады. Мен ол кезде институттың соңғы курсында, ал жетгелерің 4-курста оқып жүрген болатын. Сөйтіп, екі студент қазақтың бір шаңырағын өмірге әкелдік. Бүгінде одан екі ұл, екі немере, бір қыз тараған.

– Нұрбике апай, өнер адамына тұрмысқа шығудан жүрексінбедіңіз бе?

– Анамның: «Үйдің кішісі екен әрі өнер адамы,

балам, ойлан» дегені әлі есімде. Жүрекке әмір жүрмейді екен, айтқан шешімімнен бас тартқан жоқпын. Оған бүгінде еш өкінбеймін.

– **Қаршыға аға, айналысатын кәсіптеріңіз екі бөлек болғандықтан, пікір қайшылығы туындамады ма?**

– Нұрбике – білімдар адам. Мектепті алтын медальмен бітірді. Ол кезде медальмен бітіру оңай шаруа емес екенін екінің бірі біледі. Бұл біздің үйдегі отанасының бір жетістігі болса, екіншіден, жеңгелерің дәстүрлік жән-жосықты жақсы біледі. “Мен тек қызмет адамымын” деп шіренбей, қазақи жолмен өз міндетін орынды жасайды. Сосын үйдегі есеп-қисап мәселесін де өзі жүргізеді. Біздің үйдің есепшісі де, экономисі де осы кісі. Менің уақытымды үнемдеуге тырысады. Қай сала жайлы әңгіме қозғасақ та айтатын пікірі бар, көзі ашық адам. Сондықтан қашанда бір-бірімізді дұрыс түсініп жатамыз. Құдайға шүкірліктен басқа айтарым жоқ.

– **Нұрбике апай, өнер адамымен отбасылық өмірдің қандай қиындықтарын жену қиын?**

– Өнер адамы – нәзік, сезімтал, адал. Міне, осындай қасиеттерді бойына жинақтаған адаммен тіл табысу соншалықты қиын емес. Бірақ, өнер адамының гастрольде көп жүретіндігі қиындау. Кейде апталапты айтпағанда, айлап жолсапарға кетеді. Мұндайда, әрине, шыдам керек. Балалардың тәрбиесіне уақыты жете бермейді. Сондықтан мен өз өмірімді осы бала-шағама, олардың болашағына арнадым. Ғылымға да бармадым. Қазақстанның медицинасына 34 жыл еңбек сіңірsem, соның 20 жылға жуық уақытын учаскелік педиатр жұмысына арнадым. Жұмысым өзіме ұнайды. Менің өмір-

дегі үлкен жетістігім – отағасының, бала-шағамның жетістігі. Қарекең қазақ өнеріне, мәдениетіне керек адам. Талай жақсы дүниелерді өмірге әкелді. Артынан ерген ұрпағы да өнер жолын тандады. Кіші ұлымыз Ерболат пен ортаншымыз Раушан да музыканттар. Ерболат биыл консерваторияның аспирантурасын бітіреді. Дирижерлық пен фортепианоны қатар тәмәмдамақшы. Ал қызым Раушан АҚШ-тың симфониялық оркестрінде жетекші маман, концертмейстер, жеке орындаушы ретінде де жұмыс жасайды. Американың үлкен залдарында концерт беріп жүр. Халықаралық талапқа сай біліктілігі жоғары музыкант. Екі баламның талантты музыкант болғаны біріншіден, әкесінің тегіне тартқандығы десем, екіншіден, үздіксіз әрі жауапты тәрбиенің нәтижесі. Оны тәптіштеп айтып жатудың қажеті де жоқ сияқты.

– **Ал тұңғыш ұлдарыңыз ше?**

– Ерлан республикалық физика-математика мектебін алтын медальмен бітірді. Жоғары оқу орнын да жақсы аяқтады. Мамандығы инженер. Бүгінде Алматы қаласында ағылшынның «Хали Буртон» дейтін мұнай-газ компаниясында менеджерлік қызмет атқарады. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі. Кәсіби біліктілігі жоғары маман.

– **Қаршығы аға, сіз балаларыңызды қандай қабақпен тәрбиеледіңіз?**

– Ретіне қарай. Қаталдық та, жұмсақтық та керек. Бәрі орнымен болуға тиісті. Е.Рахмадиев ағамыз: «Асфальтта туған балаларды қалай тәрбиелейміз?» – деп үнемі ізденісте жүруші еді. Мен де балаларым арқылы өзімді тәрбиеледім, солармен бірге өзім де өстім. Қызымды 6 жасынан К.Байсейітова атындағы музыка

мектебіне өзім апарып жүрдім. Сабағына қатысып отыратынмын. Балаларымның музыкалық сауатына көп көңіл бөлдім. Мен гастрольде болған кездерде музыкалық жаттығудан жалығып, анасын алдап та қоятын көрінеді. Ананың жүрегі жұмсақ емес пе, кейде «ойнаса, ойнасын, шаршап қалар» деп аяушылық та танытатын көрінеді. Ал мен өнерге өте катал талап қойдым. Себебі, мен өнерде тек қажырлы еңбектің арқасында ғана жетістікке жететіндігін жақсы білетіндіктен ғой.

– **Аға, жарыңыздың қандай қасиетін жоғары бағалайсыз?**

– Адалдығына, жанашырлығына, білімділігіне ризамын. Қиналған сәттерде қашанда жанымнан табыла білді. Қытайда операцияда жатқанда жат елде көмекшім де, жәрдемшім де, жанашырым да Нұрбике болды. Өзі дәрігер болғандықтан ине салып, дәрі-дәрмек беріп, дәрігерлік көмек көрсетті. Қытайға ерлі-зайыпты болып барып, дос болып қайттық. Өмір бойы жанымда жұбын жазбай, ыстық-суығыма төзіп, қатар ілесіп келеді. Балаларымның өмірден өз орнын тауып, жақсы азамат болуында ең біріншіден анасының көп еңбегі жатыр.

– **Нұрбике апай, ал сіз ағаның қандай қасиетін ерекше атап айта аласыз?**

– Қарапайымдылығын, адамгершілігін, балажандылығын ерекше бағалаймын. Қолы ашық. Қиналғандарға қашанда көмек қолын созады. Ынсапшыл. Дүниеқұмарлықтан ада. Барға қанағат, жоққа салауатпен қарайды.

– **Аға, сіздіңше әйел адам қандай болуы керек?**

– Әйелге қажетті қасиеттер: үнемшілдік, инабаттылық, мейірімділік. Осы қасиеттер ананың бойынан

табылса, ол үйіндегілердің бәріне тарайды. Анасының жасаған асы арқылы, қарым-қатынас арқылы. Әйел адам бәрінің тәрбиешісі ғой. Абайлап жүріп анық баса-тын, отбасының берекесін келтіретін әйел. Сосын әйел еркектің қасиетін бағалай білуі керек.

– **Нұрбике апай, екі келініңіз бар екен, қандай енесіз?**

– Өзім келін болып түскенде енем болмады. Ол кісі Қарекен 3 жаста болғанда дүниеден озып кеткен екен. Содан мен жақсы-жаманды болсын ененің тәрбиесін көрмедім. Сосын келіндеріме түсіністікпен қараймын. Олар да біреудің әлпештеген баласы ғой. Мінезіне, түсінігіне қарай әрекет етемін. Қонақ күтуге, ағайын-туыстың бірлігін нығайтуға қажетті өмірлік тәжірибемді айтып отырамын. Біздің үйде кезінде Д.Қонаев ағамыз да болды. Үнемі қонақ үзілген емес. Қазақ қоғамындағы зиялы азамттарымыздың көпшілігі шаңырағымызда жиі болып тұрады. Міне, осы жағдайға байланысты келіндеріме қонақжайлылық мектебі жайлы да талай-талай тұщымды кеңестер беріп отырамын. Үлкен келінім Ләзиза «Мир» телерадио кешенінде жүргізуші болып қызмет атқарады. Қазақи тәрбие алған бала. Одан Жұлдыз деген немереміз бар. Кіші келінім Әмина АГУ-дың психология кафедрасының аспиранты. Өзі психолог болғасын кіммен қалай сөйлесуді жақсы біледі. Одан Ақтоты деген немереміз бар. Қазір қолымыздағы келініміз Әмина.

– **Аға, жеңгемізге арнаған шығармаңыз бар ма?**

– Қытайда бұл кісіге арнап «Көктем сазы» әнін шығардым. Сөзін сондағы қандас бауырымыз Балапан Рабатов деген ақын шығарды. Концертімде орындадым.

Нұрбикенің көңілінен шыққан болуы керек. Қытайда ауруханада жатқанда Нұрбике елге барып келуге кеткен еді. Сонда:

Бусанды балбұлақ
Таранды тал бұлақ.
Көктем де оралды,
Келмедің сен бірақ?!

деп сарыла-сағына күткен кездердегі сезімнен туған еді. Жеңелеріне арнаған тағы бір-екі күйім бар.

– **Аға, бүгінде отбасылық өмірге деген көз-қарасыңыз қандай?**

– Жас ұлғайған сайын отбасына деген жауапкершілік сезімі күшейе түседі. Бүгінде отбасына байланысты қалыптасқан негізгі қағидам имандылықты, адамгершілікті нығайту. Балалар есейіп, немерелер дүниеге келгенде қазақи менталитетімізге сай қазақ атасының образын жандандыруымыз керек. Өзімізді соған сай ұстауға талпынғанымыз жөн. Артық сөйлеп, артық ас ішуді де қаламаймын. «Артық жесең, нан да мәкүр» деген сөз бар. Алланың берген несібесіне ризашылық білдіріп, аспай, саспай аяндап келеміз.

Аман-саулықта өнерім арқылы халыққа қызмет еткеннен қандай бақыт болсын маған. Операцияға түскен кезде менің есеп-шотыма зейнеткерлердің өзі қаражат бөлгені халқыма деген сүйіспеншілігімді арттыра түсті. Мәселе, ақшада емес, олардың маған деген таза көңілінде ғой. Өнерімді өсіре білген Халқым, Балашағам, Туыстарым аман болсын! «Той әлемі» журналының күллі оқырмандарына Қаршығадан қанатты сәлем жолдаймын!

– **Қаршыға аға, Нұрбике апай, әңгімелеріңізге үлкен рақмет. Отбасыларыңызда лайым амандық**

болсын! Өнерлеріңіз өрлей берсін! Ерболат пен Раушан балаларыңыз қазақ өнерінде өз қолтанбасын қалдырсын. Қазақ қоғамына белсенді үлес қосушы АХМЕДИЯРОВТАР әулетінде қуаныш азаймасын. Әр күндеріңіз той болсын!

“Той әлемі”, №5, 05, 2006 жыл.





«Менің жарым — Ғажап әйел»

*Академик
Сұлтан
САРТАЕВПЕН
сұқбат*

– Сұлтан аға, жуырда ғана “Пятьдесят лет: одно мгновение совместной жизни” деген кітабыңыз жарық көрді. Онда өмірлік жарыңыз Азат апай туралы жылы лебіздер айтыпсыз. Өмір бойы жаныңызға жылу берген жан серігіңізді қалай тандадыңыз?

– Ол өте қызық жағдай. Қыс күндерінің бірінде ойламаған жерден болашақ бажамның үйіне бара калдым. Төрдегі диванда екі беті Алматының қызыл апортындай қып-қызыл, өте көрікті аққұба қыз қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр екен. “Бұл қыз кім?” деп сұрадым мен тұтыға.

– Бұл өзін баяғыда пісуі жетпеген жасыл жеміс деп атаған қыздың өзі ғой, — деді досым Кемелхан Шойбеков.

Бұдан бірнеше жыл бұрын Мәскеуде аспирантурада оқып жүргенімде Кемелханның жұбайы Ираның айт-

қан мына сөзі есіме сақ ете түсті:

– Сұлтан, байқаймын сен жаман жігіт емессің. Менің сіңлім бар. Соны саған берсем бе екен? — дегенде:

Ол нешінші сыныпта оқиды? — деп сұраған едім.

– Жетіншіде, — деді Ира.

– Оу, Ира, сенің жетінші сыныпта оқитын, әлі пісуі жетпеген жасыл жемістің кімге керегі бар? — деген болатынмын мен сонда. Сөйтсем, сол кішкентай қызың қалыңдық жасына да жетіп қалыпты. Ташкент политехникалық институтына түсіпті. Бірінші семестрді тәмамдап, каникулға келгені екен. Біздің у-шуымыздан қыз оянып кетті. Азатпен сол кезде қайта таныстым. Таныстығымыз ғашықтыққа ұласты. Арты үйленумен аяқталды.

– **Үйлену тойын қалай және қайда жасадыңыздар?**

– Жаңақорғандағы ата-анам күтіп алып, көрші-қолаң, ағайын-туысқа “беташар” тойын жасап, ақ батасын беріп шығарып салды. Ал Алматыда үлкен той өткізе алмадық. Ол кезде Алматының өзінде небары үш-ақ мейрамхана болатын. Кішігірім мерекелік шарамызды Подгорный көшесіндегі бір бөлмелі үйімізде өткіздік. Салық Зиманов, Абдуали Еренов, Иса мен Алина Қыпшақбаевтарды, Мәжит Имашев, Бакет Амантаевты шақырып, жарыммен таныстыру кешін ұйымдастырдым десем де болады.

– **Сонда неше жасыңызда үйлендіңіз?**

– Жиырма бес жасымда.

– **Араларыңызда қанша жас айырмашылығы бар?**

– Тоғыз жас.

– Ер мен әйелдің арасындағы жас айырмашылығы олардың сыйласымдылығына әсері қаншалықты деп ойлайсыз?

– Меніңше, жаста тұрған еш нәрсе жоқ. Түсіністік болуы керек. Жарым Азат Нұрматқызы екеуіміз қуанышты да, қиыншылықты да жылдарды басымыздан өткеріп келеміз. Бақытты ғұмырымыз түсіністікпен, бір-бірімізбен қырғи қабақсыз өтіп келе жатқанына мәзбіз. Жар дегеніңіз – өмірлік серігің, балаларыңның анасы. Шынайы берілген қосағы үшін жанын қиюға дайын адам. Егер сен оны аялап, жақсылығын бағалап, көңілін марқайтып тұрсаң, оның жайнаған жүзі мен көздерінен үйдің іші де жарқырап шыға келеді, жүрегіңде де тыныштық орнайды. Кейбір ақылдылар: “Жұбай деген сынап секілді, оны қолыңда ұстап тұра алсаң ешқайда кетпейді. Егерде алақаныңмен қатты қысып қалсаң, кішкентай бөлшектерге айналып, жан-жаққа тарқап кетеді”, — дейді. Жан жарың өз беделіңді ғана емес, бүкіл үрім-бұтағыңның даңқын биік шыңға көтеріп тастайды. Ол өз серігінің оң істерін қолдап, жалғастыруға бекем бел буады. Сондықтан да жарынды өмір бақи сүйіп өткен абзал. Шалбар киіп жүргендердің бәрі еркекпін десе осыны ұмытпауы керек.

– Сұлтан аға, бүгінде көп әйел алу жиі кездеседі, осы жөнінде не дер едіңіз?

– Осыған байланысты мынандай бір хикаяны айтып берейін.

...Бірде екі әйелімен де ұрсысып қалған Жүмеке деген кісі қыстың қатты боран күні есік алдында терең ойға батады. Мұндай күнде есік алдында отырған замандасының бірі:

– Оу, Жүмеке, мына боранда неғып есік алдында

отырсың? — деп сұрайды.

– Ой, туғанымдай көретін құрдасым-ау, осы да боран болып па?

Боранның ең сұмдығы менің үйімнің ішінде болып жатыр, — деп жауап қатыпты. Бұдан шығатын ғибрат айтпаса да түсінікті ғой?!

– **Сіздің жұбайыңыздың есімі Азат болғандықтан, сізге тәуелді болғанды ұнатпайтын шығар?..**

– Біз сыйластықпен ғана өмір сүреміз. Бір-бірімізді толықтырамыз. Қандай мәселеге болсын ортақ шешімге келе аламыз. Азаттың өз пікірі бар, мінезі жігерлі әрі ақылды адам. Адамдармен қандай қарым-қатынаста болу керектігін өте жақсы біледі. Үлкен ғалым. Талай ғылыми еңбектер жазды. Сонымен қоса ғажап әйел.

– **Махаббат өзгере ме?**

– Иә. Махаббат та өзгеріске ұшырап отырады. Ессіз махаббат жас ұлғайған сайын екі адамның бір-біріне аса құрметпен қарауының, ішкі сезімдері үйлесіп, шырқау биікке көтерілуінің нәтижесінде бұрынғыдан да бетер күшейе түседі. Қызғанышсыз махаббат болмайды. Ол бірге өмір сүру барысында не нығая түседі, не тас-талқан болады. Мұндай жағдайда көмекке келетін сезімдер — байыптылық, ақылдылық, өзара түсіністік, кешірімділік. Әуел баста от боп жанған ес-түссіз махаббатты тек осылай ғана сақтап қалуға болады. Бұл ретте жанұяның моральдық және материалдық қамсыздануы да үлкен рөлге ие болады. Өйткені “Сүйген жарыңмен күркеде де жұмақ табасың” деген пікір ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы анахронизмге, яғни ескірген көзқарасқа айналып кетті. Үстіміздегі ғасырдың тұрмыс-тіршілік жағдайы аса

мол материалдық шығын мен құндылықтарды талап етеді. Демек, идеалды, яғни шынайы махаббат – осы сезімге нәр беретін үлкен мақсатқа жетуді көздеген адал еңбектің жемісі. Қалай десек те, махаббатты қызғыштай қорғауымыз керек. Себебі ол ішкі дүниемізді тазартады.

– Сіз заңгерсіз. Жеке отбасылық өміріңізде және адамдармен қарым-қатынаста өз мамандығыңыздың талаптарына жүгінесіз бе?

– Әлбетте. Қалыпты жанұялық және қоғамдық өмірдің аса маңызды алғышарттарының бірі – қоғамда қабылданған моральдық ережелерді бұлжытпай орындау, атап айтқанда, айналадағы адамдардың бәрімен тіл табысу, адамгершілік қатынас орнату, бейбіт өмір сүру, имандылық талаптарын сақтау, үлкен-кішіні құрметтеу, инабатты болу. Осы шарттарды орындауға тырысамын.

– Балаларыңызға қандай қабақ танытасыз?

– Менің Алияр атам: “Жалғыз қызымды таразының бір басына, бес ұлымды екінші басына қоямын. Сонда да қызымның салмағы артып түседі” деуші еді. Қыз бала басқа жанұя үшін жаратылған, сондықтан да оны ата-ана үйінен алшақ жерде қандай тағдыр күтіп тұрғанын бір Алланың өзі біледі. Демек, олар балалық қызық-думанын туған үйінде көруі керек. Сондықтан қызыма бар махаббатпен, жылылықпен, мейіріммен, нәзіктікпен қарадым. Ұлыма да солай. Тек анасы ғана кейде қатаңдық танытып қоятын. Тәрбиеде де баланс керек қой.

– Өкшеңізді басып келе жатқан жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Жастық — адамның ең тәтті шағы. Жұмбағы мол пейіш дер едім. Әркім үшін бұл — ерекше бір патша

тағы секілді. Егер жастықтың қызуымен аңқаулыққа ұрынып, сақтық дегенді ұмытып, бір Алланың өзі берген жастық шағынды, күшің мен рухыңды орынды пайдалана білмесең бұл тақтан қасқағымда айрылып қаласың. Дәл жастық шақта адам қоғаммен, әлеуметтік, қоғамдық, рухани оқиғалармен тығыз қатынасқа енеді. Өмірді қабылдау сезімі қайрала түседі, айналасында болып жатқан оқиғаларды талдау қабілеттілігі ұштала түседі. Бұл – рухани-имандылық қасиеттердің тууының бастамасы, адам баласына қажетті сезімдер – парыз бен ар-ұжданның нығая түсетін кезі. Жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының объективті заңдылығы да осыдан барып көрініс табады.

– Сұлтан аға, сіздің өлең сөзден құралақан еместігіңізді білеміз. Әңгіме соңында “Той әлемі” журналының оқырмандарына бір өлеңіңізді тарту етсеңіз.

Өмір деген — алып күш,
Тас бұғауды бұзатын.
Басса да жерді қалың мұз
Жарып оны шығатын.

Әлсізбін деп қорланба,
Сүйе білсең өмірді!
Орынсыз жерден арланба,
Біле-білсең жөніңді.

Өмірге деген ынталық,
Шөпке де әлсіз күш берер.
Күштілігі соншалық —
Жолында жатса тас тесер.

Кейде шығар емендер,
Биіктеп тұрған жартасқа.
“Неге шықты?” демендер
Таппағандай жер басқа!

Күштілігін өмірдің,
Көрсін деп тұр емендер.
Мықтылығын өмірдің
Білсін деп тұр менмендер.

– Аға, әңгіменізге рақмет!

“Той әлемі”, №2 (002), 2006 жыл.





Отбасы бақыты - ұрпақ жалғастығында

Қазақстан Журналистер академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қабашұлы ҚОЗЫБАЕВПЕН болған сұқбат.

– Сағымбай аға, журналистің бала тәрбиесіне, жарына уақыты жете бере ме?

– Жетуге тиісті. Үй боламын деп үйленіп, өмірге ұрпақ келтіргесін оған жауапкершілікпен қараған жөн. Әсіресе журналист әкенің бала тағдырына көбірек аландағанын қалаймын. Мәселен, бүгінде теледидардан небір сұрықсық дүниелер көрсетіледі. Таннан кешке дейін бір тоқтамайтын еуропалық мультфильмдердің көпшілігі бала психикасын бұзады. Бет-аузы геометриялық фигуралар сияқты ұсқынсыз әрі сөйлеу мәнері де жиіркенішті, әрі қатыгез оқиғаның ұрпаққа зиянынан басқа пайдасы жоқ. Міне, осындай теледидардан төнген қауіпті біле тұра бала тәрбиесіне деген жауапкершілікті күшейте түскеніміз абзал. Бала дамып келе жатқанда сырттан келіп жатқан ақпараттың бәрін бойына жинақтайды. Естуімше, сәби 5 жасқа дейін қалыптасып бітеді. Ал енді біз “кейін”, “мектепке барғасын тәрбиелейміз” деп жүріп кеш қалып қоятынымыз бар. Бала тәрбиесін жөргектен бас-тау керек.

Бүгінгі күні үкімет тарапынан көтеріліп жатқан мәселе – балабақшаны қайта жандандыру керек болса, мен оны өте-мөте қолдаймын. Баланы үйде “няняға” қарату да жақсы емес. Өмірден бір мысал келтіре кетейін. Жақсы араласып жүрген достарымыздың бірі сәбиін бала күтушісіне қаратып жүрген болатын. Олар жұмыстан келген уақытта қашанда бала қатты ұйықтап жатады екен. Содан бір күні олар үйлеріне ерте келсе, “одеколонның” бұрқыраған иісіне тұншығардай болады. Сөйтсе, ұйықтап жатқан баланын танау жағында “одеколонға” малынған мақтаны көреді. Бұл дегеніңіз сұмдық қой! Бала бірте-бірте токсикоман болып кетпей ме!

Ұрпақ тәрбиесі өте күрделі мәселе. Оған атананың мұқияттылық танытқаны дұрыс. Ал ер адам мүмкіндігінше балаға да, жарға да жөн сілтеуші.

– **Жарыңызды қандай қасиетіне қарап таңдадыңыз?**

– Алланың жазғанынан аспақ жоқ. Бәрі де тағдырдың ісі. Жарым жайлы тек жақсы сөз ғана айта аламын. Бірақ елге айғайлап мақтанбай-ақ қояйын, Алла Тағалам тіл-көзден сақтасын.

– **Сіздіңше, отбасылық мәселелердегі ең күрделі жағдай не?**

– Имандылық, инабаттылық, ұлттық дәстүрдің жойылуы. Үлкенді сыйлау, күйеуін құрметтеу аз. Соның салдарынан бүгінде ажырасу көбейді. Қазақтың тұрмысқа шыққан қызға “Судай сіңіп, тастай бат” деген сөзі қандай керемет айтылған! Ұлттың қарапайым философиясының өзінде небір тамаша тәрбиелік мазмұн бар. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртуға бәріміз, әсіресе БАҚ өкілдері атсалысуға

міндеттіміз. Ол – ұрпақ алдындағы, болашақ алдындағы борышымыз!

– **Нашар күйеуді немесе нашар әйелді тәрбиелеу мүмкін бе?**

– Мүмкін емес. Өмір бойы бала үшін ырың-жырыңмен екеуінің бірі немесе екеуі де өмірлерін құрбан етіп, бірге тіршіліктерін өткереді. Мұндай жағдайда адамдар өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы керек. Бір-біріне деген кешірімділік танытпаса, түсіністік болмайды ғой. Ұрыс-керіс өмірлік әдетке айналып кетеді. Оның ұрпаққа тигізер залалы өте көп. Мұндай қарым-қатынасты көріп өскен ұрпақ ертеңгі күні отбасылық сыйластықты білмейтін, бағаламайтын болады.

– **Жастар канша жасында шаңырақ көтергені жөн деп ойлайсыз?**

– 25 жасында.

– **Бойжеткендер үшін тым кеш емес пе?**

– Еуропа елдеріндегі тәжірибеде осылай. Оның бір дұрыс жағы — бұл жаста өз еркімен тірлік ете алатын болады. Ауыртпалықты ата-ананың мойнына іле салмайды. Мәселен, 18-19 жастағылар үйленді делік. Оның тойына, киітіне, басқа да түрлі дәстүрлік талаптарды орындауға қаншама шығын кетеді. Ертеңгі күні оларға үй әперу жағын ойластырады. Олар ары қарай тіл табысып өмір сүріп кете алса жақсы, ал жұптары жараспаса, жаңағы шығарған шығынның бәрі суға кеткенмен тең. Осы тұрғыдан қарағанда ересектеу жаста шаңырақ көтерсе, оның іргетасы мығым болады. Ал енді ертерек үйленгендердің ұлт үшін тиімдісі — денсаулығы мықты ұрпақ дүниеге келетіндігі. Қалай десек те, өмірде бәрін нақтылап айту қиын. Кімге болсын сана берсін. Ұрпағымызға дәстүрлік, иман-

дылық тәрбиесін сіңіретін болсақ отбасылық проблемалардан арыламыз-ау деп ойлаймын.

— **Сіздің отбасында ұстанатын өмірлік принципіңіз не?**

— Адамдар жайлы тек жақсы ой ойлаймын, жаман ой өзі-ақ келіп үлгереді.

— **Әйелдің еркектен бір саты төмен болғанын қалайсыз ба?**

— Оған өте дұрыс қараймын. Егер ер адам соған лайықты болса.

— **Сіздің ұғымыңыздағы отбасы бақыты неде?**

— Мен үшін отбасы бақыты – ұрпақ жалғастығында. Қазақта “Бір бала әкесіне жете туады, бір бала әкесінен өте туады” деген сөз бар емес пе! Ұрпағың сенен асып туса, оны қалайша бақыт демессің! Қара шаңырағының түтінін түтетіп, ошағының отын өшірмей, ұрпақ жалғастырып, “атаңа нәлет” келтірмей, тек ізгілікпен тірлік жалғастырса, мен үшін бақыттың бақыты — осы!

— **Қазақ отбасын жақсарту үшін не керек?**

— Кез келген отбасы ұрпағымен бақытты. Жоғарыда айтып өткенімдей, ұрпақ тәрбиесін қолға алу керек. Мемлекеттік бағдарлама қажет. Ауылды жандандыруды қолға алған жөн. Қазақтың зиялы қауымы ауылдың қайнаған қазанынан шықса, бүгінде ауыл криминалитетке айналды. Жұмыссыздықтан көпшілігі ішкілікке бой ұрды, одан қалса қалаға келіп теріс жолға түсіп, қылмыс жасап жүрген солар. Бұл бүкпесіз шындық. Қоқыс жәшіктерінен табылып жатқан көбінесе қазақтың шаранасы...

Қазақтың қаймақтарын қалқып берген ауылды қайта көркейту керек. Иісі бұркыраған жусанды қазақ даласының ауасын ластанудан сақтайық. Ауылым

алтын бесігім, айқара ашқан есігін, киелі ғой қашанда!

Қазақ шаңырағы шайқалмасын, әр үйде той болсын.
“Той әлемі” сол қуанышқа қашанда ортақтас болып
жүре берсін демекпін.


— Сағымбай аға, ізгі тілектеріңіздің орында-
луына тілектеспіз. Журналистика саласындағы
еңбегіңіз жемісті бола берсін. Республикалық
“Той әлемі” журналы отбасыңызға амандық тілей
отырып, Сіздердің де шаңырақтарыңызда той көп
болсын деген тілек айтады.

«Той әлемі»,
06 (006), 2006 жыл.



ҮІ бөлім

**Қуаныш
пен
дарақылық
арасы**





Қазақ тойы қандай болуы керек?

Жаһандану заманында қай халықты болсын жұтылып кетуден сақтап қалатын әдет-ғұрпы мен салт-санасы. Қазақ халқы да бүгінгі күні жолайрыққа жеткен жайы бар. Не әдет-ғұрпымызды, тілімізді сақтап ұлт болып қаламыз да, не салт-санамызды ысырып тастап тарих бетінен ұлт ретінде өшеміз. Әрине, бізге керегі алғашқы жол. Ұлт болып қолға алмасaq құры сөзден енді ештеңе шықпайды. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, уақыт табына орай дәстүр де өзгеріп, түрленіп, жаңарып жатады екен. Алайда ұлттың тінін сақтайтын дәйекті дәстүрлері болады. Олар үлкенді сыйлау, үлкендердің алдын кесіп өтпеу, келін түсіру, қыз ұзату, құда күту сияқты.

Біздің байқауымызда қазақ халқының қазіргі өткізіп жүрген тойлары біздің ата-бабаларымыз өткізген тойлардан мүлде алшақтап кетті. Ата-баба дәстүрлеріне ораламыз десек, жолдан қосылған кірме әдеттерден құтылғанмыз абзал. Құдай аманшылығын берсе, халқымыз әлі өсіп-өнер, көбейіп көркейер. Тойы да көбейер. Алдағы 10-20 жылда кірме дәстүрлерден ажырап, той өткізу мәдениетінің шынайы қазақи бастауларына бет бұруымыз қажет. Қазіргі тойларымызды ары қарай жалғастыратын жақсы жақ-

Марат ТОҚАШБАЕВ

тары да, жиіркеніп жолатпайтын нашар жақтары да жетерлік. Жақсы жақтарын айтар болсақ, ол – жұртты қуанышқа көбірек ортақ етуге тырысу, өнерпаздардың жанды дауыспен ән шырқауы, дастарқан мәзірінің молдығы. Осындайда әлгі Парацелсс деген ғалымның «Кез келген нәрсе – дәрі, бір дозасы оны шипа етсе, екінші бір дозасы у етеді» деген сөзі еске түседі. Қуанышын паш етуге тырысқан тойдың да қонақтық, музыкалық, дастарқандық, бата-тілектік өзіндік дозасы болады. Ол дозадан өтіп кетсе той ары қарай дарақылыққа, даңғойлыққа, ысырапқорлыққа оп-онай ұласып кетеді.

Алдағы уақытта қуаныш иелері той дозасына баса мән бергені жөн. Меймандардың сандық дозасы 150-200 адамнан аспағаны абзал. 500 немесе 1000 адам шақырып той жасау нағыз дарақылықтың өзі. Мұны қоятын уақыт жетті. Атын тойға шақырған адам санының мөлшерімен емес, шаңырақ көтерген баласы мен келінінің көрегенділігімен шығарған әлдеқайда тиімді. Музыкалық доза қонақтардың жай демалуына, өзара сұқбаттасуына, әңгімелесуіне мүмкіндік береді. Әйтпесе той басталғаннан құлақ тұндырарлық музыка мен асабаның күндей күркіреген толассыз дауысы қасындағы дастарқандас отырған адамның атын сұратпайды. Дастарқан дозасы болмағандықтан аста-төк дүниенің бәрі ысырап болып жатады. Біз қай дүниеге де енді кеңестік көзбен емес, имандылық қағидалары тұрғысынан қарап үйренгеніміз жөн болмақ.

Қазақтың тойы алдағы уақытта қай бағытқа өзгеруі керек?

Той иелері мен асабалар ұстанатын қазықты қағидалар қайсы?

Ең алдымен қажеті – дастарқанның адалдығы. Тойларда, туған күндерде арақ-шарап ішу үзілді-кесілді тоқтатылуы керек.

Екінші, тойларда рюмке көтеріп, тост сөйлейтін кірме әдеттен арылатын уақыт жетті. Ол гүржілерден орыстарға, орыстардан қазақтарға жұққан біз үшін өте нашар дәстүр. Бұдан 15-20 жыл бұрын тойда ұзын-ырғасы 20-25 тост айтылатын. Бүгінде қазақтар «қызметтестері», «нағашылары», «жиендері» деген желеумен топтап-топтап тост сөйлеушілердің санын жүзге жақындатып қалды. Тойға шақырылған 200-300 адамның бәріне, ең кемі тең жартысына сөз беруді міндет санайды. Ақиқатында бұл — уақытты текке құрту. Қазақтың ежелгі дәстүрлерінде мұндай тост айту деген мүлде болмаған.

Бүгінде той-салтанаттары көбіне кафе, мейрамхана, тойханаларда өтеді. Ондайда той иесі жұбайымен бірге қонақтарды сырттан күтіп алуға тиіс. Сол жерде келген меймандар той иесіне құтты болсынын айтып, ізгі тілектерін арнайды. Өкелген сыйлығын сол жерде табыстайды. Ең дұрысы осы. Бұдан кейін оған арнайы сөз берілуі — тек уақыт оздырту. Шындығында дақырт үшін. Іс жүзінде тіпті мағынасыз. Сыртта айтқан сөзді іште тағы қайталауда не мән бар дейсіз. Тіпті мағынасы ұқсас ізгі тілекті ондаған адамның қайталай беруі де естушілерді мүлде мезі етеді. Тағы бір ескеретін нәрсе ішіп алып айтылған тілектің қабыл болмайтынын ұғатын кез жетті. Бір тамшы болса да алкоголь ішкен адамның айтқан тілегі қырық күн бойы қайталаса да қабыл болмайтыны хадистерден мәлім.

Енді дастарқан мәзірі туралы. Той дастарқанын түрлі тағамдарға толтырып, үстелдің белін қайыстырып қою

бүгінгі заманға үйлесе бермейді. 1920-1930 жылдардағы ашаршылық, нәубет, 1941-1945 жылдардағы соғыс қазақтың дастарқанын жұтатып кетті де, халық ес жия бастаған 1970 жылдардан кейін той иесі дастарқанына барын үйіп-төгетін болды. «Па, шіркін, бәленшенің тойында дастарқаны қайысып тұрды!» дегенді есту үшін барын салды. Мұндай ашаршылық синдромының уақыты өтті. Бүгінгі ең тапшы нәрсе бір жапырақ ет емес – уақыт. Ендеше ендігі той уақытты үнемдеуге бағытталуы керек. Арасына үзілістер салып екі немесе үш ыстық тамақ ұсыну да ысырап.

Өз басым Түркияда, Голландияда, Францияда, Германияда тұратын қазақ бауырларымыздың қуаныш дастарқандарына ортақ болғаным бар. Олардың тойлары ата-бабаларымыздың тойларына жақын, ысырапқа жол бермейді. Біздің ұстанатынымыз осы бағыт болуы керек.

Тойда бастан-аяқ құлақ жарған музыка қою да сән емес. Адамдар тойда ұзақ уақыт көрмеген достарын, жақындарын көреді. Бір уақ солармен әңгімелескісі, қал-жағдайын білгісі, сырласқысы кеп тұрады. Алайда жанды жеген даңғаза музыка бір ауыз сөзінді естіртпейді. Тойға адам демалу үшін барады. Алайда әлгіндей музыкадан жұрт шаршап қайтады. Сондықтан даңғаза музыкаға шектеу қойылуы керек. Музыка арасында ең болмаса 10-15 минут үзіліс беріліп тұрғаны жақсы.

Сөз беруді тоқтатпасақ та оны барынша азайтқан абзал. Бүкіл той барысында жеті-сегіз, әрі кетсе оншақты адамнан аспауын назарда ұстайық. Жас жұбайларға айтары бар, өнегесі бар адамдар өмірлік тәжірибелерімен бөліссе сол пайдалырақ болмақ.



Тост айтудың сыры

Заман өзгерген сайын әдет-ғұрып та, өткізілетін той-томалақтар да өзгерістерге ұшырап жатады. Кейінгі кезде ғалымдар «қазақ өркениеті» туралы терминді айналымға өндірді. Біреулер қазақ өркениетіне 3-5 мың жыл десе, енді бір ғалымдар 1000-1500 жыл деген пікір айтады. Бұл мерзімнің қайсысына тоқтасақ та, сол аралықтың тойсыз өтпегені мәлім. Қыз ұзату, келін түсіру қазақ қазақ болғалы бері жалғасып келеді. Мыңдаған жылдардан бері жалғасқан тарихымызда тойда тост айту дәстүрі болмаған. Әдетте қазақ «үлкеннен – бата, кішіден – тілек» десе, айтар тілегін жүздескен сәтте-ақ ақтарып жататын. Бұл «тост» дейтін пәле қазақтың өміріне енгеніне 60-65 жылдың жүзі болды. Қазақтың жаппай арақ іше бастағаны 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдары. Майданда окоп ішінде наркомдық жүз грамды ішерде «Жеңіс үшін!», «Сталин үшін!» деп үйренген қазекен елге оралған соң «Бітік егін үшін!», «Саулықтарымыз егіздеп тапсын!», «балашаға амандығы үшін!» деген сияқты тост-тілектермен

ішетін болды. Оған ресми орындар қарсы болған жоқ. Өйткені арақ-шарап Қызыл империяның өз қарауындағы бодан елдерді уысынан шығармай ұстауының өзіндік кілтіне айналды. Бірте-бірте «тост» дегеніңіз қазақтың той-томалағының ажырамайтын бөлшегіне айналды. Сөйтіп туған күн кештерінде, мерейтойларда, үйлену қуаныштарында сөз сөйлеу, яғни тосту айту өзіндік «дәстүр» болып енді. Оның небары алпыс жылда қанға сіңгені соншалық, қонақтар сөз тимесе немесе кештеу берілсе жатып кеп ренжитін әдет тапты. Ата-бабамызда ондай дәстүр болмаған десеніз, қазір оған жұрттың сене қоюы қиын. Әлгі «тост айту» дегеннің ертеден Батыс елдерінде арақ-шарап ішудің сылтауы болғанын бүкіл әлем біледі. Ал XX ғасырдан ертеде қазақта «тост айту» деген мүлде болмаған. Бұл «дәстүр» қазаққа кейін жабысты.

Түрлі жиын-салтанаттарда «тілегіміз қабыл болсын!», «жұрттың айтқаны құдайдың құлағына (*астапыралла*) шалынсын», «сол үшін алып қояйық!» деген тілектер тасқынын талай естіген боларсыз. Енді осы «тост» айтуға байланысты жұрт біле бермейтін мынадай шындықты айтқымыз келеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «арақ ішкен адамның тілегі 40 күнге дейін қабыл болмайды» делінген. Яғни, арақ-шарап қойылған дастарқанда айтылған тілектер, жұртқа қанша ұнамаса да ашығын айтқан жөн, ол қабыл болмайды! Ол әншейін жұрт алдында айтылған жай сөз ғана. Сондықтан қабыл болмайтынын біліп тұрып «тост» айтуға таласудың, ренжудің түкке де қажеті жоқ.





“Той генералдары”

Қазақтың той дәстүрі ертедегі уақытпен салыстырғанда, тіпті соңғы 30-40 жылдың айналасында айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Халықтың тұрмыс-жағдайының көтерілуі, әл-ауқатының жақсаруы тойдың түрлерін де молайтып, мазмұнын әрлендіре түсті. Қазақ байыған сайын той өткізуге ұмтылады. Өйткені той өткізу белгілі бір қуанышты атап өту ғана емес, оны өткізуші отбасының қоғамдағы орнын нығайтады, той иесінің ағайын-туған арасындағы беделін көтереді. Содан барып той өткізу өзіндік бәсекеге айналып кетті.

Баласын немесе немересін үйлендіру, мерейтойын өткізу бүгінде шақырылған адамдардың санымен, келген қонақтардың арасында елге, жұртқа танымал адамдарының көптігімен, тарту-сияпаттарының мөлшерімен мақтаныш етілетін болды.

Бірқатар кәсіпкерлер қазақтың осы дарақылығын пайда табудың көзіне айналдырып алды. Оңтүстік

Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында, Алматы қаласында жүздеген адамдық тойханалар салынды. Салынып жатқандары қаншама?! Баршылықтың арқасы болар кәдімгі үйде қонақ күтудің өзін ауырсынып, мейрамханаларға шақыру етек алып барады.

Қазақта қалыптасқан орташа тойларға әдетте 100-150 адам шақырылады. Бұл той иелеріне де, келген қонақтарға да өте ыңғайлы мөлшер. Әдетте туыстар мен жора-жолдастардың ыңғайы да осыдан аспайды. 200 адам көптеу. Бұл арада дастарқан мәзірі қиындық туғызбайды. Қиындық соншама адамды игеруде, олардың көңілін табуда. Үйге қонақ шақырғанда 10 адамның көңілін табу қиын. Ал 1000, 1500, 2000 адам шақырып, той жасағанда кім келіп, кім кеткенін білу мүмкін бе?! Даңғаза музыка, абыр-сабыр. Сан сапалақ тойда қонақтар «тегін мейрамханаға» кіріп-шыққандай күй кешеді. Осыншама даракылық бір-ақ нәрсе үшін керек. Ол той иесіне «бәленше мың адам шақырған той жасапты» деген атақ үшін ғана қажет. Той иесі әйгілі туыстары болса ең алдымен соларды шақырады. Әрине, бұл өте дұрыс. Жақын-жуықтың қуанышын бөліскен де ғанибет. Ал бірқатар той иелеріне ұнайтыны, «тойына пәлен келіпті», «түген келіпті» деген мақтан. Яғни «сондай әйгілі де, атақты адамдармен туыстығы, таныстығы, сыйластығы бар көрінеді», «мықты екен» деп айтсын дейді. Содан таныстарының таныстарын салып жатып атақты адамдарды іздейді. «Той генералдарын» алдырту үшін арнайы көлік жіберту, ұшак жалдау көрініс беріп келеді.

«Той генералдары» дегеніміз кімдер? Олар кешегі кеңес дәуірінде ел басқарған, аудан мен облыстық партия комитеттерінде басшылық қызмет атқарған,

министр болған ағалар мен көкелер. Жұртқа танымал өнер адамдары. Жұртшылық жадынан ұмытылмай, той төрінен орын алу оларға да ұнайды. Той жасаушылар кетерінде шапан жауып, ат мінгізіп жіберетіні тағы бар. Той иесі болса, «атына ат қосып, данқына даңқ қосып» күпсініп қала береді.

Қонақтарды шектен тыс көп шақыру, атақ үшін «той генералдарын» бетке ұстау шын мәнінде дарақылық. Бұл дарақылықтың материалдық төркіні ысырапшылдық. Екеуі де құры күпсию. Адамның иманын кемітетін бос мақтан.

Жалпы тойға кімді шақырам десе де той иесінің өз еркі ғой. Дегенмен де атақ үшін “лайықты” қонақ іздеудің еш реті жоқ.

Қандай адамзат баласын алып қарасақ та олардың көпшілігі туған-туыстарын, ен жақын дос-жарандарын құрмет тұтады, өздерінің қуаныш, қиыншылығын солармен бөліседі. Қандай қиын жағдайда да осы кісілер қасыңнан табыла біледі. Сондықтан бұлардан артық лауазымды адамдарды іздеудің еш реті жоқ. Қатардағы қарапайым жұмысшының адамгершілік, азаматтық тұлғасы кейбір атақдаңқы жер жарған жаннан үстем болуы мүмкін. Адам баласы атақдаңқымен емес, адамгершілік қасиетімен қадірлі. Күллі мұсылман қауымы өзіне пір тұтқан Мұхаммед /с.ғ.с/ пайғамбарымыз: “Адам баласын оқыған намазына, тұтқан оразасына қарап емес, адамдармен қарым-қатынасына, алыс-берісіне қарап бағаландар” деген сөзі бар екен. Яғни, адамның абырой-беделі оның лауазымымен өлшенбеуі қажет. Осыны әрдайым есте ұстасақ дұрыс болар еді.

«Той генералдары» тойға тек атақ үшін шақырыл-

ғанымен өздерінің атына сай өнеге көрсете алып жүрме? Осы сауал төңірегінде ойлана жүрсеңіздер екен. Той “генералдарына” қатысты ой-пікірлеріңізді көпшілікпен бөлісуге шақырамыз.

Егер қуаныштарыңызға «той генералдарын» шақырғыларыңыз келсе, ең алдымен кімді шақыруды жақсылап ойланып алыңыздар.





Даракылық күйіндіреді, Имандылық сүйіндіреді

Қазақтың кешегі тойы мен бүгінгі тойының айырмашылығы жер мен көктей. Өткізу тәртібі, жүргізетін дәстүр-салты, алысы-берісі, келісі-барысы бәрі жанарған. Жаңаруының жақсылығы да бар, әттеген-айы да жеткілікті. Заман ауанына қарай өмір өзгеріп жатқанда дәстүрді өзгертпей ұстап калуда қиын.

Этнографиялық әдебиеттерде айтылатын көптеген дәстүрлер көнеріп, уақыт сұранысынан қалып қойды. Ал бірқатары әлі күнге қолданыста. Айталық, өткен ғасырдың басында Жақып Ақбаевтың “Қазақтардың отбасылық неке қатынастары туралы ойлар” атты еңбегінде келтірілген “Қарғыбау” сияқты дәстүр бүгінде жоқ. Оның орнына “Үкі тағу” немесе “Сырға тағу” сияқты дәстүрлер енді.

Мұндай өзгерістер алдағы уақытта да бола беретін тәрізді. Дегенмен, қыз ұзатып, келін түсіру сияқты отбасылық өмірдің аса маңызды сәттеріндегі қазықты дәстүрлерді бір ізге түсіретін, қаймана қазаққа ортақ құндылықтарға айналдыратын кез жетті.

Екінші бір ойландыратын мәселе қазақтың даракылығы мен ысырапшылдығы. Той өткізу өзінше бір жарысқа айналып барады. Мұндай теріс үрдіс көбіне-көп оңтүстікке тән. Кейінгі жылдарда мұндай көрініс мұнайлы өңірлерде де байқала бастады. Бұрын тойға 100-150 адам шақыру өзіндік нормаға айналған даңғазалыққа нариза адамдар мұндайда “Жыртыл, қазақ, жыртыл!” деп жатқанын талай болатын. Қазір тойға 1000-1500 адам шақыру да тансық емес. Осыған ыңғайластырылған тойханалар салына бастады. Тойына “бәлен келіпті, түген келіпті” деп мақтан тұту үшін атақты адамдардан “той генералдарын” шақыру әдетке айналып барады. Эстрада жұлдыздарын тойға шақыру ғой әдеттегі жағдай. Біздің дінімізде, ата-баба дәстүрінде даракылықты жөн көрмейді. Сондай естідік. Ал той ысырапшылдығын ойласаң, төбе шашың тік тұрады. Дастарқанды елден ерек “керемет” жасауға тырысып, керектіні де, керексіздіні де үйіп-төге беру ысырапшылдық екенін ешкім ойлап жатқан жоқ. Осындай даракылықтың орнына тойларды мазмұнды, ықшам, жастардың болашағына пайдалы тұрғысынан өткізу жөн емес пе?! Той бір күнде дүркіреп өте шығады. Ары қарай да өмір бар, тіршілік бар. “Елден қалмаймын” деп, қарызданып, қауғаланып өткізілген тойдың соңы тапшылық пен қиыншылықтарға ұласып кетеді. Көрпесіне қарай көсілудің орнына әлгіндей даракылық той иелерін ауыртпашылықтарға киліктіреді. Материалдық қиыншылықтар алғашқы күндерінен-ақ жас жұбайлардың шырқын бұзады. Сондықтан өткізілетін той ең алдымен үйленетін жастардың тойдан кейінгі тіршілігіне қам жасаудан басталуға тиіс.

Даракылыққа ұрынғаннан гөрі жас жұбайлардың

ертеңгі тұратын қонысы, олардың жағдайы басты нысанада тұрса, бұдан ата-ана да, жастар да, қоғам да ұтары анық.

Шынтуайтына келгенде тойды ықшам, салмақ түсірмейтіндей, оңтайлы етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Қазақ қоғамы кешегі кеңестік дәуірдің жат әдеттерінен біртіндеп арыла бастағаны жөн. Мақтангерлікпен дастарқанды шетелдік ұзынды-қысқалы шөлмектерге толтырғаннан гөрі тойды арақ-шарапсыз, тәлімі мол тәрбиеге бағыттап саламатты өткізген әлдеқайда тиімді. Дастарқанға қойылған тағамдардың халалдығын да ескеретін кез жетті. Жалпы той төңірегінде ұлт болып ойласатын, ел болып дәстүрлерімізді екшейтін уақыт жетті. Осы төңіректе қалам тербеп, ой бөлісуге шақырамыз. “Той халықтың — қазынасы” дейміз. Сол қазынаны қажетсіз “күл-қоқыстардан” арылтып, көмескіленген дәстүрімізді жарқыратып жаңа биіктерге көтерелік!



Тойдағы музыка мәдениеті

Жақсы музыка – мен ән тойдың көркі. Тойдың жақсы етуі асабаға байланысты десек те, ол көбіне асабаның музыканы дұрыс ұйымдастыруына тікелей тәуелді. Мерекелік шараны әсерлі етіп өткізу үшін асаба той иесімен бірлесе отырып шақырылатын қонақтардың ретін, сөз беру тәртібін анықтап, тойдың басталатын уақытынан бастап аяғына дейінгі қойылатын музыкаға дейін ойластырып алғандары жөн. Бүгінгі тойларда көпшілік дүңкілдеген музыкадан жалықты. Жаныңда отырған адаммен бір-екі ауыз қал-жағдай сұрасуға да мұршасы келмейді. Төрт-бес сағаттың ішінде музыканың жан шыдатпас шуынан әбден шаршап, кімнің болсын шақшадай басы шарадай болады. Мейман тойға шаршау үшін емес, демалу үшін бармай ма? Осы жайлы асабалар қауымы ойланғандары жөн.

Той болатын күні асаба тойханаға ертерек келіп, қонақтар отыратын залдың акустикалық ерекшеліктерін тексеріп алғаны абзал. Залдың бос және толы кезінде акустикасының әртүрлі болатындығын назардан шығармау керек. Музыкалық дыбысты адамдар мен мата өзіне сіңіріп алатын болғандықтан, музыканың дыбыс екпінінің күші де есепке алынуы қажет. Той басталар алдында жиналған жұртшылықтың көңілін көтеретіндей музыка ойналғаны дұрыс. Ал дастарқан басында жайма-шуақ классикалық әуен

қойылғаны орынды. Дәрігерлер музыканың астың дұрыс қорытылуына да әсері тиетіндігін ескертіп келеді. Өте қатты қойылған «металл» музыка асқазан жарасын туғызатындығы да, жанға жайлы музыка ағзаны емдейтіндігі де жұршылыққа мәлім.

Той дастарқаны басында жиналған бейтаныс адамдар бір-бірімен танысқысы, таныстардың хал-жағдай сұрасқысы, отырғандар бір-бірімен танысып, бір-екі ауыз сөзбен тілдескісі келеді. Құда-жегжаттың бір-біріне ризашылық тілектерін білдіруге мүмкіндік беру қажет. Бір қызығы, сөйлескісі келген жандар қашып шығып дәретханада немесе тыста оңашада тілдесуге мәжбүр. Бүгінгі тойлар-да үздіксіз дүрсілдеп есіңді алып тұратын музыка афроамерикандық ырғаққа жатады. Децибилдерінің күштілігі тіпті қалтафон дауысын есіртпейді. Афроамерикандық музыка ХХ ғасырдың 50-60-жылдарында негрлердің африкалық ырғағы мен америкалықтардың еуропалық негіздегі бәсең саздарынан туған болатын. Бұл арада арнаулы қызмет орындарының социалистік елдерде америкалық өмір салтын насихаттауға ұмтылуы, музыканы саяси мақсатта пайдалану мақсаты да жатты. Ырғақты жаңаша әдіс-тәсілдермен ұсынған «Биттлз» сияқты топтар арнаулы қызметтердің ақпараттық қолдауы арқасында жастардың жүрегін «баурап» алды.

Афроамерикалық ырғақ өзінің ұрмалы-соқпалы зор күшімен жастар миындағы ой біткенді қуып шығады. Аузында сағыз, басы иездеп машинада отырған ойсыз, нәрсіз жанарлы жастарды талай көрген боларсыз. Бұл күшті ырғақтар жас буынға арналып мұхиттың арғы бетінен келген өзіндік «есірткі». Өкінішке қарай «музыкалық» есірткі Қазақстанды да жаулап алған. Оның зиянын ойлап жатқан ешкім жоқ.

Ең бір өкініштісі, әлгі ырғақтар қазақ тойларының да қожайыны болып алды.

Дүрсілдеген, тарсылдаған ырғақ жастарды топастандырады, ойлау қабілетін төмендетеді. Бұл дегеніңіз, жастар миын музыкалық бағдарламалар арқылы санасыздық құрсауына түсіру. Батыстық музыка жаһанданудың дыбыстық гүрсілі. Музыка екен деп бәрін жылы қабылдай беру міндетті емес. Жұртқа не тындатқын келеді, ол да - саясат. Ол да - көзқарас. Ол да - талғам! Қазақ тойларына қазақи әуендер қажет. Әуенде сөз бен саздың үйлесімділігі маңызды. Музыка мәдениеті отбасынан басталып, қоғамның қандай бөлігінде болса да жалғасын тауып жатса нұр үстіне нұр. Біз жастарымызды музыкалық зомбиге айналудан қорғауымыз қажет.

Той тақырыбына талай жылдардан бері қалам тартып жүрген публицист Марат Тоқашбаев той музыкасын төрт топқа жіктейді: біріншісі, той музыкасының тәрбиелік функциясы. Екіншісі, эмоционалдық-психологиялық функциясы. Үшіншісі, эстетикалық функциясы. Төртіншісі, сауық-думандық функциясы. Бүгін де той музыкасы тек төртінші функциясымен ғана шектеліп отыр. Алдыңғы үш функциясын елеп жатқан ешкім жоқ. Той музыкасы бүгінгі тойшы қауымның айғайлап айта алмай жүрген бітеу жарасы. Жуырда ғана бір мерекелік салтанатта қоғам қайраткері Амалбек Тшан: «Біздің тойларда музыка мәдениетінің жоқтығына қарның ашады. Сөйлесу тұрмақ, жай отырып демалуға мұршанды келтірмейді!» дегені бар.

Қазақтың тойы әзілімен, әңгіме-дүкенімен, ақтарылған ақ тілегімен жарасымды. Көпшілік те соны қалайды. Музыка деген осы екен деп, тойды тынымсыз

биге, бас-аяқсыз концертке айналдырып жібермеу қажет. Бәрі де өз орнымен, өз мөлшерімен болғаны жөн.

Үзіліс кезінде жұрттың 15-20 минуттай тыныстауына жағдай жасау қажет. Ал би музыкасымен билейтіндердің жас ерекшелігі де ескерілгені жөн. Биге музыка іріктегенде жалпыға ортақ әндерді қоюға талпыну қажет. Асабалар қауымы көпшілік сүйіп тыңдайтын әндер мен әншілерді таңдағаны дұрыс. Бүгінде караокені де тойда пайдалануға болады. Онда халық әндерін үздік орындаушыларға, халық биін әдемі етіп орындай білгендерге жүлде тағайындау да орынды. Қазақтың тойы арқылы ұлттық музыкамызды, дәстүрімізді насихаттауымыз қажет. Және де ұлттық мәдениетімізге жастардың құрмет сезімін оятуды, оларды ұлттық рухта тәрбиелеуге атсалысу бүгінде кезек күттірмейтін мәселе.



Ойланшы, асың адал ма?

Дос-жаранның, ағайын-туыстың шақыруымен қонаққа немесе тойға барғанда айтуға үй иелерінің көңілін қимай іштен тынып кететін кездеріміз көп. Аса өкініштісі, шақырған үйдің не еркегі, не ұрғашысы дастарқанның һалалдығын мүлде қаперге алмайтындығы. Үстелдің үстінде харам колбаса, қуырылған окорочка, краб таяқшалары, т.б. толып тұрады. “Ақ ниетпен жасалған ақ дастарқанымыз ғой” деп іштей марқаятындығы тағы бар. Ал іс жүзінде мұның бәрі мұсылман адамға жеуге жарамайтын харам тағамдар. Оларды дастарқаннан аластату әлі күнге қиын болып тұр.

Шошқаның еті, арнайы һалал стандарт бойынша жасалмаған колбаса, шошқа майының қосылуымен біріктірілген краб таяқшалары, «буштың бұты» / окорочка/ адал бауыздалмағандықтан харам болып табылады.

Бір ғасырдан астам уақыттан бері оны неге ажырата алмай келеміз? Негізінен қазақ дастарқанының һалал болғандығы Алла Тағалаға емес, ең алдымен кез келген дін мұсылманның өзіне керек. Хақ тағала тура жолды нұсқады. Ал оны орындау қай-қайсысымыздың болсын парызымыз.

Һалалдықтың жолы қандай? Ол не үшін керек? Қазақта адал дейтін сөз бар. Оның түп төркіні мұсылманшылықтағы айтылатын һалал сөзінен шыққан. Һалал мен адалдық қазақ үшін мағынасы бірдей.

һалалдан басталған дүниенің соңы да һалал, қайырлы, басы һарам дүниенің аяғы да екіұшты қайырсыз.

Мұсылманшылықта шошқаның еті, арақ-шарап, алкогольді ішімдіктер — һарам. Бұл Құранда да айтылған. Алланың тыйғандарынан тыйылу әрбір мұсылман адамға парыз. Алайда көп ретте түрлі басқосуларда, кештерде, қонақтықтарда “арақбидайдың суынан жасалған”, “шарап жүзімнің шырынынан жасалған”, “шошқа да – үй малы” деп мұсылманшылық қағидаларына қарсылық білдіріп жататындар кездеседі. Ал имандылықта Алла Тағаланың һарам дегендерін һалал дегендер діннен шығып кетеді. Оны біліп жатқан немесе білгісі келіп жатқандар кемде-кем.

Арақ дегеніңіз – бүкіл жаманшылықтың бастауы. Қаншама адамдар арақтың кесірінен араздасады, жаға жыртысып төбелеседі. Талай отбасылар жанжалдасып ақыры ажырасып тынады. Ақыл-есінен айырылған арақ-құмар жандар біреуді жазықсыздан-жазықсыз жәбірлейді.

Ай сайын емес, күн сайын арақтың кесірінен қаншама адам көз жұмып, қаншама адам қасіретке ұшырап, қаншама отбасы бүлініп жатады. Осыны біле тұрып білгіміз, көре тұрып көргіміз келмейтіні өкінішті.

Шошқаның етін жеуге болмайтындығын әр мұсылман біледі. Бірақ оның негізгі мән-мағынасына терең бажайлап жатпайтындығы тағы бар. Осыған дәлірек тоқталар болсақ кейбір мұсылман ғалымдарының пікірінше шошқа етін жеуге болмайтындығының үш себебі бар екен. Біріншіден, шошқада аяушылық сезімі болмайды. Оның өзі туған торайын өзі жеп қоятын кездері көп. Екіншіден, шошқада қызғаныш сезімі жоқ. Бір ененен туған еркек-ұрғашы шошқалардың шағылысуы

әдеттегі жағдай. Үшінші, шошқа етіндегі зиянды бактериялардың көптігі мен мен доңыздың ластығы. Әдетте адам бойына жеген тағамдарының қасиеті сіңісті болады. Шошқаның бойындағы аяушылық, қызғаныш, пәктік сезімдерінің жоқтығы оның еті арқылы жеген адамға қатыгездік, мейірімсіздік, қайырымсыздық, ластық, настық, зинақорлық болып дариды.

Бүгінгі таңда ата-анасына қайырымсыз болу, қарттар үйіне өткізіп жіберу немесе ұрып-соғып қол жұмсау, ата-ананы мүлде тыңдамау адам таңданарлық оқиғалар емес. Сондай қарттар бала тәрбиелеуде қай жерде қателік жібердік деп айран-асыр болады. Оның шынайы түп-төркіні имандылықты елемеуде, харам ас, харам әдеттерде жатқандығын екінің бірі біле бермейді. Осыдан бірнеше жыл бұрын “Караван” газетінің бетінде 39 жастағы өзінің туған анасына үйленген 17 жастағы жігіт туралы мақала оқырмандар есінде болар. Мұны харам тамақтың, харам мінез-құлықтың жеткізген жері демеске шараң қайсы?!

Кез келген істі “бисмилләдан” бастасаң, Алла қолдайды, һалал тағам жесең, бойына адал қуат дариды, һалал тағамнан адамға һалал ой-пікір қонады, һалал әрекет етеді. Һалал некемен қосылған ерлі-зайыптылардың жұптасуы да һалал болады. Һалал неке, һалал тағам, һалал қуаттан һалал бала өмірге келеді. Ата-анасына, ағайын-туысына қайырымды, өмірлік ұстанымы иманды азамат осындай баладан қалыптасады.

Той дастарқанының һалал болуы, адал ас, адал ниет жас жұбайлар бақытының баяндылығына бастайды. Той дастарқанына арақ-шарап қою масқара саналатын күнге де жетелік.



Исламдағы әйел мәртебесі

Әйелінің жақсы мінезді болуын қалайтын адам, алдымен өзі жақсы мінезді болуы керек! Құран кәрімде адамға келетін қиыншылықтар өзінің жасаған күнәларының себебімен келетіні білдірілген.

Фудайл бин Ияд хазреттері былай деген:

«Дінге сай болмаған іс жасағанымды әйелімнің мінез өзгерісінен аңғаратын едім. Дереу ол ісіме тәубе еткенімде әйелімнің мінезі де дұрысталатын. Осылай тәубемнің қабыл болғанын түсінетін едім.»

Али-ул Хауас хазіреттеріне әйелі ренжіген еді. Әйелі

күйеуіне қырсығып бөлек ыдыс қолданып жүрді. Али-ул Хауас хазреттері бір күні жаңылысып әйелінің ыдысымен су ішіп қойғанында әйелі ыдысты сындырып тастайды. Хазірет «ыдысты не үшін сындырдың?» деп те айтпай, ешнәрсе болмағанысып жүре беріпті.

Осман әл-Хатиб хазреттерінің көршісі Нуреддин Шунидің айтып бергені:

Бір түні сыртқа шықтым. Ескі төсенішпен оранып жатқан бір адамды көріп «Сен кімсің, бұл жерде не үшін жатырсың?» – дедім. «Көрші бұл мен Осман әл-Хаттаб. Баламның анасы мені үйден қуып жібергені үшін көшеге шықтым, ашуы тарқағанша осында жатуды ұйғардым» деген екен.

Ибни Әбил Хамаили Сәури хазреттерінің әйелінің мінезі жаман еді. Күйеуіне аузына келгенін айтып оның мазасын қашыратын. Ол мүбарак кісі өте сабырлы еді. Бір ретінде әйелінің мазалауынан құтылу үшін ұшып қашқан еді. Әйелі артынан қарап «Мынаған қара, ұшып қашумен менен құтылам деп ойлайды» деген екен. Біз сияқты жай адамдар ұша алмасақ та қашып болса да ұрыс-керістен, жанжалдан ұзақ тұруға тырысуымыз керек.

«Мұсылман әйеліне ашуланбасын! Жаман мінезі болса, жақсы мінезі де болады.»

(Муслим)

«Әйел – әлсіз жаратылыс. Әлсіздігін үндемеу арқылы жеңіндер! Үйдегі кемшіліктерін көрмеуге тырысыңдар!»

(Ибни Лал)

«Мұсылмандардың иман тұрғысынан ең үстемі – мінезі ең жақсы болғаны және әйеліне ең жақсы, ең мейірімді мәміледе болғаны.»

(Тирмизи)

«Мұсылмандардың ең жақсысы, ең пайдалысы әйеліне ең жақсы, ең пайдалы болған адам. Сендердің араларында әйеліне ең жақсы, ең қайырымды, ең пайдалы болған менмін.»

(Нәсаи)

«Әйелінің және балаларының ақыларын өтемейінше адамның намаздары, оразалары қабыл болмайды.»

(Мушиид-ун-ниса)

«Күйеуі разы болғанға дейін әйелдің намаздары және ешбір жақсылығы қабыл болмайды.»

(Табарани)

«Намаздары қабыл болмайды» дегені, намаз басынан құтылады, бірақ оған берілетін үлкен сауаптарға қауыша алмайды дегенді білдіреді. Намаздары босқа кетеді деген сөз емес. Бір әйелден күйеуі разы болмаса әйел күнәсының жазасын тартқаннан кейін Жәннатқа кіреді. Жәннатқа тек кәпірлер кірмейді.

Мұсылманның күнәсі көп болса да, соңында міндетті түрде Жәннатқа кіреді.

Құран кәрімде былай бұйырады:

«Жақсы әйелдер, Аллаһқа мойынсұнады және күйеулерінің ақыларын орындайды. Күйеулері жоқ кезде

олардың намысын және мал-мүлкін Аллаһтың көмегімен қорғайды.»

(Ниса 34)

Үйге келгенде әйеліне сәлем беріп хал-жағдайын сұрау керек, ренішімен қуанышына ортақ болу керек. Өйткені ол басқалардан үмітсіз және өзіне ғана байланған жолдасың, дертіңе ортағың, көңіліңді көтеруші, бала тәрбиелеп жетілдіруші және түрлі қажеттіліктеріңді толықтырушы. Хадис шәрифтерде былай бұйырады:

«Ақысыз (әділетсіз) әйелін ұрған адамның Қияметте дұшпаны мен боламын. Әйелін ұрған Аллаһқа және Расулына қарсы шыққан болады.»

(Р. Насихин)

«Әйелдерінді жәбірлемендер! Олар Аллаһу та'аланың сендерге берген аманаты. Оларға жылы мәміледе болыңдар, жақсылық жасаңдар!»

(Муслим)

«Әйеліне күлімдеп қараған еркектің амал дәптеріне бір құл азат еткендей сауап жазылады.»

(Р. Насихин)

«Әйелімен жақсы мәміледе болып, қалжыңдасқан адамды Аллаһу та'ала жақсы көреді, ризықтарын арттырады.»

(И. Лал)

Садети Әбәдия кітабында былай делінген:

Мұсылман әйел сауда-саттық, ғылым, егіншілікпен айналысуға мәжбүр болмаса да, бұлармен шұғылдануы,

ақша табуы күнә емес, өз қалауымен жұмыс істей алады.

Тек бұлармен шұғылдануда харамдардан сақтануы шарт. Харам істей отырып еңбек етуге де, ғибадат жа-сауға да болмайды.

Тұрмыстағы әйелдерге әрдайым айтатын кеңесіміз мынау: сыртқы дүние отқа толы, күйеулеріне ие бо-лындар, жақсы мінездеріңмен, жылы сөздеріңмен, дәм-ді тағамдарыңмен, үй тазалығы, тиянақтылығымен не-месе күйеулерің ұнататын амалдар арқылы оны үйге байландар. Ол үйге қарай қадам басу үшін жанталасып асығатын болсын. Ұяны ұрғашы құс жасайды, үйді де үй ететін әйелдер осыны ұмытпаңдар.

Ислам тек әйелге келмеді, тек күйеуге де келмеді. Тек ата-анаға да келмеді, бүкіл адамзатқа келді. Барлық адамдар Исламға мойынсұнуға міндетті. Кім Ислам бойынша жүретін болса дүниеде де, ахыретте де бақыт табады, пайдасын көреді. Егер машинаның бір дөң-гелегі жарылған болса машина жүрмейді. Сағаттың да бір тісі сынса істемейді немесе дұрыс жүрмейді. Сол сияқты жанұяда да бір адамның қатесі, кемшілігі бүкіл жанұяның тыныштығын, бақытын бұзады, тіпті ұяның бұзылуына да әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан әркім өзіне мұқият болуы керек, өз міндетін білуі керек, шектен аспауы керек, кемшілігі болса кешірім сұрап, жаңа парақ ашып қуанышпен өмірді ары қарай жалғастыруы керек. Дінімізде рен-жітуге тыйым салынғаны секілді, ренжуге де тыйым салынған, Мұсылманға үнемі жақсы көзбен қарау керек, кемшілігін көрмеу керек. Мен білмейтін бір себебі болса керек деп оны кешіру керек, тілімен де оны

ренжітпеуі керек. Кешірген кешіріледі, жақсы көрген жақсы көріледі.

Күйеуіне қолынан келгенше жылы шырай көрсетіп, сүйіспеншілігін білдіру керек, тілімен де оны ренжітпеу керек. Хадис шәрифтерде былай бұйырады:

«Қияметте Аллаһу та'ала күйеуін тіліменен жәбірлеген әйелдің тілін 70 аршын ұзын етіп мойнына орайды. Күйеуіне жаман көзбен қараған әйелді басы кесілген, денесі бөлшектенген күйге айналдырады.»

(Шура)

Әйелге әшекей бұйымдар мубах саналады. Алайда әшекей алу үшін күйеуін қиын жағдайға түсірмеуі керек, бөтендерге әшекейлерін көрсетпеуі керек! Сонда ғана әшекейлері Жәннатқа кіруге кедергі болмайды. Хадис шәрифте былай бұйырады:

«Жәннатта әйелдердің аз болғанын көрдім. Себебін сұрадым “Оларды алтын және әшекей бұйымдары алдандырды” деді.»

(И. Ахмет)

«Сенен не көрдім» деп күфрани нимет (жақсылықты түсінбеушілік) етпеу керек! Екі хадис шәрифте былай айтылады:

«Егер күйеулеріне күфрани нимет етпегенде, намаз оқыған әйелдер дереу Жәннатқа кіретін еді.»

(Шура)

«Жаһаннам халқының көпшілігін әйелдер құрайтынын көрдім. Себебі көп лағынет айтып, күйеулеріне қарсы күфрани нимет етуі.»

(Бұхари)

Күйеуіне бір жақсылық жасаған болса міндет етпеуі керек. Азық-түлік, киім-кешек сияқты мәселелерде күйеуін ренжітпеуі керек, орындай алмайтын нәрсені одан сұрамауы керек! Күйеуінің намысын қорғауы керек, әркез оның разылығын алып оны қуантуға тырысуы керек! Хадис шәрифте былай бұйырады:

«Әйел мойнындағы күйеу ақысы, сендердің мойнындағы менің ақым секілді. Олай болса күйеуінің ақысын орындамаған әйел, Аллаһу та'аланың ақысын орындамаған болады.»

(Шура)

Әйел күйеуін ренжітпеуі керек.

Бір күні хазіреті Фатима, әкесінің алдына жылап келеді. Расулуллаһ алейһиссалам:

– Ей, Фатима, неге жылап тұсың? – деді.

– Ойланбай айтқан сөзіме Али ашуланды. Мен кешірім сұрадым. Бірақ оны ренжіткенім үшін жылап тұрмын.

– Қызым, білмейтін бе едің, Аллаһу та'аланың разылығы күйеуінің разылығына байланысты. Әрдайым күйеуінің разылығын іздейтін, күйеуі де одан разы болған әйел ең бақытты әйел. Әйелдер үшін ең үлкен ғибадат күйеуіне мойынсұнуы. Күйеуі әйелінен разы болса ол әйел қалаған есігінен Жәннатқа кіруге құқылы болады. Күйеуін ренжіткен әйел оны разы еткенге дейін Аллаһу та'аланың лағынетінде болады.»

(Р. Насихин)

Күйеуінің ақысына мән беріп орындаған әйел жихад еткендей сауапқа кенеледі. Хадис шәрифтерде былай бұйырады:

«Күйеуінің ақысын орындау Аллаһ жолында жихад ету секілді.»

(Табарани)

«Әйел күйеуінен рұқсатсыз нәпіл ораза тұта алмайды. Егер рұқсатсыз тұтса аш және сусыз жүрген болады, сауап жазылмайды. Күйеуінің рұқсатынсыз сыртқа шыға алмайды. Шықса көктегі періштелер үйіне қайтқанға дейін лағынет айтады.»

(Табарани)

«Еркек қажеттілігі үшін әйелін шақырса, әйелі тандыр басында болса да дереу жауап берсін!»

(Тирмизи)

«Күйеуі шақырғанымен, төсекке келмеген әйелге періштелер таңға дейін лағынет айтады.»

(Бұхари)

«Әйел күйеуінің рұқсатынсыз өз малын да жарата алмайды.»

(Табарани)

«Рұқсатсыз үйден шыққан әйелге күйеуі разы болғанға дейін жер бетіндегі барлық нәрсе лағынет айтады.»

(Дәйләми)

«Әйел күйеуінен рұқсатсыз ешкімді (әке, шеше,

бауырларын да) үйіне кіргізе алмайды, нәпіл намаз оқи алмайды.» (Табарани)

Аллаһ Елшісі с.а.с. былай деген: «Аяғы ауыр болып, құрсақ көтеріп жүрген әйел дүние салса, шаһиттердің[3] қатарынан болады»

*(Хадисті Убада ибн Самиттен
Ибн Саъат риуаят еткен).*

Бір күні Аллаһтың Елшісіне с.а.с. бір әйел баласымен келеді, сонда Пайғамбар с.а.с. былай деді: «Аяғы ауыр әйелдер, дүниеге бала әкеліп әрі балаларға қамқор, күйеуіне адал, айтқанын екі етпейтін болса, намазын өз уақытында оқыса, барар жері Жәннат болады».

*(Абу Амамадан Ахмад, Ибн Мажжа
және Байхақи риуаят еткен).*

Бір күні Аллаһтың Елшісі с.а.с. әйелдерге байланысты былай деді: «Сіздердің әр біріңіз бақытты емессіздер ме? Күйеулеріңізден құрсақ көтерсеңіздер, ал күйеуі оған разы болса. Егер осылай етсеңіздер ол әйелдің аяғы ауыр болған әр бір күніне, күні бойы ораза ұстап түнімен намаз оқып шығушының сауабындай сауап жазылады. Босанар уақыты жақындап, қиналған уақытта, аспандағы періштелердің өзінде Аллаһтың ол әйел үшін қандай сый-сияпат әзірлегенінен бейхабар болады. Дүниеге нәресте әкеліп, көкірегіндегі сүтімен баласын емізген әр бір сәті үшін де Аллаһтың сол әйел үшін дайындалған сыйлығын алады. Нәресте түнімен жылап, анасына ұйқы бермей, ал анасы түні бойы баланы жұбатып, емізіп шыққандығы үшін Аллаһ жолында жетпіс құлды азат еткендей сауапқа ие болады. Сіздер менің қандай әйелдер жайында сөз

жүргізгендігімді білесіздер ме? Олар Аллаһқа мойын-
сынушы, күйеулеріне бағынып, айтқанынан шықпаушы
әрі істеген жақсылықтарын тез арада ұмытушы әйел-
дер».

*(Хадисті Хасан ибн
Суфьяннан Табарани
риуаят еткен)*

«Құрсақ көтерген әйел, бала босанып әрі нәрестені
емізгендігі үшін, Аллаһ жолындағы сарбаздай болады.
Егер осы уақытта дүние салса шаһидтің дәрежесіндей
дәрежеге ие болады».

*(Хадисті ибн Умардан Табарани
риуаят еткен).*

«Әйел адам құрсақ көтерсе оған Аллаһ жолында кү-
німен ораза ұстап, түнімен намаз оқығанның сауабы
жазылады Ал босанар уақыты жақындап, қиналған
уақытта, Аллаһтың ешбір жаратылысы ол әйел үшін
қаншалықты сый-сияпаттың әзірлегенін білмейді. Дү-
ниеге нәресте әкеліп, көкірегіндегі сүтімен баласын
емізген әр бір сәті үшін, нәрестенің әр бір емген сәті
үшін де марапатталады. Өліні тірілткендей болады.
Баланы емізуді доғарған уақытта, періште оның
иығынан түртіп, «сый-сияпат алуды жалғастыр» дейді».

*(Хадисті Абдурахман ибн
Ауфтан Абу Шейх риуаят еткен).*

«Егер мұсылман:

жүректі, тілі тек қана Аллаһты зікір ететін, шыдамды
яғни, денесімен ауыртпашылық көтере алатын болса
әрі денесімен, күйеуінің мүлкімен сауда етпейтін

әйелі болса, онда ол екі дүниенің де жақсылығына ие болады».

*(Ибн Аббастан Байхақи
риуаят еткен).*

«Әйелдеріңнің ең жақсысы – салиқалы, күйеуіне адал болғандары».

*(Анастан Дилми
риуаят еткен).*

«Ең жақсы әйелдер – олар сондай, қарағанда көңілің толады, бір нәрсе айтсаң бойсұнады, сенің жоқтығыңда өзін әрі сенің мүлкіңді сақтай біледі». Осы сөздерді айтқан соң Аллаһтың елшісі «Ниса» сүресінің 34-ші аятын оқыды: «Еркектер әйелдерге басшы. Өйткені, Аллаһ бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар, дүние-мүлкінен пайдаландырады. (Әйелдерге мәһір, нафақа береді). Ал, жақсы әйелдер – бой ұсынушы, Аллаһ қорғауға бұйырған абыройын қорғаушы».

(Хадис Абу Хурайрадан).

«Түннің бір жартысында тахажжуд намазын оқуға тұрып әрі күйеуін оятып, екеуі бірге намаз оқыған әйел және күйеуін оятқанда тұрмағандығы себепті бетіне су шашқан әйел Аллаһтың қамқорлығында болады».

*(Абу Хурайрадан Абу Дауд
риуаят еткен).*

Бір күні пайғамбарымыз с.а.с. сахабаларымен бірге отырған уақытта, оған с.а.с. Язидтің қызы Асма келіп былай деді: «Сен мен үшін әкемсің анамсың, мен са-

ған әйелдердің атынан сөйлеп келдім әрі сен үшін жанымды педа етуге дайынмын. Шығыстан Батысқа дейінгі барлық әйел менің пікіріммен келіседі. Сен әр бір ер және әйелге Аллаһ тарапынан жіберілген, ақиқат жолды көрсетуші елшісің. Біз саған әрі сені жіберген Раббыңа иман келтірдік. Мен көптеген үйінде отырған әйелдердің бірімін. Айтқандарыңызды орындаймыз, қарнымызда балаларыңызды көтеріп жүреміз. Ал сіздер еркектер бізге қарағанда жоғарысындар, жұма намазына барасындар, намазды жамағатпен оқисындар. Жылда қажылық сапарын жасайсындар. Аллаһ жолында шайқасасындар. Ал біз, сіздер қажылыққа немесе жорыққа кеткендеріңізде өзіміздің әрі сіздердің дүниелеріңізді қорғаймыз. Жыртық жамап отырамыз. Не себепті бізде Аллаһтың игі істеріне қатыса алмаймыз». Сонда пайғамбар с.а.с. сахабаларына бұрылып қарап: «дін істеріне байланысты әйел кісіден мынадай тамаша сұрақты естіп көрдіңдер ме?», – деп сұрады. Кейін Асмаға қарап былай жауап берді: «әйелдерге мына сөздерімді жеткіз: сендердің ең жақсыларың, күйеуінен бір нәрсе сұраған уақытта, ол онымен қанағаттанатын, күйеуінің айтқандарын орындап, пікірлерімен келісетін әйел. Осыны іске асырушы күйеуінің бұйрығын орындап, пікірлерімен келіскен болып есептеледі. Осы істерді орындау, күйеуінің Аллаһ жолында атқарған істері әрі әйелі қатыса алмаған істері үшін де алған сыйлығымен тең болады». Мына сөздерді естіген әйел бұрылып, «Лә иләһә иллаллаһ, Аллаһу акбар» деп айтып, кері қайтты».

«Егер әйел жақсы жанұядан және сұлу болса. Күйеуі өзінен бұрын дүние салып, күйеуі қайтыс болған соң басқа күйеуге шықпай, сауық-сайран құрмай, боянбай кәмелет жасқа келгенше балаларын тәрбиелесе немесе

дүние салса, онда ол әйелдің жәннаттағы дәрежесі Менімен бірдей болады».

*(Абу Хурайрадан әл-Хараити
риуаят еткен).*

Бір күні бір адам пайғамбарға с.а.с. былай деді: «Менің әйелім мен үйге кірген уақытта: «Қош келдің! Менің әрі осы шаңырақтың қожайыны», – дейді. Мұнайғанымды көрсе: «Бұл өмір сені мұнайтпасын, саған арғы дүние жеткілікті болады», – дейді. Сонда Аллаһтың елшісі с.а.с.: «Оған айтып барғын: ол Аллаһтың қызметшілерінің бірі, әрі оған, Аллаһ жолында күресушіге берілетін сый-сияпаттың жартысы жазылады».

*(Абдулла әл-Уадахиден
әл-Хараити
риуаят еткен).*

Айша р.а. анамыздың риуаяты бойынша: «Бір күні маған бір пақыр, кедей әйел екі қызымен келіп, тамақтандыруын өтінді. Мен олардың әрбіріне бір құрмадан бердім. Әйел өзіне тиесілі құрманы аузына сала бергенде балалары “құрма берші” деді. Құрманы жеместен екіге бөліп қыздарына берді. Бұл жайт мені елең еттіріп, мен оны пайғамбарға с.а.с. айттым. Сонда Аллаһтың Елшісі с.а.с.: «Шын мәнінде сол әйелдің істеген жақсы ісі үшін Аллаһ оны жәннатқа кіргізіп, тозақ отынан аман сақтайды», – деді.

*(Айша р.а. анамыздан
Муслим
риуаят еткен).*

«Жер бетінде жақсы, ізгі амал істегендері үшін жәннатқа кірген әйелдер, хор қыздарынан да сұлу болады.

*(Хаббан ибн Хабладан ибн
әл-Мубарак риуаят еткен).*

«Салиқалы әйел, ізгі амал істемейтін мың еркектен хайырлы».

*(Хадисті Умар ибн әл-Хаттаб
жеткізген)*

«Мына дүниенің жалғандығы — ол өткінші бір өмір ғана. Өткінші өмірдегі қолдануға берілген жақсылық — ол салиқалы, жақсы әйел».

*(Абдуллаһ ибн Амр әл-Ъастан
Муслим риуаят еткен).*

«Менің үмметімнің ең жақсы әйелдері, күйеулеріне сәлемі түзу (яғни, бойсұнушы) және қанағатшылдары».

*(Айша р.а. анамыздан ибн Ғади
риуаят еткен).*

«Сендердің ең жақсы әйелдерің, дүниеге бала әкеліп, қамқоршы болғандары. Аллаһқа нық сеніммен иман келтіргендері. Ал ең жаман әйелдерің, жартылай жалаңаш киініп, менмендігі асып тұрғандар. Екіжүзді, бетпақ әйелдер ешуақытта жәннатқа кірмейді. Салиқалы, ізгі әйелдер ақ қарға секілді өте аз болады».

«Бір күні, бір адам Аллаһтың Елшісіне с.а.с. келіп, былай деп сұрады: «Уа, Аллаһтың Елшісі с.а.с., адамдардың ішінде жақсы қарым-қатынас қылуға, жақсы

сөз айтуға лайықтырағы кім?» Ол кісі: «Анан» деді, одан кейін деп сұрағанда, «Анан» деп жауап берді, ал “одан кейін ше?” деп сұрағанда, тағы да «Анан» деп жауап берді. “Одан кейін кім?” деп тағы да сұрағанда, Пайғамбар с. а. с «Әкең» деп жауап берді».

*(Абу Хурайрадан Бухари және
Муслим риуаят еткен).*

«Әйелдердің еркектерден артықшылығы Аллаһ оларды сезімтал етіп жаратқан. (Еркектерге қарағанда 99 есе сезімтал келеді). Дегенмен Аллаһ оларды ұялшақ қылап жаратқан».

*(Абу Хурайрадан Байхақи
риуаят еткен).*

«Бала туатын зинжи әйелдер, бала тумайтын сұлу әйелдерден артық. Сендер көбейген уақытта, қайтыс болған шала-жансар баланың өзі де Жәннаттың есіктеріне келеді. Оған: «Жәннатқа кір», – деп айтылады. Сонда олар: «Раббым, менің ата-анамның жағдайы не болады?», – деп сұрайды. Оған: «Ата-анаммен бірге Жәннатқа кір», -деп айтылады».

*(Мурауия ибн Хайдадан
ат-Табарани риуаят еткен).*

«Мына дүниенің салиқалы әйелдері, хор қыздарынан жетпіс мың есе артық болады».

*(Хаббан ибн Абу Хабладан
Ибн Мубарак риуаят еткен).*

«Кімде-кім анасының көзін сүйсе, осы ісі тозақ отынан қорғайтын қалқан болады».

*(Ибн Аббастан Байхақи
риуаят еткен).*

«Кімде-кім әйелді күйеуіне, құлды қожайынына қарсы қойса, ол бізден емес.

*(Абу Хурайрадан Абу Дауд
риуаят еткен).*

«Сен күлімсіреп ұлыңа қарасаң, саған «жақсылық» жазылады. Ал, күлімсіреп қызыңа қарасаң, саған «сый-сияпат» жазылады. Ендеше, тәрбиені қыздан бастандар. Негізінде Аллаһ олар үшін өте жұмсақ».

(Саъд ибн Абу Уаққастан Дилми риуаят еткен).

«Сендердің ең жақсыларың, әйеліне және қыздарына жақсы қарайтындарың».

*(Абу Хурайрадан Байхақи
риуаят еткен).*

«Егер әйел күйеуіне: «Аллаһ саған береке берсін» десе, оның күнәлары кешіріледі. Ал егер ол күйеуіне кішкене ғана ашуланса, Аллаһ оның жақсы, сауапты істері үшін жазылған сый-сияпаттарды өшіреді. Әйеліне сабырлылық еткені үшін күйеуі кешіріледі».

*(Ибн Масъуттан Дилми
риуаят еткен).*

«Мінезі жақсы адамның иманы берік болады. Сендердің ең жақсыларың, әйелімен жақсы мәміле қылушыларың».

(Абу Хурайрадан Тирмизи риуаят еткен).

Бір күні пайғамбар с.а.с. былай деді: «Сендерге жәннаттың тұрғындары арасында болатындар жайлы хабар берейін бе? Олар – пайғамбар, салих-ізгі адам, Аллаһ жолында жанын қиған шаһид, ұзақта тұратын мұсылман бауырын Аллаһ разылығы үшін зиярат етуші адам. Бұл сендердің құрсақ көтеріп, дүниеге нәресте әкелетін, қамқоршы әйелдерің. Олар сендермен ұрысып қалған уақытта, бірінші келіп, қолдарыңа қолын қойып: «сен маған разы болмайынша ұйықтай алмаймын», — дейді».

(Ибн Аббастан Насаи риуаят еткен).

«Күйеуі әйеліне қараған уақытта, әйелі де оған махаббат жүзімен күлімсіреп қараса, Аллаһ оларға меірімділікпен қарайды. Күйеуі әйелінің қолынан ұстаған кезде, олардың күнәлары саусақтарынан тамып, жуылады».

(Абу Сағидтен әл-Рафиғи риуаят еткен).

«Егер Аллаһ біреуге саликалы әйел берсе, онда Ол (Аллаһ) оның дінінің жартысында көмек бергені. Ендеше ол, екінші жартысында Аллаһтан қорықсын».

(Анастан әл-Хақим риуаят еткен).

«Иман келтірген адамның тақуалығынан кейінгі иеленетіні ол саликалы әйел. Оған бір нәрсе айтсаң бұйырсаң — бағынады, бойсұнады. Оған қарап қуанасың. Егер ант етсең (антыңды іске асыруда) көмек береді. Үйде болмасаң өзін және сенің дүние-мүлкінді қорғайды.

(Муъаз ибн Жәбәлдан ибн Мажа риуаят еткен).

«Аллаһ, өз жұбайына адал, бөтен еркектерге қорғандай қатты болған әйелдерді жақсы көреді».

(Алиден Дилми риуаят еткен).

«Аллаһ әйелдерге ұмтылыс, ал еркектерге жиһадты берді. Осы үшін сыйлыққа ие болатынын біліп сабырлылық еткен әйелге, шаһидтке берілген сыйлық беріледі.

(Ибн Масъудтан Табарани риуаят еткен).

«Иман келтірген ер кісі, иман келтірген әйелін жек көргені дұрыс емес. Егер әйелінің жағымсыз мінезі болса, басқа көркем мінезді қылықтарына риза болғаны абзал».

(Абу Хурайрадан Муслим риуаят еткен).

«Әйеліне көмек беру – ізгі амалдардан».

(Ибн Умардан Дилми риуаят еткен).

Бір күні пайғамбар с.а.с. былай деді: «Кәмелет жасқа толмаған үш баласы қайтыс болған мұсылманды Аллаһ жәннатқа кіргізеді. Сол кезде одан с.а.с.: «ал егер екі баласы қайтыс болса ше?», – деген де. Ол да кіреді, – деді. Кейін тағы да: «бір баласы қайтыс болса ше?», – деп сұрады. Бір баласы қайтыс болған адамды да Аллаһ жәннатқа кіргізеді, – деді. Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін, шала-жансар туылған бала дүние салса да жәннатқа жетелейді. Егер олар балаларынан айырылған сәтте, (қиямет күні) сыйлыққа ие болатынын біліп сабырлық ете білсе.

*(Мағыздан Табарани
риуаят еткен).*

«Әйел — әлсіз, қорғансыз адам. Ол көшеге шыққан уақытта шайтан оны шалуға тырысады».

*(Ибн Масъудтан Тирмизи
риуаят еткен).*

Бір күні Аллаһ тағаланың Елшісіне с.а.с. әйелдер келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі с.а.с., еркектер Аллаһ жолында жиһад қылады, біздің де мужаһид болуымыз үшін не істеуіміз керек?», – деп сұрады. Сонда пайғамбар с.а.с.: «Әрбіріннің үй тірлігімен айналысуың – Аллаһ жолындағы жиһад болып есептеледі», – деп жауап берді.

*(Анастан Байхақи
риуаят еткен).*

«Бұзақы әйелдің жаман іске баруы, мың еркектің

жаман іске баруымен тең. Бір әйелдің ізгі, салих амал істеуі, жетпіс ізгі адамның ісіне тең.

(Ибн Умардан Бухари риуаят еткен).

«Өз әйелдерін құл секілді ұрып, кешке (сол ұрған әйелімен) бір төсекке жататындардың қатарынан болмандар».

(Абдуллаһ ибн Самхадан Бухари риуаят еткен).

«Әйелдермен жақсы қарым-қатынас қылыңдар. Негізінде әйел қабырғадан жаратылған. Қабырғаның жоғарғы бөлігі қисық келеді. Оны түзегің келсе, сындырып аласың. Ал егер өз жайында қалдырсаң, сол қисайған күйінде қалады. Осы себепті әйелдермен (әруақытта) жақсы мәміледе болыңдар».

(Абу Хурайрадан Бухари риуаят еткен).

Али ибн Аби Талиб намазда дұға етіп, былай деді: «Раббымыз, бізге осы дүниенің жақсылығын және мәңгілік дүниенің жақсылығын нәсіп ет!». Осы дүниенің жақсылығы дегені – салиқалы әйел, мәңгілік өмірдің жақсылығы – жәннат және хор қыздары».

(Тафсир әл-Бағауи).

«Шала-жансар қайтыс болған нәресте, ата-анасын тозаққа әкетіп бара жатқанда, өз Раббысынан қашады. Сонда оған: «Ей, Раббысынан қашушы: «Ата-ананды жәннатқа қарай жетеле», – деп айтылады. Ол қуанып ата-анасын жәннатқа қарай жетелейді».

(Алиден ибн Мажа риуаят еткен).

Періштелер былай дейді: «Еркекті сақалымен, әйелді бұрма шаштарымен көркемдеген Аллаһқа сансыз мадақтар болсын».

(әл-Хақим риуаят еткен).

«Еркек әйелдің қойшысы (жауапкер). Аллаһ одан әйеліне қалай қарағандығы жайында сұрайды. әйелі күйеуіне қойшы болады. Аллаһ одан да (күйеуі одан разы болғандығы) жайлы сұрайды». (Анастан Дилми риуаят еткен).

«Сендерден әрбірің қойшы секілді, қоластындағыларға жауап береді. Басшы да қойшы секілді, өзінің қойларына (басқарып отырған мемлекетіне) жауап береді. Еркек жанұяның қойшысы, ал әйел күйеуінің үйіне және балаларына қойшы әрі осы ісіне жауапкер болады».

(Абу Хурайрадан Бухари риуаят еткен).

Бір күні бір адам, Аллаһ Елшісінен с.а.с.: «Әйелдердің қандай құқықтарын сақтауымыз қажет?», – деп сұрады. Пайғамбар с.а.с. былай жауап берді: «Өзің тамақтандың ба, оны да тамақтандыр. Өзіңе киім сатып алдың ба, оған да сатып ал. Оның бетінен ұрма, ұрысып болған соң мазақ қылма, үйде жалғыз өзін қалдырма».

(Муъауия бин Хайдадан ан-Науауи риуат еткен).

Айша р.а. әйелдерге қарап былай деді: «Ей, әйелдер! Сендер күйеулеріңнің алдындағы міндеттеріңді біл-

гендерінде ғой, өздеріннің беттерің шаң бол тұра, күйеулеріннің бетіндегі шаңды сүртер едіңдер».

(Абу Шейх риуаят еткен).

«Әйел – ер кісінің екінші жартысы».

(Айша р.а. анамыздан Ахмад риуаят еткен).

«Шын мәнінде Аллаһ, аналарыңды құрметтемеуге, берілуі тиіс нәрсені бермеуге, басқалардың өз істеріңмен мазалауға, жаңа туылған нәресте қыздарыңды өлтіруге тыйым салды. Ол (Аллаһ) адамдар жайында естіген күмәнді сөздерді таратуды, мәнсіз сұрақтар қойып (өзіннің шамам келе тұра көмек) сұрауды, дүние-мүлікті босқа ысырап қылуларыңды ұнатпайды.

(Муғира бин Шуъбадан Бухари және Муслим риуаят еткен).

«Егер мұсылман бір әйелдің діні және сұлулығы үшін үйленсе, онда ол әйел күйеуі үшін (құлауынан қорғайтын) қорған болады.

(Ибн Аббастан Дилми риуаят еткен).

«Салиқалы әйел басқа әйелдерден, бір аяғында ақ белгісі бар қарға секілді ерекше болады».

(Абу Амамадан Табарани риуаят еткен).

Мухаммад с.а.с. пайғамбар с.а.с. әйелдерге қарап былай деді: «Ей, әйелдер! Сендердің ең жақсыларың жақсы еркектерден бұрын жәннатқа кіреді. Бұл ізгі әйелдер (жәннатқа кірген соң) жуынып, тазаланып, әдеміленіп ең мықты аттарға мініп күйеулерін қарсы алуға шығады. Оның үстінде әшекейлер, жандарында қызметшілері болады, олар жылтыраған меруерттей болады».

(Абу Амамадан Абу Шейх риуаят еткен).

«Өтірік айтуға тыйым салынған, тек үш жағдайда ғана болады: әйелінің көңілі үшін күйеуінің өтірік айтуы, соғыста жауды жеңу үшін (айла қолданып) өтірік айтуға болады, адамдарды жарастыру үшін өтірік айтуға болады».

(Язидтің қызы Асмадан Ахмад және Тирмизи риуаят еткен).

«Ақылды әйелдерге үйленіңдер. Себебі олардың ауыздары тәтті, құрсақтары таза, олар аз нәрсеге (төсек қатынасында) қанағатшыл».

(Абдуррахман Салимнен Ибн Мажса риуаят еткен).

«Мына дүниеде мен үшін әйелдерден сүйіктірек нәрсе, қастерлі әрі көзімнің нұры болған – намаз».

(Анастан Насаи риуаят еткен).

«Дүниеге қыз келген уақытта, Аллаһ тағала ол жерге періштелерді жіберіп, сәлемін айтып: «Мына үйдің тұрғындары, сендерге сәлем болсын», – дейді.

Періштелер қанаттарымен жаңа туылған қызды қорғаштап былай дейді: «қандай әлсіз, қорғансыз еді, әлсіз денеден шықты. Егер әкесі оны тәрбиелеп өсірсе, қияметке дейін оған Аллаһтың жәрдемі болады».

(Набит бин Шурайттан Табарани риуаят еткен).

«Ең жақсы балалар – нәзік, мейірімді, қымбатты, игі қыздар».

(Алиден Дилми риуаят еткен).

«Салиқалы әйел – ол, аз төлемді кешіріп, бірінші нәрестесі қыз болады».

(Айша р.а. анамыздан Суюти риуаят еткен).

«Егер әйел күйеуінің жәбіріне шыдап, «мойынсұндым» десе, Аллаһ оның «мойынсұндым» деген сөзінен, Аллаһқа мадақ айтатын бір періште жаратады. Періштенің Аллаһқа айтқан мадағының сауабы «мойынсұндым» деп айтып жүрген әйелге жазылады».

(Ибн Аббастан Дилми риуаят еткен).

«Әйелдер әлсіз, қорғансыз етіп жаратылған. Үйде олардың қорғансыздығын білдірмеңдер. Әлсіздігін үнсіздікпен жеңе біліңіздер (дәрекілік көрсетпеңіздер)».

(Ибн Аббастан Дилми риуаят еткен).

«Ізгі еркектің ізгі әйелі патшаның басындағы әшекейленген алтын тәжідей. Ізгі еркектің күнәһар әйелі, қартайған адамның арқасындағы ауыр жүк секілді».

*(Абдуррахман ибн Абзадан
ибн Абу Шейба риуаят еткен).*

«Әйелдер үш түрлі болады: 1) ыдыс секілді, көтеріп қайта қоятұғын; 2) терісі ауыратын түйе секілді; 3) мейірімді және бала туатын, иманын мықтылау үшін күйеулеріне көмек беретін, бұндай әйел еркек үшін қазынадан да қайырлы».

(Жабирден Байхақи риуаят еткен).

«Әйелдерің үш түрі болады: 1) таза, бақытқа кенелтетін, жұмсақ, мейірімді, бала туатын мұсылман әйел, күйеуіне көмек береді әрі ауыр жүк болмайды, бұндай әйелдер өте аз болады; 2) ыдыс секілді әйел, туғаннан басқа еш нәрсе білмейді; 3) дөрекі, сайқал. Аллаһ оны қалағанына бере алады. Қаласа кері алады».

*(Умар ибн әл-Хаттабтан ибн
Абу Шейба риуаят еткен).*

«Егер әйелдеріңмен қосылсаңдар, сендерге жақсылық жазылады». Сонда адамдар: «Уа, Аллаһтың Елшісі с.а.с.: «сонда қалай, әйелімізбен қосылсақ та жақсылыққа ие боламыз ба?», – деп сұрады. Пайғамбар с.а.с.: «Егер адам харам жолмен жақындасса (зина істесе), оған күнә жазылады. Халал жолмен жақындасса оған сауап жазылады».

(Абу Заррдан Муслим риуаят еткен).

Абдуллах бин Масъудтың әйелі Зәйнаб айтты: Бір күні Аллаһтың Елшісі с.а.с. әйелдерге қарап, былай деді: «Ей, әйелдер! Жеке құнды заттарыңнан садақа беріңдер». Мен үйге келіп күйеуіме былай дедім: «Сен мұқтаждардың қатарынансың. Аллаһтың Елшісі с.а.с. бізге садақа беруімізді бұйырды. Саған садақа берсем болады ма, де пайғамбардан с.а.с. сұрап келесің бе? Егер болмаса онда басқа адамға беремін». Абдуллах маған: «Өзің барып сұра», – деді. Мен сұрауға келгенімде, пайғамбардың с.а.с. үйінің есігінің алдында менің сұрағымды қою үшін тұрған ансарлардың бір әйелін көрдім. Бізге Біләл шыққан кезде, сұрағымызды оған қойдық. Аллаһ Елшісі с.а.с.: «Сұрап жатқан қандай әйелдер», – деді. Біләл: «біреуі ансарлардан, екіншісі Зәйнаб», – деді. Пайғамбар с.а.с.: «қай Зәйнаб», – деп сұрады. Біләл «Абдуллаһтың әйелі», – деді. Кейін Аллаһ Елшісі с.а.с.: «Оларға екі есе сыйлық – бірі жақындастығы үшін, екіншісі берген садақасы үшін», – деді.

*(Зәйнабтан әш-Шейхан
риуаят еткен).*

«Егер әйел күйеуінің мүлкінен, зарар бермей, ысырап қылмай садақа берсе, оған сауап жазылады. Сонымен бірге күйеуінің енбекақысына (яғни, жұмыс істеп ақша тапқаны үшін) және жұмыс берушіге де сауап жазылады. Және әрбірінің сауабы кемімейді».

*(Айша р.а. аһамыздан Абу Дауд
риуаят еткен).*

«Бір күні бір сахаба, Аллаһ жолында кетіп бара жатып, сапардан оралғанға дейін әйеліне екінші қабаттан

төменге түсуіне тыйым салатындығын айтты. Бірінші қабатта ол әйелдің әкесі тұратын еді. Әкесі науқастанып, қызына төмен түсіп, өзіне қарауын өгінді. Бұл жағдайға байланысты пайғамбардан с.а.с. не істейтіндігін сұрады. Ол кісі с.а.с.: «Аллаһтан қорық, күйеуіңе бойсын», – деп сәлем айтты. Кейін әкесі дүние салды. Осы кезде де әйел пайғамбардан с.а.с. не істеу керектігін сұратты. Пайғамбар с.а.с. бірінші сұраған кездегі жауабын, қайта айтқан болатын. Кейін пайғамбар с.а.с.: «Шын мәнінде Аллаһ, ол әйелдің әкесінің күнәларын, күйеуіне мойынсұнғандығы үшін кешірді», – деп айтты.

*(Анастан Тирмизи
риуаят еткен).*

Умар ибн әл-Ахуас Аллаһ Елшісімен с.а.с. бірге қоштасу қажылығында болды. Қоштасу қажылығында Аллаһ Елшісі с.а.с. Аллаһқа мадақ айтып, адамдарға уағыз айтты. Уағзында Аллаһ Елшісі с.а.с.: «Мен сендерге әйелдеріңе жақсы мәміле жасауды өсиет етемін. Себебі олар тұтқындарың секілді. Олар қарсы шықпайынша, олармен жаман мәміле қылмаңдар. Егер қарсы шықса бөлек жатыңдар. Жазалайтын болсаңдар, қатты жазаламаңдар, ауыртпаңдар. Егер мойынсұнса келеке етпендер. Оның сендерде, ал сендердің әйелдеріңнің алдында құқықтарың бар екендігін ұмытпаңдар. Сендердің құқықтарың, сендер ұнатпайтын адамды үйге кіргізбеуі. Олардың құқықтары, жақсы киіндіріп, тамақтандыруларың».

(Тирмизи риуаят еткен)

Ата-ананың бала алдындағы міндеттері

1. Болашақта бала анасымен жамандалмауы үшін, балаға ана болатын қызды жақсы жерден таңдау керек. Салиха қыз болуына үлкен мән беру керек!

2. Балаға жақсы есім қою керек! Хадис шәрифте: «Балаға жақсы есім қою – перзенттің әкесіндегі ақыларынан» делінген.

(Бәйһақи)

Ахмед, Мұхаммед, Махмуд сияқты сүйікті пайғамбарымыздың есімдерін қою керек. Аллаһу та'ала: «Сүйіктімнің есімінде болған мұсылманға азап беруге ұяламын», – деп бұйырған. Пайғамбарымыз да: «Үш ұлы бола тұра, біріне менің есімімді бермеген адам надандық еткен болады», – деген.

(Табарани)

3. Балаға жақсы тәрбие беру керек! Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Балаға жақсы тәрбие беру, баланың әкесіндегі ақыларынан».

(Бәйһақи)

«Балаларына игілік етіндер, оларды әдепті, тәрбиелі етіп өсіріңдер!»

(Ибн Мажә)

«Баланы тәрбиелеу, немерелерге садақа беруден де асқан сауап».

(Тирмизи)

4. Балаға мейірімді мәміле жасау керек! Сүйікті пайғамбарымыз немересін сүйген кезде, біреу көріп: «Йа Расулаллах! Менің он бала-шағам бар. Бірақ ешбірін сүймеймін», – деді. Оған: «Мейірімділік етпеген, мейірімділік көре алмайды» - деп жауап берді.

(Бұхари)

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Балаларыңды көп сүйіңдер, әр сүйгендеріңде жәннаттағы дәрежелерің өседі».

(Бұхари)

«Баланың иісі – жәннат иісі».

(Табарани)

5. Балаларға бетдұға (қарғыс) айтпау керек. Хазіреті Ибн Мүбәрәк баласынан шағымданып келген адамға «Балана бетдұға еттің бе?» - деп сұрайды. «Иә» деп жауап бергенінде «Онда баланның мінезін сен бұздың!» - дейді.

6. Бала-шағаға жақсылық ету керек! Хадис шәрифте былай бұйырылған:

«Бала-шағаларыңа игілік етіңдер, ата-аналарыңның сендерде ақысы болғанындай, балаларыңның да сендерде ақысы бар».

(Табарани)

7. Балаларды халал азықпен қоректендіру керек! Харам азықтың әсері баланың табиғатын бұзады, балада бұзық әрекеттердің пайда болуына себеп болады. Хадис шәрифте: «Жеп-ішкендерің халал, таза болсын! Балаларың осылардан қалыптасады», – деп бұйырылған.

(Риядун-Насихин)

8. Әкенің баласына ілім, әдеп және кәсіп үйретуі – парыз. Алдымен Құран кәрім оқуды үйрету керек. Кейін иманның және исламның шарттарын үйрету керек. Жеті жасынан бастап намаз оқуға әдеттендіру керек. Дүниеде және ахыретте құтылу ілім арқылы жүзеге асады. Балаға дін ілімдерін үйреткеннен кейін оқуға жіберу керек, колледж және университет оқыту керек. Дінін үйренбестен мектепке жіберілсе, бұларды үйрену үшін бос уақыт таба алмайды. Дін дұшпандарының тұзақтарына түсіп, олардың жалғандарына алданады. Дінсіз және ислами әдептен махрұм болып жетіледі. Дүние мен ахыретте пәлекетке душар болады. Елге зиянды болады. Өзіне және басқаларға жасаған жаманшылықтарының күнәсі, ата-анасына да жазылады. Баласына дін ілімдерін үйретпей тұрып кәпір және христиан мектептеріне жіберудің зияндарының үлкендігі Иршад-ул хияра кітабында баяндалған.

9. Бала балиғат жасына келіп, ес тиып, үйленгеннен кейін оған былай деу керек:

«Балам, саған тәрбие бердім. Оқыттым, үйлендірдім. Дүниеде пәлекетке ұрынбауың үшін, ал ақыретте азапқа ұшырамауың үшін Аллаһу та'алаға сиынамын. Есінді жиып, осы айтқаныдарым бойынша өміріңді ретте!»

(И.Хиббан)

10. Хазіреті Ахнеф бин Қаис айтады:

«Бала-шаға үшін қиыншылықтарға төзу керек, олардың аяғының астына жұмсақ жер, бастарының үстіне көленке болуымыз керек! Оларға қатал болмайық, бізден алыстамасын. Бізден жалығып өлімімізді күтпесін. Дұрыс қалауларын орындап, ашулы, өкпелі кездерінде жұбатуға тырысуымыз керек!»

11. Балалар арасында әділеттілікке мән беру керек. Хадис шәрифте былай делінген:

«Сыйлық беретін кезде балаларыңның арасында теңдікке мән беріңдер!»

(Табарани)

12. Хазіреті Фудайл бин Ияд былай деген:

«Ата-анасына жақсылық еткен, туыскандарымен араласып тұрған, дін бауырымен сыйласып, көмекші болған, бала-шағасымен, қызметшілерімен жақсы қарым-қатынаста болған, дінін қорғаған, мал-мүлкін жақсы жерлерге жұмсаған, тілін тиып, көздерін харамдардан сақтаған, орынсыз істерден бойын аулақ ұстаған және Раббына ғибадат еткен адам бақытқа жеткендерден.»

13. Балаға орындай алмайтын нәрселерін бұйырмау керек. Мұндай әмірлер айтып баланы бағынбаушылыққа итермелемеу керек. Бір салих кісі ұлынан ешнәрсе сұрамайтын. Себебі сұралғанда: «Бір нәрсені орындауын талап еткен кезімде, ұлымның маған қарсы шығуынан қорқамын. Қарсы келетін болса, жаһаннамға лайық болады. Ал мен ұлымның тозақ отында жануына разы бола алмаймын», – деген екен.

(Хаким)

Баланың ата-анаға байланысты парыздары

Хазреті Имам Нәсәфи баланың ата-анасына байланысты парыздары жайында былай деген:

Ата-ананың (әке-шешенің) баласында сексенге жуық ақысы бар. Олардың 40-ы тірі кезінде, 40-ы қайтыс болғаннан кейін орындалады. Тірі кезіндегі он ақысы дене мүшемен, оны тілмен, оны жүреппен (көңілмен), қалған оны ақшалай өтеледі.

Дене мүшемен атқарылатын он ақысы:

1. Оларға қызмет етіп, разылығын алу. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Ата-анасына қызмет еткен адамның өмірі ұзақ және берекелі болады.»

(Ислам ахлақы)

«Дінге сай қызметтерімен ата-анасын қуантқан адам, Аллаһу та'аланы қуантқан болады. Ал оларды ашуландырған адам, Аллаһу та'аланы ашуландырған болады.»

(Ибн Нәжжар)

«Ата-анасы жанында қартайғанымен (разылықтарын ала алмай) жаннатқа қол жеткізе алмаған адамдардың сағы сынсын».

(Тирмизи)

Хазреті Хасан Басри Қағбаны тауаф етіп жүріп, жүк аркалаған бір кісіні көріп:

– Не үшін жүгіңмен тауаф етіп жүрсің? – дейді.

– Арқамдағы жүк емес, менің әкем. Оны Шамнан 7 мәрте аркалап әкеліп, тауаф етіп жүрмін. Себебі маған дінімді, иманымды үйретті. Мені исламның көркем мінезімен тәрбиеледі, – деп жауап береді. Сонда хазреті Хасан Басри:

– Әкенді қияметке дейін осылай аркалап өтсең де, бір рет ренжітетін болсаң, бұл жақсылықтарыңның бәрі босқа кетеді. Егер бір рет қуантатын болсаң, осыншама қызметтердің сауабына қауышасың, – дейді.

Ата-анаға лайықты түрде құрмет көрсете білу керек, оларға қызметте кемшілікке жол бермеу керек. Хазреті Ибни Аббас: “Ата-анаңның алдында кінәлі, әлсіз, кедей бір құлдың қатал, дөрекі қожайынына деген құрметіндей бол!” деген.

Анаға құрмет және қызмет әкеден бұрын келеді. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Анаға жасалған жақсылықтың сауабы екі есеге көп болады».

(И. Ғазали)

«Бірінші анаң, екінші әкеңе, кейін әпке-қарындасыңа, аға-ініңе, кейін ретімен қалған туыстарыңа жақсылық жаса!»

(Нәсаи)

«Уәйсәл Қарани бүкіл ихсандарымен дәрежелеріне анасына жасаған жақсылықтарының себебімен қол жеткізді».

(Р. Насихин)

«Йа Расулаллаһ! Менің анам мүшрик. Оған жақсылық жасауым жаиз ба?» деп сұраған адамға пайғамбарымыз: «Иә, анаңа жақсылық жаса және оны құрметте!» – деді.

(Әбу Дауд)

Барлық пайғамбарлар өз анасынан да үстем еді. Соған қарамастан пайғамбарлар да аналарын құрметтеп, қызмет еткен.

Кәпір болса да ата-анаға қызмет ету, оларды напақаларымен (тамағы, киімі, тұратын жері) қамтамасыз ету және хал-жағдайларын сұрап қонаққа барып тұру керек. Егер де күпірлікке себеп болатын істерді жасатқызады деп қорқса, онда үйіне баруға болмайды.

(Бәззазийна)

Мұса пайғамбар жәннаттағы көршісінің кім екенін Хақ та’аладан сұрап, оны іздеп барады. Ол қасапшы (ет сатушысы) еді. Қасапшы бір кесек етті алып, оны жақсылап пісіріп, ілулі тұрған себетті төменге түсіреді де, ішінде жатқан кәрі кемпірге пісірген етімен суын береді. Кейін үсті-басын тазалап, қайтадан себетке жатқызады. Қасапшы: “Бұл менің анам. Қартайып осындай халге түсті. Күндіз-түні оны осылай күтіп бағамын”, – дейді. Сонда қасапшының анасы: “Йа, Раббым! Ұлымды жәннатта Мұса пайғамбарға көрші қыл!” – деген сөзін Мұса алейһиссалам да естиді де: “Сүйінші, Аллаһу та’ала сені Мұса пайғамбарға көрші қылды”, – дейді.

(Шира)

2. Үнемі жақсылық жасау керек. Ата-анаға сый-құрмет көрсету және жақсылық жасау парыз. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Ата-анасына жақсылық жасаған бала пайғамбарлармен бірге жәннатқа кіреді».

(И. Рафи)

«Ата-анасына жақсылық жасаған адамның өмір жасы ұзақ және ризығы берекелі болады».

(И. Ахмед)

«Ең құнды амал – уақытында оқылған намаздан кейін ата-анаға жақсылық жасау».

(Муслим)

«Ата-анана жақсылық етсең, кейін балаң да саған жақсылық жасайды».

(Табарани)

«Сен де, мал-мүлкің де әкендікі».

(Ибн Мажә)

3. Оларға қарсы шықпау. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Ата-анаға қарсы шығу – үлкен күнә».

(Бұхари)

«Ата-анасына қарсы шыққан бала жәннатқа кірмейді».

(Нәсаи)

«Ата-анасына қарсы шыққан баланың өмірі берекесіз және қысқа болады».

(Ислам ахлақы)

Имандылардан тозақтан ең соңғы шығатындар Хақ та'аланың жолында жүрген ата-анасының исламға сай болған әмірлеріне қарсы шыққандар.

Ата-ананың және ешкімнің де дінге қайшы болған әмірлеріне мойынсұнылмайды. Бірақ қашанда ата-анаға жылы сөйлеу, оларды ренжітпеу керек.

Ата-анасы кәпір болса, оларды шіркеуден, шарапханадан арқалап болсын әкелу керек. Бірақ ондай жерлерге апармау керек.

Ата-анасы залым да болса, олардың айтқандарына қарсы шығуға, оларға дауыс көтеруге, дөрекі сөйлеуге болмайды.

“Ата-анам өте мейірімсіз, оларға қалай мойынсұнамын?” деген адамға расулуллаһ алейһиссалам былай деген: «Анаң сені тоғыз ай құрсағында көтерді, екі жыл емізді. Сені үлкейгенге дейін қойнында жетілдірді, қамқор болды. Әкең де сені өсіру үшін көптеген қиыншылықтарға төзді. Сенің қажеттіліктеріңді қамтамасыз етті. Саған дініңді, иманыңды үйретті. Сені ислам тәрбиесімен өсірді. Енді қалайша олар мейірімсіз болады? Бұдан асқан мейірім бола ма?»

(Әййухәл уәләд илмихалы)

“Ей расулаллаһ, қартайған анамды өз қолыммен тамақтандырамын. Дәретін алғызып, арқалап жүремін. Осы амалыммен ақысын өтеген боламын ба?” – деп сұраған адамға пайғамбарымыз былай дейді: «Жоқ, ақысының жүзден бірін де орындаған болмайсың. Ол

саған аяққа тұрып кетуінді күтіп қызмет еткен еді, ал сен оған өлімін күтіп қызмет етудесің. Бірақ Аллаһу та'ала бұл аз ғана жақсылығың үшін көп сауап ихсан етеді».

(Р. Насихин)

Бір кісі “Ей расулаллаһ ата-ана баласына зұлымдық етсе де олардың разылығын алмаған адам тозаққа кіре ме?” деп сұрағанында жауап ретінде үш рет «Иә, зұлым еткен болса да разылығын алмаған бала тозаққа кіреді», – деді.

(Бәйһақи)

Олай болса әке-шеше залым болып, баласына зұлымдық етсе де, күнә істеуді әмір етсе де, оларды ренжітпеуге, ашуландырмауға тырысу керек! Күнә болған, дінге қайшы болған әмірлерін орындау керек емес. Бірақ оларды ренжітетін сөз және әрекет жаиз емес.

Ата-ана жаман да болса, олармен жақсы мәміледе болу керек! Олармен араны үзу үлкен күнә болып табылады. Ең болмағанда сәлем айтып, хат жазып, телефон шалып бұл күнәдан құтылу керек!

Құран кәрімде 3 нәрсе 3 нәрсемен бірге айтылған. Біріншісі орындалмаса, екіншісі қабыл болмайды. Пайғамбарымызға мойынсұнбаса, Аллаһу та'алаға мойынсұнылған болмайды. Ата-анаға шүкір етілмейінше, Аллаһу та'алаға шүкір етілген болмайды. Малдың зекеті берілмесе, намаздары қабыл болмайды.

(Тәфсири Муғни)

4. Оларға мойынсұну, қарсы шықпау, күнә болмаған әмірлерін орындау.

Мұса алейһиссалам Аллаһу та'аладан тоғыз рет насихат сұрағанда барлығында да «Ата-анаңа мойынсұн!» – деп бұйырылды. Хадис шәрифте де былай делінген: «Ата-анаға мойынсұну Аллаһқа мойынсұну болады. Оларға қарсы шығу Аллаһу та'алаға қарсы шығу болады».

(Табарани)

Әкесіне қарсы шыққан адам бала-шағасының қызығын көре алмайды, мұратына жете алмайды, отбасымен жақсы қарым-қатынаста бола алмайды, үйінің дәм-тұзы, қызығы болмайды.

(Шира)

5. Оларға қатал жүзбен, қабақшытып қарамау керек. Жылы жүзбен, мейіріммен, сүйіспеншілікпен қарау керек. Ата-анасына мейіріммен, сүйіспеншілікпен бір рет қараған адам қабыл болған бір қажылықтың сауабына қауышады. Пайғамбарымыз: «Ата-анасының жүзіне мейіріммен қараған адамға қажылық және умраның сауабы жазылады» деген. «Күніне мың рет қараса да солай ма?» деп сұралғанда пайғамбарымыз: «Күніне жүз мың рет қараса да...» деп жауап берген.

(Р. Насихин)

Тағы бірде: «Ата-ананың жүзіне мейіріммен қарау – ғибадат» – деп білдірген.

(Әбу Нусайм)

6. Оларды ренжітпеу, өкпелетпеу, разылықтарын алу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: «Раббыңның

разылығы ата-ананың разылығында. Ашуы да ата-ананың ашуында».

(Бұхари)

«Ата-анасының разылығын алған мұсылманға жәннаттан екі есік ашылады. Ал ренжіткен адамға тозақтан екі есік ашылады».

(Бәйһақи)

«Ата-анасының разылығын алған мұсылман не істесе де тозаққа кірмейді. Ал ренжіткен адам жәннатқа кірмейді».

(Шира)

«Хақ та'ала кейбір күнәлардың жазасын қияметке дейін кешіктіреді. Ата-анаға қарсы шығу күнәсы бұлардан тыс».

(Хаким)

Ата-ананы ренжіту, оларды жәбірлеу үлкен күнә болып табылады. Ата-ананың, жалпы ешкімнің де күнә болған әмірлерін орындау жаиз емес. Ата-ананың ұсынған асында харам араласқан болу күмәні болса және бұл тамақтан жеуі үшін баласын мәжбүрлесе, баланың ол тамақты жеуі керек болады. Себебі күмәнді нәрселерден қашу уәраға жатады, ал ата-ананың разылығын алу уәжіп болып табылады. Бірақ дінге қайшы болған әмірлері орындалмайды. Мәселен: “Арақ іш, намаз оқыма, әйтпесе біз ренжиміз” десе, мұндай харам болған айтқандары істелмейді. Өйткені “Аллаһу та'алаға қарсы шыққан істе құлға бағынылмайды”, – деген әмір бар.

Ата-анасы күнә істейтін бала оларға бір рет насихат айтады. Егер насихатын тыңдамайтын болса, одан кейін үндемейді және олар үшін дұға етеді.

7. Олардың рұқсатынсыз сапарға шықпау. Қажылыққа барарда мұқтаж болмаған ата-анадан рұқсат сұрау сүннет. Ата-анасы мұқтаж (кедей) болса, олардың рұқсатынсыз қажылыққа бару харам болып табылады. Ата-анасы мұқтаж болмаса, парыз болған қажылыққа олардың рұқсатынсыз бара алады. Бірақ нәпіл қажылыққа ата-анасының рұқсатынсыз бара алмайды.

(Рәдд-ул-мухтар)

Жиһад үшін рұқсат сұраған адамның ата-анасының тірі екенін естігенде пайғамбарымыз: «Осында қал! Оларға қызмет ет! Оларға қызмет етуің – жиһад болып саналады», – деп бұйырды.

(Бұхари)

Жиһадқа бару үшін рұқсат сұрап келген басқа бір адамға да былай деді: «Ананның қасынан айрылма! Жаннат оның аяғының астында», – деді.

(Нәсаи)

Хижрат ету үшін шыққан бір кісі, пайғамбарымызға келіп: «Йа расулаллаһ! Ата-анамды жылатып келдім», – дегенінде пайғамбарымыз бұл жағдайға ренжіп: «Дереу үйіне бар! Оларды жылатқан болсаң, енді көңілдерін тап (қуант)!» – деді.

(Әбу Дауд)

Ата-ананың үйіне (қонаққа) бармау (олармен араны үзу) үлкен күнә. Хал-жағдайларын сұрап барып тұру керек. Бара алмаған жағдайда ең болмаса хат жазып, сәлем жолдап бұл күнәдан құтылу керек.

8. Оларға лайықты түрде сый-құрмет көрсету. Хадис шәрифте: «Үлкенге құрмет көрсетпейтіндер бізден емес», – делінген.

(Тирмизи)

«Ата-анаға құрмет бақытсыз адамды бақытты қылады. Өмір жасын ұзартады және оны жаман өлімнен сақтайды».

(Әбу Нуайм)

Оларды көргенде дереу түрегеліп, қастарына бару керек, олар отырғанша түрегеп тұру керек, олардың рұқсатынсыз отырмау керек. Отырған кезде де әдептілік сақтау керек, олардың алдында аяқты айқастырып немесе созып отыруға болмайды. «Болса да маған ешнәрсе демейді» деп мұндай әдептіліктерді назардан тыс қалдырмау керек.

9. Көшеде жүргенде арттарынан жүру. Ешқандай себепсіз алдарына түсіп жүрмеу керек.

10. Шақырған кезде дереу қастарына барып “тыңдап тұрмын!” деп айту керек. Ата-ана шақырған кезде парыз намазын бұзу жаиз болғанмен аса қажеттілік болмаса бұзбауы керек. Ал сүннет намаздарды бұзуға болады. Хақ та’ала былай деген: «Ей Мұса! Менің дәргейімде өте ауыр және өте үлкен бір күнә бар. Ол – ата-ана шақырған кезде әміріне бағынбау».

(Ислам ахлақы)

Тілмен жасалатын он ақысы:

1. Жылы сөйлеу, қарапайым болу, «уф» деп айтпау. Хақ та'ала былай деп бұйырған: «Біз адам баласына әке-шешесіне жақсылық жасауларына кеңес бердік».

(Аһкаф 15)

«Раббың тек Өзіне ғана ғибадат етулерінді және әке-шешелеріңе жақсылық етулерінді әмір етті. Егер олардың бірі немесе екеуі де жаныңда қартайса оларға «уф» деуші болма, ауыр сөз айтпа, оларға сыпайы және жылы сөйле, оларға жанашыр бол, қарапайым бол. Ол екеуіне мейірімділік құшағыныңды жай да: “Йа Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымнан тәрбиелеп жетілдіргеніндей, сен де оларды рахымдылығыңа бөле!” деп дұға ет!»

Хазреті Хасан Басри былай деген: «Бір ғалым адамның әке-шешесі кәпір болса, құдыктан су әкеліп беруі үшін оған мұқтаж болып, ол да бірнеше рет шелекпен су әкеліп жүріп «уф» десе барлық амалдарының сауабы жоқ болады».

2. Сөйлескенде даусын олардың даусынан жоғары көтермеу.

3. Олардың жандарында көп сөйлемей, әдептен аспау. Ата-анасы білетін нәрселерін айтса да «тағы сол әңгіме ме?» деместен, ешқашан естімеген адамдай тыңдау керек.

4. Дөрекі, (жаргонды) сөздермен сөйлемей, тигізіп айтпау. Мысалға екі баласы бар адамның бір ұлы

екіншісін меңзеп: «Ұлыңыз сөйтті. Егер мен солай етсем, қияметті қопарар едіңіз!» немесе «Апа не-меренізді қатты еркелете берменіз, төбемізге шығып барады. Тілімізді алмай кетті!» деген секілді сөздермен ата-ананы ренжітуге болмайды. Ата-анасының көзінше баласына ұрысуға, ұруға болмайды. Мұндай нәрселер ата-ананы қатты ренжітеді.

5. Әйелін олардан жоғары тұтпау. Пайғамбарымыз “әлейһиссалам” былай деген: «Әйелін анасынан жоғары тұтқан адамға лағынет болсын! Оның парыз болған және басқа да ғибадаттары қабыл болмайды».

(Шира)

6. Аттарымен атап шақырмау, сөздерін бөлмеу және сөздерінің арасына кірікпеу, білгішсінбеу. Ата-анасы кате айтса да “олай емес” деп қарсылық көрсетпеу.

7. Ата-ананың арасын ашатын сөздерден, іс-әрекеттерден ұзақ тұру. Ата-ана мен ұлының немесе қызының арасын ашатын істерден ұзақ тұру. Әсіресе келіндер ата-ана мен баласының арасын суытатын сөздерден алыс тұруы керек. Пайғамбарымыз “әлейһиссалам”: «Анасы мен ұлының арасын ашатын адамға лағнет болсын!» деп бұйырған.

(Гуние)

8. Сөйлегенде “істе, істеме” деген сияқты бұйрық раймен сөйлемеу. “Істеп бере аласыз ба?” деген сияқты өтініп сөйлеу.

9. Игі, ізгі дұғаларын алу. Әке-шешенің дұғасын үлкен ғанибет, олжа деп білу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: «Үш адамның дұғасы қабыл болады. Әке-шешенің, зұлымдыққа ұшыраған адамның және қонақтың дұғасы».

(Тирмизи)

«Әке-шешенің дұғасы иләһи хижабқа жетеді, дұғалары қабыл болады».

(Ибн Мажә)

10. Бетдұғаларын (қарғыстарын) алмау керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді: «Әке-шешенің баласына және зұлымдық көрген адамның залымға жасаған бетдұғасы (қарғысы) қайтарылмайды».

(Тирмизи)

«Өздеріңе, бала-шағаларыңа және мал-мүліктеріңе бетдұға етпеңдер! Дұғалардың қабыл болатын уақытқа тура келіп бетдұғаларың қабыл болады».

(Мұслім)

Әке-шешені шақырған кезде не жұмыс істеп отырған болса да дереу оны тастап әке-шешенің әміріне жүгір. Әке-шешені саған ашуланып айғайласа да оларға ешнәрсе деме! Әке-шешенің дұғасын алғың келсе, саған әмір еткен істерді тез және әдемі түрде орындауға тырыс! Бұл ісінді ұнатпай, саған ренжіп қалуынан және бетдұға етулерінен қатты қорқ! Саған ренжіген

болса, оларға қатты сөйлеме! Дереу жылы сөйлеп, көңілдерін жайландыр! Әке-шешенің көңілдеріне мұқият бол! Өйткені сенің бақытыңмен пәлекетің олардың көңілдерінен туатын сөзге байланысты. Әке-шешенің ауру болса, кәрі болса, оларға көмек бер! Бақытыңның кілті олардан алатын ізгі дұғаларда екенін біл! Егер оларды ренжітіп бетдұғаларын алсаң дүниенің ахыретің де опат болады. Атылған оқ кері қайтпайды. Олар тірі кезде қадірін біл!

Жүрекпен (көңілмен) жасалатын он ақысы:

1. Оларға жанашыр, мейірімді болу. Хадис шәрифте былай делінген: «Мейірімділік етпеген адамға мейірімділік етілмейді. Жаны ашымаған адамға, жан ашылмайды».

(Муслим)

2. Оларды жақсы көру. Әр реті келгенде ата-ананың қолын сүйіп тұру, жақсы көретінін білдіріп тұру. Хадис шәрифте: «Анасының аяғын сүйген адам жаннаттың есігін сүйген болады».

(Шира)

3. Қуаныштарына ортақ болу. Бір нәрсеге қуанса, «Қандай жақсы болған. Құтты болсын!» деген сияқты сөздермен қуанышын білдіру.

4. Қайғы-мұңдарына, дерттеріне ортақ болу. Бір нәрсеге қамыққанын, ренжігенін көргенде «ренжіменіз,

уайымдамаңыз» деген сияқты сөздермен көңілін алу, өзінің де бұл жағдайға ренжігенінді білдіру керек.

5. Көп сөйлегендері үшін оларға ренжімеу. Ренжісе де ренішін оларға білдірмеу.

6. Сөгістеріне, ұрсуларына, жазғыруларына ашуланбау. Ешнәрсе болмағандай, сөздерін естімегендей жүру.

7. Олардан разы болу. Олардың разылығын алуға тырысу. Хадис шәрифте былай делінген: «Аллаһу та'аланың разылығы ата-ананың разылығында».

(Р. Насихин)

8. Оларды ренжітуден қатты қорқу. Ибра сүресінің 23-ші аяты кәримасында ата-анаға жақсы мәміледе болу, оларға жылы және жұмсақ сөйлеу керектігі әмір етілген. Ғафылдыққа салынып ата-ананды ренжітсең, дереу разылығын ал! Жалын, жалбарын, қалайда болса олардың көңілін табуға тырыс!

9. Назданбау керек. Қайта олардың назын көтеру керек. Өйткені кішкентай кезімізден біздің еркеліктерімізді, назымызды көтеріп келді. Ендігі олардың еркелейтін кезі келді.

10. Олардан жәбір көрсе де, қиындық көрсе де, «осылар өлсе екен, бұлардан ертерек құтылсақ екен» деп ойламау керек, ұзақ өмір сүрулерін тілеу керек. Олар бізден көптеген қиындықтар, машақаттар шексе де, біздің өмір сүруімізді қалады. Өздері аш қалған күнде де, бізді тойғызды.

Мал-мүлікпен, ақшамен өтелетін он ақысы:

1. Киімді өзіңнен бұрын оларға алып беру. Тамағыңның ең жақсысын оларға бер.

2. Алыста тұратын болса, қал-жағдайын сұрап барып тұру. Ата-ананың және махрем туыстарының үйіне барып тұру уәжіп. Ең болмаса, хат жазып, сәлем жолдап тұру керек. Қонаққа барудың реті мынадай: ана, әке, бала, ата, әже, бауыр, әкенің аға-іні, әпке-қарындастары, ананың аға-іні, әпке-қарындастары.

3. Тамақты бірге отырып жеу.

4. Не қалайтындарын сұрап-біліп оларды қамтамасыз ету.

5. Үйлерін тазалау, сырлау, жөндеу.

6. Ақша беріп тұру. Ақша қажет болып бірақ сұрауға қысылып жүрген болулары мүмкін.

7. Мал-мүлікті, ақшаны олардың еркіне беру. «Қашан керек болса да, не істеймін десеніз де мал-мүлкім, ақшам сіздер үшін пида болсын» деу. Ашуланған кездері болса, осындай жолдармен оларды жұбату, көңілін аулау керек. Ата-анаға жұмсалған ақшаның сұрауы болмайды. Мұқтаж болған ата-анаға көмектесу парыз болып табылады. Құран кәрімде былай делінеді: «Әкешешене, туыстарыңа, жетімдер мен кедейлерге, жолаушыларға напақа беріңдер!»

(Бақара 215)

Кімге напақа беретінін сұраған адамға пайғамбарымыз: «Алдымен өзіңе, әке-шешеніңе, кейін әйелің мен бала-шағаңа, қызметшіңе, одан кейінгілерін өзің біле жатарсың», – деді.

(Нәсан)

Әкесі сырқаттанып, қарайтын ешкімі болмаса, қызы күйеуінің рұқсатынсыз барып қызмет етуіне болады. Зимми (мұсылман емес) әке үшін де үкім осылай. Бірақ бала бай болған әкесіне қарауға мәжбүр емес.

(Бәззазийа)

Бай адамның әке-шешесі кедей болса оған напақа беруі парыз болады. Кедей адамның әке-шешесі де кедей болса, оларға напақа беруі парыз емес. Оларды өз үйіне алып бірге тұруы керек.

(Фәтауа-и Хайрийа)

Әке-шешенің біреуіне жақсылық жасағанда екіншісі ренжитін болса, әкеге құрмет етіп, бағыну керек, анаға қызмет етіп, жақсылық жасап көмектесу керек.

8. Анда-санда тәтті тағамдар әзірлеп шақырып тұру керек. Көңілдері қалап тұрса да айта алмауы мүмкін.

9. Достарын дос деп біліп шақыру, олардың да көңілдерін аулау. Дұшпандарынан да ұзақ тұруға тырысу керек.

10. Ауырған кездерінде емдеу жолдарын қарастырып, дәрі-дәрмек алып беру. Күтуші, қызметші жалдаудың

орнына тікелей өзі қызмет етуге тырысу керек.

Қайтыс болғаннан кейінгі қырық ақысы:

1. Жерлеу ісіне ерте қамдану.
 2. Мәйітті сүннетке сай жуу. Бұл істі білетін жақсы бір адамдарға жудырту.
 3. Сүннетке сай кебіндеу.
 4. Дінімізде жаиз болмаған кебін жасамау.
 5. Матаның сүннет болған мөлшеріне мән беру. Ерлерге үш бөлік матадан артық қолданбау.
 6. Кебіндеу ісінде матаны ысырап етпеу.
 7. Кебінді халал ақшамен алу.
 8. Жаназа намазын өзі білсе, өзі оқу. Бидғатшыларға оқытпау.
 9. Оларға әрдайым дұға ету. Бір хадис шәрифте былай делінеді: «Әке-шешесіне дұға етпейтін адамның ризығы кесіледі».
- (Шира)*
10. Мәйітін топыраққа өзі қою.
 11. Мазарды қазған және қызмет еткен адамдарды разы ету.
 12. Жақсы және салих адамдардың қасына жерлеу.

13. Жаман адамдардың қасына жерлемей. Өйткені жаман көршіден олар зардап шегеді.

14. Қабірдің үстін балықтың пішініндей етіп, дөңес қылып үю.

15. Топырақтан құйылған кірпіш қолдану.

16. Күйдірілген кірпіш қолданбау. Шеге, кірпіш секілді отқа күйдірілген нәрселерді қабірдің ішіне қолдану мәкруһ. Қабірдің үстін, сыртын кірпіш және мәрмәр таспен қоршау жаиз.

17. Қабірінің басында садақа беру.

18. Қабірінің басында дұға ету.

19. Қарыздарын төлеу.

20. Талқынын өзі айту.

21. Исқатын дереу өтеу. Өлген адамның ораза және намаз қазалары үшін оның орнына ешкім намаз оқи алмайды және ораза ұстай алмайды. Хадис шәрифте былай делінген: «Біреудің орнына біреу ораза тұта алмайды және намаз оқи алмайды. Алайда оның ораза және намаз қазалары үшін кедей адам тойдырылады».

(Нәсан)

22. Мазардың басындағы тасқа жаиз болмаған сөздер жазбау. Мәселен: Фатиха, Бисмилләһ немесе аяти кәрималар жазу жаиз емес. Латын әріптерімен

жаиз болған нәрселер де жазылмайды. Адамдар ұзақ уақыттан бері солай жазып келсе де жазуға болмайды.

23. Өсиеттерін орындау. Дінге қайшы болған өсиеті орындалмайды.

24. Намаздардан кейін дұға етіп, сауаптарын олардың рухтарына бағыштау. Хадис шәрифте былай делінеді: «Ата-анасына қарсы шыққан бала, қайтыс болғаннан кейін олар үшін дұға етсе, Аллаһу та'ала оны ата-анасына мойынсұнғандардың қатарына жазады».

(Ибни Әбиддунийа)

25. Сауабын оларға бағыштап ораза тұту.

26. Сауабын оларға бағыштап қажылыққа бару. Көптеген ғалымдардың үкімі бойынша сауабын әкешесінің рухына бағыштап қажылыққа бару жаиз. Хадис шәрифте былай делінген: «Сауабын қайтыс болған әкешесінің рухына бағыштап қажылыққа барған адамның өзіне де, әкешесіне де қажылыққа барудың сауабы беріледі. Әкешесінің рухына сүйінші беріледі».

(Дара Кутни)

27. Сауабын оларға бағыштап садақа беру. Хадис шәрифте былай делінген: «Садақа бергенде неге сауабын мұсылман әкешелерінің рухына бағыштамайсыңдар? Бағыштасандар берген садақаның сауабы олардың рухтарына берілгеніндей ол сауаптан мүлдем азаймай сендерге де жазылады».

(Табарани)

28. Қабірлерін зиярат етіп, Құран кәрім оқу. Хадис шәрифте былай бұйырылды: «Әке-шешесінің немесе басқаның қабірін ықыласпен және Аллаһу та'аладан күнәларын кешіруін үміт етіп зиярат еткен адамға қабыл болған қажылықтың сауабы беріледі және мұны әдет қылған адамның қабірін періштелер зиярат етеді»

(Хаким)

29. Қабірлерін жұма күні зиярат ету. Хадис шәрифте былай делінеді: «Ата-ананың қабірін жұма күндері зиярат еткен адамның күнәлары кешіріледі және ақыларын өтеген болады».

(Тирмизи)

30. Зиярат еткенде дұға және Құран кәрім оқу, орынсыз сөздер сөйлемей.

31. Тірі кездерінде ренжіген болса, баласы салих болса одан разы болады. Олардың үйреткен жақсы нәрселерімен амал еткен сайын сауабы оларға да жазылады.

32. Олардан үйренген жамандықтарын ұстанатын болса, әрбір жасаған күнәлары үшін оларға да күнә және азап беріледі. Сондықтан олардан немесе олардың себебімен үйренген жаман нәрселерді тәрк ету. Өзінің жаман әрекеттерімен қабірде оларға азап бермеу.

33. Әке-шешеге тіл тигізбеу. Хадис шәрифте: «Ата-анаға тіл тигізу – үлкен күнә», – делінген.

(Бұхари)

34. Әке-шешенің ағайын-туыстарымен де жақсы қарым-қатынаста болу. Хадис шәрифте былай бұйы-

рылған: «Қайтыс болған әке-шешесіне дұға және истиғфар ету, қарыздарын өтеу, достарын құрметтеу, жақын туыстарымен араласып тұру және олармен жақсы қарым-қатынаста болу арқылы оларға сый-сияпат етің дер». *(Хаким)*

35. Достарының хал-жағдайын сұрап бару. Хадис шәрифте былай делінеді: «Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның достарына (жағдайын сұрап, қонаққа) барған адам ең үлкен жақсылықты жасаған болады».

(Муслим)

36. Достарымен араласып тұру. Хадис шәрифте: «Жақсылықтардың ең жақсысы әкенің досын құрметтеп, оған қамқор болу», – делінді.

(Муслим)

37. Рамазан айтта сауабын оларға бағыштап пітір садақа беру.

38. Құрбан айтта сауабын оларға бағыштап құрбандық шалу.

39. Ата-ананың жақсы көретін тағамын пісіріп, кедейлерге таратып (ас беріп), сауабын рухтарына бағыштап, оларды қуанту.

40. Жамандықтарын айтпау. Хадис шәрифте былай бұйырылды: «Өлген адамдарыңды жақсылықтарымен еске алыңдар! Олардың жақсылықтарын айтып, жамандықтарын жасырыңдар!»

(Тирмизи)

Үйленуге байланысты хадистер

Үйленудің пайдаларынан біршамасы мынадай:

«Үйленген адам дінінің жартысын қорғайды. Қалған жартысын қорғау үшін Аллаһу та'алаға қарсы шығудан сақтансын!»

(Табарани)

«Шүкір еткен көңілге (жүрекке), зікір еткен тілге және ахирет жолында сендерге көмекші болатын салиха (жақсы) әйелге ие болуға тырысыңдар!»

(Тирмизи)

Хазреті Омар былай деген: «Иманнан кейін жақсы әйелден де артық ниғмет жоқ.»

Басқа хадис шәрифте де үйленген адамның екі рәкат намазы бойдақтың 80 рәкат намазынан да артық сауапқа қауыштыратыны білдірілген.

(Рамуз)

«Күнәлардың ішінде сондай бір күнә бар, отбасылық қиыншылықтарынан басқа ешнәрсе оған кәффарат (жаза, өтеу) болмайды».

(Табарани)

Жаман әйелдердің ортасына түсіп, нәпсіне алданып күнәға батудан қорыққан жігіттің салиха, таза мұсылман қыз тауып үйленуі парыз. Мұндай қиын жағдайға тап болмаған жастардың білім алуға, жақсы мінезді болуға тырысып, әйелдерге қатысты жеке ілімдерді үйренгеннен кейін үйленуі қажет болады. Балашағасына нафақасын (тамағы, киімі, тұратын жерін) халал жолдан қамтамасыз ете алмайтын адамның үйленуі дұрыс емес.

«Әйелді байлығы үшін, немесе сұлулығы үшін, немесе діндарлығы үшін алады. Сендер діндар болғанын алыңдар! Байлығы үшін үйленген адам байлығына қауыша алмайды. Тек сұлулығы үшін үйленген адам сұлулығынан махрұм қалады»

(Мұслим)

«Сұлулығы мен байлығы үшін үйленген адам екеуінен де махрұм қалады. Діндарлығы үшін үйленген адамға байлық пен сұлулық та беріледі».

(Табарани)

Некеден бұрын қызды көру сүннет болып табылады. «Көрмей тұрып үйленудің арты қайғы мен өкініш» деген хадис шәриф некеден бұрын қызды көрудің маңыздылығын білдіреді.

«Құлдың таудай жақсылығы, сауабы болса да, қияметте отбасылық міндеттерінен, олардың жауапкершіліктерінен, мал-мүлкін қалай тауып, қайда

жұмсағанынан сұралады. Осылайша барлық жақсылығы қарыздарына өтеліп, өзінде ештеңе қалмайды. Сосын бір періште: “Бұл бала-шағасы дүниеде бүкіл сауаптарын жеп тауысып, міне бүгін солар үшін кепіл болып қалған адам!” – дейді».

(И. Ғазали)

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Ей, жастар тобы! Іштеріңнен кімнің күші жететін болса – үйленсін. Өйткені үйлену арқылы ол көзін харамдарға қараудан сақтайды әрі мүшесін қорғайды. Ал, егер кімнің күші жетпей жатса ауыз бекітсін. Өйткені ораза – оның қалқаны», – деген.

(Бұхари риуаяты)

«Ер кісі өзіне бөтен әйелмен оңаша қалмасын. Сөзсіз, үшіншісі шайтан болады. Бірақ (қыздың) туысын серік қылса, ол басқа» деген.

(Ибн Ханбал)

«Егер сіздерге дініне, мінез-құлқына риза болатын (жігіт қыздарыңызды сұрап) келсе, (қыздарыңызды) оған беріңіздер. Егер олай істемесеніздер, жер бетінде іріткі кеңінен етек жайған бұзықтық болады» деген.

(Тирмизи)

Осман ибн Әби әл-Ас әс-Сақафи өз балаларына: «Ей, балаларым! Үйленіп жатқан адам бейне бір ағаш отырғызып жатқан адам тәрізді. Сондықтан әркім

ағашын қайда отырғызатынына мән берсін. Нашар тұқымның жақсыны дүниеге келтіруі сирек кездеседі. Олай болса, біраз уақыт өтсе де, тандандар», – деген.

Ибн Мәжһә мен Байһақи риуаят еткен хадисте: «Бұрын тұрмыста болмаған қызға үйленіңіздер. Себебі, олар тілдері тәтті, көп туатын, қулығы аз және қанағатшыл болып келеді», – делінген.

«Егер сендерге мінез-құлқы мен діні өздеріңе ұнайтын бір кісі келсе, онда үйлендіріңдер (қыздарыңды беріңдер). Олай істемесеңдер жер бетінде бүлік және ірі арсыздық болады», – дейді.

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген

«Расында дүниенің баршасы нығымет, ол нығыметтің ең қайырлысы – әйел», – дейді.

Абдуллаһ ибн Амр (р.а.) риуаят еткен

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісіне (с.а.у.): «Қайсы әйел жақсырақ?» – деген сұрақ қойылған. Сонда ол (с.а.у.): «Егер қарасаң – қуандыратын, бір нәрсе бұйырсаң – бағынатын және өзі мен малына қатысты мәселелерде өзіңе қарсы шықпайтын әйел» – деп жауап береді.



ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР



Ана өсиеті

Исламға дейінгі кезеңде өмір сүрген Үмамә деген ақылды әйел қызы Үнасты Кинда патшасы Хариспен үйлендіргенде, әлі күнге құны ескіре қоймаған мынадай өсиет айтқан екен:

«Қызым, егер бір қыз ата-анасының байлығы жеткілікті болып күйеуге шығуды қажетсінбейтін болса, онда бәрінен бұрын оған сен лайық болар едің. Алайда өмір заңы басқаша, ер адам қалайша біз үшін жаратылса, әйел де о баста ер адам үшін жаратылған.

Қызым, сен өзінді туып, аялап өсірген әке-шешеннің ұясынан ұшып, жат жұртқа кетіп бара жатырсың. Ендігі уақытта сен күйеуіңе бағынып, оның ризашылығын алып отырғайсың, сонда ол да сенің алдында құлыңдай құрақ ұшатын болады. Сен оны сыйлаған сайын ол да сені жақсы көріп қалағаныңды істейтін болады.

Мен саған қазір он өсиет айтайын, егер сен оларды бұлжытпай орындайтын болсаң күйеуіңмен ара-қатынасында мін болмайды:

Үйге ішіп-жейтін не әкелсе де шын жүреппен қабыл ал, қанағат иесі бол.

Не істе десе, соны істе, тыйым салған нәрселеріне жолама.

Үй ішін де, үсті-басыңды да таза ұста.

Күйеуіңе жақсы көрінуге тырыс, жақсы иістеріңнен себеіне жүр. Ол сенен тыжырынбайтын болсын.

Ұйықтайтын, тамақтанатын кездерін жақсы біл. Ол бұларды қай уақыттарда жасайтын болса сен сол уақыттарда тамағын әзірлеп, төсегін салып қой. Өйткені аштық пен ұйқысыздықтан барып адам ашу

шақырғыш келеді.

Күйеуінің дүниесін көзіңнің қарашығындай сақта,
ысырапшылдыққа жол берме.

Оның абыройын ойла, тума-туыстарына да
құрметпен қара.

Оған қарсы шығушы болма.

Күйеуінің сырын елге жайма. Қарсы шықсаң,
саған деген өшпенділігі оянады, ал сырын елге жайсаң,
қиянаттан көз ашпайтын боласың.

Күйеуің қайғырып отырғанда — сен қуанышты
болма, күйеуің қуанышты кезде — сен қайғырма»



Әр нәрсе тегіне тартады

Араб шөлінде қиын да ұзақ сапар шеккен бір шейх ұлына басынан кешкен оқиғаларды былай әңгімеледі:

– Бір алыс сапарға шыққан едім. Күн ұясына батып, төнірек қараңғылана бастаған кез. Алыстан көзіме көрінген үйге қарай тұра жүрдім. Үйге жақындағанымда алдымнан бір әйел шықты. Жалғыз екенімді көргенде қайран қалып:

– Сіз кімсіз? Бұл жерден не іздеп жүрсіз? – деді. Мен:

– Құдайы қонақпын, – дедім. Әйелдің қабағы түйіліп, үндемеді. Менімен ешқандай жұмысы болмай, тамақ дайындауға кірісті. Дастарқанды әзірлеп, ас ішуге кірісті. Бәрін жалап-жұқтап жеп алды. Бір кезде қолында сүт құйылған бақыры бар күйеуі келді. Мені көріп:

– Бұл адам кім? – деп сұрады. Әйел еш мән берместен:

– Құдайы қонақпын дейді ғой, — деп жауап берді. Әлгі кісі маған күлімсірей жақындап:

– Амансыз ба? Қош келдіңіз. Келгеніңізге қуаныштымын, – деп бір тостаған сүт ұсынды.

– Қарныңыз аш шығар. Бір нәрсе жедіңіз бе?– деп сұрады. Мен: «Иә, ашпын» дегенімше әйеліне ұрса жөнелді, екеуінің арасында ұрыс басталды.

– Ұят емес пе?!.. Қарныңды нығыздап тойдырасың да, қонаққа бір тілім нан беру ойыңа да келмейді, – деді. Әйелі:

– Оған не үшін тамақ беремін. Өзімнен бір тілім де нан ауыспады, – деді. Күйеуі ашуланып далаға шығып кетті. Мен де: “мынау не істемекші екен?”– деп артынан

ақырын басып сыртқа шықтым. Сол кезде менің не көргенімді білсең ғой... Әлгі кісі менің түйемді жерге жығып, сойып жатыр еді. Ішім қатты ашыды. Бірақ ешнәрсе демедім. Таң-тамаша қалдым. Үй иесі өзімнің түйемнің етін өзіме сыйламақшы. Өз-өзіме:

– Мұны да көрдік. Енді мына шөлде жаяу қалдым, – деп ойладым. Әлгі кісі от жағып, етті пісіріп, табаққа салып, алдыма әкелді. Ішім қанжылауда еді. Ешқандай зауқым жоқ, сонда да тамаққа отырдым. Тамақтан кейін үй иесі:

– Аллаһтың атымен ант етемін. Менің шатырыма келген адам ешқашан аш қалмас, – деді.

Бұл жағдайға не жылайтынымды, не күлерімді білмедім.

«Қонақтың өз түйесін өзіне сойып берсең, әрине, аш қалмас», – дедім ішімнен. Бірақ сабыр сақтадым.

Содан кейін ол кісі шатырдан шығып кетті. Бұл қызық адамның ісіне таң қалып отырдым. Біраз уақыттан кейін мені дауыстап шақырғанын естіп, сыртқа шықтым. Далада ол бір түйенің бұйдасынан ұстап тұр еді. Маған жақындап:

– Мұны ал... Бұл түйені саған сойған түйенің орнына беріп тұрмын, — деді. Түйесі менің түйеме карағанда қондылау, жасырақ түйе еді.

Ертеңіне күні таңертең жол жүрдім. Үй иесі маған нан, ыстық сүт, бір бөлек піскен ет ұсынды, жылы-жылы сөйлеп шығарып салды.

БІстық шөлде күні бойы сапар шектім. Кешке жақын алдымнан кездескен үйге келдім. Мұнда мені бір әйел қарсы алды. Күлімсіреген, жылы жүзді әйел еді.

– Сіз кімсіз? — деді.

Мен:

– Құдайы қонақпын, – дедім.

Әйел:

– Қош келдіңіз! Қуаныш әкелдіңіз. Құдайы қонаққа әр уақытта есігіміз ашық. Жоғары, төрге шығыңыз, – деп мені ішке кіргізді. Өзі тездетіп тамақ дайындауға кірісті. Біраздан кейін дастарқанға палау, қуырған тауық, құрма, бал әкеліп қойды.

– Тамаққа келіңіз. Сізге үлкен дастарқан жая алмағаным үшін ғафу етіңіз, – деді.

Қарным шұрылдап, аш отыр едім. Тамақ жеуге кірістім. Бір-екі түйір аузыма салғаным сол еді, әлгі әйелдің күйеуі кіріп келіп, суық, зілді дауыспен:

– Бұл адам кім? – деді. Әйел:

– Құдайы қонақ, – деді.

– Құдайы қонақ біздің ғана үйімізді тауып па? Менің тамақтарым қайда? Әкел тезірек, — деді отағасы.

Әйел:

– Үйдегі бар тамақты қонаққа бердім, – деді.

– Саған тамақты қонаққа бер деп кім рұқсат етті, – деп ол зайыбына дүрсе қоя берді. Екеуінің арасында ұрыс басталды. Мен шыдай алмай күліп жібердім. Үй иесі маған сұсты қарап:

– Неге күлесің? – деп сұрады.

– Мен басымнан өткен оқиғаны айтып бердім.

Отағасы:

– Ол айтқан әйеліңіз менің қарындасым, ал оның күйеуі әйелімнің ағасы еді, – деді. Бұл кездейсоқ жағдайға таң-тамаша қалдым. «Әр нәрсе тегіне тартады екен ғой», – деп ойладым.



Жәннаттағы сарай

Пайғамбарымыз алейһиссалам: «Мұсылманның алғаны емес, берген мүлкі — өзінікі» деген. Қабірге кіргеннен кейін ешкімнің атағы-абыройы қалмайды. Өлгеннен кейін бір кебінмен топыраққа көміледі. Аты да, заты да жоқ болады. Дүние үшін жиған табыстары дүниеде қалады. Ахирет үшін не жинаған болса, ахирет үшін алдын ала не жіберген болса, барлығы өзінде қалады. Ал өмірін дүниеге арнаған, түкке тұрғысыз нәрсе үшін жұмсаған адамның құны қандай болмақ?

Әрине, ешқандай болмайды. Егер өмірін ахиреті үшін жұмсаған болса, оның құны сол күні, яғни өлген кезде белгілі болады. Барлық адам үшін шынайы өмір өлгеннен кейін басталады. Бір күні өте кедей бір кісі Мұса алейһиссаламға: «Йа Мұса, жылдар бойы ғибадат етудемін, бірақ кедейліктен өлуге айналдым. Аллаһу та'алаға дұға ет, маған көп мал-мүлік берсін. Жағдайымды түзеп алайын» дейді. Мұса алейһиссалам Тур тауына барып Аллаһу та'алаға дұға етеді. Аллаһу та'ала: «Ол құлымнан сұра! Байлықты дүниеде берейін бе, ахиретте ме?» дейді. Мұса алейһиссалам кедейге келіп сұрайды. Кедей: «Мен байлықты дүниеде қалаймын» деп жауап береді. Мұса алейһиссалам: «Үш күндік дүниені не қыласың? Бір күні барлығын тастап кетесің ғой. Сен байлықты ахиретте сұра, ол жақ мәңгілік» деп кеңес береді. Кедей: «Таңдау маған берілді, мен дүниеде қалаймын» дейді. Мұса алейһиссалам кедейге: «Өзің

білесін» деп, Тур тауына барып Аллаһқа: «Йа Раббым, Өзің білетініндей ол құлын байлықты дүниеде қалады» дейді. Аллаһу та'ала: «Қалауы осы болса, байлықты дүниеде бердім» дейді. Кедей аз уақыттың ішінде өте бай болады, ақшасы сансыз көп болады. Ақшаларын үнемі жақсы нәрселерге жұмсайды. Ақшасын таратқан сайын арта береді. Қаншалықты көп берсе, соншалықты көп ақшасы болады. Қай жерде кедей адам болса, соған барып көмектеседі. Қай жерде қарызға батқан адам болса, барып оның қарыздарын төлейді. Жетімдерге қамқорлық жасайды. Оларды қуантады. Үйі болмағандарға үй әпереді, үйленгендерге көмектеседі. Өзіне ешнәрсе жаратпайды. Бар мүлкін өзгелерге таратады. Уақыты келіп, бір күні ол адам қайтыс болады. Мұса алейһиссалам түсінде оны жаннатта зәулім сарайлардың ішінде көреді. Қызығып, мұның хикметін сұрайды: «Йа Раббым, бұл құлын байлықты дүниеде қалады, сен бердің. Ахиретте зәулім үйлерге қалай ие болды?» Аллаһу та'ала былай дейді: «Иә, ол байлықты дүниеде қалады, мен бердім. Бұл сарайларды ол сол байлығымен сатып алды. Менің берген барлық ақшамды ол осы жерге жұмсады. Ол дүниеде зәулім сарайлар сатып алған жоқ, дүниеде мал-мүлік иесі болмады. Оған берген барлық мүмкіншіліктерді менің разылығым үшін, менің құлдарыма, менің сүйгендеріме таратты, (осылайша) жаннат пен зәулім сарайларға қол жеткізді».



Үш насихат – бір дирхам

Бір заманда енді үйленген бір жас жігіт ілім үйрену ынтасымен ауылдан кетеді. Ұзақ сапардан кейін қалаға жетіп, медресе іздеп жүргенінде, жұмысшы іздеп жүрген бір бай кісімен кездеседі. Бай кісі жоғары ақы ұсынғандықтан, ниетін өзгертіп, оның жанында жұмыс істей бастайды. Жиырма жыл оның қасында жұмыс істеп, үш мың дирхам ақша жинайды. Сөйтіп, ауылына қайтуға шешім қабылдайды.

Жолда түнеген жерінде біреу «Менде сондай бір насихат бар, мұны алған адам дүниеде де, ахиретте де рахат өмір сүреді», – дейді. Әлгі адам «Үйден ілім үйрену үшін кеткен едім, ілім үйрене алмадым, ең болмағанда осы насихатты алайын, қалған екі мың дирхам маған жетеді», – деп, оған мың дирхам беріп, орнына «Қаза мен тағдырда не бар болса, сол орындалады! Тағдырдағыдан басқасы болмайды» насихатын алады. Сапарын жалғастырады.

Жігіт бір түнейтін жерде тағы да осындай біреуге кезігеді. Ол да «Менде сондай бір насихат бар, мұны алған адам дүниеде де, ахиретте де рахат өмір сүреді, бірақ құны мың дирхам», – деп айқайлап тұрады. Әлгі адам: «Мың дирхам ақшама да мұны алайын, қалған мың дирхам маған жетеді», – деп мың дирхам төлеп, орнына «Жүрек кімді жақсы көрсе, сол сұлу!» насихатын алады.

Жолын жалғастырып бара жатқанда басқа бір түнейтін жерде тағы біреуді кездестіреді. Бұл кісі де «Менде сондай бір насихат бар, мұны алған адам дүниеде де, ахиретте де рахат өмір сүреді, бірақ құны мың дирхам», – деп айқайлап тұрады. Адам бұл

жолы өз-өзімен күресе бастайды. Бір жағынан ілім үйренбегенінің ауыртпалығы, бір жағынан қалған соңғы ақшасы! Ақыр соңында ілім үйрену ынтасы ауыр басып, «Тағы жұмыс істеп ақша табармын», – деп мың дирхамын оған береді, орнына «Өзің ұнатпайтын, түсініксіз жағдайға тап болғаныңда асықпа!» деген насихатты алады.

Сапарын жалғастырады. Жолда топталған адамдарға кезігеді. Жандарына жақындағанда олар: «Мына құдықтың ішінде бір жынды бар, қасында бір қыз бар. Ауылымыздың суын тоқтатты. Ішіне кім түссе де бәріні өлтіріп жатыр. Бізді бұл қиыншылықтан құтқарған адамға мына ыдыстағы алтындарды береміз», – дейді.

Адамның ойына бірінші «Қаза мен тағдырда не бар болса, сол орындалады! Тағдырдағыдан басқасы болмайды» деген насихат келеді. Құдыққа түседі. Жынды: «Саған бір сұрақ қоямын, жауап берсең суды ашамын. Мына қыз сұлу ма, әлде мына құрбақа ма?» – деп сұрайды. Екінші насихат ойына келеді, «Жүрек кімді жақсы көрсе, сол сұлу», – деп жауап береді. Жынды «Жарайсың! Осы кезге дейін бәрі қыз сұлу деді, олар білмеді, сен таптын», – дейді. Жынды құрбақаны жақсы көргендіктен, бұл жауапты ұнатады, сөйтіп суды ашады. Ал әлгі адам алдыңғы ақшасынан да көп болған алтындарды алып, ауылына қайтады.

Үйінің терезесінен қарағанында, ішінде әйелінің жанында бір жас жігіттің қалжыңдасып тұрғанын көреді. Бірден пышағын қынынан суырып тұрғанда үшінші «Асықпа!» – деген насихат есіне түседі. Пышағын жасырып, есікті тоқылдатады. Жұбайы есікті ашып жанындағы жас жігітке «Қара балам, әкең келді!» – деп қуанады.

Адамдық аты өшпесін

Хазіреті Омардың халифалығының дәуірі болатын. Бір күні қаладан жырақта тұратын бір жас жігіт асау атпен түс мезгілінде Мәдина қаласына келді. Қалаға кірмей тұрып, құрма бақшасының көлеңкесіне жатып, атымен бірге тынығып алғанды жөн көрді. Осы кезде ат байлаулы тұрған жерінде жұлқынып, құрманың бұтағын сындырып жіберді. Мұны көрген құрма бақшасының иесі жерден үлкен тас алып атқа қарай лақтырып жібереді. Тас аттың шекесіне тиіп, ат сол жерде өлді.

Жігіт ашуға булығып, әлгі қарияны атты ұрған таспен қойып қалады. Қария да тас тиген кезде-ақ жерге омакаса құлап, тіл тартпай кетті.

Сол мезетте қарияның ірі денелі екі баласы жетіп келеді. Әкелерінің өлгенін сезген үлкен баласы таспен ұрып жүріп, жігітті ұстап алады. Сөйтіп халифаның алдына байлап алып келеді.

Жігіт адам өлтіргенін мойындайды. Хазіреті Омар адам өлтіргеннің жазасы деп, оны да өлтіріндер деп үкім шығарады.

Жігіт шығарылған үкімге ешқандай қарсылық білдірмейді. Бірақ, бір өтінішін айтады. Әкем дүниеден өтер шағында, ініме тастаған мирасты маған аманат етіп тастап кеткен еді. Оны бір жерге жасырып қойған болатынмын. Жасырған жерімді менен басқа ешкім білмейді. Егер мені осы жерде өлтіретін болсаңыздар, мен әкемнің аманатын орындай алмай қаламын. Оның үстіне інімнің жағдайы не болады. Сондықтан маған үш күн мұрсат беріңіздер, ініме берілген мирасты сенімді біреуге тапсырып келсем. Осы үш күннің ішінде адамдық атымен кепілдікке бір адамды тапсырсам

калай болады? – дейді. Ол жердегілердің ешқайсысы үндемей тұрып қалады.

Жігіттің қатты қиналып тұрғанын көрген Әбу Зәр:

– Мен саған кепіл боламын. Бар да жұмысыңды тындырып кел, – дейді. Ол жердегілердің барлығы аңтаң боп қалады.

Хазіреті Омар Әбу Зәрға бұл істің ешқандай әзілі жоқ екенін, егер жігіт қайтып келмесе, орнына оны асатындығын түсіндіріп айтты. Әбу Зәр:

– Ей, Омар! Қалауың болсын! – деп келісімін берді. Сөйтіп жігітті босатып жібереді.

Оның келетініне ешкім сенбейді. Барлығы Әбу Зәрға іштей жанашырлық танытып, аяушылықпен қарайды. Берілген үш күн өткенге дейін, әлгі жігіттен ешқандай хабар-шар болмайды. Айтылған мерзімнің уақыт сәті келіп жетеді.

Істің басы қасында болғандардың барлығы атақты сахаба Әбу Зәрдің өлімнен құтылатын ешқандай шарасы жоқ екенін жақсы білетін. Дау көтеріп келген қарияның екі баласы да шешімдерінен кері қайтпайтындай еді. Хазіреті Омардың да шығарған үкімін орындамай қоймайтындығы түсінікті болатын.

Адамдардың барлығы не болар екен деп, абыржып тұрған кезде, әлгі жігіт шыға келеді. Ол Халифаға былай дейді:

– Мені көпшілік адам келмейді деп ойлады. Бірақ мен уәдемде тұрдым. Ал енді шығарылған үкімді орындауларыңызға болады.

Ол Әбу Зәрға шын көңілімен ризашылығын білдірді. Жігіттің уәдесінде тұрып, шыншылдық танытқанына разы болған шағымданушы екі жігіт шағымдарын қайтып алады.

Кейбіреулер Әбу Зәрға:

– Ей, Әбу Зәр! Кепіл болған адамың жайлы айтып берші. Ол қандай қауымнан шыққан, – деп сұрады. Сонда Әбу Зәр:

– Мен ол жайлы ешнәрсе білмеймін. Танымаған адамым жайлы не айтайын..., - деп жауап береді.

– Олай болса, танымайтын адамыңа не үшін кепіл болдың. Анау-мынау емес, ақыры өліммен бітетіндігіне көрдің ғой, - деп сұрақ қойғанда, Әбу Зәр былай жауап қайырады:

Бұл жігіт әкесінің айтқан өсиетін ойлап қиналып тұрды. Ол өз сөзінде адам аты үшін деп кепілдік сұрап, адамдықты еске түсіріп, мұңлы көзбен қарады. Бірақ ешкімнен үн шықпады. Егер мен де шықпайтын болсам, «Адамдық пен қайрымдылықтың аты өшкен екен ғой» дейтін еді. Мұны қайта жаңғырту үшін, танымайтын жігіттің орнына кепіл болуға разы болдым деген екен.



Шынайы сенім

Атақты ғалым Әбу Бәкір Баррак Құран Кәрім үйрену үшін, баласын медресеге жіберетін. Бір күні баласы медреседен қорқыныштан сұп-сұр болып оралады. Мұны көрген хазіреті Әбу Бәкір Баррак:

– Балам, не болды саған, түрің өзгеріп кетіпті ғой?!
– деп сұрайды. Баласы:

– Әкетайым бүгін медреседе Құран Кәрімдегі: «Егер қарсыласа берсеңдер, жас балалардың шашын ағартатын күннен қалай сақтанасыңдар?» (Мүзэммиш, 17) аятын оқыдық. Мұны ойлаған сайын төбе шашым тік тұрады, - деп жауап қайтарды.

Сол күннен бастап баласы төсек тартып жатып қалады. Сөйтіп арадан көп уақыт өтпей, баласы дүние салады. Хазіреті Әбу Бәкір Баррак баласының қабірін жиі зиярат етіп, қабірді құшақтап тұрып:

Мен сонша уақыттан бері Құран Кәрім оқып келе жатырмын. Бірақ о дүниедегі қорқынышты жағдайды балам сияқты ойланып, әсерленген емеспін. Ертең (қияметте) жағдайым қандай болмақ!? Нендей өкініш!
– деп қайғырған екен.



Жеті жүз жылдық алтын насихат

Төмендегі жазу – атақты Ислам ғалымы Шейх әдәб Алидың насихаты. Бұл насихаттың жазылғанына арада аттай 700 жыл өтсе де, әлі күнге ескірмегендігі, құнын жоймағандығы, одан бергі заман ағымына қарамастан өміршең қалпын сақтауы, шындығында да, таңғаларлық жайт.

«Балам, таң қылаң бере бастағанда туылып, кешкі азан оқылғанда өлетін адамдар болады. Өзінді баса біл!

Бойындағы күштілікті, ақылдылықты, ауыздағы сөзінді қашан, қай жерде, қалай қолдану керектігін білгейсің. Әйтпесе, бір күні жел сокқандағы қауқарсыз жапырақ кейпіне түсерің анық. Ашуың мен нәпсің бір жақ боп ақылынды жеңіп кетпесін. Ылғи да сабырлы, тұрақты бол, өз ерік-жігерінді өз қолыңда ұста. Сенің көзіңе басылғандай әлем соншалықты үлкен емес. Әлі де жасырын, әлі де жұмбақ дүниелер сенің парасаттылығың арқылы ашылатыны даусыз.

Ата-ананды құрметте! Берекет үлкендермен бірге жүреді. Бұл дүниеде наным-сеніміңнен қол үзіп қалар болсаң, жап-жасыл күйінде құрап, шөлге айналасың. Ақжарқын бол, ашық айт. Әр сөзді көңіліңе ала берме. Көп білемдікке салынба, әр көргенінді айта берме.

Өзінді жақсы көретін жерге көп барма, өзіне деген сый-құрметтен айырыларсың.

Үш кісіге жаның ашысын:

1. Надандар арасындағы ғалымға;
2. Байлығынан қол үзген кедейге;
3. Құрметке ие болып жүріп абыройынан айырылған адамға.

Жоғарыдағы орынға ие болғандардың жердегілер секілді алаңсыз отыра алмайтындығын ұмытпа! Ақ екенің рас болса, күресуден қорықпа!».



Мазмұны

Алғы сөз	4-5
Бақыттың кілті.....	6-22
І бөлім. Отбасы кодексі.....	23
Сүйіспеншілікпен адал пейіл таныту.....	24-25
Өз мәселелерінді өздерің шешіңдер.....	26-28
Жауапкершілік.....	29-30
Адамгершілік.....	31-32
Кешірімділік.....	33-35
Қамқорлық.....	36-37
Ер адамның міндеттері.....	38-39
Отбасы берекеті – иманнан	40-42
Жөніңді айтып кету – парыз.....	43-44
Ерін сыйлаған есікте қалмайды.....	45-47
Тапқанды ұқсату.....	48-49
Әдептілік.....	50-52
Туыстарға оң қабак.....	53-54
Әйел – үйдің берекеті.....	55-56
Ортақ игілікке жанашырлық.....	57-58
Үй иесінің рұқсаты.....	59
Жұбайлар адалдығы.....	60-61
Ұрпақ алдындағы жауапкершілік.....	62-64
Ақылдасып шешу.....	65-66
II бөлім. Шаңырақшырайының шарттары.....	67
Ерлі-зайыптылардың сөйлесу мәдениеті.....	68-69
Ерін сыйлаған есікте қалмайды.....	70-75
Еркекке еркелік жараспайды.....	76
Ал әйелге ше?.....	77
Мақтаншақтық азаматқа көрік бермес.....	78-79
Қызғаныштың емі.....	80-82
Берекенді кетірсе егер қатулық, Ынтымаққа жетелейді татулық.....	83-86
Ата-баба дәстүрімен.....	87-89
Күйеу таңдау.....	90-92
III бөлім. Дәстүрімізді дәріптесек... ..	93
Атастыру.....	94-95

Ақыл-шай.....	96
Құдалыққа кімдер барады?.....	97-100
Қоржынды кімдер ашады?.....	101
“Өлі-тірі” апарудың сыры.....	102-103
Сынсу.....	104-105
Отқа май құю дәстүрі қайдан шыққан?.....	106-107
Есте қалсын “Келін-шай”.....	108-110
Тойбастар.....	111
Сәлем салу.....	112-114
Абысындар институты.....	115-118
Ене мен Келін институты.....	119-120
Атаңа тік қарама.....	121-122
Ене тәрбиесі.....	123-125
Бесік той.....	126-128
ІҮ бөлім. Жат дәстүрді жолатпа!.....	129
Арқан керу қазақтың дәстүрі емес.....	130-131
Стақан қағыстырудың төркініне үңілсек.....	132
Тентек суға телміруді қашан қоямыз?.....	133-137
Ү бөлім. Отбасылық өнеге.....	138
“Әйелдерін еркелеткен ер оңар, Әйелдерсіз тірлігіміз не болар?.....	139-144
“Әйел үнемшіл, инабатты, мейірімді болуы керек”.....	145-150
“Менің жарым – ғажап әйел”.....	151-156
Отбасы бақыты – ұрпақ жалғастығында.....	157-160
Отбасы мықты болса Отанымыз да мықты...	161-165
ҮІ бөлім. Қуаныш пен дарақылық арасы.....	166
Қазақ тойы қандай болуы керек?.....	167-170
Тост айтудың сыры.....	171-172
“Той генералдары”.....	173-175
Дарақылық күйіндіреді, имандылық сүйіндіреді.....	176-178
Тойдағы музыка мәдениеті.....	179-182
Ойланшы, асың адал ма?.....	183-185
Хадистер.....	185

Тоқашбаев М.,
Каршалова Р.
Бақыттың кілті – Отбасылық құндылықтар,
ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тәртібі.

Кітапты әзірлеген
«Астана Медиа Пресс»
баспасы.

Редакторы
Раушан Каршалова

Техникалық редакторы
Альбина Тулақова

Дизайнері
Сәбит Бектеген

Теруге 02.02.2016 берілді. 20.02.2016 қол қойылды.
Пішімі 84 x 108. Офсеттік басылым. Қаріп түрі
«Ариал». Көлемі 15 б.т.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс берушінің файлдарынан
«STS» баспаханасында басылды.

**Марат ТОҚАШБАЕВ,
Раушан КАРШАЛОВА**

Бақыттың кілті

*Отбасылық құндылықтар, ұлттық әдет-ғұрып,
салт-дәстүрлер тәртібі*
(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: Асан Қарамырза
Техникалық редакторы: Талғат Әлімжанұлы
Мұқабаны безендірген – Раушан Бектенқызы

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x1081\32. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс № 381

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@daur.kz, zakaz@daur.kz

ISBN 978-601-7505-35-6



9 786017 505356

1205-35



КАРШАЛОВА Раушан Құлжабайқызы – Қазақстан журналистикасында 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді, баспасөз саласының іскер ұйымдастырушыларының бірі, белгілі журналист.

Еңбек жолын «Ұлан» газетінде бастаған. Кейін Алматы облыстық «Жетісу», «Заң газеті», «Қазақ мемлекеті» сияқты басылымдарда, «Алматы» телеарнасында қызмет етті. «Мөлдір бұлақ», «Той әлемі» журналдарында басшылық жасады. 2010 жылдан «Қазақстан патриоты» журналының бас редакторы.

Каршалова Р.Қ. – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (2002, 2013 жж). Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының профессоры (2012 ж), ҚР Ақпарат саласының үздігі (2015 ж).

ТОҚАШБАЕВ Марат Байділдәұлы – қазақ журналистикасының көрнекті өкілдерінің бірі. Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Білім және еңбек», парламенттік «Халық Кеңесі» басылымдарында еңбек етті. Республикалық «Заң газетінде», «Қазақстан-1» телеарнасында, «Қазақстан-ZAMAN» газетінде басшылық қызметтер атқарды. Бүгінде республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің бас редакторы. «Астана Медиа Пресс» баспасының бас директоры. «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері.

Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі.

Д.Қонаев атындағы университеттің профессоры, Алматы облысы мен Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы. ҚР Мәдениет қайраткері. 13 кітаптың авторы.